

Б.Керімбекова, Ж.Мұқанова

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

9



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 84(5Қаз)я72  
К32

### Шартты белгілер:



– Оқу (білу)



– Бағдарлау (түсініп, жауап беру)



– Байыптау (анализ, интерпретация)



– Бағамдау (салыстыру)



– Байлам жасау (бағалау)

**Керімбекова Б., Мұканова Ж.**  
К32 **Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 256 б., сур.

ISBN 978–601–07–1089–4

К  $\frac{4306020400-041}{404(05)-19}$  2(1)–19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 84(5Қаз)я72

ISBN 978–601–07–1089–4

© Керімбекова Б.,  
Мұканова Ж., 2019  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
безендірілуі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған.  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі



## АЛҒЫ СӨЗ

Талапшыл достарым!

Байкайсындар ма, уақыт деген қандай жүйрік?! Өне-міне дегенше орта сыныпты артқа тастап, жоғары сынып қатарына қосылдық. Сыныбымыз өскен сайын біздің де ақыл-ойымыз кемелденіп, айналамызды тануға деген талпынысымыз да артты. Адамның адам болып қалуына қызмет ететін *әдебиет* деген әдемі әлемде өздеріңмен қайта кездескенімізге қуаныштымыз.

Қазақ әдебиеті – тамыры терен, тарихы бай әдебиет. Оның ішінде, адамгершілік құндылықтарды насихаттайтын, кемел адам болуға тәрбиелейтін *түркі халықтары әдебиеті, ислам дәуірі әдебиеті* деп аталатын кезеңдер бар. Қолдарына ұстап отырған 9-сыныпқа арналған әдебиет пәніміз сонау X–XII ғасырлардан бастау алады. Ислам дәуірі әдебиетінің ең көрнекті туындысы «Құтты білікті» оқыған, білген баланың болашақта өз өмірін де, өзгенің өмірін де қуанышқа бөлері анық.

«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген қазақ халқы барлық жаксы қасиеттердің тәжірибемен келетінін дөп басып айтқан. Бүгінгі күні өз ойыңды қысылмай еркін айту, сауатты, ел қызығарлықтай жеткізу үлкен өнерге айналды. Мұндай қасиеттерді меңгерген адам жетістікке жетеді делінеді. Ал осы шешен сөйлеуге қалай үйренемін деген сауалдың жауабын атадан қалған асыл сөз – шешендік сөздерді оқыған соң табасындар. Жырауларымыз бен айтыскер ақындарымыздан табан астында тауып айтуды, көркем сөйлеуді үйренетін боласындар.

Адам бойындағы жаксы қасиеттердің бірі – елін, жерін сүю, Отанына адал қызмет ету. Тарихымызға көз жіберсек, елі мен жері үшін өмірін арнаған тұлғалар аз емес. Солардың бірі – қазақтың соңғы ханы атанған Қасымұлы Кенесары хан болса, бірегей батыр ақыны – Өтемісұлы Махамбет. Осы оқулықта батырларымызға арналған дастан мен Махамбет жырларын оқып, түсініп, бағалайтын боламыз. Батырлық тек қана қолға найза ұстап жауға шығу емес, еліне қандай да бір пайдасын тигізген адамды да батыр деуге болады. Қазақтан шыққан тұңғыш ғалымдардың бірі – Шоқан Уәлихановтың артына қалдырған еңбектерін ерлік емес деп кім айта алады?



Саяхатшы-ғалымның кнын да қызык сапарларын білгілерін келсе, оқулық сендерге көмекке келеді.

Адам – құпиясы шексіз терең жаратылыс. Ол құпияны ашу қаламгерлердің қолынан келе ме? Сұрақтарына жауап тапқыларын келсе, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан», Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш», Фариза Онғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем» шығармаларын оқындар.

Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат. Тәуелсіз қазақ елінің символына айналған киелі ұғымдар Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасына арқау болған. Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романын оқи отырып, ел тағдыры сынға түскенде басын бәйгеге тіккен ерлер ісіне сүйсінеміз.

Әдебиеттің мақсаты – оқушысын сан түрлі сезімге бөлей отырып, дидактикалық тәрбие беру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге баулу, ақылды, төзімді, шыдамды, ізгілікті болуға үйрету.

Қадірлі дос!

Міне, 9-сыныпта осындай ғажап шығармалармен танысамыз. Өзіміз білетіндей, әдебиет тек көркем шығарма мазмұнын білумен шектелмейді. Оқу бар, оқығанды көңілге тоқу бар. Егер біз оқырман ретінде көркем шығармадан алған әсерімізді айтатын болсақ, «Қаламгердің осы шығарманы жазудағы мақсаты не?», «Осы арқылы бізге не айтқысы келді?» деген сұрақтарға жауап бере алғанымыз жөн.

Оқулықта бағдарлау, байыптау, байлам жасау сұрақ-тапсырмаларымен бірге «Әдеби-теориялық ұғым», «Зерттегім келеді...», «Сөз сыры», «Білгенім бір тоғыз» айдарлары бар. Ол айдарлардың аты айтып тұрғандай, әрқайсысының атқаратын қызметтері де әртүрлі.

Сәт сапар, оқушылар!



## І бөлім

### АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Достар, біз бірінші тарауда төменде берілген шығармаларды оқимыз.

- Сонау X–XII ғасырдың жауһары саналатын Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегімен танысамыз.

- «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп билердің биі атанған Майқы бидің шешендік сөздерін оқып, тарихтан тағылым аламыз.

- «Сарылып көлік тосасың, құны жоқ көк қағазды судай шашасың...» деп болашақты болжап кеткен Мөңке бидің шешендік сөздеріндегі сәуегейлікке тәнті боламыз.

- Әнет баба өз заманында «Не арсыз, не ғайып, не даусыз?..» деп адамзатты толғандырар сұрақтарға жауап іздесе, атакты Төле би бабамыз «Ердің бақыты – әйел» деп баласына адал жар болар адамды өзі тандаған деседі. Мұның бәрін осы тарауды жіті қадағалаған оқушының қалт жібермесі анық.

- Әйтеке бидің «Қасқакөл дауы», Қазыбек бидің «Кім жақын, не қымбат, не қиын?», Сырым Датұлының «Бала би мен Сырым» атты әңгімелерінен шешенге тән қасиетпен қатар, оларға салынған саямақтың да ауырлығын сезінеміз.

- «Көмекей жырау» атанған Бұқар жыраудың «Тілек», «Ай, Абылай, Абылай!», «Асқар таудың өлгені» атты жыр-толғаулары өз заманының жаршысындай бізге сол дәуірден сыр шертеді.

- Өз заманында театр қызметін атқарған «Біржан–Сара» айтысы да кпелі өнердің екінің біріне бұйыра бермес бақ екенін білдіреді.

Міне, достар! Байқайсындар ма, оқимын деген адамға аз қазына емес. Сол қазынаның иесі болуға асығындар!

### ИСЛАМ ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ

Қарахан мемлекеті тұсындағы немесе Ислам дәуірі (X–XII ғғ.) деп аталатын тарихи кезенді түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихындағы қайта өркендеу дәуірі деуге болады. Әл-Фарабидың «Риторика», «Поэзия өнері туралы», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикметі» («Ақыл кітабы»), Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы» және т.б. туындылар осы дәуірдің зор жетістігі болып табылады. Бұл шығармалар орта ғасырлардағы түркі жазба әдебиетінің өркендеп, ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосты.



## ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН



Жүсіп Баласағұн, яғни Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн (шамамен 1017/1021–1075) – акын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Жүсіп Хас Хажиб 1010–1017 жылдар шамасында Шу өзенінің бойындағы тарихта ықылым<sup>1</sup> заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі – Баласағұнда дүниеге келген. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған. Жүсіптің әкесі де акын, өнерпаз кісі болған. Қараханидтер мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында хан сарайында өлең айтып, күй шерткен. Кейін бұл іске баласын да тартып,

Жүсіп әкесімен бірге хан сарайында қызмет еткен. Онда жүріп қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарынан білім алған.

Жүсіп Баласағұнның өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Ол – өмірден оқығанын зердесіне тоқыған, естіп-көргені, білгені мол ғұлама акын. Философия, математика, медицина, астрономия, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі және т.б. ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан.

Ж.Баласағұн еңбектері – жалпы түркі жұртына ортақ мұра.

### «Құтты білік» дастаны

Кітап атын «Құтадғу біліг» қойдым,  
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдым.

*Жүсіп Баласағұн*

Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу біліг» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Ол бұл дастанды хижра<sup>2</sup> есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылы жазып бітірген. Жүсіп дастанды «хандардың ханы» – Қарахандар әулеті мемлекетінің негізін салушы Сатұқ Қара Бұғра ханға тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіпке *хас хажиб* – *бас уәзір* немесе *ұлы кеңесші* деген лауазым берген.

Ол ақыл-ойымен, өлеңімен өз кезеңіндегі білім-ғылымның жеткен биігінен бакытты, әділетті қоғам кұрудың жолдарын іздейді, соны уағыз етеді.

<sup>1</sup> Ықылым – жүздеген жылдар өткен уақыт, есте жоқ ескі заман, көне дәуір, өте ұзақ уақыт деген.

<sup>2</sup> Хижра – мұсылман дінін ұстанатын елдердегі жыл санау жүйесінің басталар күні. Хижра күні біздің күнтізбеміз бойынша 622 жылдың 16 шілде күніне келеді.



Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі – Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі – XIV ғасырдың бірінші жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Келівен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Өзбекстанның Наманган қаласынан табылған үшінші нұсқа XII ғасырдың аяғында араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр.



Сіреп кездесетін кітаптар мұражайындағы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» кітабының мұқабасы

Аталмыш шығарманы қазақ тіліне ғалым Әбжан Құрышжанов аударды. Одан соң ғалым әрі акын Асқар Егеубаевтың ұзақ жылғы зерттеу еңбегінің нәтижесінде 1986 жылы қазақ тілінде жарияланды. 1989 жылы Қытайда араб қарпімен екінші рет жарық көрді. 2006, 2007 жылдары өңделіп, толықтырылып, қайта басылды.<sup>1</sup>

«Құтадғу білік» дастанының үш нұсқасын да Түркия ғалымдары үш том кітап етіп шығарды (1942–1943). Одан соң өзбек тілінде (1971), орыс тілінде (1971, 1983), ұйғыр тілінде (1984) басылды.

Ж.Баласағұнның «Құтты білігін» ғалымдар тек қана әдеби мұра, дидактикалық поэма деп қарастырмайды. Олардың ойынша, аталмыш туынды – саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени қазына.

«Құтты білік» дастаны өз тұсындағы шығармаларға тән кіріспемен басталады. Кіріспеде сол кездегі дәстүр бойынша жаратқанға шүкіршілік етіп, кітаптың идеясымен, мазмұнымен таныстырып өтеді. Кітаптың соңғы тарауларында Жүсіп Баласағұн өмірдің, уақыттың өтпелілігін, опасыздығын айтып, өз кемшілік-күнәларына күйініп, кейінгілерге өсиет сөздерін жеткізеді.

Ғалым Н.Келімбетов осы дастанның басты идеясы туралы былай дейді: «Поэманың өзекті тақырыбы, алға ұстанған мұрат-мақсаты – халыққа құтты өмір сыйлау, бақытты, әділетті қоғам құру. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қас жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын

<sup>1</sup> *Әдеби жәдігерлер*. Жиырма томдық. 5-т. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік («Құтадғу білік») (көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.К.Егеубаев). Алматы: Таймас, 2007.



деген тілек. Бак-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшінші – ақыл, парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі – қанағат, ынсап мәселесі. Ол уәзірдің туысы, дәруіш Өгдұрмыш арқылы әңгіме болады»<sup>1</sup>.

Әңгіме, сұхбат осы төрт кейіпкердің арасында өтеді. Төртеуі – құттың төрт дінгегі. Бірі – түзу, әділ әрі қатаң тәртіп, заң. Ең үлкен әмірші де – осы Күнтуды. Өзіне-өзі берген мінездемеде де: «Жарқыраған Күнді көр де, көр мені; Күн сөнсе егер, тіршіліктің өлгені» (826-бәйіт), – дейді. Өзінің айнымас адалдығын мақтан тұтады.

Екіншісі – құттың өзі, яғни бак-дәулет. Бұл Күнтуды әміршінің уәзірі, аты – Айтолды. Занның бас уәзірі осы құт – Дәулет. Өзін-өзі: «Мен де Айдай жаңаланып тұрамын, Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым» (735-бәйіт), – деп кейіптейді.

«Құтты білік» – сонау өте ерте заманнан бері тамыр жайған, түркі тектес халықтарға ортақ классикалық шығарма.

### Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады

#### Тірек сөздер:

- ✓ ақыл, білім, өнер
- ✓ ұят, құлық
- ✓ мол асыл
- ✓ ұлылық
- ✓ емделу
- ✓ күллі іс
- ✓ бес нәрсе
- ✓ аулақ ұстау
- ✓ өзімшілдік

Адамды Хак жаратты да, ескерді:  
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді, әрі тілін тербетті,  
Ұят берді, берді құлық, келбетті...

Білік берді – адам бүгін жетілді,  
Ақыл берді – талай түйін шешілді.

Кімге Құдай берсе білім, ақылды,  
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!

Ақылды – ұлы, біл, білімді, білікті,  
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті.

Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,  
Сөзді естіп, аларыңды көздеп ал:

«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,  
Білім кімде, сол білікті болады.

Ақылды ұғар, білімділер біледі,  
Түгел болар білімді, есті тілегі!»

<sup>1</sup> Кезімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Алматы: Ра-ритет, 2011.



Білік мәнін біл, не дейді білген ер:  
Білім білсен, бәле жүрмес іргеден.

Білімсіздер бар кеселді көреді,  
Емдемесе, тектен-текке өледі.

Надандарды дерт пен бәле үйіреді,  
Емдемесе, ерте сөніп, күйінер...

Кел, ей, надан! Дертке дауа жасағын:  
Надан білім алса, құты тасады.

Ақыл – бұйда, ере түссен, жетелер,  
Сансыз арыз-тілегіне жетер ер!

Ақыл болса, пайдасын ер көп көрер,  
Білім білсе, әзіз тірлік өткерер.

Ақыл күллі ісінді алып шығатын,  
Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

Күллі ісінді ақылыңмен баптағын,  
Уақытыңды біліміңмен сақтағын.

\* \* \*

Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап,  
Жақсы атымен дақ тигізбей намысқа.

Ұшқалақтық – бірі, екіншісі – сараңдық,  
Үшінші – ашу, оған егіз – надандық.

Қырсығың сор, бетті жер қып жүргізер,  
Бесінші – өтірік, жерге тірі кіргізер.

Бек бұлардан бойын аулақ ұстасын,  
Атын сақтап, бақса сөздің нұскасын.

Ең қорлығы – өзімшілдік, залымдық,  
Өзімшілдік – торланғаны бағынның.

### Сөз сыры

**Бәле** – бұл жерде: кесірлі іс, пәле-жала, шатақ, қырсық, кесел, кесапат.

**Ірге** – зат. 1) киіз үй керегесінің сыртқы жағы, киіз жабылған қоршауы; 2) үйдің ауласы, қорасы, айналасы. Бұл жерде: жақын жер, маң, өзіңнің айналаң деген.

**Бұйда** – түйенің, өгіздің мұрындығына тағылатын ұзындығы екі-үш құлаш жетек жіп. Бұйданы кендір, мақта, жібек, жүн жіптен ширатып немесе қылдан есіп жасайды. Қыз жасауын артқан түйеге т.б. салтанатқа арналған бұйдалар шашақты, әшекейлі болған. Бұл жерде: ауыспалы мағынада ақылды бұйдаға теңеп отыр.

**Әзіз** (араб.) – сын есім. Ардақты, қадірлі, құрметті, аяулы, абзал.





1. Ж.Баласағұнның есімі сендерге таныс па? Ол туралы қандай мәліметтер білесіңдер?
2. «Құтты білік» шығармасының кейіпкерлері туралы не білесіңдер?
3. Аталған еңбек кімге арналған?
4. Ж.Баласағұн аталған еңбегі үшін қандай атақ алды? Ол нені білдіреді?
5. Үзіндіде адам бойындағы қандай қасиеттер сөз болады?
6. Ақын қандай бес нәрседен алыс болуды ескертеді?
7. Осы өлеңге ұқсас қандай шығармалар білесіңдер?



1. Білік және білім сөзінің мағынасын ашып, олардың өмірдегі орны туралы ой бөлісейік. Осы екеуінің қайсысы бүгінгі күні көбірек керек деп ойлайсыңдар?
2. «Білімсіздер бар кеселді көреді, Емдемесе, тектен-текке өледі» деген жолдарды қалай түсінесіңдер? Автордың айтып отырған кеселі не деп ойлайсыңдар? Пікірімізді дәлелдейік.
3. Ойшылдың алыс жүруді ұсынған бес нәрсесін анықтайық, олардың әрқайсысына сипаттама берейік.
4. «Ақыл – бұйда, ере түссен, жетелер, Сансыз арыз-тілегіне жетер ер!» деген жолдардың мағынасын ашып, ақын ойын нақтылайық.
5. Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды тауып, қолданылу ерекшелігін анықтайық.



1. Жоғарыда оқыған шығарма негізінде білімді және білімсіз адамды салыстырып, осыған қатысты өз байламымызды жасайық.
2. Баласағұнның бектерге айтқан өсиетін Абай өлеңдерімен салыстыра отырып баға берейік.

Ж.Баласағұн қандай  
бес нәрседен алыс  
бол дейді?

+

Абай қандай бес  
нәрседен қашық  
бол дейді?

=

Екеуіне тән  
қандай ортақ ой  
бар?

3. Ж.Баласағұн айтқан жағымсыз қасиеттері бар адамға қандай ақыл-кеңес ұсынар едіңдер? Кемшілігін жоюға көмектесетін кеңес-хат ұсыныңдар.

### Тірек сөздер:

- ✓ тіл
- ✓ сөз бағу
- ✓ тіл бағу
- ✓ есен жүру
- ✓ білікті
- ✓ біліксіз
- ✓ түйір
- ✓ түйін
- ✓ көп сөз
- ✓ шеберлік
- ✓ ширақ

### Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады

...Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,  
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.

Тіл – арыстан, есік бакқан ашулы,  
Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды!

Не дейді, ұққын, тілден жапа шеккен ер,  
Сөз бұл есте тұтып, істе ескерер:

«Тілімнен көп жапа шектім, есебім:  
Бас кесілмес үшін тілді кесемін!



Сөзінді бақ, басыңды кесіп алмасын,  
Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын!»

Жұрттың тілі удай, сөйлеп шет қылар,  
Кісі құлқы сұм, етінді жеп тынар.

Білім берді, білікті өткір тіл берді,  
Тіл несі, басыңды бақ, біл де енді!

Тілесен сен есендікте жүруді,  
Жаман сөзге қимылдатпа тілінді.

Біліп айтқан сөз – білікті саналар,  
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.

Біліп айтқан сөз – даналық деседі,  
Біліксіз сөз – қайран басты кеседі!

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,  
Және сөйлеп және ештеңе өнбеді!

Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін,  
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.

Көрген емен көбік сөзбен оңғанды,  
Тобықтай түй тоқсан ауыз толғамды.

Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,  
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар.

Көп сөйлесен, «езбесің» деп жек көрер,  
Сөйлемесен, «мылқау екен» деп сөгер.

Бұлай болса, тек шеберлік – керегің,  
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!

Тілінді бақ, басың аман болады,  
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.

Тілді күтіп-бақсаң – аман басың да,  
Сөзді қысқа қылсаң – ұзын жасың да!..

### Сөз сыры

**Бақ** – бұл жерде: бақ қонады, бақытты болады, бақ дариды деген мағынада.

**Шет қылу** – шет көру, жат санау, ұнатпау, жақтырмау, шеттету.

**Құлқы сұм** – көңілі, ниеті дұрыс емес, арам адам деген.

**Қайран** – бұл сөздің мағынасы көп. Бұл жерде: одағай, бір нәрсеге өкінгенде, күйінгенде айтылатын әттең, шіркін, есіл деген мазмұндағы көңіл күйді білдіреді.

**Түмен** – көне сөз. Он мың жауынгерден тұратын әскер қосынын білдіреді. Бұл жерде: көп, түгел, барлық, тұтас, яғни сол әскердей көп дегенді білдіреді.

**Тобық** – зат. Табан мен жіліншікті байланыстырып тұратын дәнекер сүйек. Бұл жерде: бар әңгіменің тоқтар жері, тоқетері, тұжырымы, қорытындысы деген.



1. *Тіл өнері* дегенді қалай түсінесіңдер? Оны басқа қандай сөздермен алмастырар едіңдер?
2. Тілдің пайдасы мен зияны жайлы айтылған қандай шығармаларды білесіңдер?
3. Осы өлеңдегі басты ойды басқа қандай мақал-мәтел, қанатты сөздермен беруге болады?



1. Жүсіп Баласағұнның тіл жайлы айтқандарынан не түйдіңдер? Ойымызды ортада талдайық.
2. «Тіл – арыстан, есік баққан ашулы, Сақ болмасаң, жұтар ерім басынды!» деген жолдардың астарын түсініп, осы пікірге қатысты өз көзқарасымызды білдірейік.
3. Автор неліктен «Тілімнен көп жапа шектім, есебім: Бас кесілмес үшін тілді кесемін!» дейді? Сендер тілден не сөзден жапа шеккен кездерін болды ма? Осы ойды өз өмірімізбен байланыстыра отырып, топ ішінде талқылайық.



Төменде берілген кесте арқылы автордың айтпақ ойын өз ойымызбен байланыстыра талдайық.



1. «Сөзінді бақ, басынды кесіп алмасын, Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын!» деген жолдардағы басты ойды өзге акындардың ойымен салыстыра отырып бағалайық.
2. Оқыған үзінді негізінде тілдің пайдасы жөнінде сын мақала жазайық.

## Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады

Тілегім сөз еді білгір, ей, бегім,  
Ақыл, білім жайлы келді сөйлегім.

Ақыл – шырақ, кара түнді ашатын,  
Білім – жарық, нұрын саған шашатын...

Қандай десең, ақыл-ессіз түр-өңі,  
Ақыл-ессіз кісі үлессіз жүреді.

Ақылдыға лайық құрмет, жүгініс,  
Ақымақ жан топырақ қой біруыс!

Көрсен бағып мына бір сөз жанылтпас:  
«Ақылсыз надан өзін-өзі жарытпас!»



Қарап тұрсаң күллі сөздің рәсімін:  
Ақыл, білім – ең асылы, әсілі.

Ақыл болса, асыл болар – болса ер,  
Білім болса, бектік қылар – қылса ер.

Ақыл кімде болса – болар асыл ол,  
Білім кімде болса – бек һәм басың ол...

Жұпарға ұксап білім де тез таралар,  
Сақтап болмас баскалардан даралар.

Жұпар жасыр, оны іісі білдірер,  
Білім жасыр – тілің айтып бүлдірер.

Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,  
Ұры-қары қол жеткізіп ала алмас!

#### Тірек сөздер:

- ✓ ақыл, білім
- ✓ үлес
- ✓ топырақ
- ✓ жұпар
- ✓ анттасу
- ✓ төзімділік
- ✓ жомарттық
- ✓ шырын, құнар
- ✓ қиқар қылық
- ✓ ашулы тіл
- ✓ құт, бақ безер

Ақыл, білім бейне кісен кісіге,  
Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне...

Бар түркіде мысал мұны мензеген,  
Сен оны ұғып, құйып алғын зердене:

«Ақылды ерге ақылы ес, дос болар,  
Наданға аты-ақ қоңыраулатып қас болар».

Ақыл – сенің анттасқан нақ жолдасың,  
Білім – сенген мейірімді қандасың.

Наданға жау – білгені мен көргені,  
Екеуі сор, білмесе одан өнгені.

Ерге керек төзімділік, күш-қайрат,  
Тұру керек Күн мен Айдай нұр жайнап.

Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,  
Білімділік, ақылдылық қажетті.

...Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,  
Білімді сөз – шырын, жанның құнары.

Біраз нәрсе кісінің қас дұшпаны,  
Білсе оларды, өзін қинап қысқаны.

Бұның бірі – тілдің жалған айтқаны,  
Бұдан басқа – айтқан сөзден қайтқаны...

Тағы бірі – қырсық, қикар қылығын,  
Сүймес ешкім, алған жанды шырығын.

Енді бірі – зымияндық бықсыған,  
Кісі үйін түтіндетіп тықсырар.



Және бірі ашулы тіл – у, ашық,  
Өлтіреді шағып сөксе, тіл ашып.  
Бұлар жетсе, бір-бірімен қосылып,  
Одан құт, бақ безер аулақ жосылып.

### Сөз сыры

**Шырақ** – зат. Бөлмені жарық етіп тұратын шырақдан, шам, майшам. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада ақылды сол шыраққа, шамға теңеп тұр.

**Рәсім** – (араб.) зат. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып. *Бұл жерде:* сөздің орны, жүйесі, реті деген мағынаны білдіреді.

**Жұпар** – 1) кейбір өсімдік түрлерінен және жануарлардың арнайы жұпар бездерінен алынатын хош иісті зат; 2) ерекше хош иіс; 3) әтір, иіссу. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада білім сол жұпар иістей тез таралады деген.

**Кісен** – көне зат: 1) темірден иіп жасалған жылқының сирағына киілетін, жылқыны матау әбзелі; 2) темірден соғылған, адамның аяқ-қолына салынатын кілті бар тұсау, темір бұғау. *Бұл жерде:* ақыл мен білімді кісенге, яғни адамды тәрбиелеуші құралға теңеп отыр.

**Шәксіз** – күмәнсіз, шүбәсіз, кәміл, қалтқысыз. *Бұл жерде:* белгілі деген.

**Зымияндық** – қулық, сұмдық, сұрқиялық, арамзалақ секілді жаман қасиет.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Бәйіт** – (араб. *шатыр*) – қос тармақты өлең шумағы, өлеңнің ырғақтық негізі бір тармақ емес, қостармақ деп саналады. Тармақ қайталанғанда ғана ырғақ айқын күшіне келетіні есепке алынады. Араб, парсы, түркі тілдес халықтар поэзиясында қостармақ өлең үлгісі жиі қолданылған. Төрттармақ өлең екі бәйіттен құралады. Низами, Науаи дастандары бәйіт үлгісінде жазылған (Ө.Күмісбаев).



1. Ақыл, білім туралы айтылған өлеңдерді есімізге түсірейік.
2. Осы өлеңде адамның қандай қасиеттері сөз болады?
3. Ақынның ойынша ақылды мен ақымақ адамның қандай айырмашылықтары бар?



1. Ж.Баласағұн ақыл мен білімді қалай сипаттайды? Автор ойын анықтай отырып, кестені әрі қарай жалғастырайық.

Білім – сенген мейірімді қандасың, – дейді. Осы сөзді қалай түсіндірер едіңдер?

Ақыл – сенің анттасқан нақ жолдасың, – дейді. Автормен келісесіңдер ме? Неге?

#### Недіктен автор?

Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, – дейді. Сендердің ойларыңша да осылай ма? Себебі?

Ақыл – шырақ, қара түнде жанатын, – дейді. Сендер қандай анықтама ұсынасыңдар?

2. Өлеңдегі автор қолданған көркемдік тәсілді анықтап, өз тарапымыздан ақыл, білім, білік, жомарттық, салмақтылық деген ұғымдарға бейнелі сипаттама ұсынайық.



3. Ақылды мен ақылсыздың қандай айырмашылығы бар дейді? Жұп болып осы мәселеге өз пікірімізді білдірейік.
4. Сызбаны пайдаланып, автордың адамның қас дұшпаны дегендегі негізгі мәселелерді анықтап, өз көзқарасымызды білдірейік.



5. «Ақыл, білім бейне кісен кісіге, Кісенді көп бармас кылмыс ісіне» деген жолдарды қалай түсінеміз? Осы жолдардың мағынасын сақтай отырып, өз тарапымыздан түрлендіріп айтайық.
6. Төмендегі үш тақырыптың бірін таңдап, топ ішінде әңгімелесейік.
  - Жұпарға ұқсап білім де тез таралар.
  - Ерге керек төзімділік, күш-қайрат.
  - Ашулы тіл – у, өлтіреді шағып сөксе.



1. Ақынның жоғарыда берілген өлеңдеріндегі авторлық идеяны қанатты сөз немесе мақал-мәтелмен түйіндейік.
2. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, ақыл мен білімнің, жақсы қасиеттердің бүгінгі маңызы туралы деректі эссе жазайық.
  - Ақыл, білім – ең асылы, әсілі.
  - Ақыл – сенің анттасқан нақ жолдасың.
  - Білім – сенген мейірімді қандасың.

### Зерттегім келеді...

«Құтты білік» дастанын толық оқыық. Дастандағы ел басқаруға байланысты ойларды бүгінгі мемлекет ісіне қалай пайдалануға болатындығы турасында шағын зерттеу жұмысын жүргізейік.

### Білгенім бір тоғыз

1911 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Құрманғали Халидовтің «Тауарих Хамса» атты кітабында осы *Баласағұн*, *Құтадғу білік* деген сөздердің мағынасына түсініктер беріледі. Қ.Халидовтің айтуынша: «*Бала* – көрікті қашалған тас, *сағұн* – қала деген моңғол сөздері. *Көрікті тас қала* деген ұғым береді», – дейді.


## ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Ақын болып туады, шешен болып шығады.

*Халық мақалы*

Шешендік – қазақ халқына тән ерекше өнер түрінің бірі. Шешендік өнерді ғылым тілінде *риторика* деп атайды. *Риторика* – сендіре білу, яғни тыңдаушының санасына, сезіміне әсер ету, ықпал жасау.





Афиныдағы Ұлттық академия ғимараты жанындағы Сократ ескерткіші

Риторика Мысыр, Вавилон, Қытай, Үндістан және т.б. елдерде дамыған. Бұл өнердің тарихы Көне Грекиямен тығыз байланысты. Мұнда риторика өнердің *надишасы* болып саналған.

Риторика ғылымының бастау көзі, негізі Протагор, Платон, Аристотель, Сократ, Демосфен, Цицерон т.б. сынды грек, рим ойшылдарының еңбектері болып саналады. Олар өз еңбектерінде риториканы жан-жақты зерттеп, оған түрлі анықтама ұсынады. Аристотельдің «Риторика» атты еңбегінде шешендік өнердің басты ерекшелігі – сөздің анық әрі түсінікті болуы десе, Платон өзінің «Горгий» атты еңбегінде шешендікті өзін-өзі дамытатын ілім ретінде көрсетеді.

«Ал орыс шешендік өнерін зерттеуші М.В.Ломоносов шешен болу үшін мынадай бес қасиет болуы қажет дейді: «біріншісі – табиғи дарын; екінші – білім; үшінші – шешендерден үйрену; төртінші – сөйлеп жаттығу; бесінші – басқа ғылымдардан да хабардар болу».

Рим ораторы Марк Туллий Цицерон жақсы шешен болу үшін табиғи дарындылығымен қоса, жан-жақты білімді болу керектігін айта келе: «Кімде-кім өзінің сөзімен тындаушыларына білім берсе, әрі көңілін көтерсе, әрі оларға күшті әсер етсе, ең жақсы шешен – сол. Білім беру – шешеннің міндеті, көңілін көтеру – тындаушыларға көрсеткен құрмет, күшті әсер ету – қажеттілік», – дейді белгілі ғалым Балтабай Адамбаев.<sup>1</sup>

Қазақ шешендік өнерін теориялық тұрғыдан зерттеу А.Байтұрсынұлынан бастау алады. Сонымен қатар Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, кейінірек Ә.Мәметова, Б.Адамбаев еңбектерінде шешендік өнер жан-жақты зерттелінді.

### Қазақ шешендік өнері

Шешендік сөздер мазмұнына қарай үшке бөлінеді: 1) *шешендік арнау*; 2) *шешендік толғау*; 3) *шешендік дау*.

Шешендік арнауға *шешендік бата*, *тілек*, *көңіл айту*, *ақыл-насихат сөздер* жатады. Уәлихан қайтыс болғанда Байдалы бидің оның ханымы Айғанымға:

<sup>1</sup> Адамбаев Б. Қазақ шешендері. Алматы: Білім, 2014.



Қайрат деген қыран бар,  
 Қайғыға тізгін бермейтін.  
 Қайғы деген жылан бар,  
 Өзекті шағып өрлейтін.  
 Мен қайғынды қозғағалы келгенім жоқ,  
 Қайратынды қолдағалы келдім. –

деген көңіл айтуы шешендік арнауға жатады. Белтірік шешеннің:

Үлкен алдында піліп сөйле,  
 Кіші алдында сызылып сөйле.  
 Піліп сөйлегеннен белін бүгілмейді,  
 Сызылып сөйлегеннен сөзін үзілмейді. –

деген сөздері де шешендік арнау үлгісі болып табылады.

Шешендік толғау *мақал-мәтел, сұрақ-жауап, шешендік нақыл, қанатты сөз, шешендік жұмбақ, шешендік мысал* түрінде келеді.

Шешендік толғауға Асанқайғының:

Көле жүрген қоныр қаз	Су қадірін не білсін?
Қыр қадірін не білсін?	Көшіп-қонып жүрмеген
Қырда жүрген дуадақ <sup>1</sup>	Жер қадірін не білсін?! –

деген толғаулары, Мөңке би айтқан:

Бұл заманда не ғаріп? <sup>2</sup>	Қария болар тез ғаріп.
Қадірін біліп ұқпаса,	Қаз, үйрегі болмаса,
Дүррі гауһар сөз ғаріп.	Айдын шалқар көл ғаріп. –
Замандасы болмаса,	

деп келетін сөздері жатады.

Шешендік толғаудың бір түрі – ақыл-кеңес, тәлім-тәрбиеге бағытталған *шешендік нақыл*. Шешендік нақылға Малайсарының «Үйіннің алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең. Ауылында ақылгөй қарт болса, жазып қойған хатпен тең» деген сөзі жатады.

Шешендік дау мазмұнына қарай *жер дауы, жесір дауы, құн дауы, ар дауы* болып бөлінген.

### Шешен деген кім? Оған қандай қасиеттер тән?

«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген қазақ халқы шешендіктің үйренумен, өзін дамытумен, көрегендікпен келетін өнер екендігін ертеден-ақ білген. Ал осындай сөзімен адам *санасына* әсер етіп, әрбір айтқан сөзіне иландыра алатын адамды *шешен* деп атаған. *Оратор* латынша «*orare*» – *сөйлеу*,

<sup>1</sup> *Дуадақ* – қанаты үлкен, мойны жуан дала құсы.

<sup>2</sup> *Ғаріп* – араб сөзі: кәріп, бейшара, мүсәпір деген. Бұл жерде: поэтикалық қолданыста беріліп, сөз, қария, көл ғаріп деп айтылып тұр.

*ғайыпты болжау* деген мағынаны білдіреді. Қазақ даласында от ауызды, орақ тілді шешендердің болғандығын ел аузында сақталып қалған аңыз-әңгімелер арқылы білеміз. Шешендер әдемі сөйлеуді ғана мақсат тұтпаған, не айтуды, қалай айтуды, кімге және қашан айтуды жақсы білген. Олар өздерінің осы білімдерін ел бірлігін сақтауға, ел арасындағы мәселелерді әділ шешуге жұмсаған.

Ал *би* деген кім? Оның шешеннен қандай ерекшелігі бар?

Қазақта би-шешен деген сөз қосарланып, бірге айтылғанмен, екеуінің арасында аздаған айырмашылық бар. Шешенге қойылатын басты талап – ой ұшқырлығы мен тіл жүйріктігі болса, би – қара кылды қак жарар әділ, халықтың салт-дәстүрін жетік білетін білімдар, тура сөзді айтудан тайсалмайтын батыл болуы керек.

Ғалымдар қазақтың шешендік өнерін Майқы би мен Аяз биден бастайды. Бұл тізім Мөңке би, Едіге би, Әнет баба, Жиренше шешен, Ақтайлақ би, Бөлтірік шешен, Бала би және Үш жүзден шыққан әйгілі билер: Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен жалғасады.



1. *Шешендік өнер* дегенді қалай түсінесіңдер?
2. *Шешен* сөз деген қандай сөз? Оның өзге сөздерден қандай айырмашылығы бар?
3. *Риторика* ғылымы қай кезеңнен бастау алған? Оның негізін салушылар кімдер?
4. *Би-шешен* деген кім? Оған қандай қасиеттер тән?
5. Қандай би-шешендерді білесіңдер?



1. *Би, шешен, қазы, төре* ұғымдарының мағынасын анықтап, олардың басты ерекшеліктерін атап көрсетейік.
2. Барлық адам шешен бола ала ма, қалай ойлайсыңдар? Шешен сөйлеу үшін бізге не істеу керектігін ортаға салайық.
3. Төмендегі кесте негізінде екі топқа бөлініп, сұраққа жауап берейік. Пікірімізді нақты мысалдармен дәлелдейік.

Шешен болып  
туа ма?

Шешен болып  
калыптаса ма?

4. Бүгінгі күні бізде би-шешендер бар ма? Бүгінгінің биі немесе шешені деп кімдерді атар едіңдер? Неге?



Би-шешендер сөзі мен қазіргі кезде қолданатын сөздеріміздің қандай айырмашылығы бар? Себебі неде? Салыстыра отырып, өз бағамымызды берейік.

Би-шешендер қалай сөйлеген?	Біз қалай сөйлеп жүрміз?



## МАЙҚЫ БИ

Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ын-  
тымақты, батыл болса, қара жерден су  
ағызып, кеме жүргізеді...

*Майқы би*

Майқы би (XI–XII ғғ.) – тарихта болған адам. Шыңғыс ханға кеңесші болған, бытыраңқы қазақ руларын құрап, Алаша ханды бас қылып, қазақтың алғашқы хандығын құрған, қазақ рулары мен ұлыстарының таңбаларын тасқа қашатып, ұрандарын белгілеп берген қоғам қайраткері. Сан ғасырлар бойы ел аузында келе жатқан «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін накыл сөз осыны аңғартса керек. Ертеректе өленмен жазылған Майқы би шежіресінде де осы ой айтылады:

Өтіпті данышпан боп атам Майқы,  
Кейбіреу түсіне алмай қалар сайқы<sup>1</sup>.  
Қойылған осы лақап бірнешеу бар,  
Екенін ұғушым аз заты қайсы?  
Дәуірін жасаған кез аңғармаса,  
Ұғымы тыңдаушының бопар қайшы.

Майқы биге қатысты деректердің барлығында оның Шыңғыс ханның замандасы, оң қолы, кеңесшісі болғандығы айтылады. Шыңғыс хан ұлы Жошы жорыққа аттанғанда Майқыға әскерінің оң қанатын сеніп тапсырады екен. Халықтың бірлігін сақтап, оның біртұтас ел болуына елеулі еңбек сіңірген Майқы би Шыңғыс хан моңғолдардың ханы болып сайланған кезде құттықтауға барған он екі бидің бірі көрінеді.

Атақты ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде: «Шыңғыс хан үлкен хақан болғанда тап басы бектерге ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Сонда Ұлы жүздің Майқы биіне: «Ұраның – салауат<sup>2</sup>, құсың – бүркіт, ағашың – қарағаш, таңбаң – сүргі болсын» депті», – дейді.<sup>3</sup>

Майқы би жүздер арасында болып жататын қызу айтыс-тартыстар мен дау-дамайларға қатысып, халықтың шешендік сөздері мен мақал-мәтелдеріне сүйене сөйлеген. Оның халық бірлігін бәрінен де жоғары қойғандығы ел арасында таралған шешендік сөздерінен

<sup>1</sup> Сайқы – бұл жерде: белгісіздеу, дүдәмалдау, түсініксіздеу деген мағына береді.

<sup>2</sup> Салауат – 1) діни сөз: мазақ ретінде айтылатын дұға, намаз; 2) араб сөзі: бітім, кешірім. Бұл жерде: осы екінші мағынада.

<sup>3</sup> Құдайбердіұлы Ш. Шығармаларының үш томдық жинағы. 2-том. Халықаралық Абай клубы. Жидебай. 2008.




анғарылады. «Бірліксіз тірлік жоқ» деген аталы сөз де Майқы бидің аузынан шыққан. Майқы бидің пікірінше, ел істері халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бойынша басқарылуы тиіс.

Майқы би – дау-дамайды әділ шешкен, ел ісіне араласқан би ғана емес, қазақтың шешендік сөз өнерін бастаған жырау. Ел арасында «Майқы би айғышы» деген мәйекті сөз, мақал-мәтел, нақылдар да мол сақталып қалған.

Майқы би ұзақ ғұмыр сүріп, 120 жасында қайтыс болған деседі. Оны қазақтар ғана емес, татарлар, башқұрттар, қарақалпақтар, өзбектер де өз биіміз деп есептеген.



1. Майқы би шамамен қай ғасырда өмір сүрген?
2. Оның есімі қай тарихи тұлғамен қатар аталады?
3. Кестені пайдаланып, Майқы биге тән қасиеттерді санамалап айтайық.



4. «Бірліксіз тірлік жоқ» деген Майқы бидің аталы сөзін қандай мақал-мәтелдермен алмастырар едіңдер?

### Майқы бидің шешендік сөздері

#### Тірек сөздер:

- ✓ аң аулау
- ✓ мертігу
- ✓ арба
- ✓ сүйрету
- ✓ таласу
- ✓ өгіз айдаған адам
- ✓ қолтықтау
- ✓ оң жағы

Майқы би мен Шыңғыс ханға қатысты әңгіме былайша өрбиді: «Бір күні Шыңғыс аң аулап жүріп, таудан құлап, аяғын мертіктіріп алады. Жанындағы жігіттер Шыңғысты арбаға мінгізіп, үйіне апармақ болады. Олардың ішінде Майқы да болса керек. «Екі ақсақ бірге отырайық» деп ол да арбаға мінеді. Өзгелері екеуін сүйретіп Шыңғыстың үлкен шешесінің үйіне жақындайды. Үйге жақындағанда жанындағылар «Шыңғыстан соң үйге кім кіреді?» деген сөз шығарады. Бірі «менің жасым үлкен» десе, келесісі «жол менікі» деп таласады. Шыңғыс Майқыға қарайды. Сонда Майқы: «Әдетте, арбаға жегілген өгіз есік алдында қалып, оны айдаған адам үйге кірмеуші ме еді», – депті. Осылай Майқы сөз тауып, Шыңғысты қолтықтап үйге кіреді. Кейінірек Шыңғыстың оң жағында отырып, ел басқаруға араласыпты деседі.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Майқы би. Құраст. С.Дәуітов. Алматы: ҚАЗАқпарат. 2011.



## Әдеби-теориялық ұғым

**Шешен сөз.** Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту. Шешен сөздер бес түрлі болады:

1) **саясат шешен сөзі.** Шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлеуі;

2) **билік шешен сөз.** Шешендер сотта айыпкер адамды ақтау я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері;

3) **қошемет шешен сөзі.** Біреудің халық алдында еткен еңбегін қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі;

4) **білмір шешен сөзі.** Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлеген сөзі;

5) **уағыз.** Дін жайынан сөйлеген ғұламалар, молдалар сөзі.<sup>1</sup>



1. Майқы би мен Шыңғыс ханның арасындағы әңгіме не туралы болды?
2. Аталған сөз шешендіктің қай түріне жатады деп ойлайсыңдар?
3. «Бірі «менің жасым үлкен» десе, келесісі «жол менікі» деп таласады» деген үзіндідегі жол менікі дегенді қалай түсінесіңдер? Олар қандай жолды айтып отыр?



1. Неліктен Майқы би туралы «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп айтылған? Пікірімізді топ ішінде талқылап, өз дәлелімізді ұсынайық.
2. Жоғарыда оқыған әңгімеден Майқы бидің қандай қасиеттері көрінеді? Санамалап айтайық.
3. «Ұраным – салауат, құсын – бүркіт, ағашым – қарағаш, таңбан – сүргі болсын» дегенді қалай түсінеміз? Топпен талдау жасайық.



1. Жоғарыда келтірілген «Майқы бидің пікірінше, ел істері халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бойынша басқарылуы тиіс» деген пікірге қатысты өз пікірімізді білдірейік.
2. Төмендегі кестені пайдаланып, би мен шешенге тән ерекшелік пен ортақ қасиеттерді анықтайық.



1. «Хан борышы – жорықта ту көтеру, Сарбаз борышы – туға еріп жан беру» деген Майқы бидің қанатты сөзін бүгінгі күнмен салыстыра отырып, өз бағамызды берейік.
2. Жалпы шешендік өнер туралы өз ойларыңды ортаға салып, бір-бірінмен сұхбат құрыңдар.

<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991.



## Майқы бидің накыл сөздері <sup>1</sup>

### Тірек сөздер:

- ✓ ала
- ✓ түгел
- ✓ қара жер
- ✓ жауын, қауым
- ✓ сауын
- ✓ тура сөз
- ✓ тепкі жеу
- ✓ ісің, кісің

1. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
2. Ханның биі ақылды болса,  
Қара жерден кеме жүргізеді.
3. Би екеу болса, дау төртеу болады.
4. Дауыл болмай, жауын болмас,  
Даулы болған, қауым болмас.
5. Егіз ешкі сауын болмас,  
Екі жалқау ауыл болмас.
6. Естіге айтқан тура сөз,  
Шыңға тіккен тумен тең.  
Есерге айтқан тура сөз,  
Құмға сіңген сумен тең.
7. Ақиық қыран қартайса,  
Жас жағалтайдан тепкі жейді.
8. Паракор биге ісің түспесін,  
Саран үйге кісің түспесін.

### Сөз сыры

**Қауым** – бұл жерде: адамдар тобы, жиыны, көпшілік, яғни халық, ел, жұрт, әлеумет.

**Ақиық** – түсі қара қоңыр, басы мен желкесі сарғыш, иығы ақ сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Салмағы – 2700–3100 грамм. Ол сексеуіл, ағаш және бұталардың басына ұя салады.

**Жағалтай** (лат. *Falco subbuteo*) – сұңқар тектес кішкене жыртқыш құс. Саятшылықта қолданылады, саят құстарының қатарына жатады. Түр-түсі жағал, бауыры ала болғандықтан жағалтай атанған. Ұсақ құстармен, қосмекенділермен қоректенеді. Аңшы, саятшылар қолға тез үйретеді.

## Тұлпардан тұлпар туады...

### Тірек сөздер:

- ✓ тұлпар
- ✓ сұңқар
- ✓ жалқау
- ✓ тілазар
- ✓ саран

- Тұлпардан тұлпар туады,  
Сұңқардан сұңқар туады,  
Асылдан асыл туады,  
Жалқаудан масыл туады,  
Масылдан малбақпас туады,  
Тілазардан қылжақбас туады,

<sup>1</sup> Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан әфсаналары. Алматы: Аруна, 2008.



Таздан жарғақбас туады,  
 Сараңнан бермес туады,  
 Соқырдан көрмес туады,  
 Мылжыннан езбе туады,  
 Қыдырмадан кезбе туады.

### Сөз сыры

**Масыл** – зат. 1) біреудің асырауындағы, күтуіндегі, өздігінен күн көруге жағдайы жоқ немесе жасы келген адам; 2) жатыпішер, арамтамақ. *Бұл жерде: екінші мағынада.*

**Езбе** – сын. 1) езіліп жатқан, миы шыққан жер; 2) қою біркелкі тағам; 3) көп сөйлейтін, мыжыма, мылжың адам. *Бұл жерде: үшінші мағынада.*

**Кезбе** – сын. *Бұл жерде: ел аралаушы, қаңғыбас, қыдырымпаз.*



1. Нақыл сөз, қанатты сөздердің өзге сөздерден айырмашылығы бар ма? Сөзге қатысты басқа қандай айқындауыш ұсынар едіңдер?
2. Майқы биінің нақыл сөздері неге қатысты айтылған?
3. Майқы биінің нақыл сөздерінде қандай мәселелер айтылған?
4. «Тұлпардан тұлпар туады...» деген нақыл сөзіне өз атауымызды ұсынайық. Неліктен олай атағанымызды түсіндірейік. Мұндағы басты ой не деп ойлайсындар?



1. «Есерге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сумен тен» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Майқы биінің нақыл сөздері бүтінгі күнге керек пе, қалай ойлайсындар? Ойымызды дәлелдейік.
3. «Ақпық қыран қартайса, Жас жағалтайдан тепкі жейді» деген сөздің астарын ашып, өмірмен байланыстыра отырып талқылайық.



«Ханның биі ақылды болса, Қара жерден кеме жүргізеді» деген тақырыпта тарихтағы билердің рөлі туралы шағын сын мақала жазайық.

### Зерттегім келеді...

Оратор (лат. *orare*) сөйлеу, ғайыпты болжау деген мағынаны білдіреді. Қазақ тарихында шешендік сөздері арқылы болашақты дәл айта білген би-шешендер бар ма? Осы жайында шағын зерттеу жүргізейік.

### Білгенім бір тоғыз

Ежелгі шежірелерге сүйенсек, тарихта екі Майқы би болған тәрізді. Біріншісі – Майқы Ақұлы. Ол іштен бір аяғы кем туғандықтан, ақсаңдап жүретін болыпты. Осыған қарап оны халық Майып деп атаған деседі. Алайда өз заманында мансапқа ие болған Майыпты халық оның он сегізінші бабасы Майқының атымен атап кетіпті. Ал артына сөз қалдырып, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен атанған екінші Майқы – біз жоғарыда сөз еткен Майқы Мәнұлы.



## МӨҢКЕ БИ

Тілеуімнің ішінде  
Әулпе еткен Мөңке би...

*Нұрпейіс Байғанин*



Мөңке Тілеуұлы – өз заманының от ауызды, орақ тілді шешені, Әбілқайыр ханның кеңесшілерінің бірі, жырау. Ол қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы маңайында дүниеге келген. Мөңке би Әбілқайыр хан дүние салған соң, Нұралы ханның билігін тану туралы Елизавета Петровнаға жазылған хатқа Кіші жүздің отыз би-батырларымен бірге қол қойған.

Мөңке би өз заманында «ердің құнын бірауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей жырау ретінде танылды.

Халық арасында Мөңке айтыпты деген асыл сөз, терең толғаулар, дау үстінде айтылған әділ биліктер көп сақталған. Олар риторикалық сұрақ-жауап, болашақты болжау, келер заманнан сескену, кейбір құбылыстарды ақырзаман белгісі деп тану түрінде келеді. Осыған байланысты Ақыр Мөңке атанған. Әсіресе Мөңке есімі халық арасына болашақты болжап айтқан толғаулары арқылы жақсы сақталған. Оның заманның азуы, ақырзаманның жақындауы жайлы айтқандары Асанқайғы, Бұқар ойларымен үндесіп жатады. Оны тіпті француз сәуегейі Мишель де Нострадамуспен салыстырып жатады.

Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келген Нострадамус өз заманына сай білім алып, медицина ғылымдарының докторы атанған оқымысты адам болған. Ол соңына «Центурийлер» деп аталатын он томдық болжамдарын қалдырып кеткен.

Толғаулары арқылы келешекте елінің жағдайы не боларын болжап берген Мөңке бидің өз өміріне қатысты мынадай болжамы ел аузында сақталып қалыпты. Мөңке би демі таусыла бастағанда: «Мен өлгесін ақ бура мініп жақайым <sup>1</sup> Сартай деген кісі келер, жаназамды сол оқыр», – депті. Сол күні дүние салыпты. Сартай молданың ауылы бірнеше күншілік жерде екен. Бидің ағайындары жаназаны кімге оқытарын білмей дал болыпты. Сөйткенше болмай, сырттан «бақ» еткен дауыс естіледі. Мөңке бидің ағайындары сыртқа шыкса, асыға басып Сартай молда келе жатыр екен» – дейді. <sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Жақайым* – Кіші жүздің бір бөлігі алты ата Өлімнің ішіндегі шекті руының бір тармағы, бір тактасы, яғни ру аты.

<sup>2</sup> *Шекті Мөңке би*. Құраст. К.Телесубайұлы. Ақтөбе, 2008.



Мөңке бидің Сырым батырға қойған астыртын сұрақтары мен оған Сырымның қайтарған жауаптары, сонымен қатар оның шеркеш Түрке би, тана Нүрке билермен кеңесе отырып айтты дейтін «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» дейтін толғаулары белгілі.

**Мөңке мұрасының зерттелуі.** Мөңке бидің өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы әр жылдары А.Жұбанов, Т.Кәкішев, С.Негимов, Б.Адамбаев, Қ.Сыднықұлы, М.Тілеужанов, С.Байменше, Б.Омарұлы, Ж.Асанов, К.Төлеубайұлы, М.Құл-Мұхаммед және т.б. ғалымдар ғылыми-зерттеу еңбектерін жазды.

**Мөңкенің күйлері.** Мөңке бидің біздің заманымызға «Өттің, жалған-ай», «Шалқыма», «Қиқу дәурен», «Жиын, алқа, кеңес» атты төрт күйі жеткен. Дегенмен оның күйлері бұдан да көп болуы мүмкін. Мөңке күйлерінің басқа біреулерге телініп кетуі де ғажап емес.



Ақтөбе қаласындағы  
Мөңке биге орнатылған  
ескерткіш



**Тілеуұлы Мөңке бидің жеті жасында айтқан билігін оқыңыз!**

Бір судың бойына бай ауылы келіп қонады. Су бойында бір топ бала ойнап жүрсе, балаларды келіп ауыл иесі ақсақал қуалайды. Байдың астындағы асаулау байтал екен. Балалардың біреуі атын үркітіп калғанда, байдың бөркі басынан ұшып, байталдың алдына түскен кезде байтал тулап, бай жығылып, жан тапсырады.

Байдың елі балалардан күн алмақ болып жиналады. Үш күн, төрт күн жатады, бітісе алмайды; бес күн, алты күн жатады, бітімге келе алмайды. Сөйтіп, дағдарып тұрған уақытта бір тайға мінген жеті жасар бала келеді. Бала қарап тұрады да: «Бұл жұмыстың билігін маған берсеңіздер, мен бітірейін», – дейді. Бала бір айтады, екі айтады, оның сөзіне баласынып ешкім құлақ аспайды.

Ақырында ақсақалдар дағдарып: «Осы қой асығы деменіз, қолыңа жақса сақадай, жасы кіші деменіз, ақылы жақса атадай» деген қайда? Манағы бала кімнің баласы екен? Тауып әкеліндерші», –

#### Тірек сөздер:

- ✓ бай ауылы
- ✓ бір топ бала
- ✓ күн
- ✓ жеті жасар бала
- ✓ ердің құны
- ✓ төлеу
- ✓ риза болу



деп іздетіпті. Сұрастырып, баланы тауып әкеледі. Баланың аты Мөңке екен. Бала келіп: «Билікті маған берсеңіздер, менің айтатын билігім мынау дейді: «Ердің құны – жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу, әуелі – ойнап жүрген бала тентек, екінші – оны қуған бай тентек, үшінші – үріккен байтал тентек, төртінші – бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек», – дейді. Сонда жүз жылқының үш бөлімі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді. Жұрт бала билігіне риза болады. Сол бала Үш жүзге белгілі Мөңке би атанып, аты аспанға шығады», – дейді А.Байтұрсынұлы.<sup>1</sup>



1. Төмендегі сызбаны пайдаланып, «Мөңке кім?» деген сұраққа жауап берейік.



2. Ол шамамен қай кезде өмір сүрген?
3. Биге қандай қасиеттер тән?
4. Мөңке биге арналған мәтінде қандай оқиға сөз болады?
5. Мәтінге ат қояйық, неліктен олай атағанымызды түсіндірейік.
6. «Қой асығы деменіз, қолына жақса сақалай, жасы кіші деменіз, ақылы жақса атадай» деген мақалды қалай түсінесіңдер?



1. Құн алу, бітімге кету, билік айту деген ұғымдардың мағынасын ашып, топ ішінде талдайық.
2. Бала Мөңкенің бұл істе тентек төртеу деген сөзінің астарын ашып, мәтіндегі төрт тентекке сипаттама берейік.



- Бала Мөңкенің билік айтуын қалай бағалар едіңдер? Бүгінгі күнде осындай тапқыр балалар бар ма?

### Мөңке бидің болашақты болжауы

Құрамалы, қорғанды үйін болады,  
 Айнымалы, төкпелі биің болады.  
 Халыққа бір тиын пайдасы жоқ  
 Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
 Ішінен шынтақ айналмайтын  
 Ежірей деген ұлын болады.

<sup>1</sup> Шекті Мөңке би Тілеуұлы. Құраст. К.Төлеубайұлы. Ақтөбе, 2008.



Ақыл айтсаң ауырып қалатын  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыннан кес-кестеп өтетін  
Кекірей деген келінің болады...

Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіннен алып түсетін інің болады.  
Ала шұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады...

Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады,  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады...  
Сарылып көлік тосасың,  
Құны жоқ қағазды судай шашасың...

\* \* \*

Бай құрып, бақсы азады,                      Қу моладан үйің болады,  
Кен көбейіп, бейшара озады.              Қу баладан биің болады.

\* \* \*

Кебір жерге теңеледі,  
Әйел ерге теңеледі.  
Спыр өгізге теңеледі,  
Көл теңізге теңеледі.  
Адам ақысыз жұмыс істемейді,  
Дүннені түрлеп кестелейді.  
Ащыны ащы демейді,  
Сағынып тамақ жемейді.  
Тапқанын олжа дейді,  
Алһам білгенін молда дейді.  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса, көрші-көршіге кірмейді...

### Сөз сыры

**Шынтақ** – зат. 1) қолдың қар сүйегі мен білек сүйегінің түйіскен сырт жағы; 2) ертедегі ұзындық өлшемі; 3) киім жеңінің шынтақ тұсы; 4) кернейдің иіні; 5) жеңсіз қамзолдың бір түрі. *Бұл жерде:* кішкентай нәрсе деген ұғымды білдіреді.

**Кебір** – шөл даладағы бетіне тұзы шығып жататын, өсімдік өспейтін сортаң жер, тақыр.

**Олжа** – *бұл жерде:* ойламаған, күтпеген жерден пайда болған кіріс.

**Алһам білгенін** – *бұл жерде:* діни шаласауатты адамды айтып отыр.

### Тірек сөздер:

- ✓ үй, би
- ✓ тиын
- ✓ жиын
- ✓ ұл, қыз, келін
- ✓ дәрі, кәрі
- ✓ тіл, дін
- ✓ шапағат
- ✓ өгіз, теңіз
- ✓ қарыз



## Әдеби-теориялық ұғым

**Болжал өлеңдер.** Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ баянсыз тағдыр-талайы болып табылады: жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табиғат қаталданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман әдеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, қазақ елі мен жері өзгеріп, азып-тозады. Аталған ауыр күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса, бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды.

Болжалдық әдебиеттегі бұндай үмітсіз, зарлы сарын, әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында – саяси бостандықтан үміт кесілгенде, қазақ жерін отарлау күшейгенде, ел жиі-жиі жұтқа ұшырап, кедейленгенде күшейе түсті (Х.Досмұхамедұлы).



1. Мөнке бидің болашақты болжаған осы шешендік сөзіне қандай атау ұсынар едіңдер? Неліктен?
2. *Ішінен шынтақ айналмау, бетінен алу, билігі жүрмеу* тіркестерінің мағынасын ашып түсіндіріңдер.
3. Өлең жолдарының негізгі идеясын бір сөзбен түйіндейік.
4. Автор айтып отырған *ежірей, бежірей, кекірей* деген кімдер? Оларға қандай сипаттама берер едіңдер?
5. «Кебір жерге тенеледі. Әйел ерге тенеледі» деген жолдарды қалай түсінесіңдер?
6. Мөнке бидің жұмбағы не туралы?



1. Мөнке би болжамында көтерілген негізгі мәселелерді анықтап, топ ішінде осы мәселе туралы пікірлесейік.
2. Мөнке би сөзінде кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып, қолданылу ерекшелігін анықтайық.



3. Мөнке бидің *қазақтың Нострадамусы* деп атағанмен келісесіңдер ме? Неліктен? Ойымызды жұппен талқылап, өз дәлелімізді ұсынайық.
4. Билер неліктен жұмбақтап, астарлап сөйлейді деп ойлайсыңдар? Мөнке би жұмбағындағы негізгі мәселені анықтап, бүгінгі күнмен байланыстыра талдайық.



1. Мөнке бидің «Ала шұбар тілін болады, Дүдәмалдау дінін болады» деген сөзіне бүгінгі күн тұрғысынан баға берейік. Бүгінде мұндай мәселе бар ма?
2. Сендер келер заманға қандай баға берер едіңдер? Мөнке бидің болжамы негізінде болашаққа өз болжамымызды ұсынайық.
3. Мөнке би айтқан болжамдарды пайдалана отырып, «Менін заманымның келбеті» атты тақырыпта сыни мақала жазайық.



- Мөнке бидің болжамы қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екендігін төмендегі кестені пайдалана отырып пайымдайық.



Домалақ-домалақ түймедей  
дәрің болады.  
Біздің дәріміз қандай?

Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді, бірақ адам  
оған құмар болады. Бүтінгі  
адамдар ше? Олар неге құмар?

Мөңке бидің болжауынша

Шақырмаса, көрші-көршіге  
кірмейді. Осы заманның  
көршілері қандай?

Қабағын түйіп қайыр  
тілейтін адамдар болады.  
Ондай адамдар бүтін бар ма?

### Зерттегім келеді...

Қазақ әдебиетіндегі қилы заман, зар заман, ақырзаман деген сөздердің мағынасын ашып, заманның келбетін анық көрсететін шығармалар туралы мәліметтер жинастырайық.

## Білгенім бір тоғыз

«Қазақтың Нострадамусы» атанған Мөңке би есімі туысқан қырғыз еліне де танымал. Оның шығармашылығы қырғыз әдебиетіндегі зар заман ақындарына ықпал еткен. Қырғыз зар заман ақындарының көшбастаушысы Қылығұл Байұлының «Ақырзаман» атты толғауы Мөңке бидің өлеңдерімен мазмұндас. Жердің тақыр болуы, ағайынның тасбауырлығы, әйелдің ерге теңелуі хақындағы тұжырымдар екеуіне де ортақ. Мөңке есімінің қырғыз еліне танымал болуының тағы бір себебі, Мөңкенің шешесі Сұлу қырғыз қызы болған.

## ӘНЕТ БАБА

Әнет баба – арғынның ел ағасы,  
Әрі би, әрі молда құрамасы.  
Үлгі айтқан Орта жүзге ғаділ екен,  
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Әнет баба Кішікұлы (шамамен 1628–1725) – өз заманында «билердің бні» атанған ғұлама, мемлекет қайраткері, ірі тарихи тұлға. Ол – шариғат заңының асқан білгірі, Бұқардағы Шариғаділ медресесінде жеті жыл оқып, абыз атанған. Түркістанда хандық құрған Әз Тәукенің кеңесші бні, әділет Заңы «Жеті жарғының» авторларының бірі.

Әнет баба медреседе өзімен қатар оқыған балалардың барлығынан үздік шығып, еліне қайтар алдында Бұхараның дінбасы одан еліне барғанда не істейтіндігін, өзіне қандай лауазымды тең көретіндігін сұрайды. Сонда Әнет баба:





Әнет баба ескерткіші

– Мен Түркістанға лауазым іздеп бара жатқаным жоқ. Елімді іздеп барамын, ең сахараны жайлаған қазақ деген халқым бар. Сол халқыма қызмет етемін, – депті.

1723 жылы қазақ-қалмақ соғысында ержеткен бес ұлы бірдей оққа ұшып, қазақтың Сыр бойынан ауа көшкен тар заманда, шамамен 97 жасқа келген Әнет баба қайғы мен қарттықтан белі бүгіліп, көшке ере алмай, еліндегі Мұғалжар тауында қайтыс болған. Қазақ пен қалмақтың қырғын соғысы толастағаннан кейін, ел есін жиған кезде Әнет бабаның сүйегін оның батыр билерінің бірі Көкенай Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауидың кесенесіне әкеп жерлеген.

«Әнет баба тарихта болған «Қалқаман – Мамыр» қайғылы оқиғасына байланысты жұрт аузында айтылып келген. Ұзақ жасап, 97 жасында дүние салған. Әнет баба атақты қазақтың үш бні: Әлібекұлы Төле би, Келдібекұлы Қазыбек би, Бәйбекұлы Әйтеке билерге батасын берген ұстазы болған деседі»<sup>1</sup>.

Әнет бабаның ел аузында кеңінен тараған шешендік сөздерінің бірі «Не жетім?» деп аталады. Абыздан жиылған халқы «Дүниеде неше түрлі жетім бар?» деп сұрағанда Әнет баба:

Сөз жетім, ынта қойып тындамаса,  
Бөз жетім, киімместен тозған болса.  
Жер жетім, несіз боп қалған болса,  
Ел жетім, әділ басшы арман болса.  
Көл жетім, қаз қонбаса құстар ұшып,  
Ер жетім, жеке қалса тізе құшып... –

деген екен.

Қазақтың «Жеті жоқ» деп Әнет баба атымен байланыстыра айтатын мынадай ой-толғауы бар:

Аспанда тіреу жоқ, жерде сүйеніш жоқ.  
Таста тамыр жоқ, тасбақада талақ жоқ.  
Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ.<sup>2</sup>

Әнет бабадан қалған билік, шешендік ақыл, нақылдар аз емес.

2017 жылы «Әнет баба: ғұмыры мен заманы» атты кітап жарық көрді (Е.Сыздықов, Ж.Артықбаев).

<sup>1</sup> *Әнет баба: тарихи-танымдық толғамдар, ғибратты әңгімелер мен арнаулар жинағы.* Құраст. М.Жанболатұлы. 2011.

<sup>2</sup> *Макин Қ. Аруақты аталар.* Алматы: Тамыр, 2008.



## Не арсыз, не ғайып, не даусыз?..

Қара халыққа хан не, қара жерге халық не.

Әнет баба

Әнет бабадан тағы бірде Күлтөбеге жиналған ел:

– Баба, дүниеде не арсыз, не ғайып, не даусыз, не қадірсіз, не тәтті, не күшті, не жаман? – деп жеті сұрақ қойыпты.

Сонда баба жеті сауалға үш-үштен топтап былай деп жауап беріпті:

– Үш арсыз бар. Олар мыналар: ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

Үш ғайып бар. Олар мыналар: ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып.

Үш даусыз бар. Олар мыналар: мінез даусыз, кәрілік даусыз, ажал даусыз.

Үш қадірсіз бар. Олар мыналар: жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз. «Қадірсіз» дегенде, бұл жерде Әнет баба адам баласы жас уағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе өкінеді дегенді айтып отыр.

Үш тәтті бар. Олар мыналар: жан тәтті, мал тәтті, бала тәтті.

Үш күшті бар. Олар мыналар: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.

Үш жаман бар. Олар мыналар: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болыңдар, – депті.

### Тірек сөздер:

- ✓ сауал
- ✓ жиын
- ✓ тәтті
- ✓ арсыз
- ✓ қадірсіз
- ✓ күшті
- ✓ сақ болу

### Сөз сыры

**Ғайып** – әдеби тілде жоқ болды, ұшты-күйлі жоғалды деген ұғымды білдіреді. Бұл жерде: кенет, аяқастынан, жоқ жерден деген мағынада.

**Нақақ** – сын есім. Бұл жерде: таза, бостан-бос, жазықсыз.

**Несібе** – зат. Бұл сыбаға, ризық, үлес, нәсіп, ырыс.

**Даусыз** – талассыз, шүбәсіз, күмәнсіз.




1. Билердің биі дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Неліктен Әнет бабаға қатысты баба сөзі қолданылады деп ойлайсыңдар?
3. Көпшіліктің «Не жетім?» деген сұрағына Әнет баба не деп жауап берді?
4. Арсыз деген сөзді қалай түсінесіңдер? Осы сөзге үш мәндес және үш қарама-қарсы мағынадағы сөздер табайық.
5. Даусыз сөзінің басқа қандай баламалары бар? Мысал келтірейік.
6. Әнет баба неліктен жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз деген? Біз ненің қадірін біле алмай жүрміз?
7. Мал тәтті дегенді қалай түсінесіңдер?
8. Әнет баба неден сақ болуға шақырады?





1. Мәтіндегі *Күлтөбе* Қазақстанның қай өңірінде? «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген тіркестің неге қатысты шыққандығын анықтайық.
2. Неліктен Әнет баба *ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз* деп айтты деп ойлайсыңдар? Өз көзқарасымызды дәлелдейік.
3. Төмендегі кестені пайдалана отырып, *ажал, қонақ, несібе* сөздеріне сипаттама ұсынайық. Әнет бабаның неліктен бұл үшеуін *ғайып* деп атағандығын талдап, түсіндірейік.



4. Сынып ішінде үш топқа бөлініп, *мінез даусыз, кәрілік даусыз, ажал даусыз* деген ойды дәлелдендер.
5. Әнет баба айтқан үш қадірсізге (*жігіттік, денсаулық, әйел*) тағы не қосар едіңдер? Неліктен? Ойымызды дәлелдейік.
6. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен шешендік сөздерді пайдалана отырып, *жан тәтті, мал тәтті, бала тәтті* деген ұғымдарды дәлелдейік. Қайсысы ең маңыздысы деп ойлайсыңдар? Не себепті?
7. Әнет бабаның ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзуды *жаман ырым* деп көрсетуін қалай түсінесіңдер? *Ескі жұрт* деген ұғымның мағынасын ашып, оның орнын түсіндірейік.



1. Әнет баба айтқан мәселелердің қайсысы бүтінгі күнде ең өзекті деп ойлайсыңдар? Бүтінгі күнмен байланыстырып, ойымызды дәлелдейік.
2. Әнет баба ізімен жоғарыдағы ұғымдарға өз нұсқамызды ұсынайық.
3. Егер Әнет баба ХХІ ғасырда өмір сүрсе, *үш жаман* дегенге не айтар еді деп ойлайсыңдар? Өз болжамымызды ұсынайық.

### Зерттегім келеді...

Неліктен Әнет бабаның барлық айтқандары үш санымен байланысты? Қазақ халқында үш санымен байланысты басқа қандай қасиетті ұғымдар барына зерттеу жүргізейік.

### Білгенім бір тоғыз

Әнет бабамен Бұқардың әкесі Қалқаман батыр дос адамдар болса керек. Бірде ел аралап, билік айтып жүрген Әнет баба Қалқаман батырдың үйіне келсе, батырдың әйелі жаңадан босаңған екен. Қалқаман биді қонақ етіп сыйлап, кетерінде: «Нәрестеге ат қойып кетіңіз», – деп өтінсе керек. Сонда Әнет баба бесіктегі қырқынан шықпаған нәрестенің құлағына айғайлап:

Есімің Бұқар болсын, мінгенің тұлпар болсын,

Даусың сұңқар болсын, ісіңе халқың іңкәр болсын, –

деп ат қойған екен.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Төрехұлов Н. Қазақтың жүз би-шешені. 3-кітап. Алматы: Қазақстан, 1995.



## ҚАЗАҚ БИЛЕРІ

Тәуке ханның тұсында Ұлы жүзге – Төле би, Орта жүзге – Қазыбек би, Кіші жүзге Әйтеке би басшы болып тағайындалған. Олар ел бірлігі мен жердің тұтастығына ерекше мән берген. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға, тарихи оқиғаларға, адам мен оның іс-әрекеттеріне, келешек күндеріне ерекше назар аударған. Сөйтіп, ел тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін ақылын, күш-жігерлерін, өмір тәжірибелерін сарп еткен.

Өз Тәуке ханның төнірегіне топтасқан үш би болашаққа бағыт-бағдар жасады. «Билер кеңесі» бекіткен «Жеті жарғы» атты әдеп-құқықтық құжаттың негізін қалап, онда қоғамдық қатынастарды жүйелеп, өмірге ендірді. Осы арқылы халықтың бірлігі мен тұтастығын сақтады.



Ертедегі билер соты

## ТӨЛЕ БИ

Төле би Әлібекұлы (1663–1756) – казактын әділ биі-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана. Ол қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Ұлы жүздің төбе биі. Өз Тәуке құрған билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» деп аталатын жаңа заңдар жүйесін жасаушылардың бірі.

Халықтың айтуынша, Төле өз заманындағы белгілі батырлар мен билердің, тіпті хандардың бірсыпырасына ақылшы болған.

Төле би 12 жасар Әбілмансұрды жау көзінен жасыру үшін «Сабалақ» деп ат қойып, малшы етіп көрсеткенмен, оған өз бала-





сындай қамқорлық жасаған дейді. Сондай-ақ ол үнемі көршілес елдермен тату болуды қолдаған.

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, жонғар басқыншылары жолындағының бәрін қиратып келе жатқанда, басқалар секілді бассауғаламай тыныш қана отырған бір үйді көреді. Бұл Төле бидің үйі екен. Жонғардың әскербасы Төле биден не себепті көшпей отырғандығын сұрайды. Сол кезде Төле би шанырағына қарлығаш ұя салғандығын, енді сол қарлығаштың бауырының ұшырғанша үйін жықтырып көшпейтіндігін, құстарға обал жасағысы келмейтіндігін айтады. Төле бидің бұл сөзіне риза болған жонғар басшысы: «Бұл әулие кісі екен. Оған тимендер!» – деп бұйырыпты. Содан бері Төле би «Қарлығаш әулие» атаныпты.

Көрші өзбек халқы да биді «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деп құрметтейді. Ташкенттегі Төле бидің сегіз қырлы кесенесін де «Қарлығаш бидің кесенесі» деп атайды.

Төле би өзінің Ақбұрқан деген күзеуінде 1756 жылы 93 жасында қайтыс болған. Бидің өз өсиеті бойынша, сүйегі Ташкент қаласындағы Шайхан-Тәуір ескерткішінің қасына қойылған.

### Ердің бақыты – әйел

#### Тірек сөздер:

- ✓ таңдау
- ✓ елші келу
- ✓ қыз-келіншек
- ✓ шолақ ат
- ✓ бата алу
- ✓ жаяу жүру
- ✓ сәлем беру
- ✓ құлақ пен таңдай
- ✓ қарақшылар
- ✓ хат жазу
- ✓ ат, шапан
- ✓ жауынгер
- ✓ жұмбақ
- ✓ қырық ру

Төле би: «Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын, асыл пышақ қап түбінде жатпайды. Келінім ақылды болса, ұлымның елге даңқы кетеді. Би түскендей үй болу – әйелден. Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де – әйел, ерге бақыт әперетін де – әйел», – деген. Осындай ой құшағында жүрген Төле биге түркімен елінен елші келіп:

– Бір жылдан бері бітпей жатқан дауымыз бар еді, соған билік жасаңыз, – деп шақырады. Жер шалғай болса да, Төле би түркімен еліне барып, дауласқан екі жақты татуластырып қайтады.

Аттары болдырып, шөлдеп-шөліркеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ атты қыз-келіншек көрінеді. Ол топтың ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы да бар еді. Жалғыз көк шолақ атына мініп, байдың қыздарымен тойдан қайтқан беті еді деседі.



– Әй, қыздар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғарыдан бірқатар аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденен өтпейік, үлкен кісілер болса, батасын алып<sup>1</sup>, алғысына бөленейік. Атты кісілер алдымыздан кесіп өтсін. Содан соң жүрсек те ауылымызға жетерміз, – дейді Данагүл. Қызыл-жасыл киген қыздар жол кеспей, иіріліп тұрып қалды. Топ алдындағы Төле би мұны алыстан көріп, байқап келе жатады. Қыздардың алдарынан өтіп, ұзап кеткен соң, қасындағы жолдастарының біреуіне:

– Анау алдымызды кеспей, кейіндеп қалған қыздарды шақырып келші, – депті. Ол шауып барып, қыздарды шақырып келді. Жақындай бергенде, Данагүл атынан түсіп жаяулап:

– Қыздар, бәріңіз де аттан түсіңіздер. Жаяу барып сәлем берелік. Үлкен кісілерге атпен тасырандап жетіп барып сәлем бергеніміз ұят, – дейді. Барлық қыз аттан түсті. Жаяу жүріп келіп, бәрі басын иіп сәлем берді. Төле би:

– Қарақтарым, өркендерің өссін, бақытты болыңдар, қай ауылдың баласысыңдар? – дейді қуанып.

– Сиқым<sup>2</sup> ауылының баласы едік.

– Сендер алыстан бізді көріп, тосып тұрдыңдар. Әлдеқашан өтіп кететін уақыттарың болып еді. Не себептен тостыңдар, соны айтыңдар.

Қыздар жауап таба алмай, Данагүлге қарады. Ол:

– Аталар, біз сіздерді алыстан көріп, араларында ер бастаған батыр бар шығар, сол ерге ақыл айтқан ақсақалы бар шығар. Үлкен кісілердің батасын алалық, жақсыны көрмек үшін, көрмеген аталарымыз болса көрелік. Аты-жөнін білейік деп тосып тұрдық, – дейді.

– Қарағым, сенің атың кім? – дейді Төле би.

– Атым – Данагүл, ата.

– Әкеннің аты кім?

– Әкемнің аты – Алакөз.

– Жақсы, шырақтарым, өркендерің өссін<sup>3</sup>, құдай тілеулерінді берсін. Жарайды енді, аттарыңа мініңдер, – деп Төле би батасын беріп жүріп кетті.

<sup>1</sup> Батасын алу – бата – маңызды іс бастарда, бастаған іс нәтижелі аяқталғанда және т.б. өзіндік шартымен, рәсімімен орындалатын тілек айтудың ерекше формасы ретіндегі қазақ халқының ұлттық этикет көрінісінің, салт-дәстүрінің бірі. Бұл жерде: жасы үлкен кісінің немесе құрметті, елге сыйлы, беделді адамның алғысына бөленді, игі тілегін, ырзалығын алды деген.

<sup>2</sup> Сиқым – Ұлы жүз руларының бір тақтасы.

<sup>3</sup> Өркенің өссін – бұл жерде: алғыс, ризашылық білдіру. Өсіп-өніңдер деген.



– Тарт Сикым ауылына, – дейді былай шыға бере жолдастарына...  
«Алакөздің үйіне Төле би келіп түсті. Қасында бір топ жолдасы бар» деген хабар байға да жетті...

– Біздің үйге неге түспедіңіз? Мынау баланызды ұялтқаныңыз қалай? – деген байға Төле би:

– Халқым үшін, кедейлерді есіме алмасам, онда әділет бола ма? Байға жак боп, кедейдің ақысын жібермесем, онда жұрт әділетті деп айтар ма еді!?

Табакқа бата беріп болғаннан кейін, Төле би басты касқалап пышақпен кесті де, бір ұртын өзі аузына салды. Бір құлағы мен таңдайын алып:

– Қарағым Данагүл, келші өз қолымнан ұсынайын. Құлақ пен таңдай бергенім, айттырмай біліп, өсиетімді жұртқа жайып жүретін балам бол, міне, – деп ұсынды. Данагүл келіп енкейіп, қолына алып:

– Рақмет, ата. Айтқаныңыз қабыл болсын, – дейді басын иіп...  
Арада ай өтпей Төле би Данагүлді ауылына келін етіп түсірді. Келіні өзінің ойынан шығып, күткендегідей болды...

Көп ұзамай-ақ келіні ел аузына ілікті...

Бірде Төле би алыстағы жегжатын туысшылап барып, атқосшысы екеуі ғана қайтады... Бұлар келе жатқан шөлді қырық қаракшының жайлап жүрген кезі еді... Үшінші күні Төле би жолдасы екеуі қырық қаракшыға тап болды. Бас салып, сөз сөйлеуге мұрша бермей, қолға түсіреді. Олар қолға түскен адамның Төле би екенін білген жоқ. Атын тартып алып, киімін тонап, екеуін шөлге тастайтын болды. Төкең өзінің кім екенін айтпады.

– Әй, жігіттер, сендер бәрің де батырсындар. Сендерге мал керек пе, жан керек пе? Жан керек болса, бір шал мен бір жігітті өлтіріңдер де, ат-тонын алыңдар. Ал енді мал керек болса, мен бір қора мал берейін. Екеумізді босатыңдар.

– Бізге, әрине, мал керек. Біз осы шөлде не үшін жүрміз? Мал үшін жүрміз. Қара басың қалқып малды қайтып бересің? – дейді.

– Менің малым көп, бай адаммын. Жүз түйем, жүз жылқым бар, әйел, бала-шағам бар. Жасым алпыстан асты... Мен ауылыма хат жазайын. Кенже ұлыма құда түсіп, біреудің қызын әпермек болдым. Соған қырық құнан атан, жпырма бура, сегіз ақ бас атаным бар еді. Соны берсін. Оң босағамда көмген алтыным, сол босағамда күмісім бар еді. Өзімнен басқа адам білмеуші еді, – деп Төле би қаракшының басшысына қарады.

– Алтын қадірлі ме, күміс қадірлі ме?

– Ой, алтын қадірлі. Алтыныңыз болса, алтыныңызды жіберсін деңіз, – деді қаракшының басшысы.



– Онда оң босағамдағы алтынымды тұтас берсін... Біреуін менің атыма мініңдер. Аттың тілі жоқ қой. Атыма мініп, хатымды алып барсаңдар, осы малды айдап жібереді, – деп хат жазып, атын, шапанын беріп, екі қарақшыны жұмсап, өздері құдықтың басындағы қарақшылардың шайласында қалды.

Екі қарақшы Төле бидің ауылына келді.

– Тосқауыл деген кісі осы қағазды беріп жіберді. Кенже ұлына қыз айттырған екен, мына малды берсін, – дейді.

– Бұл қалай? Төкең өз қолымен жазыпты және атын мінгізіп, шапанын кигізіп жіберіпті. Төкенде мұндай мал жоқ, бұл не? – деп таңғалысты жұрт... Сонда Данагүл:

– Сіздер түсінбей отырсыздар. Атам қырық қарақшының қолына тұтқын болып түскен екен. Қырық құнан атан берсін дегені – қырық мықты жауынгер жігіт берсін дегені, жиырма бура берсін дегені – жиырма палуан берсін дегені, сегіз ақ бас атан берсін дегені – сегіз ақсақал берсін дегені. Оң босағадағы алтыны мен едім, сол босағадағы күмісі баласы еді. Атам мені артық көруші еді. Жұмбағымды шешер деп ойлаған екен. Алтынымды түгел берсін дегені – мені алып келсін дегені, – дейді ой толғап.

Отырғандардың барлығы Данагүлдің даналығына таңғалысты.

– Жарайды, мал береміз, – деп екі қарақшыны бір-екі күн қонақ етті. Үшінші күні малды жинап, екеуінің көзіне көрсетіп, жолға шықты. Екі қарақшы жол бастап келеді.

Бірнеше күн жол жүріп құмның шетіне іліккен соң Данагүл:

– Ал енді жақындап қалдық қой. Сіздер алдымен барып, хабарын айта беріңіздер, – деді. Алпыс жігіт, сегіз ақсақал сондарынан жасырынып, ілесіп келе жатқан еді. Ойларында дәнеңе жоқ екі қарақшы оза шауып, шайлаға барды:

– Біз бардық, айтқаны рас екен. Малды берді. Бай шал екен. Екі-үш малшысы айдап келеді. Біз хабар айтқалы бұрын жеттік. Қарақшылар қуанып, жайма-шуақ болып, аттарын қоя беріп жайғаса жатты...

Күн батысымен қалың қол сау етіп, құдықтың басында қаннен-каперсіз жатқан қарақшыларды тырп еткізбей қоршап алды. Қырық да матап байлады. Содан соң Төле би бәріне арнап сөз сөйледі.

– Ғұмыр – біреу, кезек – екеу деген. Сендерге өлім керек пе, өмір керек пе? Кешегі күні тұтқынға мен түсіп едім, бүгін сендер түстіңдер... Менің атым – Төле би... Тілімді алсаңдар, өлтіртпеймін. Сендер бұл кәсіпті қойыңдар... Мына менімен бірге жүріңдер... Халықпен бірге өмір сүріп, адал кәсіп істендер. Таза адал еңбек істендер, қарындарың тояды, біреуді жылатып тартып алғанның



берекесі болмайды. Менің айтар ақылым осы. Осы екі жолдың қайсысын тандайсыңдар?

Қаракшының басшысы:

– Айналайын ағатай, айтқаныңыздың бәрі рас. Онан қашқан, мұнан қашқан қырық руданбыз. Қанша уақыт болды ел тонап, малды алдық. Керуенді де тонадық. Ішкен тамағымыз болмаса, ешқайсысы жұққан жоқ... – дейді...

Төле би қырығын да ауылына алып келді... Жұрт оларға «қырық ағайынды» деген ат қойды. Бастарына мал бітті, жан да бітті.

### Сөз сыры

**Ұрт** – жақ пен иекті тұтастырып тұратын, езуден шықшытқа дейінгі жердегі ет.

**Қаракшы** – 1) ат жарысының аяқталу шегін (мәресін) айғақтап тұратын белгі; 2) ит-құсты, ұры-қарыны шошыту үшін мал қораның, бақшаның шетіне қойылатын адам пошымдас бейне; 3) көне сөз – жаугершілік кезде биік төбе, оба үстіне шығып бақылап отыратын қарауыл; 4) жол торып, ел тонаушы. *Бұл жерде:* төртінші мағынада.

**Шайла** – малдың май басып, семіздіктен тұра алмай қалуы. *Бұл жерде:* төбесін шошайтып тіккен баспана, күрке, қос деген.

**Ғұмыр** – өмір, осы дүние, тіршілік.



1. *Төбе би* дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Төле би туралы қандай деректер білетін едіңдер?
3. Төле бидің *Қарлығаш әулие*, *Қарлығаш би* атануының себебі неде?
4. Бидің «ұлыма келінді өзім тандап беремін» деуінің себебі неде деп ойлайсыңдар?
5. Өңгіменің кейіпкерлері кімдер?
6. Мәтінге қандай оқиға арқау болған? Өңгімені екі бөлікке бөліп, оларға атау ұсыныңдар.
7. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.
8. Данагүлдің қандай әрекеті Төле бидің ризашылығын тудырды?
9. Данагүлдің аналығы қандай эпизодтан байқалады?
10. Төле би келінін неге балайды? Себебі неде деп ойлайсыңдар?
11. Қазақ тарихында Данагүл сияқты ақылымен ерекшеленген тағы қандай қыз-келіншектерді білесіңдер?



1. Өңгімедегі негізгі идеяны анықтайық.
2. «Би түскендей үй болу – әйелден. Әйелі жақсы болмай, ер онбайды. Ердің бақытын кетіретін де – әйел, ерге бақыт әперетін де – әйел» деген Төле бидің пікірін өз ойымызбен дамытайық. *Би түскендей үй болу* дегенді қалай түсіндіресіңдер? Сендердің ойларыңша *би түсетін үй* қандай болуы керек?
3. *Жол кеспеу, алғыс ату, бата алу, бата беру* деген ұғымдардың мәнін ашыңдар.
4. Данагүлдің ерекше қасиеттерін анықтап, оған сипаттама берейік.
5. «Ердің бақыты – әйел» деген тақырыпта өңгімелесейік.





Данагүлдің үлкен кісілердің жолын кеспей күтіп тұруын, аттан түсіп, жаяу барып сәлемдескендігін қалай бағалар едіңдер? Осындай қасиет бүгінгі қазақ қыздарында бар ма?



1. Қазақ және әлем әдебиетінде Данагүл секілді дана қыз-келіншектердің образы жасалған шығармалармен аталған шығарманы салыстырайық.
2. Данагүлдің бойындағы қандай қасиеттің бүгінгі күнге керек екендігі туралы пікірлесейік.

### Зерттегім келеді...

Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар қазақтың батыр, ғалым, ақын, өнерпаз қыздары туралы шағын зерттеу жүргізейік.

### Білгенім бір тоғыз

Қазақтың ұлы үш биінің бірі, атақты шешен Төленің өзіне дейінгі он атасы да би болған адамдар. Бұл туралы дерек «Бабалар сөзі» 100 томдығының 57-томындағы Қазанғап Байболұлының жырында айтылады. «Бәйдібек баба – Алып бәйтерек ұрпақтар шежіресі» («Өнер», 2004) атты кітапқа сүйенсек, «Жаныс – Жортуыл – Жантудың Жайылмысынан Қожамберді тарайды. Қожамбердіден Құдайберді, Құдайқұл, Кәдірқұл, Кәдірберді, Олжағұл, Сұлтанқұл, Ақберді туады» деп жазылған.

### ӘЙТЕКЕ БИ

Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен,  
Әлшібек, Айтбай, Майлы шешен өткен.  
Жолы үлкен, жасы кіші Төле биінің  
Әйтеке, Қаздауысты Қазыбектен.

*Мәшіһүр Жүсіп Көпеев*

Әйтеке (Айтық) Бәйбекұлы (1644–1700) – есімі ел жадында сақталған белгілі қазақ билерінің бірі. Ол Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан.

«Әйтеке мұрасын арнайы зерттеушілердің айтуынша, ол бес жасында ауыл молдасынан сауат ашады. Оның зеректігін байқаған атасы Ақша оны Самарқандағы Ұлықбек медресесіне оқуға береді. Осы медреседе Әйтеке оқып қана қоймай, данқты қолбасшы Жалантөстің жанында он екі жасқа дейін болып, шетелдерден келген хан-патшаларды, елшілерді қабылдаудың, қарым-қатынас жасаудың ережелерін үйреніпті»<sup>1</sup>.



<sup>1</sup> *Әйтеке би* (мәтін). Құраст. С.Дәуітов. Алматы: ҚАЗАКПАРАТ. 2011.





Өзбекстанның Нұрата ауданындағы  
Әйтеке бн кесенесі

Әйтеке жиырма бес жасында Төртқара<sup>1</sup> еліне бн болады. Ал отыз жасында 25 рудан құралған бүкіл Кіші жүздің, яғни алты ата Әлімнің, жеті ата Жетірудың, он екі ата Байұлының төбе бні болып сайланады. Әйтеке бн дүниеден өткенше ел билігінде жүреді.

Бір жағынан қытай, бір жағынан жоңғар, енді бір жағынан казак-орыс жерін торып, шегараға әскерлерін шоғырландырған қиын күндерде Әйтеке бн Төле бнмен,

Қазыбек бнмен біріге отырып, елді, жерді қорғауға бекене араласады. Мәртөбе мен Күлтөбеде күнде жиын кезінде апы алашты аузына қаратқан орақ ауыз, от тілді Әйтеке бн науқасқа шатығады. Сол себепті ел басына терістік-шығыстан кара бұлт үйіріліп келе жатқан қарсанда тізе қосып талай жыл бірге күрескен серіктерін тастап, атажұртына – Нұрата тауына оралады. Ол дерт Алланың жіберген ауруы емес, «Тура бн туғанына жақпайды» деп, ел тағдырына қатысты мәселеде бет пен беделге қарамай, турасын тіліп айтқан бидің сөзін кек тұтқан сұлтандардың қастығы еді.

Әйтекенің есімі тарихта шешендігімен, ел ішіндегі әділ төрелігімен қалды. Алайда оның барлық шешендік сөздері бізге толығымен жетті деп айта алмаймыз. Әйтеке бидің өмірі мен шешендік сөздерін Ш.Уәлиханов, Х.Досмұхамедұлы, М.Есләмғалиев, Ә.Кекілбаев және т.б. ғалымдар зерттеді.

### Қасқакөл дауы

Төле бн, Әйтеке бн, Орта жүз Ормамбет бн – үшеуі Қасқакөл деген көлге таласып, даулы болады. Төле мен Әйтеке жастары шамалас, ал Ормамбеттің жасы кіші екен. Екі қарт бн бір жақ болып, сәлемхат жазады. Ормамбет хатқа жауап қайырады. Халық жиналып бірі олай, бірі былай деп, ақырында үй тігіп, кеңесіп шешуге келіседі. «Қасқакөл дауын шешуге Айкынкөлге үй тігелік» десіп, екі ел жиырмадан үй тігеді.

Ормамбет келіп Төле мен Әйтекеге сәлем береді. Сонда Төле:

– Ай, Ормамбет! Мен әлі тірімін, өлгенім жоқ, бұдан бұрын неше сәлем айтсам да келген жоқсың, ер кетер, жер жетер, Ормамбет!

<sup>1</sup> Төртқара – Кіші жүздің бір тармағы – Әлім ішіндегі үлкен рудың бірі.



Ешкімге опа қылмас дүние! Ей, Ормамбет, сен бізден кіші боласың, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің көңілдегіңді аларсың! – дейді.

Әйтеке де Төленің сөзін қостап:

Бай болсаң, халқына пайдан тпсін,  
Батыр болсаң, дұшпанға найзан тпсін.  
Бай болып пайдан тимесе,  
Батыр болып найзан тимесе,  
Жұрттан алабөтен үйің күйсін. –

#### Тірек сөздер:

- ✓ Қасқакөл
- ✓ таласу
- ✓ үй тігу
- ✓ пайда, найза
- ✓ бай, батыр
- ✓ қанағатсыз
- ✓ келісе алмай
- ✓ анасы
- ✓ бөліп беру

деген. Бізге кейінгілер осыны айта ма деп ойлаймын, – дейді.

Сонда Ормамбет:

Екі бп, айтқан сөзің жарасады,  
Еншіге әркімдер-ақ таласады.  
Бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді,  
Айтқандарын қиянатқа жанасады,  
Қанағатсыз билерді қабан деген,  
Қамшылатқан жүйрікті шабан деген.  
Біреудің ақысына зорлық қылса,  
Ақыретте мұндай істер жаман деген. –

дейді.

– Ей, Ормамбет, сен бізге Қасқакөлді бер. Қасқакөл, рас, сізге жақынырақ. «Бардан пайда, жоқтан залал» деген, не берсе қайырын тілеп көр. Үш жүздің ортасында Қасқакөлді берсе, қайырын тілеп көр. «Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, Әр жерде су ішетін басқа көл бар. Үш бөліп енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар», – дейді Төле.

Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп келісе алмайды. Ормамбет екі шалға ырық бермеген соң, Төле қатты сөздер айтады. Дау бітпей, Ормамбет еліне қайтады.

Үйіне келген соң даудың мән-жайын бастан-аяқ сөйлейді. Сонда анасы:

– Балам, қарт билерді бекер ренжіткен екенсің, әлі де болса, тілімді алсаң, Қасқакөлді бөліп бер», – дейді. Анасы айтып қоймаған соң Ормамбет көнеді. Үй тігіп, тоғыз бие сойып, Төле мен Әйтекені шақырады.

Билер келіп мәжілістесіп отырғанда, Төле былай дейді: «Әйел жақсы болса, білім несі батыр туады. Әйел жақсы болса, ердің басшысы емес пе? Бұрынғылар осылай демес пе? Қасқакөлді алам деп келіп, Ормамбет бермеген соң өліп едім. Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде



калып, мәңгіде тірілмейтіндей болып едім. Женгей, мені тіріттіңіз, енді балаңызға бата берелік».

Көлді ынтымақпен бөліп жайлайтын болып, ризалықпен тара-  
сыпты.

### Сөз сыры

**Опа** – 1) косметикалық мақсатта пайдаланылатын хош иісті, жұмсақ, майда ұнтақ;  
2) қайыр-шапағат, қайырым; 3) дерт, нәубет; 4) оба, төбе. *Бұл жерде:* аяушылық,  
мейірім, рақым дегенді білдіреді.

**Енші** – 1) қазақ дәстүрінде бала үйленіп, жеке үй болып бөлініп шыққанда ата-  
ананың бөліп беретін мал-мүлкі, үлесі; 2) алар құн, сыбаға, тиесі; 3) құзыр,  
орындай алу міндеті, қабілетіне тәндік, құзыреттілік; 4) меншік, иелік; 5) тағдыр,  
талай. *Бұл жерде:* төртінші мағынада.

**Шабан** – 1) жайбасар, енжар, жалқау; 2) баяу, сылбыр, жай.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Ділмар сөз** – (афоризм) нақыл, ғибрат түрінде айтылатын бейнелі сөз.  
А.Байтұрсынұлы *ділмар* терминін енгізген. Ал Ш.Құдайбердіұлы *мәнді сөздер* деп  
атайды (С.Негимов).



1. «Па/Жок» стратегиясы бойынша Әйтеке біздің өмірі мен шығармашы-  
лығынан не білетінімізді анықтайық.
  - Әйтеке Бәйбекұлы Өзбекстанда өмірге келген бе?
  - Әйтеке қалмақ ханы Қонтаймен кездескен бе?
  - Әйтекені Жалантөс баһадүр тәрбиелеген бе?
  - Әйтеке «Қарлығаш би» атанған ба?
  - «Елінен айырылған ер бақытсыз, Жерінен айырылған ел бақытсыз...»  
даналық сөзін Әйтеке би айтқан ба?
  - Ол 25 жасында Кіші жүздің бас биі болған ба?
2. Оқыған мәтін шешендік сөздің қай түріне жатады?
3. *Дау* сөзін қалай түсінесіңдер? Қазақ халқындағы даудың қандай түр-  
лерін білесіңдер?
4. «Қасқакөл дауына» қандай оқиға арқау болған?
5. Өңгіме кімдердің арасында өрбиді?



1. Төмендегі сызба бойынша мәтінге кешенді талдау жасайық.

<input type="radio"/>	Авторы
<input type="radio"/>	Тақырыбы
<input type="radio"/>	Идеясы
<input type="radio"/>	Кейіпкерлері
<input type="radio"/>	Қысқаша мазмұны

2. *Опа* қылмау тіркесінің мағынасын ашып, мәнін анық-  
тайық. Өз анықтамамызды ұсынайық.



3. «Неліктен?» деп басталатын алты сұрақты іріктеп алып, топ ішінде талдайық. *Үлгі:*
  - *Неліктен Төле би мен Әйтеке би Ормамбетке сәлемхат жолдады?*
  - *Неліктен Төле би Ормамбетке: «Біз барын қайттық, сен ілгері барасың», – деді?*
4. Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, әңгіменің тұтас композициясын құрайық. Тірек сөздер: *сәлемхат жолдау, ырық бермеу, мәңгі тірілмейтіндей болу, тіл алу, бата беру.*
5. Әйтеке биің:
 

*Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,  
Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.  
Бай болып пайдаң тимесе,  
Батыр болып найзаң тимесе,  
Жұрттан алабөтен үйің күйсін, –*

деген жолдарында қандай поэтикалық қолданыстар барын анықтайық.
6. Бидің осы шешендік сөзінің мағынасын ашатын ділмар сөздерден мысалдар келтірейік.



1. Сызбаны пайдалана отырып, Ормамбет биің іс-әрекетіне баға берейік.



2. Төмендегі екі тақырыптың бірін тандап, бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, бір-екі шумақ өлең құрастырайық.
  - *Бай болсаң ...*
  - *Батыр болсаң ...*

### Зерттегім келеді...

Қазақ тарихындағы жер дауы, жесір дауы туралы, ондағы би-шешендердің қызметі жайлы шағын зерттеу жасайық.

### Білгенім бір тоғыз

Биді халық «Айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Әйтеке қайтыс болған соң, Төртқара ауылдарының басым көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Одан тараған ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, бірқатары Өзбекстандағы Нұрата ауданында тұрады. Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір Әйтеке ауданы деп аталады. Қазақстанның ірі қалаларында Әйтеке би есімі көшелерге берілген. Әйтеке би Ташкенттен жетпіс бес шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ ауылдары маңына жерленген.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ*. Құраст. С.Қорабай. Алматы: Айғаным, 2016.



## ҚАЗЫБЕК БИ



Қазақ халқының айтулы кемеңгер билерінің бірі – Қаздауысты Қазыбек би (1667–1764) Сырдария жағалауында дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізген. Қазыбектің әкесі Келдібек те кезінде елді аузына қаратқан би болыпты.

Қазыбек есімі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған жоңғар басқыншылығына қарсы күрес жылдары екі елдің арасын бітістіруші батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде әйгілі болған. Халық аңызына сүйенсек, Қазыбек он сегіз жасында Тайкелтір би бастаған қазақ елшілерінің құрамында қалмақ қонтайшысына <sup>1</sup> барып батылдығымен әрі сөзге шешендігімен көзге түскен. Оның табандылығы мен тапқырлығы арқасында осы сапарда қазақ елшілері қалмақ шапқыншылары байлап әкеткен малдарын қайтарып алады. Осы жолы «Қаздауысты» деген құрметті атаққа ие болады.

Қаздауысты Қазыбек бидің толғаулары, нақыл сөздері өмірдегі сыйластық, татулық, қадір-қасиет, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға арналған. Қазыбек бидің шешендік сөздері бата, тілек түрінде де келеді. Мысалы:

Өркенім өссін десен, кекшіл болма, кесапаты тиер еліңе.  
Елім өссін десен, өршіл болма, өскенінді өшіресін.  
Басына іс түскен пақырға қастық қылма, қайғысы көшер басына.  
Бүтін сағы сыншы деп, жақыныңды басынба!

Қазыбек бидің сөздері мақал-мәтелге де айналып кеткен. Мысалы, «Бір қолың ұрысшы болса, екінші қолың арашашы болсын», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос», «Жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме».

### Кім жақын, не қымбат, не қиын?

Қазыбек биге бір адам: «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген үш сұраққа жауап беріңізші», – деп қиылып отырып алыпты.

Сонда Қазыбек былай деп жауап қайтарған екен:

Тату болса, ағайын жақын,  
Ақылшы болса, апайын жақын.  
Бауырмал болса, інің жақын,

<sup>1</sup> Қонтайшы – жоңғар мемлекетін басқарған адам, яғни патша, хан. Бұл жерде: қалмақ (жоңғар) басшыларының бірі деген мағынада қолданылып тұр.



Інабатты болса, келінің жақын.  
 Алдыңа тартқан адал асын,  
 Қимас жақын – қарындасың.  
 Сыбайлас болса, нағашын жақын,  
 Адал болса, досың жақын.  
 Еркелейтін немерең жақын,  
 Өз ұрпағың – шөберең жақын.  
 Жан серігің жас кезіңнен,  
 Бәрінен де әйелің жақын.

#### Тірек сөздер:

- ✓ ағайын
- ✓ бауырмал
- ✓ келін
- ✓ адал ас
- ✓ қарындас
- ✓ немере, шөбере
- ✓ жан серік

#### Сөз сыры

**Сыбайлас** – сын есім. Негізі *сыбай* сөзінің мағынасы үшеу: 1) жиырма бес пұттық таразы тасы; 2) жақын, аралас-құралас, көрші; 3) салт. *Бұл жерде*: шектес, көршілес деген, яғни екінші мағынада.

**Серік** – 1) жолда бірге жүретін, бірге жұмыс істейтін немесе тағдыры ортақ адамдар; 2) ермек, алданыш. *Бұл жерде*: жан серік – бас қосқан жар, қосақ, зайып.



1. Қазыбек бп есіміне қатысты не білесіңдер?
2. Ол неліктен *Қаздауысты* *Қазыбек* атанған деп ойлайсыңдар?
3. Оның өмір сүрген кезеңі жайлы қандай ақпараттар білесіңдер?
4. Сендерге ең жақын адам кім? Сендер кімнің ең жақын адамымын деп ойлайсыңдар?
5. Қазақ халқының қандай туыстық атауларын білесіңдер?



1. *Тату болса, ағайын жақсы* деген жолдың мағынасын беретін мақал-мәтелдер тауып, *ағайын* сөзінің қазақ танымындағы орнын анықтайық.
2. Неліктен Қазыбек бп «Жан серігің жас кезіңнен, Бәрінен де әйелің жақын» дейді? Осы пікірмен келісесіңдер ме? Пікірлерінді дәлелдендер.
3. Қазақ халқындағы *қыз баланың, әпке-қарындасың* орнын көрсететін көркем шығармалар туралы ой бөлісіп, сынып ішінде талдайық.
4. Жігіттің үш жұрты туралы не білесіңдер? Қосымша дереккөздерін пайдаланып, «Үйдің жақсысы ағашынан, Жігіттің жақсысы нағашыдан» деген мақалдың шығу себебін анықтайық.

#### Не қымбат?

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
 Құт-берекең – атаң қымбат,  
 Аймалайтын анаң қымбат,  
 Мейірімді апаң қымбат,  
 Асқар тауың – әкең қымбат,

Туып-өскен елің қымбат,  
 Кіндік кескен жерің қымбат,  
 Ұят пенен ар қымбат,  
 Өзің сүйген жар қымбат.

#### Не қиын?

Арадан шыққан жау қиын,  
 Таусылмайтын дау қиын,

Шанышқылаған сөз қиын,  
 Дәл осындай жағдайда



Пана болмас өз үйін,  
Жазылмаса дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын,  
Ақылыңнан адасып,

Өзін түскен өрт қиын.  
Тентек болса, ұл қиын,  
Не істерінді біле алмай,  
Ашиды сонда бас, миың.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Тақпақ** – қазақ өмірінде шешендік дәстүрмен байланысты туған өткір нақыл-ғибраттылық, мәнерлеп айтуға лайықты сөз нұсқасы. Ауыз әдебиетінде көлемі шағын, жаттап алып айтуға жеңіл өлеңдер тақпақ деп аталады (Б.Абылқасымов).



1. *Қымбат* сөзіне мәндес сөздер тауып, Қазыбек би айтқан ұғымдарға көзқарастарыңды білдіріңдер. Сендер үшін не қымбат?
2. Қазыбек би қымбат нәрселер қатарына нені жатқызады? Оның ойынша ең қымбат нәрсе не? Неліктен?
3. *Арадан шыққан жау* дегенді қалай түсінесіңдер?
4. *Шанышқылаған* деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Бұл сөздің тағы қандай синонимі бар? Мысал келтірейік.



1. Жоғарыдағы шешендік сөздерде кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қызметін анықтайық.
2. Қазыбек бидің шешендігі негізінде «Не қымбат?» тақырыбында екі-үш шумақ өлең жазайық.
3. Топ болып Қазыбек би айтқан қиынды болдырмас үшін не істеу керектігін ортаға салайық.
4. Қазыбек би «Іске аспаған серт қиын» дейді. *Сертінде тұру, сертінен таю, сертін бұзу* деген ұғымдардың мағынасын ашып, осындай жағдайларға тарихтан мысалдар келтірейік.
5. Төменде берілген үш бидің ескерткіші қай қалада, қай жерде орналасқан? Ескерткіш авторы кім? Сұрақтарға жауап іздеп көрейік.



1. Үш бидің әйелдің қасиетін көрсететін шығармаларын талдай отырып, өз пікірімізді білдірейік.



Төле би әйел адамның орны туралы не деді?

Әйтеке бидің әйел қасиетін көрсеткен сөздері бар ма?

Қазыбек бидің жар қымбат деуінің себебі неде?

2. «Ұят пенен ар қымбат» деген тақырыпта әдеби эссе жазайық.

### Зерттегім келеді...

Қосымша дереккөздерін пайдаланып, төмендегі тақырыптардың біріне шағын зерттеу жүргізейік.

- Жеті атаны білу не үшін керек?
- Өзге халықтарда *жеті ата* деген ұғым бар ма?
- Қарға тамырлы казак ...

### Білгенім бір тоғыз

1741 жылы ойраттарға Абылай сұлтан қолға түсіп қалғанда, оны құтқару үшін Қазыбек бидің өзі барады. Ұзақ уақыт жүргізілген келіссөздер нәтижесінде жоңғар ханы келесі жылы Абылайды босатады. Сондықтан болар: «Өзіңізге дейінгі адамдардың ішінде қандай мықтыларды білесіз?» – дегенде, Абылай хан: «Екі адамға таңғалуға болады. Бірі – уақ Дербісәлі батыр, екіншісі – қаракесек Қаздауысты Қазыбек. Алғашқысы, үйінде жатып қорқытып, қалмақтан жылқы алғызған. Қазыбек би қоңтайшының алдына барып, тұтқынға түскен тоқсан туысын босатып алған», – деп жауап қайтарыпты.<sup>1</sup>

Қазыбек бидің ұлы Бекболат та дәуірінде шешендігімен, батырлығымен танылған, Абылай ханның кеңесшісіне дейін көтерілген ірі қайраткер. Хан онымен көбінде жорық-жортуылдар жайында ақылдасып отырған деседі. Әкесінің қартайған шағында ел тізгініне ие болған Бекболаттың он ұл, бір қызы болған. Бәрі де шетінен ығай мен сығай, шаруаға мықты, сөзге шебер, ісмер боп өскен деген деректер бар.

### СЫРЫМ ДАТҰЛЫ

Сырым Датұлы (1753–1802) – патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы күрескен Кіші жүз қазақтары көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр. Тарихтан белгілі Сырым Датұлы өмір сүрген кезен казак елінің өзі құтты мекенінен айырылып, қоныс-мекендерінің тарыла бастаған уақыты еді. Осындай қысылтаяң шақта Сырым қолына қылышын алып, казак жерінің талан-таражға түсуіне қарсылықтан туған ұлт-азаттық көтерілістің (1783–1797) көсемі болды.



<sup>1</sup> Қаздауысты Қазыбек би. Алматы: Mer-PRESS, 2017.





Орал каласындағы Сырым  
Датұлы ескерткіші

Сырым – көтеріліс көсемі ғана емес, сонымен бірге әйгілі шешен. Өз заманында Сырым жер дауы, жесір дауы, адам құны, барымта, ұрлық-карлық сынды ел ішінде толып жатқан дауларға билік айтып, елдің бітімшісі болған. Сырымға қатысты айтылатын шешендік сөздердің көбінде оның табан астында сөз тауып кететін тапқырлығы, өткірлігі айтылады.

Сырымның шешендік сөздері, негізінен, ел аузында сақталған. Сондықтан олардың көбі ұмытылып, есте қалғандары өзгеріп, өңделіп, халық мұрасына айналған. Десек те, Сырымның сөздерінің көбісі тарихи адамдардың есімімен байланысты болғандықтан, оның Сырымдікі екендігін тану қиын емес.

Сырым атынан айтылатын шешендік сөздердің көркемдік деңгейі жоғары. Бұл оның арнайы оқу орнын бітірмесе де, көзі ашық, көкірегі ояу, дала заңын, ел ішінің түрлі жағдайын аңғартса керек. Сырымның шешендік сөздері мағынасы терең, қисынды келеді. Мысалы, «Сырым батыр Датұлы» деген аңызда Хиуаның ханы Сырым батырға:

- Сен кімсің? – дейді.
- Мен Сырыммын, – дейді батыр.
- Қай Сырымсың?
- Дана Сырыммын, молда Сырыммын, мырза Сырыммын, бай Сырыммын, батыр Сырыммын...
- Бір басына мұншама атакты қалай алдың? – депті хан таңғалып.
- Ойлап сөйлеген дана болады, көп оқыған молда болады. Жомарт жігіт мырза болады, малшы жігіт бай болады, батыл жігіт батыр болады. Мен халқымның қамал бұзған батырымын, – деген екен Сырым батыр.

«Сырым батырдың шешендігін дәлелдейтін аңыз-әңгімелермен қатар, жанама жазба деректер де бар. Олар: XVIII ғасырдың 80–90-жылдары Кіші жүз билері мен Сырым батырдың Орынбор генерал-губернаторына, II Екатерина патшаға жазған хаттары. Сырым батырдың қолы қойылған мұндай хаттарда Нұралы хан мен хан туыстарының, жандаралдар мен атамандардың Кіші жүзге істеген ұрлық-зорлықтары, шабуыл-жорықтары әшкереленіп,



мұндай заңсыздықтарға үкімет тарапынан тыйым салынуы талап етілген екен»<sup>1</sup>.

XVIII ғасырдың аяғындағы отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің ұйымдастырушысы әрі көсемі Сырым дүниеден озған кезде оның асында 2000 жылқы, 2500 қой сойылып, 5000 күбі қымыз ішілген және бірнеше жүз ақшаңқан<sup>2</sup> киіз үйлер тігілген. Бұл, бір жағынан оның байлығын, екінші жағынан, оның халық арасында беделді болғанын білдіреді.

...Тасып жүргенім жоқ, кара казак баласының басын қоса алмай сасып жүрмін.

*Сырым Датұлы*

### Бала би мен Сырым

Сырым бір жылы Орта жүзге барғанда сол елдің Бала би деген биіне кез келеді. Сырым мен Бала би екеуі көп әңгімелеседі. Бала би Сырымға бірнеше сұрақ қояды, Сырым жауап береді.

– Үгітті қандай адамға, ақылды қандай адамға айту керек? – дейді Бала би.

– Үгітті ұққанға айту керек, ақылды жұққанға айту керек, – дейді Сырым.

– Ат не үшін шабады, ер не үшін шабады?

– Ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады.

– Бұл дүниеде не тәтті? – дейді Бала би.

– Аста тұз тәтті,

Адамда дос тәтті, – дейді Сырым.

\* \* \*

– Сіз ағайынды нешеу едіңіз? – дейді Бала би.

– Мен ағайынды екеумін, – дейді Сырым.

– Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік.

– Сіз түсінбедіңіз, мен Даттан он бір екенім рас, бірақ та олардың маған қанша керегі бар? Менің ағайынды екеумін дегенім: біреуі – өзім, екіншісі – халқым.

\* \* \*

– Сөз анасы не,

Су анасы не,

Жол анасы не? – дейді Бала би.

#### Тірек сөздер:

- ✓ сұрақ
- ✓ үгіт
- ✓ ақыл
- ✓ намыс
- ✓ жауап
- ✓ халық

<sup>1</sup>Адамбаев Б. Қазақ шешендері. Алматы: Білім, 2014.

<sup>2</sup>Ақшаңқан – бірыңғай ақ киізден жасалған, яғни түстері бірдей деген.



– Сөз анасы – құлак,

Су анасы – бұлак,

Жол анасы – тұяк, – деп жауап береді Сырым.

– Өтірік пен шынның арасы қанша жер, неше шақырым болар? – дейді Бала би.


– Өтірік пен шынның арасы – төрт елі. Көз бен көргеннің арасы, құлак пен естігеннің арасы неше шақырым деп мені алдамаңыз, – дейді Сырым.



1. Сырым Датұлы кім? Ол туралы қандай ақпараттарын бар?
2. Сырым мен Хиуа ханының арасындағы әңгіме не туралы болды?
3. Бала би туралы не білесіңдер?
4. Сырым мен Бала бидің әңгімесінен не түсіндіңдер?
5. *Үгіт* пен *ақылдың* арасында айырмашылық бар ма? Қайсысы көбірек керек?
6. Қазақ неліктен *ағайын* деген ұғымға ерекше мән берген деп ойлайсыңдар? *Ағайынға* қатысты қандай әңгіме немесе терме-толғаулар білесіңдер?
7. *Өтірік пен шынның арасы төрт елі* дегенді қалай түсінесіңдер? Өтірік пен шындыққа қатысты қандай нақыл сөздер білесіңдер?
8. Бүгінгі жастар Сырым Датұлының қандай қасиеттерін үйренуі керек деп ойлайсыңдар?



1. «Аста тұз тәтті, Адамда дос тәтті» деген Сырым сөзіне қатысты өз көзқарасымызды білдірейік. Батырдың осы сөзін қандай мақал-мәтелдермен алмастырар едіңдер?
2. Төмендегі кестені пайдаланып, Сырымға тән қасиеттерді анықтайық.



3. *Сөз анасы, су анасы, жол анасы* деген тіркестердің мағынасын ашайық. *Ана* сөзімен басқа қандай сөз тіркестерін жасар едіңдер? *Сөз анасы, жол анасы, су анасы* не дегенге өз нұскамызды ұсынып көрейік.
4. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, Сырымның тапқырлығын дәлелдейтін шешендік сөздерді талқылайық. Сырымның шешен екендігін дәлелдейтін аргументтер келтірейік.
5. «Біз қалай сөйлеп жүрміз?» атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырайық.



Тарих пәнінен білетінімізді пайдаланып, төмендегі сызбаға сай әңгімелесейік. Сырым Датұлы бейнесіне салыстырмалы талдау жасайық.

Сырымның тарихтағы бейнесі	Сырымның әдебиеттегі бейнесі





1. Қазіргі қоғамда Сырым Датұлы сияқты шешен әрі батыр тұлғалар бар ма? Олардың қандай қасиеттерін бағалар едіңдер? Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасымызды білдірейік.
2. Ұлт көсемі А.Байтұрсынұлының «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді» деген пікірін өз тұрғымыздан дамытып, сыни мақала жазайық.

### Зерттегім келеді...

Сырым батыр туралы тарихи деректер мен аңыздар өте көп. Солардың негізінде «Сырым батырдың беймәлім қырлары» атты тақырыпта шағын зерттеу жұмысын жасайық.

### Білгенім бір тоғыз

Қазіргі Ақтөбе облысының Ойыл ауданында Сырым деген бөрет бар. Ойыл – өзеннің аты. Сырым сол Ойылдан төменгі елге су шығарамын деп, 500 адам жинап бөрет салып, төменгі елге қарай канал қазып, су шығарған. Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданының бергі жағында «Жарып шыққан» деген өзен бар. Сырымның төменгі елді суландыру мақсатымен ағызған каналы сол екен.<sup>1</sup>

## БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі. Айыптың сабыры, Апплатонның ақылы керек.

*Мәшһүр Жүсіп Көпеев*

Бұқар (1668–1781) – әйгілі жырау. Абылай ханның тұсында өмір сүрген ақылшы, би, абыз. Сөйлегенде үнемі қарасөзбен емес, көмекейі бүлкідеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болғандықтан, жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған.

Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, қнын сәттерде Абылай ханға ақыл-кеңес беріп отырған. Қажет кезінде ханның кейбір істерін сынап, ащы шындықты айтудан тайынбаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай!», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Ал, айтамын, айтамын» және т.б. толғаулары осыған дәлел.

Бұқар жыраудың толғаулары – сол заманның айнасы. Оның толғауларында ел болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделібайсыңға көшу мәселесін қозғалған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым.

<sup>1</sup> Адамбаев Б. Қазақ шешендері. Алматы: Білім, 2008.





Бұқар шығармалары – өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен, өзінен бұрын өмір сүрген Асан, Қазтуған, Шалғез жыраулардың толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі толғаулар.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М.Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы

түрі құба жондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да көптің мұны мен камы, көптің жайы туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді.<sup>1</sup>

Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде М.Көпеев, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, К.Жұмалиев, М.Мағауин секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

### Тілек

#### Тірек сөздер:

- ✓ тілек
- ✓ тіліне еру
- ✓ төсек тарту
- ✓ бес намаз
- ✓ олжа болу
- ✓ ту
- ✓ шартарап
- ✓ қарт баба
- ✓ анаң
- ✓ бикеш

Бірінші тілек тілеңіз:

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз:

Ер шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз:

Үшкілсіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз:

Төрде төсек тартып жатпасқа.

Бесінші тілек тілеңіз:

Бес уақытты бес намаз,

Біреуі қаза қалмасқа.

Алтыншы тілек тілеңіз:

Алты қанат ақ орда,

Ардақтаған аяулың

Күнінде ертең біреуге

Тегіннен-тегін олжа болмасқа.

Жетінші тілек тілеңіз:

<sup>1</sup> Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 16-том. Алматы: Жазушы, 1985.



Желкілдеген ту келіп,  
Жер қайысқан қол келіп,  
Содан сасып тұрмасқа.  
Сегізінші тілек тілеңіз:  
Сегіз қиыр шартарап,  
Жер тұлданып тұрмасқа.  
Тоғызыншы тілек тіленіз:  
Төреніз тактан таймасқа,  
Токсандағы карт бабан  
Топка жаяу бармасқа.  
Оныншы тілек тілеңіз:

Он ай сені көтерген,  
Омырткасы үзілген,  
Аязды күнде айналған,  
Бұлтты күнде толғанған...  
Анаң бір аңырап қалмасқа.  
Он бірінші тілек тілеңіз:  
Он бармағы қыналы...  
Іісі жұпар анқыған,  
Дауысы қудай саңқыған...  
Ардақтап жүрген бикешің  
Жылай да жесір қалмасқа.

### Сөз сыры

**Үшкілсіз көйлек** – үшкіл сөзінің мағынасы өте көп: 1) баскиім тіккенде қолданылатын композицияның бір түрі; 2) үш бұрышты зат, мысалы: үшкіл хат; 3) көйлек етегін кеңейту үшін немесе кеудесі не жеңін біріктіргенде қолтыққа салынатын қиық, қиықша, яғни шабу; 4) мәсінің сірі. *Бұл жерде:* үшкілсіз көйлек деп тіке тігілген, ауру адамға немесе қайтыс болған адамға кигізетін киімді айтып отыр.

**Шартарап** – дүниенің төрт бұрышы, жан-жақ, төңірек, айнала.

**Қыналы** – қына – 1) топырақ бетіне, ағаш пен тасқа қабыршақ тәрізденіп жабыса өсетін өсімдік; 2) лавсония бұтасының жапырақтарынан алынатын сары күрең бояу; 3) түрлі түсті қанық бояу; 4) қыса тартып буу, яғни қинай буу; 5) тігу түрі. *Бұл жерде:* қына жағылып боялған деген.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Стиль** – ақын-жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы (З.Ахметов).



1. *Жырау* деген кім? Оған қандай қасиеттер тән?
2. Бұқар жырау туралы не білесіңдер? Берілген сызбадағы сұрақтарды пайдаланып. Бұқар жырау туралы білетінімізді ортаға салайық.
3. *Тілек, тілек, тілеу, тілекші болу, тілегіне жету* деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер? Осы сөздердің басқа қандай баламасын білесіңдер?
4. «Тілек» өлеңінде Бұқар жырау «Он бір тілек тіленіз» деп атап көрсетеді. Сол он бір тілекті өз сөздерімізбен айтып көрейік.
5. Өлеңдегі *бір Аллага жазу, қаза болу, тіліне еру, олжа болу, қол келу, тұлдану, тақтан таю* тіркестерінің мағынасын ашып, түсініп алайық.







1. «Тілек» өлеңінде жырау көтерген басты тақырыптарды тауып, санамалап айтайық.
2. Өлең жолдарынан көркемдегіш құралдарды төмендегі кестеге орналастырып, олардың қызметін анықтайық.

Тұрақты тіркестер	Тенеу	Эпитет	Қайталау

3. Төмендегі кестені пайдаланып, автордың психологиялық көңіл күйін анықтайық.




4. Төмендегі жолдарда берілген анаға тән қасиеттерді ашып, өз жүрегімізден шыққан оныншы тілегімізді 1-жақтан баяндап берейік.

Оныншы тілек тілеңіз :  
 Он ай сені көтерген,  
 Омыртқасы үзілген,  
 Аязды күнде айналған,  
 Бұлтты күнде толғанған...  
 Анаң бір аңыран қалмасқа...

5. Егер Бұқар жырау бүгінгі ХХІ ғасырда өмір сүрсе, қандай тілек айтар еді деп ойлайсындар? Өз болжамымызды ұсынайық.



1. Төмендегі сызбаны пайдалана отырып, Бұқар жырау ойының өзектілігіне баға берейік.



2. Бұқар жырау ізімен «Тілек» деген тақырыпта өз өлең-тілегімізді жазайық.

### Ай, Абылай, Абылай!

Ай, Абылай сен он бір жасыңда  
 Тұрымтайдай ұл едің.  
 Он бес жасқа келгенде,  
 Аркада Әбілмәмбет төренің  
 Түйесін бакқан құл едің.  
 Абылай атың жоқ еді,  
 Сабалақ атпен жүр едің.

Оны да көрген жерім бар,  
 Жаныс Қарабайдың қолында  
 Түнде туған ұл едің.  
 Жпырма беске келгенде,  
 Бақыт берді басына,  
 Тақыт берді астына.  
 Отыз жасқа келгенде,



Дүниеге кең едің.  
 Отыз беске келгенде,  
 Қарасудың бетінде  
 Шайқалып аққан сең едің.  
 Қырық жасқа келгенде,  
 Алтын тонның жеңі едің.  
 Қырық беске келгенде,  
 Жаксы-жаман демедің.  
 Елу жасқа келгенде,  
 Үш жүздің баласының  
 Атының басын бір кезенге тіредің.  
 Елу бес жасқа келгенде,  
 Жаксы болсаң, толарсын,

Жаман болсаң, маужырап барып соларсың...

Жетпіс жасқа келгенде,  
 Жетпіс деген жел екен,  
 Шала ауырып пір екен.  
 Жетпіс бес жасқа келгенде,  
 Жылуы болмай қойныңның,  
 Қаруы болмай сойылыңның,  
 Өлмесен де жойылдың,  
 Әр атакқа қойылдың.  
 Сексен деген сор екен,  
 Шындап ұрған пері екен.

#### Тірек сөздер:

- ✓ он бір жас
- ✓ Сабалақ ат
- ✓ бақыт
- ✓ тақыт
- ✓ аққан сең
- ✓ алтын тон
- ✓ Үш жүздің баласы
- ✓ сор, пері
- ✓ тіс, іс
- ✓ тор, ор
- ✓ найза бойы

Сексен бес жасқа келгенде,  
 Екі кара көзді алар,  
 Ауыздағы сөзді алар,  
 Бойындағы әлді алар,  
 Бетіндегі нұрды алар,  
 Бойындағы шырды алар,  
 Аузындағы тісті алар,  
 Қолындағы істі алар,  
 Өлмегенде не қалар?



Н.Жошымбай. Абылай хан



Токсан бес деген тор екен,  
Дәйім жаның қор екен,  
Қарғнын десең екі жағы ор екен,  
Найза бойы жар екен.

Түсіп кетсен түбіне,  
Түбі терең көл екен,  
Ел қонбайтын шөл екен,  
Келмейтұғын неме екен.

### Сөз сыры

**Тұрымтай** – қанатының ұшы қызғылт, түрі күйкентайға ұқсас, кішірек келген құн-қар тектес жыртқыш құс. *Бұл жерде:* сондай шағын, кішкентай ғана деген.

**Сең** – көл, теңіз, өзендердің бетінде қыс бойы қатып жатқан мұздардың көктемде еріп сынған бөліктері, мұз ағыны. *Бұл жерде:* сеңдей мықты, қуатты, күшті деген.

**Шыр** – 1) нәр, маңыз; 2) ауыспалы мағынада әл, қуат, күш; 3) көне сөз – ынтымақ, бірлік, татулық; 4) асық ойынының бір түрі; 5) еліктеуіш сөз – шыр айналу. *Бұл жерде:* адам бойындағы еттің азаюы, яғни арықтау, азу, жүдеу, ару деген мағынада.

### Асқар таудың өлгені

Асқар таудың өлгені –  
Басын мұнар шалғаны.  
Көктегі бұлттың өлгені –  
Аса алмай таудан қалғаны.  
Ай мен Күннің өлгені –  
Еңкейіп барып батқаны.  
Айдын шалқар өлгені –

Мұз болып тастай қатқаны.  
Қара жердің өлгені –  
Қар астында қалғаны.  
Өлмегенде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді.



1. Бұқар жыраудың қандай толғауларын білесіңдер?
2. Жырау неліктен Абылай ханға толғау арнады деп ойлайсыңдар?
3. Аталған толғауда Абылай өмірінің қай кезеңдері суреттеледі?
4. Неліктен Бұқар жырау Абылайға:  
*Елу жасқа келгенде,  
Үш жүздің баласының  
Атының басын бір кезеңге тіредің,* – дейді? Осы шумақ қаншалықты шындықпен сәйкес келеді?
5. Адамның жас кезеңдері суреттелетін қандай шығармаларды білесіңдер?
6. «Асқар таудың өлгені» деген толғауында не туралы айтылады?



1. *Он бес жасқа келгенде,  
Арқада Әбілмәмбет төренің  
Түйесін баққан құл едің.  
Абылай атың жоқ еді,  
Сабалақ атпен жүр едің,* – деген жолдарды тарих пәнінен алған білімімізді пайдалана отырып талдайық.
2. Толғаудан Абылай ханның қандай қасиеттері көрінеді? Сынып ішінде Абылайға мінездеме берейік.
3. Жырда кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып, жыраудың оларды қолданудағы мақсатын анықтайық.



## 4. Жақсының аты өлмейді,

Ғатымның хаты өлмейді, – деген Бұқар жырау пікіріне қатысты өз көзқарасымызды білдірейік. «Өлмегенде не өлмейді?» деген сұраққа өз нұсқамызды ұсынайық. Ойымызды дәлелдейік.



1. Қосымша мәліметтерді пайдаланып, төмендегі кестеге сай Абылай бейнесін ашып көрсетейік.

Тарихтағы Абылай бейнесі

Қандай?

Не істеді?

Жырдағы Абылай бейнесі

Қандай?

Не істеді?

2. Бұқар жыраудың екі толғауын салыстырып, ондағы ортақ ойларға талдау жасайық.

Тілек

Ай, Абылай, Абылай!

**Зерттегім келеді...**

Бұқар жыраудың Абылай хан тұсындағы саяси қайраткер ретіндегі қызметі туралы шағын зерттеу жұмыстарын жүргізейік.

**Білгенім бір тоғыз**

Бұқар жырау бала кезінде томаға-тұйық, ешкіммен араласпайтын, сөзге сараң болыпты. Қазақ өзі жалпы тілді, сөзді халықтың қатарына жататындықтан, жалғыз үндемей жүретін Бұқарды «мылқау бала» атандырған. Тек мүшел жасқа келгенде ғана «мылқау баланың» тілі шығып, шыққанда жай сөйлемей, жырлап сөйлейтін болыпты. Сондай-ақ ол қолдан-қолға тимей, ойын-сауық, той-думанның ортасында жүріпті.

Тілің шықпай жасыңда,  
Бала болдың сен мылқау.  
Бір алуан жан десетін,  
Іштен шыққан кем-сырқау.

Дәл он екі жасыңда,  
Бақыт қонды басыңа.  
Тілің шығып сөйледің,  
Қолдан-қолға тимедің, –

деп Үмбетей жыраудың айтуында осындай сыр жатыр.<sup>1</sup>

**АЙТЫС ӨНЕРІ**

Қазақ халқындағы айтыс өнері, әсіресе ақындар айтысы – ауыз әдебиетінде ең мол сақталған жанрдың бірі. Ақындар айтысы – ақынның ақындығын сынайтын өнер жарысы. Ертеректегі айтыс-

<sup>1</sup> Сыдықов Е., Артықбаев Ж. Өнет баба: ғұмыры мен заманы. Астана: Фолиант, 2017.



тарды жинап, алғаш пікір айтқан ғалым – Шоқан Уәлиханов. Айтыс үлгілерін жинап, олардың жарық көруіне В.Радлов, Ә.Диваев үлкен еңбек сіңірді.

Академик-жазушы М.Әуезов айтыстың жанрлық ерекшелігін анықтап, оларды бірнеше түрге бөліп, жан-жақты қарастырады. Ол айтыс жанрының тек қазақ халқында ғана емес, ерте кездері дүниежүзіндегі біршама елдерде болғандығын айта келе былай дейді: «Бүгінгі күнде айтыс, Кеңес одағында, нақтылы ақындар айтысы түрінде үш елде бар. Ол – қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдері. Ерте дәуірлерде айтыс осы елдердегі қазіргі дәстүрдей шығыс, батыстың көп елдерінде болған. Мысалы, арабтарда жәрменкелерге жнылған ақындардың айтысқан жарыссөздері қағазға жазылып, көпшілік оқуына, сынауына қолайлы етіп, жәрменке ортасына ілініп қойылатын болған»<sup>1</sup>.

Айтыс – екі ақынның ел алдында дайындықсыз, табан астында суырып салып айтатын өлеңдері. Сондықтан сол кездегі айтыстар дәл сол қалпы, ақындар айтқан күйінде, еш өзгеріссіз бізге жетті деп айта алмаймыз. Себебі айтысты жеткізуші ақындардың барлық сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз жеткізіп бере алмайды. Айтыстың нәрлі, тартысқа толы тұстарын есте сақтап, өз сөзімен жаңғыртып айта беретін болған.

Атақты «Біржан–Сара» айтысы да бізге жеңілген Сара ақынның айтуымен жеткен. Демек, жеңген ақын «Мен сөйтіп жеңіп едім» деп әйгілемей, дәстүр бойынша жеңілген ақын «Мен солайша тоқыраған едім» деп баян етеді екен. Бұл да қазақтың сөзге тоқтаған текті халық екендігін аңғартса керек.

### «Біржан–Сара» айтысы туралы

«Біржан мен Сара айтысы» – кеңінен тараған айтыс үлгілерінің бірі. Себебі өзге айтыстарға қарағанда, аталған айтыс бірнеше рет кітап болып басылып шыққан. Бұл айтысты ең алғаш 1898 жылы Қазан қаласында «Қисса. Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы жариялады. Кейін Зайсаннан екінші нұсқасы табылып, «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» деген атпен Қазанда жеке кітап болып басылды. Айтыстың алғашқы нұсқасы – 969 жол, екінші нұсқасы – 1080 жол. Ә.Тәңірбергенов жазған тағы бір нұсқасы 1907 жылы жарық көрді. 1918 жылға дейін бұл үлгілер сегіз рет, Кеңес үкіметі тұсында он бір рет жарияланды. Сөйтіп, ел ішіне жазбаша түрде де, ауызекі тілде

<sup>1</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 41-том. Алматы: Дәуір, 2014.



де таралып келді. Айтыстың жарық көруіне, таралуына, өңделуіне Сара, Жүсіпбек кожа, Әріп ақын елеулі үлес қосқан.

Айтыс шамамен 1895 жылы қазіргі Алматы облысының Қапал-Ақсу өңірінде, Ешкіөлмес тауының баурайында Тоғызқұмалақ мекенінде Біржан Қожағұлұлы мен Сара Тастанбекқызы арасында өтеді.

### Біржан сал Қожағұлұлы

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Адамға зияны жоқ жүрген жанмын...

*Біржан Қожағұлұлы*

Біржан – XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген қазақтың сал-серілерінің бірі, өнерпаз. Ол бала кезінен өлеңге, әнге құмар болыпты. Ғалым Темірғали Нұртазиннің айтуынша, «Біржан 16 жасар кезінде түсінде бір белгісіз қария кіріп, «Өлең аласың ба, көнек аласың ба?» деп сұраған екен. Оған Біржан: «Атам Қожағұлдың бір жарым мың жылқысы бар, маған өлең керек», – депті. Ояна келсе, өн бойын ән кернеп тұр екен»<sup>1</sup>.

«Көлбай–Жанбай», «Көкек», «Алтын бәткі», «Ләйлім шырақ», «Телқоныр», «Бурыпай», «Айтбай», «Жанбота», «Ақтен-тек» т.б. ән-өлеңдері және Сарамен айтысы – Біржан шығармашылығының көрінісі.

2009 жылы Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Біржан сал» фильмін түсірді. Түсірілім Біржанның туған жері Көкшетау өлкесінде өткізілді. Идея авторы, түсірушісі, басты рөлді сомдаушы – Қазақстанның халық артисі Досқан Жолжақсынов.



Біржан салдың ескерткіші

### Біз Сараны білеміз бе?

Дүниеге келіп-кетер әркім қонақ,  
Солардың біреуі мен – өмірі шалақ...

*Сара Тастанбекқызы*

Сара Тастанбекқызы қазіргі Алматы облысы (бұрынғы Талдықорған облысы), Ақсу ауданында 1878 жылы дүниеге келген.

<sup>1</sup> Біржан сал Қожағұлұлы. Шығармалары. Құраст. Н.Оразбек. Алматы: Қазақстан, 2013.





Салынған сал қорадан аласа үй,  
Есіксіз, терезесіз, қараша үй.  
Қазандық, көне алаша, тозған қомша,  
Жетімсіз жарлы тұрмыс, іштегі күй, –

деп Сара ақынның өзі жырлағандай, ол анасы мен інісі Сахармен бірге жастайынан жокшылық көріп өседі. Сараның өз өмірінен хабар беретін «Ашындым», «Жүрек», «Торығам» және т.б. өлендері бар. Алайда Сара есімін халыққа танымал еткен – осы Біржанмен айтысы.

### «Біржан-Сара айтысы» өмірде болған ба?

Аталған айтыстың, расымен де, өмірде болған-болмағаны туралы қазақ әдебиеті тарихында екі жақты пікірлер бар. Әдебиеттанушы-ғалым Б.Кенжебаев, Қ.Мұхаметханұлы т.б. бірнеше зерттеушілер бұл айтыс болмаған, болса да дәл мұндай көркем емес, «Біржан-Сара» айтысын Әріп Тәңірбергенов жазған болуы мүмкін десе, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев және т.б. ғалымдар Біржан мен Сараның кездесіп айтысқандығын айтады. Бұл туралы айтыс өнерін алғаш ғылыми негіздеп зерттеген М.Әуезов былай дейді: «...Анығында Біржан-Сараның айтысы болған. Бірақ дәл калпында, толық күйінде, алғашқы айтысқан калпымен түгел сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясымен айтып беруші Сара болды. Хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының және ең алғаш хатқа түсірушінің бірі Әріп болды. Әріп – өзі ақын, қазақша, орысша оқыған адам. Бірақ бар айтыс Біржан мен Саранікі емес, Әріптікі деген теріс пікір. Әріп – негізгі шығарушы емес, бірақ өзгеше қоспалар қосушы, соңғы айтушы Әріп болғаны рас».<sup>1</sup>

Алайда «Біржан мен Сара айтысқан ба, әлде оны Әріп ақын шығарған ба? Біржан Сараны іздеп келген бе? Айтыс нақты қашан болған?» деген көп сұрақтың күні бүгінге дейін қойылып келе жатқаны жасырын емес. Бұл турасында Абайдың ақын шәкіртінің бірі – Әріп Тәңірбергенов шығармашылығын зерттеуші Б.Ердембеков мынадай пікір білдіреді: «Біржан сал Жетісуға бірнеше рет келген. Соңғы бір сапарында әдейілеп Сарамен кездеседі. Бұл кездесу шамамен 1895–1896 жылдар. Сараның Жиенкұлға айттырылған аянышты тағдыры Біржанды бейжай қалдырмаған. Әдейі іздеп келген Біржан алдында Сараның Тұрысбек қажыға айтқан арызы, Біржанның Сараны қорғап сөйлеген сөзі Әріптің айтыс жазуына

<sup>1</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 41-том. Алматы: Дәуір, 2014.



негізгі арқау болған. Біржан мен Сараның айтқан өлеңдері көп өзгеріссіз айтысқа енген»<sup>1</sup>.

Айтыс сөз майданы болғандықтан, акындардың қай-қайсысы болмасын, өз қарсыласының әлсіз тұсын тауып, сөз соққысын беруге тырысады. Акындардың бір-бірінің жекебасының кемшілігін аяусыз көрсетуі де айтыс барысында кездесе беретін, айып саналмайтын құбылыс. Сондай-ақ акындар қарсыласын құрмет тұтып, әдейі іздеп барып, айтыс барысында оның бағасын көтере отырып айтысу да айтысқа тән қасиет. Аталған айтыста Біржан Сараны көруді, айтысуды армандап келеді. Біржан Сараның әлсіз тұсынан тап басып, оның күйеуінің қораштығын бетіне бұлтартпас дәлел етіп ұсынады.

«Келгенде Жиенкүлға шықпайды үнім...» Сараның тұрмыс тауқыметін ерте тартқандығын жоғарыда айттық. «Жығылғанға жұдырық» болып, бір күні Сараның немере ағасы Жайсаңбекті Арнай деген ауыл болысы «малымды ұрладың деп» жала жауып, Тұрысбек кажының алдына әкеледі. Тұрысбек кажы Жайсаңбекке: «Қарындасыңды Жиенкүлға берсең, бостандық аласың», – дейді. Ал Жиенкүл қандай адам еді деген сұраққа Сараның Біржанмен айтысындағы «Есекке қосақтаулы өтті күнім», «Келгенде Жиенкүлға шықпайды үнім» деген жолдардан жауап табамыз. Осы айтыста Сараның сөзден тосылуына Жиенкүл себеп болғандығына көз жеткіземіз.



Мұқан Төлебаевтың «Біржан–Сара» операсынан көрініс

<sup>1</sup> Ердембеков Б. Сара санлақ. Алматы: Жазушы, 2014.



«Біржан мен Сара айтысының» басты тақырыбы – казак әйелдерінің теңдігі, бас бостандығы. Сонымен қатар айтыста әлеуметтік мәселелер, ақындық мінез, жеке адамның тағдыры, адамгершілік қасиеттер сынды көптеген тақырыптар қозғалады. Екі акын өздері тұрған екі өңірдің жақсы-жайсандарын кезекпе-кезек таныстырып, олардың адамгершілік қасиеттерін, келеңсіз іс-әрекеттерін айтып, халық талабына сай келетіндей баға беріп отырады. Айтыста сол замандағы казак қоғамы, ондағы рубасылары, шонжарлар мен билер мақталады, сыналады.

«Біржан–Сара айтысында» көркемдегіш құралдар көп кездеседі. Мәселен, Біржанның «Орта жүздің сайраған бұлбұлымын», «Сөз бедері алтын мен күмістің нақысындай», «Алтайдың мергені», «Жерге түспейтін мұзбалақ, ақшық» деп суреттелуі, ал Сараның «Адамның жүйрігі», «Шеберден мін алатын мініскер», «Бәйгеден күнде озатын жалғыз қара» т.б. деп сипатталуы осының дәлелі.

1946 жылы осы айтыс негізінде Қажым Жұмалиевтің либреттосы бойынша Мұқан Төлебаев «Біржан–Сара» операсын жазды.



1. Айтыс туралы төменгі сыныпта оқығандарыңды еске түсіріңдер. Айтысқа тән ерекшеліктерді атаңдар.
  2. Айтыстың қандай түрлері бар?
  3. Қандай айтыскер ақындарды білесіңдер?
  4. Біржан сал Қожағұлұлы кім?
  5. Сара Тастанбекқызы туралы не білесіңдер?
  6. «Біржан–Сара» айтысы өмірде болған ба? Айтыс туралы қандай пікірлер бар?
    - Айтыста ақынның сөзден жеңілуі неге байланысты болады деп ойлайсыңдар?
    - Айтысқа бұлтартпайтын дәлелдер керек пе, әлде табанасты сөз таба білу жеткілікті ме?
    - Қандай акын жеңіске жетеді?
- Осы сұрақтардың жауабын білгілерін келсе, айтысты оқық.

## «БІРЖАН–САРА» АЙТЫСЫ

(үзінді )

### Сараның сөзі:

Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,  
Ішінен ер Қаптағай<sup>1</sup> шықтым дара.  
Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,  
Келемін бір сүрінбей жеке-дара...

<sup>1</sup> Қаптағай – Орта жүздің Найман руының құрамына кіретін Матайдан тараған бір тармағы.



Сөйледім қаз мойынды жарма жалмен,  
 Әкеме ұлдай боп ем біткен малмен.  
 Ауылында Тұрысбектің сөз сөйледім,  
 Баласы Қожағұлдың Біржан салмен...

**Біржанның қызды шақырып айтқан сөзі:**  
 Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
 Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.  
 Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,  
 Ауылында Тұрысбектің өлер жері...

**Тірек сөздер:**

- ✓ Тастанбек
- ✓ домбыра
- ✓ Біржан сал
- ✓ ақиық
- ✓ арғымақ
- ✓ құмар, арман
- ✓ мәлім болу

Ақнык, мұзбалакпын жерге түспес,  
 Кең қолтық арғымакпын алқымы іспес.  
 Басайын аптығынды тез шық, Сара,  
 Сен түгіл, әкендеймен болдым істес.

Бұл үйде Сара бар ма, отыр неғып?  
 Қарсы ұшпай, тотықұстай қанат қағып.  
 Жел қабыз, жез тағалы еңіреуімін,  
 Қара тер шыққан сайын кетем ағып...

**Қыз ұялғанынан көріспеген соң, Біржанның айтқаны:**

...Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
 Сен түгіл, сенен артық құмар маған.  
 Жалымнан ұстаған қызда арман қалмас,  
 Жібек жал арғымакпен тұмарланған.  
 Алмайтын еркек тілін жының бар ма,  
 Адам деп сөз айтамын, Сара саған?!

**Сонда Сараның берген жауабы:**

Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,  
 Сөз білсең, бұ да сенің жамандығың.  
 «Қиссасу-л-Әнбиеден»<sup>1</sup> естімеп пе ең?  
 Белгілі мәлім болды надандығың.

Адамды топырақтан жаратты хақ,  
 Надандығың білінсін, бұл сөзге бақ.  
 Хауаға бұрын барған Адамата,  
 Бұл салттан кетпекшісің қалай аттап?

<sup>1</sup> *Қиссасу-л-Әнбие* – 1311 жылы Рабғузи (Насредин Бурханетдин) жазған әдеби ескерткіш. Еңбекте 79 шығарма берілген. 1914 жылы Қазан қаласында түпнұскадан И.Салахиян молда көшіріп бастырған (479-бет).



Данышпан, білгіш қой деп ойлаушы едім,  
Арғын да жүр екен ғой жоқты мақтап...

**Сонда Біржан сөйлейді:**

...Атадан Біржан сал боп тудым артық,  
Ұраным – «Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық»<sup>1</sup>.  
Аккумен аспандағы ән қосамын,  
Қозғасам ашы күйді түптен тартып.  
Қырмызы, асыл бекзат бар мінезім,  
Кетер ем еркек болсаң бір-ақ тарпып.  
Бар еді қыз сыйлайтұғын бір мінезім,  
Самғаймын бәйге атындай артып-артып.  
Көкшетау дуанына данкым барған,  
Мен – Біржан, алтын тудай айқындалған.  
Есіткелі, Сара, сені үш жыл болды,  
Сері едім төңірекке құлаш салған.  
Түлкінің жүгірісін қыран байқар,  
Ұялсаң, сөзің емес маған айтар.  
Қандыкөз, май жеп алған ақиықпын,  
Сен түгіл, қасқыр көрсе бір-ақ шайнар...

**Сонда Сараның айтқаны:**

Ей, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,  
Қымбаттығым белгілі, білсең баға.  
Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қанғырған ілдірмеймін қаршығаға...

Өлеңді қолқа қылсаң ағытайын,  
Самарқан жібегіндей оннан өріп.  
Әншейін сыпайы деп қымай тұрмын,  
Көзіңді төрт қылар ем иттей керіп.

Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз,  
Бір жерде мүдірер деп көңіл бөліп.  
Тілінді тарта сөйле, Біржан батыр,  
Жарамас, жүдеп қайтсаң, іздеп келіп...

**Сонда Біржанның айтқаны:**

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,  
Төңірек жеті дуан ойнағы<sup>2</sup> бар.

<sup>1</sup> *Алтай-Қарпық* – Біржан салдың руы.

<sup>2</sup> *Ойнақ* – бұл жерде: үлкен жер: үлкен орын деген.



Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы,  
Алты жүз жас бота мен тайлағы бар...

Тәттімбет – ардагерім Арғын асқан,  
Қырық түрлі күй ілінген бармағына.  
Ежелден әрі баймын, әрі молмын,  
Шын қызсам, шыдамайсың зардабыма...

**Сонда Сараның айтқан жауабы:**

Ей, Біржан, сөз сөйлейін анықтатып,  
Көңілін ауырмасын, қабақ қатып.  
Көкшетау, Қызылжарда талай Арғын,  
Күн көрген жанын жалдап, жатақ жатып.  
Найманнан қай жерің бай мактағанмен...  
Бармаған соң жайымды білмейді деп,  
Құр босқа мактанасың тәңір атып...  
Майысып нәзік белім бұран қакқан,  
Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан.  
Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,  
Сықылды гауһар сағат нақыс шапқан...  
Мойыным сұңғағындай жүзген қудың,  
Лебізім шырынындай шәрбат судың.  
Қакканда төңкерілген қас бітісім,  
Ашылған айбатындай жібек тудың.  
Қырмызы қызыл жібек маңдайым кең,  
Арғынның айтшы, кәне, қай қызы тең?..



Астанада қойылған «Біржан–Сара» операсының жаңа нұсқасы



Арғынды мактасаң да жетті Найман,  
Жетпек түгіл, байлыққа өтті Найман.  
Бұралқы үйге сінген күшік иттей,  
Бай болсаң, мұнда, Біржан, келдің қайдан?..

**Сонда Біржанның айтқан жауабы:**

...Жорғамын сарынымен самғайтұғын,  
Бәйге аты серпінімді шалмайтұғын.  
Әнімді он екі взвод жіберейін,  
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын...  
Қырымға қарайтұғын қыран құспын,  
Аң алмай жерге бекер конбайтұғын.  
Айнымас қанды балақ ақныкпын,  
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.  
Асылмын аспандағы құс болғанда,  
Қантарда қалшылдаған тоңбайтұғын.  
Тұлпармын Көрұғлының пырағындай,  
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын...

**Сонда Сараның айтқан жауабы:**

...Ұшырған тәрбиелеп ақтұйғынмын,  
Матайдың Қаракерей сенгірінен.  
Даусыма аспандағы құс айналар,  
Құбылып тотықұстай төңкерілген...  
Сайраған тамам Найман бұлбұлымын,  
Қапаста жел тигізбей жем берілген.  
Жұрт сыншы өзі білмес, екі дәутер,  
Белгі жоқ адымында тенгерілген.  
Мақтанғаным болмаса, осы кеудем,  
Он Арғын шалымынан кең көрінген.  
Бірінен-бірі дамып, асып түсер,  
Дауысым алтын тудай шоқ көрінген.

**Сонда Біржанның айтқаны:**

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,  
Тастүлек тұрымтайдай екі көзің.  
Сөз айтар қандай кісі деген кезде,  
Алдымнан Кұдай айдап келді кезің.  
«Мың асқанға бір тосқан бар-ақ» деген,  
Талайдың қисық деуші ем құрған тезін.  
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,  
Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін!



Қанатын күн шалмаған ақтүйгінның,  
Жапалак немденер басқан ізін.  
Қор болдын бір қортыққа, Сара қалқам,  
Армансыз қылар кімнің үйі-түзін!..

Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсын,  
Қай жерден болжамайсын тынарыңды.  
Тез алдырт күйеуінді, Сара, осында,  
Көрейін күйеуінді тиген тандап...  
Ер шығар тотықұстай неше түрлі,  
«Жаксыны көрмек үшін» деген Сара,  
Өзі түгіл, елдің қамын жеген Сара,  
Мырзанды Жиенкүлдай шапшаң шақырт,  
Ұялып бөгелесің неден, Сара?!

**Сонда Сараның Найманның жақсыларына мұнын шағып айтқаны:**

Қажеке-ау, мынау қалай ақырады,  
«Жиенкүл тез келсін» деп шақырады.  
Көрсетсең, асылыңды ап келіндер,  
Ауылыңда ол келгенше отырады.  
Арғыңа жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей, қор боп ұшқан қызыл гүлім!  
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,  
Есекке қосақтаулы өтті-ау күнім!  
Өзі білер деуші едім жақсылардың,  
Ақыры қайыр болды енді мұным.  
Алтайдың санлағымын сөйлесем де,  
Жок екен жүйрік иттей өлсем құным.  
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенкүлға шықпайды үнім!  
Өздерің Жиенкүлды көріп едің,  
Құдайдан қорықпай-ақ беріп едің.  
Шақырған Найман шалдың аруағына,  
Бәріне қыз да болсам серік едім.  
Біржанға алдырт, көрсет Жиенкүлды,  
Бар жұртқа оның сыры аян болды.  
Ұяттан кісі өлмейді, сағы сынар,  
Қайтейін, Құдай қосып нем қылды...  
Сыртынан өлеңменен шақырайын,  
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай.  
Сәлем де Жиенкүлға, келсін жатпай,





«Біржан–Сара» операсының жана нұсқасынан көрініс

Келуге шошынады неден батпай?  
 Әркімнің қолда бары өзіне алтын,  
 Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.  
 Көріңсін Біржан салға ай секілді,  
 Акқұйрық көңілашар шай секілді.  
 Ұсынса қол жетпейтін, арғымағым,  
 Арғынға баламаймын тай секілді.  
 Тез келіп амандассын Біржан салға,  
 Көріңсін айбаттанып Арғын шалға.  
 Әркім теке қояды өз лағын,  
 Әйтеуір, мені сатып алды малға.  
 Бермесін дұшпаныма намысымды,  
 Біледі Арғын, Найман дабысымды.  
 Бар болса шыбын жаны шапшаң жетсін,  
 Ел таныр арғымақтай шабысымды...  
 Көріңсін салтанатпен менің серім,  
 Сол еді Құдай қосқан барар жерім.  
 Кедейге қонақасы – тай ап келсін,  
 Талабы Тәттімбеттей асыл ерім!

**Сонда Біржан сөйлейді:**

Көрейін кісі жібер күйеуіне,  
 Көнбейді жаман болса сүйеуіне.  
 Шіркінің қандай екен көзім көрсін,  
 Адамның таласатын біреуіне.



Мақтамай, көрсет көзге келтіріп-ақ,  
Сөзбенен жүдеттің ғой өлтіріп-ақ.  
Ұялмай осы топқа көріне ме,  
Өнерсіз, жігері жоқ жетпегір-ақ?!

**Сараның айтқан сөзі:**

Қажеке-ау, кісі жібер баланызға,  
Әзәзіл болды Біржан арамызға.  
Сыртынан мақтасам да керек болды,  
Көрсетпей, жігітті ұрлап қаламыз ба?  
Өзіннің құла жорғаң барсын оған,  
Жнекем бежін ерін салсын оған.  
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,  
Құдайым, мені қайдан қосты соған?  
Қажеке-ау, алдыртыңыз қонақ кетпей,  
Біржан тұр «көремін» деп сөзі бітпей.  
Ажал да кісі тандап алады екен,  
Сол итті неге қойған алып кетпей?!  
Қонжып мінер құла жорға барса,  
Келе алмас сол шірігің қорғаласа.  
Рас бізді масқара қылар сонда,  
Қорс етіп «бармаймын» деп үйде қалса...

**Біржанның айтқаны:**

Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,  
Ербнер есіз тауға шыққандай-ақ.  
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,  
Он мата арқасына тыққандай-ақ.  
Законда зорлық болмас жақсы адамға,  
Жаксыны қор қып болмас бір жаманға.  
Және де аят пенен хадисте бар,  
Жылатып берме деген еш наданға...  
Тұрысбек, Есімбекпен сау тұр аман,  
Таянды қайтар уақытым елге таман.  
Айналып ендігі жыл бір келермін,  
Тыскары топырақтан болсам аман.  
Сараны Жиенқұлға бере көрме,  
Қыз түгіл, ер құнына келер шаман.  
Бар болса сүйегінде ойларсындар,  
«Өлі тілін тірі алмас» деген заман.  
Байлаулы бала құстай Сара сорлы,  
Жоқ екен осы күнде мұнан жаман.



**Енді Сараның өзінің айтқан сөзі:**

Сал Біржан жүріп кетті амандасып,  
Екі күн арпалыстың табандасып.  
Шіркінге қымағаннан жорға бердім,  
Басында сөйлесем де жамандасып.  
Жүре көр ақын Біржан бізді сұрай,  
Тыскары топырақтан кылса Құдай.

**Сонда Біржанның айтқаны:**

Шырағым, Сара сендей тумас бала,  
Шежіре, туармысың мұндай дана!  
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,  
Жігітің жөндеу екен, ей, бейшара!  
Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,  
Қып кеткім келмейді мен қасыңнан.  
Кемітер қай жерінді дұшпан шіркін,  
Адамзат озар емес өз басыңнан...  
...Бір басты адам болмас сан өнерлі,  
Айбатың әлемге айқын ай бедерлі.  
Садаға тырнағынан кетсін, Сара,  
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді.  
Сөз айтты сонда Біржан біздің жакқа,  
Ұмытпан Сара сені әр уақытта.  
Қайырған сөзбен жетіп, есіл шіркін,  
Көремін қайта айналып қайсы уақта.  
  
Есімбек босқа сатпа асылыңды,  
Сыйлай көр қыз да болса нәсілінді.  
Ұқпасаң, Арғын жоқты айтты дерсін,  
Есеке-ау, құлағыңа ал осынымды.  
Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа,  
Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста...

**Сөз сыры**

**Қабыз** – 1) ерік, ықтияр; 2) қарауы, қарамағы; 3) тұқым, ру; 4) қапырық ыстық. Бұл жерде: жел сияқты еркінмін деген мағынада.

**Сұқсыр** – бұл жерде: тұмсығы жалпақ емес, түзу және жұмыр, қанаттары қысқа, шапшаң ұшатын су құстарының бір тұқымдасы, яғни сұқсыр үйрек.

**Нақыс** – 1) әшекейлі ою-өрнек, нақыш; 2) қолөнер әлеміндегі ерекше мәнер, бедер; 3) ән-күйдің өзіндік мақамы, ерекше сазы, ырғақ; 4) кішкене бел, асу. Бұл жерде: әшекейленген, нақысын келтірген деген мағынада.

**Ақиық** – түсі қоңыр, иығы ақ сұрғылт бүркіт тұқымдасына жататын қыран құс.



## Әдеби-теориялық ұғым

**Ирония** – кемшілікті, мін-мүлтікті астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Мәселен, Абайдың И.А.Крыловтан аударған бір өлеңінде ағаш басында отырған қарғаның аузындағы ірімшігін алдап, қағып әкету үшін түлкінің оны «мақтауы».<sup>1</sup>



1. «Біржан–Сара» айтысы туралы бұрын не білетін едіңдер?
2. Бұл айтыс қандай айтыстың түріне жатады?
3. Айтыста қандай тақырып көтерілген?
4. Аталған айтыстың басқа айтыстардан қандай ерекшелігі бар?
5. *Тақсыр-ау, күні құрсын қыз баланың,  
Билігі болмайды екен бір басының.  
Тері-терсек бергенсіп ит те алады,  
Бұлындай берекесіз арбашының*, – деген Сараның сөзін қалай түсінесіңдер? Сара қандай мәселені астарлап жеткізіп отыр?
6. Айтыста Біржан мен Сараның қандай қасиеттері анық көрінеді?
7. Айтыста кім жеңіске жетті? Оның себебі неде?



1. Хрестоматиядан айтыстың қалған бөлігін оқып, шығармада көтерілген негізгі тақырыптарды анықтайық.
2. Сызбаға қарап, айтысқа сюжеттік-композициялық талдау жасайық.



Айтыстың шешімі

Айтыстың шарықтау шегі

Айтыстың шиеленісуі

Айтыстың дамуы

Айтыстың басталуы


3. Аталған айтыстан үзінділер келтіре отырып, берілген сызба негізінде кейіпкерлердің портретін жасайық.



<sup>1</sup> Қабдолов 3. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002.



4. Айтыстағы Біржан мен Сараға мінездеме берейік. Олардың бойындағы өздеріне ерекше әсер еткен қасиеттер туралы ой бөлісейік.
5. Сараның «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» деген сөзінің астарын ашыңдар. Сөзбен немесе қылқаламмен Жиенқұлдың портретін жасайық.
6. Айтыстан төменде берілген көркемдегіш құралдарды (тенеу, эпитет, сарказм, тұрақты сөз тіркестері, метафора, проныя) тауып, олардың қандай қызмет атқарып тұрғандығын анықтайық.
7. «Біржан–Сара» айтысының негізінде «Біржанның інілері, Сараның сінділері» деген айдармен айтыс жасайық. Айтыста бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің көтерілуін қадағалайық.



1. Сара өмір сүрген кезеңдегі қазақ қыздары мен бүгінгі қыздарды салыстырайық. Не өзгерген? Қандай қасиет сақталған деп ойлайсыңдар?
2. Айтыстағы Біржанның сөздерін, әрекетін қалай бағалар едіңдер? Төмендегі сызбаны пайдалана отырып, Біржанға жан-жақты сипаттама ұсынайық. Өз ойымызды дәлелдер келтіре отырып нақтылайық.

Айтыстағы  
Біржан бейнесі

+

Тарихтағы Біржан  
бейнесі

=

Менің танымымда  
қалыптасқан  
Біржан бейнесі

3. Егер сендер осы айтыстың төрешісі болсаңдар, айтыстың жеңімпазы деп кімді таңдар едіңдер? Неліктен?
4. Берілген сызбаны пайдалана отырып, кешегі және бүгінгі айтысқа салыстырмалы талдау жасайық. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, айтыстың өзіндік ерекшелігін ашайық.

Қандай мәселелер  
көтерілді?

Қандай мәселелер көте-  
рілсе деп ойлайсыңдар?

«Біржан–Сара» айтысы

Бүгінгі қыз бен жігіт  
айтысы



1. *Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста,  
Адамның артығы екен осы тұста.  
Шынымен бапты күнде қуға салса,  
Ізеспес ақын түгіл, ұшқан құс та.* – деген Біржан салдың Сараға берген бағасынан Сараның қандай қасиеті көрінеді? Сараға сендер қандай баға берер едіңдер?
2. Сендердің ойларыңша Біржан салдың Сараны сөзден ұту үшін ең жанды жері – күйеуінің кемдігін бетіне басқаны дұрыс па? Топқа бөлініп, төмендегі екі пікірдің бірін ұстанып, өз ойымызды дәлелдейік.
  - Айтыс – сөз бәйгесі, қалай болғанда да қарсыласын сөзден ұту қажет.
  - Айтыс – өнер жарысы, онда жекебасқа тиісудің жөні жоқ.
3. Мұқан Төлебаевтың «Біржан–Сара» операсын көрейік. Топ ішінде мынадай сұрақтар төңірегінде әңгімелесейік:



- Опера өнері ең алғаш қашан, қай елде пайда болды?
- Операның өзге өнер түрлерінен қандай айырмашылығы бар?
- Қандай операларды білесіңдер? Сендер опера тыңдағанды ұната-сындар ма?

### Зерттегім келеді...

Түркі халықтарының ішінде айтыс қай халықта жақсы сақталған? Оларда айтыстың қандай түрлері бар екендігін зерттеп, шағын зерттеу жұмысын жасайық.

### Білгенім бір тоғыз

Талдықорған қаласындағы ақын Сара мен Біржан сал көшелерінің бойында ақын Т.Досмағамбетовтің авторлығымен жасалған қола ескерткіші тұр.

1993 жылы Қапал ауданының Қапал ауылында ақын Сара мұражайы ашылды.

1999 жылы Сарқан ауданына қарасты Сарқан ауылындағы мектепке ақын Сара есімі берілді.

Астана, Алматы қалаларында ақын Сара атында көше бар.

Белгілі суретші Камиль Муллашев ақын Сараның портретін кескіндеген.<sup>1</sup>

### I бөлімге арналған тест сұрақтары

1. Ислам дәуірі әдебиеті қай кезенді қамтиды?
 

а) VII–VIII ғасырлар аралығын;	ә) VIII–IX ғасырлар аралығын;
б) IX–X ғасырлар аралығын;	в) X–XII ғасырлар аралығын.
2. Махмұт Қашқаридың еңбегін көрсетіндер.
 

а) «Поэзия өнері туралы»;	ә) «Ақыл кітабы»;
б) «Диуани хикмет»;	в) «Диуани дұғат ат-түрік».
3. «Құтты білік» дастанын қазақ тіліне тұңғыш рет аударған кім?
 

а) Н.Келімбетов;	ә) А.Егеубаев;
б) А.Қыраубаева;	в) Ә.Құрышжанов.
4. Аталған дастанда автор Өгдүлмішті ненің символы етіп көрсетеді?
 

а) ақыл-парасаттың;	ә) әділдіктің;
б) бақ-дәулеттің;	в) қанағат пен ынсаптың.
5. Шешендік сөздер мазмұнына қарай мынадай үш топқа бөлінеді. Артығын белгілеңдер.
 

а) шешендік арнау;	ә) шешендік толғау;
б) шешендік өнер;	в) шешендік дау.
6. *Сөйлеу, гайыпты болжау* деген мағынаны білдіретін сөзді табындар.
 

а) риторика;	ә) оратор;
б) философия;	в) психологизм.

<sup>1</sup> Осы айдардағы барлық мәліметтер «Сара санлақ» кітабынан алынған. Құраст. Ш.Бейсенова. Алматы: Жазушы, 2014.



- \*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях



## II бөлім

### ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Достар, «Тарихи шындық пен көркемдік шешім» атты тарауда біз мыналарды танып-біліп, талдап-таразылайтын боламыз:

- әдебиеттің қашанда тарихтың көркем бейнесі, өмірдегі шындықтың өнердегі көркемдікке айналуы екені анық. Тарихи оқиғалар бізге сол оқиғаны көзі көрген адамдар арқылы тарихи өлең, тарихи жыр түрінде жеткен. Нысанбай жырау жеткізген «Кенесары-Наурызбай» жырын оқи отырып, аталған кезеңдегі қазақ-қырғыз арасындағы қиын күндердің куәсі боламыз;

- Махамбет Өтемісұлы – әйгілі акын, күйші-композитор, отаршылдыққа қарсы көтеріліс ұйымдастырушылардың бірі. Қаламы мен қылышын қатар сермеген акынның «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Мен, мен едім, мен едім», «Бағаналы терек» сынды жыр-толғаулары рухымызды көтеріп, намысымызды жанры ақиқат;

- қазақ даласынан шыққан тұңғыш ғалым, саяхатшы, әдебиет үлгілерін жинақтаушы, зерттеуші Шоқан Уәлихановтың әрбір еңбегінің орны ерекше. Оның «Ыстықкөл күнделігі» көрген-түйгеніне негізделген деректі шығарма ретінде әр кезеңде өзектілігін жоймайды. Сендер де өз керектеріңе пайдаланыңдар.

### НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ

Менің атым Нысанбай,  
Ат жібердім тұсамай.  
Өзім жырау болыпшын,  
Ата-анама ұқсамай...

*Нысанбай Жаманқұлұлы*

**Нысанбай жырау Жаманқұлұлы (1822–1883)** қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аккошқар елді мекенінде өмір сүрген. Нысанбай жырау Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа бастан-аяқ қатысқан. Соның негізінде «Кенесары-Наурызбай» атты тарихи жыр қалдырған. Ел арасында сақталған әңгімелердің бірінде Кенесарының бірнеше күн бойы қобызбен жыр айтқан жыраулардың арасынан Нысанбайды ұнатып, өзінің қолымен бірге ала кеткендігі туралы айтылады. Көп уақыт өтпей-ақ ол бірнеше акынмен айтысып, Орданың бас акыны атанады. Осы қасиеттеріне қарап Кенесары оны «Басықарадай батыр жоқ, Нысанбайдай акын жоқ» деп бағалаған деседі.



Нысанбай жыраудың осы жырынан бөлек «Черняевтің Ташкентті алуы», «Күнімжанның оралуы», «Наурызбайдың сауалына жауап» атты толғаулары мен бірнеше айтыстары бізге толық жетпеген. Кенесары–Наурызбай бастаған көтеріліс кенес дәуірінде дұрыс бағасын алмай, олардың аттарын атауға тыйым салынғаны белгілі. Осылайша Нысанбай жырау есімі де халық жадынан өше бастаған еді. Алайда тәуелсіздігімізді алғаннан кейін «Кенесары–Наурызбай» жыры жарыққа шығып, Нысанбай есімі де қайта жаңғырды. Нысанбай жыраудың шығармашылығын Х.Досмұхамедұлы, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев және т.б. ғалымдар зерттеген.

### «Кенесары–Наурызбай» жыры туралы

**Жырдың жариялануы және зерттелуі.** Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» жыры – казак арасына кенінен тараған жырлардың бірі. Жанрлық жағынан карағанда, тарихи жыр. Өйткені Нысанбай жырау өзі көзімен көрген оқиғаны суреттеген әрі кейіпкерлері де өмірде болған адамдар.

«Халық арасына ауызша тараған «Кенесары–Наурызбай» жыры XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап баспа бетін көре бастады. Жырды өз қолымен көшіріп, 1938 жылы қолжазба қорына өткізген белгілі қоғам қайраткері, жазушы Сабыр Шәріпов: «Бұл өленді жұрт аузынан жинаушы – С.Жантөреұлы. 1872 жыл, октябрь. Шаһар-Орынбор», – деп нақтылап көрсеткен. Орысша қолтаңбасында «Из Записки Оренбургского императорского русского географического общества. 1872 год.» деп тағы да тиянақтай түседі. Олай болса, жырдың алғашқы нұскасы 1872 жылы жарияланып, кейін сол мәтін 1875 жылы қайта басылған», – дейді П.Бисенбаев.<sup>1</sup>

Ал казак тілінде бұл жыр алғаш рет Жүсіпбек Шайхисламұлының жинақтауымен 1912–1915 жылдары Қазан қаласында екі мәрте басылып шығады. Жырдың бірнеше рет жарық көруі казак жерінің түкпір-түкпіріне кең таралуына себеп болды. Кенес үкіметі орнағаннан кейін «Кенесары–Наурызбай» жыры екі рет кітап болып шықты. Бірі 1923 жылы Ташкент қаласында Халел Досмұхамедұлының алғы сөзімен басылса, одан кейінгісі 1924 жылы Мәскеуде Нәзір Төреқұлұлының басшылығымен жарияланды.

**Жыр не туралы?** Халық кашанда елі мен жерінің амандығы үшін күрескен ұлдарын естен шығармаған. Сондай батырлардың бірі әрі

<sup>1</sup> Нысанбай жырау. Зерттеулер мен ғылыми мақалалар. Алматы: Арыс. 2013.



бірегейі – он жылға созылған (1837–1847) Ресей отаршылдығына қарсы жан аямай күрескен Кенесары Қасымұлы. Осы көтеріліске қатысып, оқиғаны өз көзімен көріп, көкірегіне түйген адам – Нысанбай жырау.

«Кенесары–Наурызбай» жырына арқау болған басты оқиға – қазақ пен қырғыз арасындағы шиеленісті жорықтар. Тарихи деректерге сүйенсек, екі халықтың сол уақыттағы байланысының бұзылуына себеп болған бірнеше оқиғалар бар. Мәселен, жырды жеткізушілер Қ.Қараев, Ш.Жәңгіров нұскасында қазақ-қырғыз арасының бұзылуына түрткі болған басты оқиға ретінде Наурызбайдың Топжарған атты жүйірігінің ұрлануы көрсетіледі. Жырда Кенесары мен Наурызбайдың ғана емес, Бұғыбай, Құрман, Бұқарбай, Шәкір, Ағыбай секілді батырлардың ерлік істері де суреттеледі. Осы батырлар бейнесі арқылы Кенесары мен Наурызбайдың ерлік істері ашыла түседі.

Жырды зерттеуші ғалымдар мұндағы оқиғалардың ешқайсысының ойдан шығарылмағандығын, олардың барлығының тарихи құжаттардағы деректермен сәйкес келетіндігін айтады. Сондай-ақ Нысанбай жыраудың Кенесары–Наурызбайды үнемі дәріптей бермей, ағат кеткен іс-әрекеттерін сынап отырғандығы да көрсетілген.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты еңбегінде жырдың тарихи маңызына, көркемдігіне баға беріп: «Поэмада оқушының жан жүйесін босататын, ойын тербететін лирикалы мотивтер көп. Бұл поэмасымен Нысанбай XIX ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады», – деген болатын. Ал ғалым Жұмат Тілепов атап көрсеткендей: «Нысанбайдың бұл дастанын Кене мен інісінің ерлігін паш ететін жыр деп қана қабылдамай, жоқтау жыры деп ойласа да артық емес»<sup>1</sup>.

### «Кенесары–Наурызбай» жыры

...Кешегі өткен Кенекен –	Ататегін сұрасаң,
Дүрі жауһар данасы.	Хан Абылай баласы.
Үйсіздерге үй болған,	
Биуатанның қанасы.	...Кенесары, Наурызбай
Шаршағанға ат болып,	Атағы шықты аңқылдап.
Шөлдегенге су болған,	Жауды үркітіп қашырды
Дарияның аққан саласы.	Ақ алмастай жалтылдап.

<sup>1</sup> Тілепов Ж. XIV–XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. Алматы, 2015.



**Тірек сөздер:**

- ✓ дана
- ✓ хан Кене
- ✓ найзағай
- ✓ Топжарған
- ✓ Қалша хан
- ✓ елші
- ✓ Қанайдың  
тамы
- ✓ тоғыз жүйе
- ✓ асудан асу
- ✓ су төгу
- ✓ жамбас жол
- ✓ рұқсат беру
- ✓ қоқан, орыс
- ✓ мылтық
- ✓ жиырма жас
- ✓ сыбаға

Зәресін алды дұшпанның  
Найзағайдай шартылдап.

Жаңбыр жауса аспаннан,  
Қара бұлт торлаған.  
Жаңбыр жауса үстіне,  
Жан баласын қорғаған.  
Бұршақ жауса басына,  
Өзінің басын қорғаған.  
Үш қазақтың баласы  
Хан Кенені сыйлаған.  
Арқада тұрған жерінде  
Топжарған атты ұрлатқан.  
Топжарғаннан айырылып,  
Науан төре сорлаған.  
Кенесары, Наурызбай  
Адамнан қорқар ер ме еді?

Қанасынан аспаса,  
Мықтылық қылар жер ме еді?  
Елші салып сұратты,  
Топжарғанды бермеді.  
Қырғыздан көңілі қалған соң,  
Кенесары, Наурызбай  
Дулатқа қарай өрледі.

...Қоқаннан ауған көп Дулат  
Кененің болды көмегі.  
Қызмет етті Бұғыбай  
Кенесары бегіне.  
Баса қонды хан Кене  
Қокидың шалқар көліне.  
Баса қонған Кененің  
Базынасын көтермей,  
Қырғыздың ханы Қалша хан  
Жар салады еліне.  
Көзімен көріп бұл кезді,  
Нысанбай еді жырлаған.  
Ақылы дария Кенекен  
Хан еді мойны сынбаған.  
Ерегісіп қырғызға  
Хан ойынды шындаған.

Тас-талқан ғып бұздырды  
Қанайдың тамын сырлаған.  
Күмісті садақ, алтын оқ,  
Кенекем жауға жолықты  
Ақ білегін сыбанған.

...Қырғыздан ыза көрген соң,  
Көңіліне азар берген соң,  
Қырғызды таудан асырып,  
Құм белден барып жай алмақ  
Кененің болды арманы.  
...Күздігүні болғанда,  
Қалшаны ұстап байлады.  
Хан болып халқын меңгерген,  
Азды-көпті теңгерген.  
Қалшаға қырғыз баласы  
Жалынып қана күн көрген.  
Салтанатты ханының  
Сатуына қырғыздар  
Тоғыз түйе арттырып,  
Отаулатып қыз берген.  
Қисайған жаға түзелген,  
Кененің ісі жөнделген.  
Сол уақытта Құдайым,



Кенекеме бак берген.  
Қоканнан ауған көп Дулат  
Қараағаштай ел келген...

...Он екі мындай кісі боп,  
Бір күні қаптап ел шапты.  
Ақыл-айла, өнермен  
Кенесары, Наурызбай  
Атадан асты дегенмен.  
Абылай аспас асудан  
Асамын деп өрледі.  
Оңайлықпен қазаққа  
Асуды қырғыз бермеді.  
Тұс-тұсынан құралып,  
Қырғыздың қолы кернеді.  
Бесінге дейін атысып,  
Қазақтың әлі келмеді.  
Қарабалта, Сокқылық  
Аңғарынан шаң асты.  
Қырғыз, қазақ екі жар  
Жалғыз жолға таласты.  
Асудан әрі аса алмай,  
Қырғыздың көңілін баса  
алмай,

Ерлер сонда бір састы.

Үйінде еркек қалдырмай,  
Қырғыз да шыққан айдатып.  
Қылқұйрық қып бәрін де,  
Қару-жарак сайлатып.  
Қызықсын деп асуға,  
Қазына төкті жайнатып.  
Жалғыз жолға су төкті,  
Қар ерітіп қайнатып.  
Келсең кел деп ақырып,  
Сары ала туын жайратып,  
Қырғыздар жүрді жөңкіліп,  
Төскейде атын ойнатып.

Кенесары, Наурызбай  
Қырғыздың ісін кектеді.  
Абылай аспас асудан



Кенесары хан. Сурет  
1830 жылы Омбы  
қаласында түсірілген

Асамын деп өрледі.  
Асуын тастап көп қырғыз  
Бас қамын қылып кетпеді.  
Ойдан атқан зеңбірек  
Тау басына жетпеді.  
Бұрын беті қайтпаған  
Бұ қорлыққа күйеді.  
Қаһарланып хан Кене  
Жад етті Жаппар нені.  
Ашуланып сол жерде  
Алдырды екі түйені.  
Шөгеріп салып түйеге,  
Зеңбірегін сүйеді.  
Тұрғызып қойып атса да,  
Сонда да тауға тимеді...

Батырдан алған басшысы –  
Шапырашты Бұғыбай.  
«Бұғыбай басшы қайда?» деп,  
Шакырып алды Наурызбай.  
Сонда Науан сөйледі:  
– Ай, Бұғыбай, Бұғыбай!





Н.Қарымсақов  
Наурызбай батыр

Қорлық болды бұл қалай?  
Жол таба алмай қамалдық,  
Амал тапшы бұған-ай!  
Бұғыбай сонда сөйледі:  
– Қия тастың бетінде,  
Жалғызаяқ жамбас жол  
Шалып еді көзіміз.  
Жаңылмасам табармын,  
Тәуекел етіп жүріңіз.  
Бұғыбай мұны айтқан соң,  
Сонда тұрып Наурызбай  
Алдына келді Кененін:  
– Бұғыбай айтты бір сөзді,  
Рұксат етсең, Кенекем,  
Барайын соған деп едім.  
Ертіп келгем қасымда  
Бұғыбай басшы ер еді.  
Бұзайын барып қамалды,  
Кенеке, жарлық бер, – деді. –  
Отыз жігіт сайланып,  
Қасыма менің ер, – деді. –  
Тау басына шыққан соң,  
Өнерімді көр деді.

– ...Мақұл, – деді хан Кене  
Наурызбайдың сөзіне.  
Сол уақытта Науанның  
Жан көрінбес көзіне.  
Інісі тілек қылған соң,  
Береді рұксат өзіне.  
Қайтармады меселін,  
Ұмтылып тұрған кезіне.

...Наурызбай кетті бөлініп  
Тау басына барғалы.  
Қамал соққан қырғыздың  
Қамалын бұзып алғалы.  
Кенесары бастығы  
Етекте тұрып қалғаны.  
Талып қалып ұрынды  
Тыңнан бір жол салғалы.  
Өлім, намыс емес пе,  
Қосқа қайтып барғаны?

Сонда тұрып хан Кене  
Көбін жиып сөйлейді:  
– Қол көрінбес шаң болды  
Алатаудың арасы.  
Қараағаштай көп қазақ,  
Бұл сапар болды қарашы.  
Ойда – қокан, қырда – орыс,  
Хакім болды қаласы.  
Кімнен таяқ жегендей  
Біздің қазақ баласы?!  
Алдырып жүрген дұшпанға –  
Өзді-өзінің аласы.

...Сол уақытта қарасак,  
Тау басынан шу шықты.  
Қаптаған қара тұмандай  
Мұнарланып бу шықты.  
Бу десек, мылтық түтіні,  
Қолында жасыл ту шықты.  
Отыз көкжал бөрімен  
Наурызбай төре сол шықты.  
Екі жактың батыры



Дем ала алмай тұншықты.  
 Жеткен екен қамалға  
 ...Наурызбай атты сұр берен.  
 Ор қояндай бұлтпаған  
 Көк дөнен ат астында.  
 Қамзол ішік күнтіған,  
 Ақ орамал басында.  
 Жанған өрттей бұркылдап  
 Жаудың барды қасына.  
 Сол уақытта Наурызбай  
 Жпырмасыншы жасында.  
 ...Наурызбай шықты  
 қамалдан  
 Найзасы қанға боялып.

Не жаны қалсын Кененің  
 Наурызбайдан аянып.  
 Кенекен жауға барған соң,  
 Артындағы көп қазақ  
 Несіне қалсын аянып!  
 Бұл сапарда Наурызбай  
 Жар етті Жаппар несін!  
 Камалын бұзды қырғыздың,  
 Соғыстың тауып жүйесін.  
 Алып шықты үш жүздеп  
 Айғыры мен биесін.  
 Атан демей, нар демей,  
 Жүз алпыстай түйесін.  
 Бөліп берді бәріне  
 Сыбағалы тиесін.

### Сөз сыры

**Биуатан** – панасыздар үйі.

**Жад** – адам баласына тән ой, ес, ақыл, қапер. *Бұл жерде:* жад етті деген құлшылық етті, жалынды, сиынды деген.

**Месел** – көңіл, пейіл, ниет, қалау, яғни өз ұсынысы деген мағынада.

**Берен** – 1) қымбат, асыл мата; 2) осы матадан тігілген киім; 3) белбеу; 4) пышақ сияқты қару; 5) әскери қызметшілердің жекелеген нысандарының қорғаныс жарағы; 6) ұңғысы ұзын шиті мылтық; 7) ауыспалы мағынада батыр, ер деген. *Бұл жерде:* алтыншы мағынада.

**Сыбаға** – бұл сөздің мағынасы көп. *Бұл жерде:* соғыстан түскен олжаны сарбаздарға бөліп беру.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Тарихи жыр.** Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған оқиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген оқиғаларға толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады. Мәселен, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлеңдері тарихи жырлар болады (А.Байтұрсынұлы).<sup>1</sup>



1. Оқыған үзінді не туралы?
2. Үзіндіге ат қояйық. Неліктен олай атағанымызды түсіндірейік.
3. Кенесары мен інісі Наурызбай батыр (Науан) туралы не білесіңдер?
4. Қазақ-қырғыздың арасына сызат түсірген қандай оқиға болды?

<sup>1</sup> Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Алаш, 2003.




5. Кенесары, Наурызбай кыргыздың қай ісін кектеді?
6. Олар қандай асудан аспақшы болды? Осы кезде қандай оқиға болды?
7. Бұл сапарда кім жеңіске жетті?
8. Дастанда тағы қандай оқиғалар болады деп ойлайсындар? Өз болжамымызды ұсынайық.



1. «Ататегін сұрасаң, Хан Абылай баласы» – деген жолдарды негіз ете отырып, Кенесары Қасымұлының тегі мен оның жорықтары туралы мәлімет жинайық. Топ ішінде талдайық.
2. Оқыған үзіндіге арқау болған тақырыптарды анықтайық.
3. Жыр мазмұнының негізінде Кенесары мен Наурызбайға мінездеме берейік.
4. Үзіндідегі Наурызбайдың портретін пайдаланып, қылқаламмен батыр бейнесін бейнелеп көрейік.
5. Ұстазымыздың көмегімен әдебиетте *Топжарған* атқа қатысты басқа қандай шығармалар барын анықтап, сынып ішінде ой бөлісейік.
6. Жыр үзіндісінде кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қолданылу ерекшелігін анықтайық.



Төмендегі кестені пайдаланып, тарихи жыр, батырлар жыры және лиро-эпостық жырларды салыстырайық. Оларға тән ерекшеліктер мен ұқсастықтарды көрсетейік.



1. Жырма жасар Наурызбай батырдың ерлігін қалай бағалар едіңдер? Бүгінде жырма жасар жігіттерден сондай ерлік істер шыға ма, қалай ойлайсындар?
2. Жырға арқау болған оқиғаның тарихта қалай болғандығына салыстырмалы зерттеу жүргізейік.

### Зерттегім келеді...

Қазақ тарихы мен әдебиетіндегі батырлардың тұлпарлары туралы ақпарат жинастырып, шағын зерттеу жасайық.



Кенесары мен Наурызбайдың тағы қандай оқиғаларды бастан кешіргенін білу үшін жырды әрі қарай оқыық.

...Ханға барды Наурызбай:  
– Ержан жауға барыпты,  
Кеше мінген Бәйгікөк  
Бүгін мойны талыпты.

Қапаланып інініз  
Бармағын тістеп налыпты.  
Кенеке, айтпай қайтейін,  
Ініңіз қолды болыпты.



Пенде болып кыргызға,  
 Ержанның көңілі шөкпесін.  
 Ержан тұтқын болды деп,  
 Кыргызға дыбыс кетпесін.  
 Бізді жоқтап Ержекем,  
 Көзінің жасын төкпесін.  
 Тұтқынында дұшпанның  
 Бейнет-азап шекпесін.  
 Аттансын деп батырлар,  
 Шашалық жарлық хабарды.  
 Енді мұнда, тақсыр хан,  
 Тұрмағымыз арам-ды!  
 Кене хан жауап беріңіз,  
 Екі-үш жүз кісі алайын.  
 Көп кешікпей тезірек,

Ержанды іздеп барайын.  
 Асуына шығармай,  
 Айырып алып қалайын!  
 Кене хан жауап бермеді,  
 Наурызбай билеп келген соң,  
 Келіспестей көрінді.  
 ...Жөңкіліп жүрген

кыргыздың

Наурызбай үстін қаптады.  
 Сегіз мерген бір жерде  
 Білте шертіп жатқаны.  
 Жалғыз барған төрені  
 Бәрі тегіс атқаны.  
 Шара бар ма құданың  
 Бұл сапарда қакқаны...  
 Мылтығын тастап тас-тасқа,  
 Қайта қашты мергені.  
 Лап қоя шапты кыргызды,  
 Мергеннің атын бергелі.  
 Жалғыз шауып Наурызбай,  
 Араға түсіп кернеді.  
 Үшеуін шаншып өлтірді.  
 Бесеуі тірі – өлмеді.  
 Бес мергенді тірі айдап,  
 Ханға алып келгені.  
 Сегіз мылтық өңгеріп,

Тарту қылып бергені.  
 Сол уақытта Ақауыз,  
 Жер тарпыды оянып.  
 Наурызбай жүр үстінде,  
 Қызыл қанға боялып.  
 Қанына кыргыз қарайды,  
 Несіне тұрсын аянып.  
 Наурызбайдың үстіне,  
 Қалың келді таянып.  
 Аллалап жүрген кыргыздың.  
 Желі тұрды онынан.  
 Ай мүйізді қошқардың,  
 Бөрі тартты қоңынан.  
 Мұрттай ұшты Ақауыз,  
 Бір мылтықтың оғынан.  
 Наурызбайға лап қойды,  
 Қалың кыргыз шоғынан.  
 Қырсықтың басы емес пе?  
 Төреден қазақ адасты.  
 Кыргыз, қазақ екіұдай,  
 Наурызбайға таласты.  
 Қияда жүрген Бұхарбай  
 Атына қамшы бір басты.  
 Үзеңгісін шығарып,  
 Наурызбайға жанасты.  
 Бұхарбайдың алдына

#### Тірек сөздер:

- ✓ іні
- ✓ тұтқын
- ✓ бейнет, азап
- ✓ қорғасын
- ✓ бес мерген
- ✓ таласу
- ✓ Ақауыз ат
- ✓ атты жеткізу
- ✓ Тәңірі жар болу
- ✓ суат
- ✓ рақым
- ✓ бал ашу
- ✓ құсбегінің торы
- ✓ сұмдық





Р.Тұрсынұлы. Қосын

Наурызбай кетті мінгесіп.  
 Құтылуға қырғыздан  
 Қаша берді «шүу» десіп.  
 Бұл екеуін тұтпаққа,  
 Қырғыздар шапты ілесіп.  
 Қазақтан адам аз болды  
 Соғысатын тіресіп.  
 Бұл екеуін қорғауға  
 Ағыбай сыртын айналды.  
 Шама келсе тіресіп,  
 Алдырмасқа ойланды.  
 Бұхарбай мен Наурызбай  
 Салар еді ойранды.  
 Мінгесуі бір атқа  
 Бұлардың қолы байланды.  
 Сол уақытта қырғыздар  
 Басқын жетіп өрледі.  
 Жалғыз өзі Ағыбай  
 Қорғауға әлі келмеді.  
 Алдыңғы жеткен қырғызбен  
 Араға түсіп кернеді.  
 Қолындағы жарағын  
 Оңды-солды сермеді.  
 Атасы заңғар Абылай,  
 Тілекті берген бір Құдай.  
 Бұхарбай мен Науанға

Ұмтылды қырғыз жабыла-ай!  
 Шәкір де жетті сол кезде,  
 Қабан менен Мендібай.  
 Кертайлақ атты жеткізді  
 Жәуке менен Толыбай.  
 Кертайлақ қолға тиген соң,  
 Мініп алды Наурызбай.  
 Сегіз кісі бас қосып,  
 Су бойында ұрысты.  
 Токтата алмай көп жауды,  
 Үстіртке ойнап шығысты.  
 Кезек жұмсап келеді  
 Найза менен қылышты.  
 Қалың жеткен қырғыздан  
 Ала алмады тынысты.

Сиынады батырлар,  
 Ауызы кетпей тілектен.  
 Шұбыртпалы Ағыбай,  
 Талайды шанышты жүректен.  
 Адасып атып Шәкірдің  
 Мылтығы тиді білектен.  
 Итшілесіп, сілкісіп,  
 Әрең шықты түбектен.  
 Бұл сапарда Құдайым  
 Ерлердің жолын оңдады.



Кертайлақты <sup>1</sup> мінсе де,  
Ақауыз аттай болмады.  
Астындағы атына  
Төренің көңілі толмады.  
Сонда да тәңірі жар болып,  
Тұтылып жауда қалмады.  
Құтылып келіп Наурызбай,  
Ханның түсті қасына.

...Қамығып Науан сөйлейді:  
– Ей, қырық жігіт қуатым,  
Екі жыл шөлге қамадың,  
Қырғыздың бермей суатын.  
Қырық жігітім сендер ең,  
Тауды бұзып жол қылып,  
Тасты талқан қылатын.  
Қырғызды таудан асырып,  
Құмбелден жай алғанша,  
Шыбын жанды аманат  
Жаратқан хакка бергенім!  
Арқадан ауып көшкенде,  
Қызылсу, Ақсу <sup>2</sup> жайлау ғып,  
Құмбелден қыстау алмаққа  
Осы емес пе еді келгенім?!  
Алла ондаса жігіттер,  
Мақсатты жерге жетеміз,  
Босатпай белді шерлерміз.  
Арқадан ауып біз көштік,  
Рақым көрмей орыстан.  
Дәм айдап келді бұл жерге,  
Ауысқан соң қоныстан...

Сол уақытта ер Науан  
Нысанбайға толғанып  
Айтуға бір сөз ойлаған.  
Қашаннан бері жан жолдас,  
Бұлбұлы еді сайраған.

– Ей, Нысанбай, құлак сал,  
Қобызыңды қолыңа ал.  
Қадірін білген ерлерге  
Лебізің еді шекер-бал.  
Көңілден шықсын қапамыз,  
Түрлендіріп күйге сал!  
– «Бісмілла» деп қолыңа  
Нысанбай қобыз алғаны.  
«Япырым» деп баяулап,  
Ән қосып айғай салғаны.  
Он бес жастан Науанға  
Ілінген еді қармағы.  
Өленші болып сөз толғап,  
Бал ашып сәуе <sup>3</sup> көтеріп.  
Балын ашып қараса,  
Ақсұңқар құс ілінген  
Құсбегінің торына.  
Арғымақ ат жығылған,  
Қаланың қазған орнына.  
Ерсінген жігіт кез болған,  
Он екі жерден ту алған  
Әскердің сонша мольна.  
Анықтап болжап қараса,  
Ілінген сынды сұңқарлар  
Егескен жаудың қолына.

Қайтарын бақтың білген соң,  
Ойымен болжай көрген соң,  
Шешен туған Нысанбай  
Өзінің басын амандап,  
Қашуға қанат қомданған.  
Бәрі де жау боп көрінді  
Алатаудың тастары.  
Елден бұрын Нысанбай,  
Жоқ сұмдықты бастады.  
Бастағанның белгісі –  
Қобызы қалды байлаулы,  
Қосшысының жанында.

<sup>1</sup> Кертайлақ – Наурызбайдың Ақауыздың орнына мінген аты.

<sup>2</sup> Құмбел, Қызылсу, Ақсу – жер-су аттары.

<sup>3</sup> Сәуе (көне сөз) — болжау, болатын істі алдын ала білушілік.



## Сөз сыры

**Білте** – 1) шамның жанатын жерін майға салып тұру үшін мақта не матадан жасалған тілше; 2) ертерек кезде қаруды тұтандыратын зат; 3) ойыққа, қуысқа, тесікке, яғни жарақатқа салу үшін мақта не матадан жасалған тілік; 4) сына, яғни қатты тілше; 5) тас, бетон бұрғының ұшына салынатын темір тілікше. Бұл жерде: білте мылтық – қару.

**Суат** – 1) өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері; 2) судың көзі, басталуы, арнасы деген мағынада.

**Сәуе** – көне сөз. Болжау, болатын істі алдын ала білушілік.

**Қосшы** – 1) ертеректе қазақ қоғамында ауқатты, дәулетті топ өкілдеріне жалданып, жеке күтушісі болып жұмыс істеген әлеуметтік топ өкілі, қызметші; 2) батыр қасына ерген сенімді сарбазы, көмекшісі; 3) сенімді серік, қасындағы бірге жүрген жолдасы.



1. Бұл үзіндіде қандай оқиға айтылады?
2. Кенесары мен Наурызбай арасында қандай әңгіме болды?
3. Наурызбайдың қырғызға қарсы шабуына не себеп болды?
4. Наурызбайдың осы жорыққа мінген тұлпары қалай аталды?
5. Осы үзіндіде қандай батырлардың есімі кездеседі?
6. Наурызбай жорықтан қандай көңіл күймен оралды?
7. Наурызбай Нысанбайға қандай бұйрық берді?
8. Оқиға бұдан әрі қалай өрбуі мүмкін? Болжамымызды ортаға салайық.



1. Оқыған үзіндіден Наурызбай бойында қандай қасиеттер көрінгенін баяндайық.
2. Наурызбай мен оның серіктерінің ұрыс үстіндегі іс-әрекеттері сипатталатын үзіндіні оқып, ондағы көркемдегіш құралдардың қызметін анықтайық.
3. *Арқадан ауып біз көштік, Дәм айдап келді бұл жерге,  
Рақым көрмей орыстан, Ауысқан соң қоныстан. ..* – деген жолдарды тарихи оқиғамен байланыстыра отырып, топ ішінде талдайық. Наурызбай батырдың осы сөздеріне қатысты өз пікірімізді білдірейік.
4. Нысанбайдың бал ашқан кезде тұспалдап айтқан сөздерін оқып, оның мәнісін түсіндірейік.
5. *Елден бұрын Нысанбай, Қобызы қалды байлауы,  
Жоқ сұмдықты бастады. Қосшысының жанында, –*  
*Бастағанның белгісі –* деген жолдардағы сұмдық деп отырғаны не нәрсе? Аталған шумақтың мағынасын ашып, қобыздың қазақ халқындағы орны мен маңызы туралы әңгімелесейік.



1. Жырдағы Наурызбай батырға көмектескен батырлар ерлігін қалай бағалар едіңдер? Олар не үшін Наурызбай батырға көмектесті деп ойлайсындар?



2. Болашақты болжау, келер қауіп-қатерден сақтандыру оқиғалары кездесетін қандай шығармаларды білесіңдер? Осындағы Нысанбайдың іс-әрекетін қалай бағалар едіңдер?



Нысанбайдың болжамынан соң, Наурызбай мен Кене ханды қандай оқиға күтіп тұрғанын білу үшін жырды әрі қарай оқың.

...Үш казакта Ұлы жүз  
Дулат деген ел екен.  
Ол Дулаттың ішінде  
Рүстем менен Сыпатай,  
О да бір бастық ер екен.  
Қырғызбенен бұрыннан  
Қарым-қатынас арасы  
Таныс болған жер екен.  
Сүйтсе дағы Рүстем  
Байұзактан ұялып,  
Наурызбайдан сескеніп,  
Құр сүлесі жүр екен.

#### Тірек сөздер:

- ✓ уәдеден тану
- ✓ хабар салу
- ✓ қамау, шабу
- ✓ шаттану
- ✓ қабыл
- ✓ сасқалақтау
- ✓ халық қашуы
- ✓ санау
- ✓ ноқталы бас
- ✓ тартып алу
- ✓ лайық

Қыстай мінген казақы ат  
Жалы кетіп арыпты.  
Көмек қылған көп Дулат  
Уәдесінен таныпты.  
Рүстем менен Сыпатай  
Қырғызға хабар салыпты:  
Қырғыздар бүгін аттансын,  
Бір буын әскер шамалап.  
Қараңғы түннің ішінде  
Асуға келген әскердің,  
Білмесін ешкім бағалап.  
Дабыл қаксын күнірентіп,  
Көбейгендей балалап.  
Даяр боп біз де тұрайық,  
Спынып хаққа тобалап.  
Қол қаштылап шабайық,  
Келгенде әскер қамалап.  
Бейкам жатқан төрені  
Қолыңа ұстап береміз,  
Қылмаса Құдай жаманат.

...Қолына тиді қырғыздың  
Рүстемнің жазған қағазы.

Барғаннан соң қағазы  
Қырғыздар шулап мақтанды.  
Алармыз деп төрені,  
Мақтанып бәрі шаттанды.  
Қараңғы түннің ішінде  
Жеті жүз кісі қол болып,  
Төрелерге аттанды.

..Қазактан шыққан карауыл  
Дабыл қағып күніренткен,  
Естіді дауыс құлағы.  
Анықтап, болжап қараса,  
Қырғыздың қолы секілді  
Қоқиланған ұраны.  
Қарауылшылар есітіп,  
Қосына қайта шабады.  
Көз ұйқыға барғанда,  
Қарауыл хабар салады.  
Дайын тұрған дулаттар  
Мініп алған атына,  
Қол қаштылап барады.  
Бейғам жатқан көп әскер  
Сасқалақтап қалады.



Бет түзеген жөні жоқ,  
Белгілеген жері жоқ,  
Бет-бетімен асады.  
Қашты халық бетімен,  
Қол қаштылап дулаттың  
Өтірік амал лебімен.

Тар колтықтан оқ тисе,  
Ерлер қабак шытар ма?!  
Асыл жібек тозар ма,  
Ажары кетіп жұқармай?!  
Ердің көңілі токтар ма,  
Тауы қайтып мұқалмай?!  
Наурызбайдың соңынан,  
Сегіз кісі бұл келді  
Табыннан Қабан, Бұхарбай.  
Он жеті жігіт қасында  
Қасына келіп қосылды,  
Ағыбай, Дулат, Мендібай.  
Отыз алты кісі боп,  
Олар да келді бір жақтан  
Шәкір, Жәуке, Төлебай.  
Үй артына жау келсе,

Тарылғаны заманның.  
Он алты жігіт қасында  
Құрманы келді Таманың.  
Еру болып екі күн  
Санағанда Наурызбай,  
Екі жүз де жпырма екі  
Адам болды шамасы.

...Наурызбай сонда сөйлейді:  
– Кел, жігіттер, құлак сал,  
Біздің жайдан хабар ал.  
Басыма үлкен іс түсіп,  
Бастан ауыр күш түсіп,  
Кең дүнием болды тар.  
Қанатым сынды майырылып,  
Кенекемнен айырылып,  
Бір көруге болдым зар!  
Белсеніп жауға кіретін,  
Өзіммен бірге жүретін,  
Кенеден хабар білетін,  
Талапты жігіт қайда бар?  
Қысылшаң жерде табатын,  
От болып жайнап жанатын,



Т.Табысбек. Сонғы шайқас



Кенені қолға алатын,  
Қайсысында айла бар?  
Тілімді алсан жігіттер,  
Қырғызға таман жетейік.  
Ноқталы басқа бір өлім,  
Қазамыз жетсе өлейік.  
Қараңғы кешті бетке алып,  
Бір шетінен енейік.  
Алла оңдаса, жігіттер,  
Кенені алып келейік.  
Ала алмасқа күш келіп,  
Тым болмаса, жігіттер,  
Артық туған Кененін

Дидарын барып көрейік.  
Сөзімді тында, халайық,  
Іріктеп жігіт алайық,  
Ат мандайын түзетіп,  
Алатауға салайық.  
Қоқиланған қырғыздан  
Кенені тартып алайық.  
Наурызбай қашып кетті деп,  
Аталғанша жігіттер,  
Көрсетіп кара тұрайық.  
Өзінің басын амандап,  
Жолдасын тастау жігітке  
Бола ма екен лайық?

### Сөз сыры

**Құр сүлесі жүр** – 1) діңкеледі, шаршады; 2) әбден азып-тозды, арықтады, жүдеді. *Бұл жерде:* бірінші, бұрынғы таныс, қарым-қатынаста болған адамдарынан қатты ұялып, екінші, өз батырларынан қорқып, қайтерін білмей, қатты қажу, уайымға салыну.

**Дабыл** – 1) бір нәрсенің қозғалыстың дауысы, дыбысы; 2) ауыспалы мағынада ұран, үндеу, жар салу; 3) дақпырт, даңқ; 4) жорықта, саятшылықта пайдаланылатын ұрмалы аспап; 5) ерекше жағдайда берілетін шартты белгі, сигнал; 6) музыкалық аспап. *Бұл жерде:* төртінші мағынада.

**Ноқта** – зат. 1) мал басына кигізілетін ер-тұрман әбзелі; 2) тыйым, кедергі. *Бұл жерде:* ноқталы бас ауыспалы мағынада «Басымызда ноқта, яғни Алланың құлымыз. Қашан өлсек те, әйтеуір бір өлім» дегенді білдіреді.



1. Үзіндіге ат қояйық. Неліктен олай атағанымызды дәлелдейік.
2. Нысанбай бал ашқан соң қандай оқиға болды?
3. Рүстем мен Сыпатай кім еді?
4. Олар қырғыздарға не жолдады?
5. Неліктен қалың дулат Наурызбайдан бөлініп, қашып кетті?
6. Наурызбайдың қасында кімдер қалды?
7. Оқиға әрі қарай қандай сипат алады деп ойлайсындар? Өз болжамымызды ұсынайық.



1. Осы үзіндідегі Наурызбайдың психологиялық жағдайын диаграмма түрінде көрсетіндер.
2. Төмендегі кестені пайдаланып, үзіндідегі кейіпкерлерге мінездеме берейік.

Наурызбай	Рүстем мен Сыпатай	Наурызбайдың серіктері
Қандай?	Қандай?	Қандай?
Не істеді?	Не істеді?	Не істегілері келеді?
Мақсаты не?	Мақсаттары бар ма?	Нені қалайды?





1. Рүстем мен Сыпатайдың іс-әрекетін қалай бағалар едіңдер?
2. Басқа қандай батырлар жырын білесіңдер? Сұхбат құрындар.



Қайсымыздың болжамымыз дұрыс келді екен? Оны біту үшін жырды әрі қарай жалғастырайық!

### Тірек сөздер:

- ✓ кеңесу
- ✓ алауызды
- ✓ ел тілеуі
- ✓ қош айтысу
- ✓ бытырау
- ✓ бас амандығы
- ✓ өзі келу
- ✓ құныкер
- ✓ биге беру
- ✓ жаудың торы
- ✓ қараша
- ✓ келер күн

Сол арада ой ойлап,  
Қазақтар қалды кеңеске.  
Кеңескенде не десті,  
Бірі ілгері, бірі кейін,  
Сөздері қалды егеске.  
Қашаннан бәрі алаауыз,  
Белгілі қазақ емес пе?  
Қазақ болып кеңесіп,  
Ұйғарған мынау сөздері:  
Ханға нөкер болып ек,  
Төренің еріп соңынан.  
Пайда көрдік Кененің  
Ақылының молынан.  
Шыққанша Кене талай бар,  
Қырғыздың босап қолынан.

Бұл жерден қазақ кетейік,  
Ендігі жерде жансауға.  
Елге таман жетейік,  
Ер жігітке сол пайда.  
Бас аманда қос тапқан,  
Қалармыз бүгін секейіп.

...Атына мінді ер Науан,  
Қазақтан сөзге жарымай.  
Көпке қарап сөйлейді,  
Қаламдай қасы кнылып:  
«Басымда бағым барында,  
Үш қазаққа басшы боп,  
Тілеуін елдің тіледім.  
Ел қылам деп қазақты  
Сүйрегеннің бірі едім.  
Алауызды қазақтың  
Опасызын білмедім.  
Басымнан бағым тайған соң,  
Жемек түгіл, ел қамын  
Әуре болып жүдедім.

Қырғыздан қашып құтылып,  
Жалғыз калып жұтынып,  
Арқаны барып көргенше,  
Ел көзіне көрінбей  
Жақсы емес пе өлгенім?!  
Лаж білген азамат,  
Қара болып ергенің.  
Ермегенің жата бер,  
Қош айтысып жөнелдім,  
Алды-арты осы көргенім!»  
Жүріп кетті ер Науан,  
Көптен көмек көре алмай.  
Әр топтан шыққан сегіз ер  
Көз майын жеген төренің,  
Олар да қалды ере алмай.  
Төре аттанып кеткен соң,  
Бытырап кетті қалған жұрт  
Баксының тозған жынындай.

...Жетіп келсе Наурызбай,  
Ержан менен Кенені



Қолына алып қырғыздың,  
 Мынау екен кеңесі:  
 «Қолына түспей әскердің  
 Наурызбай кетті құтылып.  
 Амалы көп қу төре,  
 Қолдан кетті сытылып.  
 Бұл Кенені өлтірсек,  
 Қасына ауыр қол алып,  
 Бір күні келер жұтынып.  
 Ашулы болып ол залым,  
 Жын ұрғандай құтырып.  
 Алатауда Дулаттар,  
 Қатын менен баланы  
 Жесір қылып шулатар.  
 Мәуелеген бәйтерек  
 Шөлмектей қылып қуратар.  
 Қуанбайық бұл күнде,  
 Тайды деп төре табаны.  
 Қол жиып келер бір күні,  
 Төренің көп ед амалы.  
 Азаматтар тіл алсаң,  
 Жібереіік төрені  
 Жақсы ғой бастың аманы».

Сонда шықты Наурызбай  
 Алатаудың басына,  
 Сөз аяғы басылмай,  
 Қырғыздың келді қасына.  
 «Ажалдың оғы жігітке,  
 Балдан тәтті болады»  
 Деген мақал осы да!  
 Тізесі батқан сорлының,  
 Наурызбайды танытын  
 Қырғыздар тұрды шошына.

Төрені қырғыз тойлады,  
 Тойлайын деп ойлады.  
 Өзі келген төренің  
 Қолын бекем байлады.  
 Оны көріп Кененің  
 Зығырданы қайнады.  
 «Өттеген-ай, әттен!» деп,  
 Бармағын кесе шайнады.

Ажал оқ тиіп сөгілді  
 Ақ сауықтың көбесі.  
 Төрені ұстап қырғыздың



Қ.Омархан. Батыр бабалар



Көкке тиді төбесі<sup>1</sup>.  
Ала алмаған соғысып,  
Босқа келді төресі.  
Ержан менен Наурызбай  
Қосыла түсті Кенесі.

Дүние ісі өмірмен  
Басқа тиді ақыр кеп.  
Кенені алды әуелі  
Қалша ханның ағасы.  
Үлкейіп қалған кісі екен,  
Алпысқа келген шамасы.  
Қалша ханды ұстатқан  
Құныкерің осы деп,  
Ханның басын хан алады.  
Тап өзінің тұсы деп,  
Кенені алып жөнелді.  
Сақау кыргыз төреден,  
Кезегін алып кенелді.  
Бұрын осал<sup>2</sup> болса да,  
Өзі келген төрені  
Олжаға салып кенелді.

Алатұғын екінші  
Ержанның келді кезегі.  
Өткен майдан кезінде  
Қара ала атты бір кыргыз  
Майданға келіп еніп ед.  
Ер Бедердің соңынан  
Жекпе-жек деп келіп ед.  
Кекіліктің тауында  
Наурызбайдан өліп ед.  
Інінің мынау құны деп,  
Ескожаның баласы  
Жанғараш биге береді.  
Не десе де кыргыздың  
Айтқанына көнеді.  
Басында бағының барында,

Ержан сынды құрыш болат  
Қай ерлерден кем еді?  
Басынан бақ тайған соң,  
Бұйдалаған тайлақтай  
Қырғызға еріп жөнелді.

Баяғы шешен Кәрібоз  
Ер Қанайдың баласы.  
Шонай еді туысқан,  
Кәрібоздың ағасы.  
Бедер өліп Науаннан,  
Кәрібоздың сол күнде  
Көңілінде бар еді жарасы.  
Інінің мынау құны деп,  
Сатсаң толар пұлы деп,  
Науанды берді қолына.  
Шарықтап жүрген сұңқарлар  
Ілінді жаудың торына...

...Жұлдыздың көркі бола ма,  
Ішінде бір ай болмаса?!  
Қарашада не күй бар,  
Айбынды ханы болмаса?!  
Кенесары, Наурызбай  
Қол басында болмаса?!  
Халық несі хандарды  
Қалай айтсам мін бар ма?!  
Шегірткеге таланған  
Қырғауылда жүн бар ма?!  
Жапалақтан сескенген  
Жалғыз қазда үн бар ма?!  
Хандарынан айырылған  
Қарашада сын бар ма?!  
Қайран, есіл ерлерді  
Енді бір көрер күн бар ма?!  
Ақауызды жүгіртіп,  
Кенекенді тірілтіп,  
Наурызбай келер күн бар ма?!

<sup>1</sup> Көкке тиді төбесі – өте қатты қуанды, ойлағаны болды деген.

<sup>2</sup> Осал – бұл жерде: ауыспалы мағынада күшті, әлді, мықты.



## Сөз сыры

**Лаж** – араб сөзі. 1) амал боларлық, айла етерлік шара, амал; 2) экономика ғылымында алтынға қатысты қағаз ақшаның құнсыздану процесі. *Бұл жерде:* істің амал-айласын білдіретін ыңғайы келсе, мүмкін болса деген мағынада.

**Зығырданы** – ашу, ыза, кек. *Бұл жерде:* амалы таусылды, қатты өкінді, аһ ұрды, ыза кернеді, үмітін үзді дегенді білдіріп тұр.

**Құныкер** – кісі өлтірген айыпкер, яғни жазалы адам.

**Құн** – 1) кісі өлтірген үшін айыпкер немесе оның руы тарапынан мал басымен төленетін төлем, алым; 2) белгілі бір затқа тән баға, нарық; 3) қадір, қасиет. *Бұл жерде:* өлтірген адамның өзін өлтіріп құнын алу, яғни өшін алу, кегін қайтару.

**Әнжам (әнжем)** – ер-тұрман, ат сайманы, әбзелі.



1. Наурызбайдың қырғыздан Кенесарыны босатып алайық дегеніне сарбаздар қандай жауап айтты?
2. Қырғыздар Наурызбай келгенде қандай кеңес құрып отыр еді?
3. *Бармағын шайнау, құн, пұл, құныкер, бастан бағы таю* сөздері мен сөз тіркестерінің жырдағы мағынасын түсіндірейік.
4. Жырдың толық нұсқасын оқып, алған әсерімізді тезис түрінде дәптерімізге түсірейік.



1. Жырдың хрестоматияда берілген мәтінін толық оқып, төмендегі кесте бойынша сюжеттік-композициялық талдау жасайық.



Оқиғаның шешімі

Оқиғаның шарықтау шегі

Оқиғаның шиеленісуі

Оқиғаның дамуы

Оқиғаның басталуы

2. *Жаңбыр жаумай су болды,  
Пұлы қымбат манатым.  
Тасқа тимей кетіледі,* *Балдағы әнжам болатым.  
Топшасынан үзілді,  
Екі бірдей қанатым , –*  
дейтін жыр соңында кездесетін *троп* түрлерін айқындайық.
3. Жырдағы қырғыздар сөзі арқылы Наурызбайға мінездеме береіік.
4. *Төре аттанып кеткен соң,  
Бытырап кетті қалған жұрт  
Бақсының тозған жынындай , –* деген жолдарды тарихи мәліметтерді пайдалана отырып талдайық.



1. *Кенекем менің кеткен соң,  
Заманым қалды тарылып.  
Халық иесі хандардан  
Жетім қатдық айырылып!  
Екі бірдей қанатым,* *Топшыдан сынды қайырылып!  
Балдағы алтын ақ берен,  
Тасқа тиді майырылып.  
Кемшілік түсті басым,  
Көрінгеннен қаймығып , –*



деген жолдардың мағынасын ашайық. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, Кенесары хан мен Наурызбай батырдың қазақ тарихындағы орнына баға берейік.

2. Жырдағы қазақ пен бүгінгі қазақ бейнесі арасында айырмашылық бар ма, қалай ойлайсыңдар? Салыстырмалы баға берейік.



*Бұл жерден қазақ кетейік,  
Ендігі жерде жансауға,  
Елге таман жетейік,*

*Ер жігітке сол пайда,  
Бас аманда қос тапқан,  
Қалармыз бүгін секейіп, –*

деген халық шешіміне көзқарасымызды білдірейік. Жыр үзіндісін хрестоматиядан оқыңдар. Неліктен халық мұндай шешімге келді деп ойлайсыңдар? Бұл шешімді қалай бағалар едіңдер?

### Зерттегім келеді..

Қосымша дереккөздерін пайдаланып, Кенесары Қасымұлының ерлік істері және құпияға толы өмірінің соңғы күндері туралы шағын зерттеу жүргізейік.

### Білгенім бір тоғыз

Ұлы Отан соғысы қарсаңында Кенесары көтерілісі туралы тарихи-фольклорлық үлгілерді жинау жұмысы белсенді жүре бастады. 1939 жылы «Большевик Қазақстана» журналының 8-санында Якунин деген адамның Кенесары туралы мақаласы басылады. Мақала авторы Кенесарыны оңбаған адам етіп жазады. Осы кезде қазақтың белгілі ғалымы Есмағамбет Ысмайылов қазақ тарихын бұрмалап, жалған ақпарат таратушыларға қарсы айтыс ұйымдастырып, ол туралы бірнеше рет баяндама жасайды. Оны Мұхтар Әуезов, Әбділда Тәжібаев, Сәрсен Аманжолов сияқты ғалымдар қолдап, ақыры жеңіп шығады.

Ғалым бұл туралы ғалым Е.Ысмайылов Б.Момышұлына жазған хатында: «Сол айтыстың кезінде екі-үш ай бойы ұйқы, күлкі көрмей, арып-талып, архивтің арасында отырып, барлық жүйкені тоздырып жүрген кездер болды. Сол не үшін еді? Ата-бабаның жақсы қасиетіне кір жұқтырмау үшін ғой», – дейді.<sup>1</sup>

## МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында Махамбеттен асқан акын жоқ. Бұл шындықты әр қазақ та, бар қазақ та мойындап болған.

*Зейнолла Қабдолов*

**Өмірбаяны.** Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті акындарының бірі – Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Бекетай құмы деген жерде дүниеге келген. Махамбеттің әкесі Өтеміс шешен адам болған деседі. Оның 10 ұлы болған. Махамбеттің:

<sup>1</sup> Өнегелі өмір. Алматы: Қазақ университеті, 2012.



Өтемістен туған он едік,  
Онымыз атқа қонғанда,  
Жер қайысқан қол едік, –



деп жырлауы осыдан болса керек.

Махамбетті әкесі алдымен мұсылманша оқуға береді. Шешендігі, ақындығымен ерте көзге түскен Махамбетті Жәңгір өз жанында ұстауға тырысады. Жәңгір хан өзінің Зұлқарнайын деген баласын Орынборға оқуға жібергенде, Махамбет соның жанында болып, орысша жазу-сызуды үйренсе керек. Алайда Махамбет сарай ақыны болмай, Жәңгір ханның кейбір озбырлықтарын ашып айтып, елдің сөзін сөйлей бастады. Өзінен бұрынғы Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты жырауларды жақсы білген ақын ерлікті, адамгершілікті, адалдықты жырлады.

**Саяси күрес жолы. Махамбет – батыр.** Махамбет 1829 жылы Жәңгірдің билігін іштен әлсіретпек болған Қайыпқали мен Шөке Нұралыханұлына ілесіп, халық ішінде үгіт-насихат жүргізеді. Қозғалыстың насихатшысы болғаны үшін 1829 жылдың көктемінен 1831 жылдың күзіне дейін Калмыков түрмесінде отырады. Ақынның:

Кеше біз зынданда жатып құбылдық,  
Қамалаған көп дұшпанға қор болдық,  
Терезеден телміріп,  
Ағайын мен туғанды  
Бір көруге зар болдық, –

деп келетін «Зынданда» атты өлеңі осы кезде жазылған.

Орынбор түрмесінен шыққаннан соң, біраз уақыт Жәңгірдің жанында жүрген Махамбет ел билігіне араласып, 1834 жылы старшын болып сайланады. Соған карамастан хан сөзінен гөрі халық үніне көбірек құлақ асқан Махамбет ханға қарсы келген Исатайдың сөзін сөйлеп, оның жағына шығады. Кейін 60 атан айып тартып, қысымға қарсы келген батыр елден кеткенде:

Алдияр тақсыр, ханымыз!  
Исатай батыр кеткелі  
Келмеді біздің сәніміз.  
Тілімді алсаң, тақсыр-ай,  
Шайтанның мойнын жұлдырып,

Ордаға қайтып алыңыз.  
Арыстан еді-ау, Исатай!  
Нетесің, тақсыр, табалап,  
Құйттайымда өсіп ем,  
Бауырында паналап, –

деп ханның бетін бері қаратпақ болады. Алайда айтқанға көнетін хан ба? Осылайша екеуінің талас-тартысы «Хан емессің, қасқыр-сың...» өлеңіне жалғасып, нәтижесінде патшалық Ресейдің отарлау



саясатына қарсы Исатай–Махамбет бастаған 1836–1838 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтеріліске ұласады.

**Тарихи жағдай. Исатай–Махамбет көтерілісі.** Көтерілістің тууына себеп болған басты мәселе – жер еді. Ең алдымен Ішкі Бөкей ордасын мекендеген халықтың қонысы тарылды. Жәңгір хан жерге қожалық етуін күшейте түсті. Өзі мен жақындарын жайлы қоныспен қамтамасыз ету үшін, ең шұрайлы жерлерді маңындағыларға үлестіріп, жақсы жерлер ірі бай-сұлтандарға бөлініп берілді. Осылайша жерге қожалық көбейіп, халыққа ортақ жердің жекелеген адамдарға бөліп берілуі салдарынан қоныс тарыла бастады. Бұл жағдайлар малмен күнелтіп отырған елді қатты күйзелтті. Мұнымен қатар тұяқ, пітір, хан соғымы, хан қонакасы т.б. салық түрлері көбейді. Халықты қанаушы тек хан тұқымы емес, оның маңындағы бек-болыс, сұлтандар да салықты арттырып, бұқараны қанша аламын, қалай жазалаймын десе де еркінде болды. Осындай экономикалық әрі рухани қысымның салдарынан халықтың наразылығы басталды.

Ішкі Ордада көтерілістің алғашқы толқыны 1827–1829 жылдары басталып, жер дауы, салықтық езгі, әлеуметтік қысым, отаршылдық қанау 1836 жылы көтеріліске әкелді. Көтерілісті батыр Исатай Тайманұлы мен ақын Махамбет Өтемісұлы басқарды.

**Махамбет – ақын.** Махамбет – Исатай–Махамбет көтерілісінің белді өкілі ғана емес, сол көтерілісті халыққа жеткізуші. Оның жырларынан көтерілістің бүкіл сипаты аңғарылады. Ақын шығармаларының басты тақырыптары: Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтанға деген ашу-ыза, әділдік жолындағы қайсар мінез, Исатай бастаған батырлардың ерлік істері. Махамбеттің «Нарын», «Ереулі атқа ер салмай», «Беркініп садақ асынбай», «Толарсактан саз кешіп», «Әй, Махамбет, жолдасым» (Исатай атынан жазылған), «Соғыс», «Орай да борай қар жауса» т.б. көптеген өлеңдерінен оның арманы, өкініші анық көрінеді.

Ақын шығармашылығының бір бөлігі майдандас серігі, жан жолдасы Исатайға арнаған өлеңдерден тұрады. Махамбеттің «Исатай деген ағам бар», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Тарланым», «Исатайдың сөзі», «Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай» және т.б. өлеңдерінде Исатайдың көрегендігі, батырлығы сипатталады.

Махамбет өлеңдерінің тілі көркем, образды. Оның тілінде эпитет, теңеу, әсірелеу, ауыстыру, литота, параллелизм – бәрі кездеседі.

Мысалы, Исатайға арнаған өлеңінде:

Арыстан еді-ау Исатай,  
Бұл пәнидің жүзінде  
Арыстан одан кім өткен, –

деп оның ерлігін метафора арқылы көрсетеді. Ал:



Адырнасын ала өгіздей мөніреткен,  
Атылған оғы Еділ-Жайық тең өткен.  
Атканын қардай боратқан,  
Көк шыбығын қанды ауыздан жаратқан, –

деген үзіндіде теңеу, әсірелей теңеу, метафоралар бар.

Акынның өлеңдері жыр түрінде, 7-8 буынды болып келеді. Көбінесе шұбыртпалы, кезекті ұйкастарды жиі қолданған.

**Махамбет өлеңдерінің аударылуы.** «Акынның 28 өлеңі тұңғыш рет А.Никольскаяның аударуында «Повстанческие песни казахов XIX века» деген жинақта басылды (1936 жыл)», – дейді Б.Аманшин.<sup>1</sup>

**Махамбет күйлері:** «Қайран Нарын», «Жұмыр-Қылыш», «Өкініш», «Шілтерлі терезе», «Жорық», «Жайық асу» т.б.

«Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, патша заманында Баймағамбет сияқты сұлтандар Махамбет күйлерін орындауға тыйым салғандықтан, домбырашылар жасырын түрде тартатын болған. Олар Махамбеттің өзі түгіл, күйлерінен де қатты сескенеді екен»<sup>2</sup>.

### «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» толғауы

#### I

Алайма, сұлтан, алайма,  
Астыма мінген арғымақ  
Аяндап түсіп марай ма?  
Арғымақ дейтін жығылар,  
Найза бойы жар келсе,  
Жабыдайын жалтандап,  
Түсер жерін қарай ма?  
Арғымақ атқа алтыннан  
таға қақтырса,  
Кілегей қатқан Еділдің  
Көкше мұзынан таяр ма?!  
Ата ұлының баласы  
Асыл ерге малың бер.  
Малың бер де, басын қос,  
Басына тарлық іс түссе,  
Ол ардақтаған әділ жанын  
аяр ма?

#### Тірек сөздер:

- ✓ сұлтан
- ✓ көкше мұз
- ✓ хан ордасы
- ✓ әділ жан
- ✓ қол
- ✓ қылыш сермеу
- ✓ аламан
- ✓ қара балта
- ✓ жіпсіз байлау
- ✓ ақы
- ✓ өзекті жан
- ✓ садақ
- ✓ шамдану
- ✓ бас кесу
- ✓ боз орда
- ✓ тәуекел таң

<sup>1</sup> Махамбет Өтемісұлы. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 3-том. Құраст.: А.Егеубаев, Қ.Раев. Алматы: Ғылым, 2003.

<sup>2</sup> Сонда. Қоспақов З. Ахмет Жұбанов зерттеулеріндегі Құрманғазы мен Махамбет күйлері.



## II

Біз бір енеден бір едік,  
Бір енеден екі едік,  
Екеуміз жүргенде,  
Бір-бірімізге ес едік.  
Бір енеден үш едік,  
Үшеуміз жүргенде,  
Толып жатқан күш едік.  
Бір енеден бес едік,  
Бесеуміз жүргенде,  
Алашқа болман деуші едік.  
Өтемістен туған он едік,  
Онымыз атқа мінгенде,  
Жер қайысқан қол едік.

### III

Еділді көріп емсеген,  
Жайықты көріп жемсеген,  
Таудағы тарлан шұбар біз  
едік.

Исатайдың барында,  
Қара қазан, сары бала  
Қамы үшін қылыш  
сермедік.

Шабытымыз келгенде,  
Шетінен сүйреп жеп едік.  
Баста дәурен тұрғанда,  
Біздер дағы, Бәйеке,  
Оза көшіп, кең жайлап,  
Еркімен еркін жатқан ел едік.

## IV

Еділ үшін егестік,  
Жайық үшін жандастық,  
Қығаш үшін қырылдык,  
Тептер үшін тебістік.  
Тендікті, малды бермедік,  
Тендіксіз малға көнбедік.  
Со секілді асқан қайраттан  
Ойлашы, кәні, не таптық?!

## V

Ханның кірген ақ орда,  
Бұзуын ойлап кенестік.  
Аламанға жел бердік,  
Аса жұртты менгердік.  
Қара казак баласын  
Хан ұлына тенгердік.  
Өздеріндей хандарды  
Қабырғасын сөгілтіп,  
Қабырғадан аққан қан  
Ат бауырына төгілтіп,  
Әділ жаннан түнілтіп,  
Ат артына өңгердік...

## VI

Кешегі Исатайдың барында,  
Алақандай Нарынды  
Басушы едім құлаштай.  
Жәбір беріп, жала етсең,  
Былғанған басым ласқа-ай.  
Мен бір шарға ұстанған  
Қара балта едім,  
Шабуын таппай кетілдім,  
Қайраса, тағы жетілдім.  
Көрмес, келмес деп едім,  
Өз еркімен бетімді-ай.  
Есігіңнің алдына  
Ұрмай-соқпай келтірген,  
Арманың бар ма Құдайға,  
Мынау Махамбет сынды  
жетімді-ай!!!

## VII

Ханнан кегім ала алмай,  
Арқаның алпыс саласына  
барғанда,  
Айдаһардай арбадын,  
Арбадын да қалмадың.  
Қайрат қылар ер біз болсақ,  
Заманымда болған сұлтаным,  
Бізді жіпсіз байладың.



## VIII

Еділ мен Жайық жер еді-ау,  
Мекен еткен шаруаға,  
Жағасы қорған жай еді-ау,  
Жай-қоныстан айырылып,  
Мен бір қаңғырып жүрген  
карашы,  
Қайта-қайта шақырып,  
Менде қандай ауыр ақын бар  
еді-ау?!

## IX

Мен – аксұңкар құстың  
соіымын,  
Шамдансам, таксыр, кетермін,  
Кетпей де нешік етермін?!  
Бұл барғаннан барармын,  
Қиядан орын алармын.  
Өтініп алып от жақпан,  
Дұшпанға қылыш ұрармын,  
Тілекті Тәңір аңғарса,  
Бөліне көшкен елінді  
Үріккен қойдай қылармын.  
Жарыла көшкен елінді,  
Жаралы қудай қылармын.  
Мен кеткенмен тек кетпен,  
Сізден артық табармын.

Ашуыма көп тисен,  
Өзекті жанға бір өлім,  
Орданды талқан ғып  
шабармын.

X

Бірсіндеп садақ асынған,  
Біріндеп жауын қашырған,  
Құйкылжыған құла жирен ат  
мінген,  
Құйрық-жалын шарт түйген,  
Мен кескекті ердің сойымын,  
Кескілеспей бір басылман.  
Алдыңа келіп тұрмын деп,  
Ар-намысымды қашырман.  
Сүйегім тұтам қалғанша,  
Тартылмай сөйлер асылмын.  
Ай, таксыр-ай, ай, таксыр,  
Бойың жетпес биікпін,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан!  
Айта келген сөзім бар,  
Не қылсаң да жасырман.  
Шамдансам, жығар асаумын,  
Шамырқансам, сынар  
болатпын,  
Кәр қылар деп, таксыр-ау,  
Аяғына бас ұрман.



С.Ашев. Махамбет пен Исатай



Бәйеке, сұлтан, аксүйек,  
Қыларын болса, қылып қал.  
Күндердің күні болғанда,  
Бас кесермін, жасырман!..

## XII

Ай, тақсыр-ау, ай, тақсыр!  
Боз орданы тіктім деп,  
Боз ағашты жықтым деп,  
«Ханым, ханым» дегенге...

Көпірте берме ұртынды,  
Күндердің күні болғанда,  
Өзіңнен мықты жолықса,  
Ту сыртыңнан жармай алар  
өтіңді.

Тәуекел такка бел байлап,  
Қималы найза өңгеріп,  
Бозбалаға жел беріп,  
Атқа мініп шыққанда,  
Зұлым төре, сенің де  
Көрер едім артынды...

### Сөз сыры

**Жабы** – 1) қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы; 2) ауыспалы мағынада төмен, нашар, шамалы; 3) шатырсыз жатаған үй; 4) жабырқаңқы, уайымды, мұңды. *Бұл жерде: бірінші мағынада.*

**Ене** – 1) ерлі-зайыптылардың шешелерін білдіретін туысқандық атау; 2) аң, мал төлінің аналығы; 3) көне сөз: баланың анасы, шешесі; 4) ауыспалы мағынада асыраушы, өсірген, өндірген, жеткізген, өмір, азық деп те айтылады. *Бұл жерде: туған ана мағынасында.*

**Қол** – 1) адамның дене мүшесі; 2) жұмыс күші, адамдар; 3) билік, иелік; 4) қолтаңба, жазу; 5) көне сөз: көшпелілер арасында жасақ, қосын, лек, әскер ұғымдарында қолданылған дәстүрлі әскери атау. *Бұл жерде: бесінші мағынаны береді.*

**Аламан** – бұл сөздің мағынасы өте көп. *Бұл жерде: көпшілік, бұқара, халық.*

### Әдеби-теориялық ұғым

**Қайталау, қайталама ұйқас** – сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсілі. Қайталаудың бірнеше түрі бар.

• Жай қайталау – бір сөзге ерекше екпін түсіріп, бірнеше рет қайталау.

*Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Бұлттан шыққан шұбар күн,  
Буыршын мұзға тайған күн,*

*Бура атанға шөккен күн,  
Бұлықсып жүрген ерлерден  
Бұрынғы дәурен өткен күн...* (Махамбет).

• Еспе қайталау – алдыңғы тіркестің аяғы, келесі тіркестің басында қайталанып отырады: *Сарқырайды мұз бұлақтар, Мұз бұлақтар уда-шу* (С.Сейфуллин).

• Анафора – өлеңнің әр жолы не әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады:

*Ұйқыдан соң – Жапырақпын,  
Жаңбыр шайып жаңарған.*

*Ұйқыдан соң – Құспын,  
Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған* (С.Мәуленов).

• Эпифора – өлеңнің әр жолының немесе ой ағымының соңындағы бір сөз бірнеше рет қайталанады: *Күншілдер өледі көңілін от қарып, Батырлар өледі батыршын атқарып* (Қ.Мырзалиев).<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002.





1. Махамбет Өтемісұлы кім? Сызбаны пайдаланып, Махамбетке жан-жақты сипаттама берейік.



2. Махамбеттің қандай өлеңдерін жатқа білесіңдер?
3. Махамбеттің өмір сүрген кезеңі туралы не айта аласыңдар?
4. Ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңі не туралы? Көтерілген мәселелерді санап алайық.
5. Өлеңде қандай жер-су атаулары кездеседі? Картадан көрсетейік.
6. *Еділді көріп емсеген, Жайықты көріп жемсеген және Қара қазан, сары бала қамы үшін* деген тіркестерді қалай түсінесіңдер?



1. *Боз орданы тіктім деп, Боз ағашты жықтым деп* деген жолдардағы *боз* сөзі нені білдіріп тұр? *Боз* сөзімен байланысты сөздер бар ма?
2. *Ат, аргымақ, жабы, тұлпар* деген тізімді әрі қарай жалғастырайық. Қазақ халқындағы жылқыға қатысты атауларды анықтайық.
3. Төмендегі кестені пайдаланып, жырдағы Махамбет бейнесін ашайық.



4. Берілген кестеге өлеңде кездесетін көркемдегіш құралдарды орналастырайық.

Метафора	Эпитет	Аллитерация/ Ассонанс	Қайталау





1. Өлең мазмұны негізінде Махамбет пен Баймағамбет сұлтанның іс-әрекеттерін салыстыра отырып баға берейік.

Махамбет қандай?

Ол не істеді?

Исатай барда қандай еді?

Баймағамбетке не істегісі келеді? Себебі неде?

Баймағамбет  
сұлтан қандай?

Не істеді?

Махамбет оған не үшін ашуланды?

2. Бүгінгі күні Махамбет сияқты ештеңеден қаймықпай сөйлейтін акындар бар ма? Мысал келтіріңдер.
3. Махамбеттің қай қыры басым? Ақындығы ма, әлде батырлығы ма? Ойларыңды дәлелдендер.
4. Махамбет өлеңдерін аудиокітаптан тыңдап, акын өлеңдерін қалай оқу керектігі туралы ой бөлісіп, мәнерлеп оқудың үлгісін ұсынайық.

**Зерттегім келеді...**

Махамбет шығармаларының өзге тілдерге аударылуы жайында ақпарат жинап, «Махамбет өлеңдерінің өзге тілге аударылуы» атты тақырыпта жоба жасайық.

Мәтінмен салыстыра отырып, акын өлеңдерінің аудармалары туралы сынып ішінде пікірлесейік.

## Білгенім бір тоғыз

Достар, осы өлең жолдарындағы «*Тенгер үшін тебістік*» деген жолды қалай түсінеміз? *Тенгер* деген не? Ғалым Р.Сыздықова «Махамбет өлеңдерін оқығанда...» атты мақаласында бұл жөнінде былай дейді: «Мұндағы *Тенгер* сөзін *Дендер* деп оқу керек. Дендер – Орал даласындағы жер аты, акын бұл атауды өзге бір өлеңінде Еділ, Сағыз, Жем деген жерлермен қатар айтады:

Еділ менен Дендерден,  
Сағыз бенен Жемдерден,  
Одан да талып өткен ер...<sup>1</sup>

## Мен, мен едім, мен едім

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдың барында  
Екі тарлан бөрі едім,

Қай казактан кем едім,  
Бір казакпен тең едім.  
Өздеріндей хандардың,  
Қарны жуан билердің  
Атандай даусын акыртып,

<sup>1</sup> Сыздықова Р. Махамбет өлеңдерін оқығанда. Кітапта: Махамбет Өтемісұлы. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. Құраст.: А.Егеубаев, Қ.Раев. 3-том. Алматы: Ғылым, 2003.



Луәзін көпке шақыртып,  
Басын кессем деп едім,  
Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім.  
Еңсесі биік ақ орда,  
Еріксіз кірсем деп едім.  
Керегесін қиратып,  
Отын етсем деп едім.  
Туырлығын кескілеп,  
Тоқым етсем деп едім...  
Хан саркыты – сары бал,

Сұраусыз ішсем деп едім.  
Ханның киген кіреуке,  
Үстіме кісем деп едім...  
Тінікейдей тектінді  
Ителгі көзін төңкертіп,  
Күшіктей даусын қыңсытып,  
Аш күзендей белін бүгілтіп,  
Әділ жаннан түнілтіп,  
Ат артына үнілтіп,  
Артыма салсам деп едім.  
Тілекті Тәңір бермеді,

Өздеріндей хандарды  
Осылай бір қылсам деп едім.

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Ерегiскен дұшпанға  
Қызыл сырлы жебе едім.  
Жақсыларға еп едім,  
Жамандарға көп едім.  
Ерегiскен дұшпанның,

#### Тірек сөздер:

- ✓ ер
- ✓ Исатай
- ✓ Нарын
- ✓ билер
- ✓ Еділдің бойы
- ✓ кіреуке
- ✓ ителгі көзі
- ✓ сырлы жебе
- ✓ етін жеу
- ✓ нарқоспақ
- ✓ қылқан



М.Қайдаров . Махамбет



Екіталай болғанда,  
Азыққа етін жеп едім.  
Ежелден табан андыскан  
Хан баласы аксүйек,  
Ата дұшпан сен едің,  
Андыған жауың мен едім.  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Етектен кесіп жең болмас.

Хан баласы аксүйек,  
Байеке, сұлтан сен болып,  
Сендей нарқоспақтың баласы,  
Қайсыбір жерде жолықсаң,  
Қайраннан алған шабақтай,  
Қия бір соғып ас етсем,  
Тамағыма қылқаның кетер  
демес ем!

### Сөз сыры

**Луэзін (уәзім)** – дауыс, үн, зар, әуез деген мағынаны білдіретін сөз. Бұл жерде: үнін көкке жеткізіп, зарлатып деген мағынада.

**Кіреуке** – 1) көнерген сөз. Жаугершілікте жорыққа киетін жейде түрінде дөңгелек шығыршықтары өрілген торлы темір сауыт; 2) алтын жіппен тігілген жібек қымбат шапан; 3) бұлыңғыр күңгірттік, көмескі көлеңке; 4) көңілдегі қаяу, уайым, мұң. Бұл жерде: бірінші мағынада.

**Нарқоспақ** – бір өркешті түйе мен екі өркешті түйенің арасынан шыққан будан. Қазақ ұғымында түйенің нашар түрі болып саналады.



1. Өлеңді түсініп оқып, ондағы басты мәселелер не деген сұраққа жауап берейік.
2. Махамбет бұл өлеңін кімге арнаған деп ойлайсындар?
3. Ақынның арманы не?
4. Өлеңде кездесетін аң-құс атауларын теріп жазып, олардың қандай қасиетке ие екендігін айтып беріндер.
5. *Кереге, кіреуке, туырлық, сарқыт, нарқоспақтың баласы* деген сөздердің мағынасын ашып, өз ойымыздан мысал келтірейік.
6. Өлеңде кездесетін *Тінікейдей тектінің* кім екендігін анықтайық.
7. *Ерегіскен дұшпанның, Екіталай болғанда, Азыққа етін жеп едім*, – деген жолдарды қалай түсінесіндер?



1. Өлеңдегі Махамбеттің психологиясын бақылап, қандай сезімдерінің басым екендігін анықтайық. Ойымызды өлең жолдары арқылы дәлелдейік.



2. *Ежелгі дұшпан ел болмас, Етектен кесіп жең болмас*, – деген жолдарға өз көзқарасымызды білдірейік. Тарихтан осы сөзді дәлелдейтін немесе жокқа шығаратын оқиғаларды тауып, ойымызға дәлел етіп ұсынайық.



3. Шығармадан мысалдар келтіре отырып, ақынның автопортрет жасаудағы шеберлігіне талдау жасайық.
4. Өлеңде кездесетін көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, Махамбетке мінездеме берейік.



1. Қосымша білім көздерін пайдаланып, Махамбет пен Кенесарыға салыстырмалы мінездеме ұсынайық. Олардың қай қасиеттерін жоғары бағалар едіңдер?

Махамбет	Кенесары
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қандай ерекше қабілеттері болды?</li> <li>• Махамбет есімі тарихта несімен сақталды?</li> <li>• Сендер үшін Махамбеттің ақындығы қымбат па, әлде батырлығы ма? Ойларыңды дәлелдеңдер.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қандай кезеңде өмір сүрді?</li> <li>• Кенесарыға арналған қандай көркем шығармаларды білесіңдер?</li> <li>• Кенесарыны әлемдік немесе қазақ даласындағы қай тұлғамен салыстырар едіңдер? Неліктен?</li> </ul>

2. Бүгінгі күні қай салада Махамбет пен Кенесарының мінез-қасиеттері аса қажет деп ойлайсыңдар? Неліктен? Ойымызды дәлелдейік.
3. Егер Махамбет бүгінгі заманда өмір сүрсе, қандай тақырыпта жазатын еді деп ойлайсыңдар? Неге?
4. Қалай ойлайсыңдар, «Мен, мен едім, мен едім...» деп сөйлеу менмендікке апармай ма? Қандай жағдайда, кімнің олай сөйлеуге құқы болуы мүмкін? Әдебиеттен мысалдар келтіре отырып, осы тақырыпта пікірлесейік.
5. «Қай халықтан кем едім? Бар халықпен тең едім» деген тақырыпта шағын сынни мақала жазайық.

### Зерттегім келеді...

Махамбеттің бейнесі көптеген поэзиялық шығармаларға арқау болды. Мысал ретінде Қалижан Бекхожиннің «Махамбет қабіріндегі тебіреніс» балладасын, Жұбан Молдағалиевтің «Кек», Жүмекен Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Мұхтар Шахановтың «Нарынкұм зауалы», Фариза Онғарсынованың «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім», Мақсұт Неталшевтің «Арыстан еді-ау, Исатай!», Өтеген Күмісбаевтың «Махамбет» поэмаларын айтсақ болады.

Аталған шығармалардың бірін негіз ете отырып, «Қазақ поэмасындағы Махамбет бейнесі» атты тақырыпта жоба жұмысын жазайық.

### Бағаналы терек жарылса

Бағаналы терек жарылса,  
 Бақыраш жамап болар ма?!  
 Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,  
 Еменге пір бұтақ бітсейші,  
 Қыранға тұғыр қыларға,  
 Ханнан қырық туғанша,

#### Тірек сөздер:

- ✓ терек
- ✓ қарсы бұтақ
- ✓ тұғыр
- ✓ хан, қара
- ✓ теңдік



Қарадан бір-ақ тусайшы,  
Халықтың кегін кусайшы,

Артымыздан біздердің  
Ақырып теңдік сұрарға!

### Сөз сыры

**Бағаналы** – бұл жерде: жуан діңгекті терек ағаш.

**Бақыраш** – 1) кішкене бақыр; 2) металдан жасалған шөміш, ожау; 3) қаңылтыр.  
Бұл жерде: бірінші мағынада.

**Тұғыр** – қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, қыран, ителгі т.б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы.



1. Аталған өлең не туралы деп ойлайсындар?
2. Өлеңдегі түсініксіз сөздердің мағынасын сөздік арқылы ашайық.
3. *Ханнан қырық туганша, Қарадан бір-ақ тусайшы*, – деген жолдарды қалай түсіндірер едіңдер?



1. Ақынның айтпақ болған идеясын анықтап, ойымызды нақыл сөздер арқылы жеткізейік.
2. Өлеңде кездесетін өсімдік, ағаш атауларын анықтап, ақын өлеңдерінде осы атаулардың қаншалықты жиі кездесетіндігіне талдау жасайық.
3. *Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, Еменге иір бұтақ бітсейші*, – деген жолдардың астарын ашып, авторлық идеяны анықтайық.



1. Махамбеттің жоғарыда оқыған үш өлеңін салыстыра отырып, олардағы ортақ ойды көрсетейік.

**Мен, мен едім, мен едім...**

- Қандай мәселе көтерілген?
- Ақын өзінің портретін қалай көрсеткен?

**Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны**

- Негізгі мәселелер не болды?
- Автордың бейнесі қалай көрінеді?

**Бағаналы терек жарылса**

- Ақын не айтпақ болды?
- Қандай мақал-мәтел, қанатты сөзбен түйіндер едіңдер?

2. Төмендегі тақырыптардың бірін тандап, оқыған үш жырдың біреуінің негізінде екі-үш шумақ өлең құрастырайық.
  - *Махамбетше толғасам...*
  - *Мен Махамбет емеспін, дегенменен...*
  - *Мен, мен едім, мен едім...*

**Зерттегім келеді...**

Қазақ әдебиетінде Махамбеттің тағдырына арналған прозалық шығармалар да көп. Атап айтсақ, Т.Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі, Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жібесі» романы, Б.Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Қ.Мұханбетқалиұлының «Бас жұтқан бас», Ә.Сарайдың «Исатай мен Махамбет», Н.Әбутәліевтің «Қайран Нарын», М.Мәжітовтің «Барлыбай түбіндегі ән» шығармалары Махамбетке арналды.

Аталған шығармалардың біреуін негізге ала отырып, «Қазақ проза-сындағы Махамбет бейнесі» тақырыбында жоба жасайық.



## Білгенім бір тоғыз

«1966 жылы 9 шілдеде Махамбет бейітінің басына келдік. Белгілі антрополог-ғалым Ноэль Шаяхметовтің басшылығымен қазу жұмыстары басталып кетті... Сонымен Н.Шаяхметов Махамбет сүйегін Алматыға алып кетіп, ұстазы М.М.Герасимовтің әдістерін пайдалана отырып, 1967 жылы оның скульптуралық мүсін-портретін жасады. Махамбеттің бас сүйегі арқылы оның скульптуралық портреті жасалғаны жөнінде Н.Шаяхметовтің 1969 жылы «Қазақстан» баспасынан «Из тьмы веков» («Ғасырлар тұңғығынан») деген кітапшасы орыс тілінде аз таралыммен шықты да, ол тез қолдан-қолға таралып кетті, кейін қайта баспадан шықпады.

Бұдан соң Қобыланды батырдың мүрдесін Ақтөбе облысы, Қобда ауданынан; атақты сазгер-домбырашы Құрманғазы Сағырбаевтың мүрдесін Ресейдің Астрахань облысы, Володаров ауданынан қазып алып, олардың бас сүйектері арқылы скульптуралық мүсіндерін жасады.

Жалпы Махамбет бейітін, яғни жерленген жерін табуға Бектұрғанов Құрақ ақсақал, академиктер Қажым Жұмалиев пен Сайым Балмұхановтың еңбектері зор»<sup>1</sup>.

## ШОҚАН УӘЛІХАНОВ

(1835–1865)

Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ, фольклортанушы, суретші.

**Өмір жолы.** Шоқан қазіргі Қостанай облысы, Құсмұрын деген жерде дүниеге келген.

Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов сол кездері Құсмұрын дуанының ағасұлтаны болған. Анасы Зейнеп – хат таныған, өз заманының көзі қаракты қыз-келіншектерінің бірі.

Бала Шоқан көбінесе әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. Оның рухани өсіп-жетілуіне әжесі Айғаным үлкен әсер еткен. Әжесі Шоқанға қазақтың көне аңыздары мен хикаяларын әңгімелеп беріп отырған.

Айғаным шығыс халықтарының бірнеше тілін білген, ақылды, көреген кісі болған. 1821 жылы Уәлихан өлгенде оның мұрагер үлкен ұлы Ғұбайдолла саяси қуғында болатын. Сондықтан елді Айғаным басқарды (1821–1834). «Сібір қазақтары туралы уставы қабылданғаннан кейін патша



Шоқанның әжесі

<sup>1</sup> Әбисатов Х. Махамбет Өтемісұлы. Төрт томдық академиялық жинақ. 3-том. Алматы: Ғылым, 2003.





Шоканның әкесі Шыңғыс Уәлиханов (ортада)  
қазақ билеушілерімен бірге

үкіметінің әкімшілік орындары Орта жүз қазақтарына байланысты мәселелерді көбінесе Айғаным арқылы шешті. Айғаным Россия Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаментімен және Петербургтің Сібір комитетімен тікелей хат арқылы байланыс жасап отырды. Қазақ және орыс халықтары арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту жағында болды...»<sup>1</sup>

**Білім жолында.** Шоқан әуелі Құсмұрындағы мектепте оқиды. Мектепте оқып жүріп Шоқан өлең, жыр, аңыз-әңгімелерді оқуға, хатқа түсіруге машықтанды. Көне шағатай тіліндегі дүниелерді тануды, арабша, парсыша оқу дағдыларын меңгерді. Халық мұрасын жинауды қолға алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын жазып алуға қатысты.

**Шоқан – зерттеуші.** 1847 жылы күзде әкесі Омбыға алып келіп, кадет корпусына оқуға орналастырады. Оның рухани өсуіне орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, қазақ, араб, парсы тілдерін білетін шығыстанушы Н.Костылецкий, өркеніет тарихы пәнінен сабақ берген айдаудағы поляк оқымыстысы Г.Гонсевский, тарихшы А.Сулоцкий, географ Е.Старков сынды зиялы, білімдар тұлғалар елеулі ықпал еткен.

14–15 жасар Шоқанға мұғалімдері болашақ ғалым, зерттеуші ретінде қараған. Оған басшылары тарапынан сирек кездесетін көне

<sup>1</sup> Қазақ совет энциклопедиясы. I том. Алматы, 1972.



кітаптарды алып оқуға рұқсат беріледі. Қазан университетінің профессоры И.Березиннің тапсырмасы бойынша Уәлиханов Токтамыстың «Хан жарлықтарына» және Қадырғали Жалаиридың «Жамғ ат-Тауарих» атты шығармаларына талдау жасады.

**Шоқан – саяхатшы.** Шоқан кадет корпусын бітірген соң, бір жылдан кейін Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Г.Гасфорттың адъютанты қызметіне бекітіледі. Жастығына қарамастан, Шоқан қазақ халқының тұрмысын, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен қатар, бірнеше шығыс тілдерін меңгерді. Осы себептерге байланысты оған ерекше тапсырмаларды орындайтын офицер міндеті жүктеледі. Ол осы қызметтік міндетін ғылыммен үйлестіре білді: география, тарих, ежелгі діни сенімдер туралы мәліметтер жинады.

**Жетісу сапары.** 1855 жылы ол генерал-губернатор Гасфортпен бірге Жетісуға келіп қайтады. Осы сапарда ол қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына қатысты материалдар жинап қайтады. 1856 жылы Ұлы жүздің приставы М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедиция құрамында Ыстықкөл алабын картаға түсіру, қырғыз елін зерттеу жұмыстарына қатысады. Қираған көне қалалардың орнына, тасмүсіндерге назар аударады. Қырғыздардың бұғы, сарыбағыш, солты руларының арасында болып, қырғыз халқының шежіресін, өлең, жыр, аңыз-әңгімелерін, соның ішінде «Манас» жырын жазып алады.

1856–1857 жылғы алғашқы саяхаттарының ғылыми нәтижелері Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектерінде баяндалған. Осы сапарларында Уәлиханов қырғыз тарихының мәселелеріне қырғыздардың Енисей алабын, Памир, Алтай тауларын бір мезгілде қалайша мекендегеніне ой жіберген. 1857 жылы ақпанның 27-сі күні 20-дан жанадан асқан Шоқан Орыс география қоғамының толық мүшелігіне сайланады.

**Қашқарияға сапары.** 1858–1859 жылдардағы Қашқарияға сапары Уәлихановтың ғылым, ағартушылық саласындағы шығармаларының жаңа белеске көтеріліп, өсуіне жол ашты. ХІІІ ғасырдың соңғы шірегінде Марко Поло болған Қашқарияның географиясы, саяси құрылысы, мәдениеті



Бала Шоқан, 1847 жыл





Шоқан оқыған Омбыдағы кадет корпусы

мен тұрмыс-салтының ерекшелігі туралы үш жарым ғасыр бойы Еуропа ғылымында елеулі мәлімет болмаған. Еуропалықтарға жабық болып есептелетін Қашқария билеушісі Шоқаннан бір жыл бұрын Үндістан арқылы барған немістің белгілі географы Адольф Шлагинтвейттің басын кескен еді. Экспедицияны Қашқарияға жіберу туралы шешімге 1857 жылы тамыздың 22 күні П.Александр қол қойған. 1857 жылы Ресей империясының Бас штабының Бас басқармасы (әскери сыртқы барлау) ол кезде Ресей үшін жабық болған Қашқарияға тыңшы жіберу туралы шешім қабылданады. Осы экспедиция барысында Шоқан бейтаныс елді жан-жақты сипаттайтын, әскери, саяси, экономикалық, сауда-саттық жағынан үкіметке де, ғылымға да керекті бай материал мен сирек кездесетін деректер әкелген. Оның материалдары көп ұзамай неміс және ағылшын тілдерінде жарияланды.

**Шоқан – әдебиетші-ғалым.** Ш.Уәлиханов А.Пушкин, М.Лермонтов және т.б. орыс ақын-жазушыларының еңбектерімен қатар Еуропа әдебиетінен Ж.Руссо, Ч.Диккенс, У.Теккерей, У.Шекспир, И.Гёте шығармаларын сүйіп оқыған. Сөйтіп, батыс, шығыс, орыс әдебиетін зерттеуге де ерте кіріскен. Кадет корпусында Н.Костылецкий екеуі қазақ эпосын зерттеуді қолға алып, «Қозы Көрпеш–Баян сұлуды» орыс тіліне аударған. Н.Костылецкий арқылы бұл дастанның Обаған нұсқасын И.Березиннің хрестоматиясына енгізген.

Қазақ ауыз әдебиетінің теориялық мәселелері сөз болатын «Қазақтың халық дастандарының үлгілері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» т.б. еңбектерінен оның терең білімділігі көрінеді. Уәлиханов қазақтың батырлар жыры үнді-



герман эпостарына ұқсайтындығын айтады. Тарихи жырлардың шығу тегін куалай келіп, Ноғайлы заманының бұл туындылары XIV–XVI ғасырларға жататынын анықтаған. Шоқан қазақтың халық поэзиясын жасаушы, орындаушы акындар мен жырауларды батыстың рапсод, бардтарымен салыстырған. Ол халық поэзиясының көркемдігіне сүйсіне отырып, одан тарихи, этнографиялық мағлұматтар іздеген.

Қазақтың тарихы мен этнографиясына, қазақ даласының әлеуметтік-саяси қатынастарына арналған еңбектерінің де мәні зор («Абылай», «Көне замандағы қазақтың қару-жарак, сауыт-саймандары», «Шона батыр», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Даладағы мұсылмандық», «Тәңірі», «Қазақтың көші-қоны» т.б.). Көптеген еңбектерінде ол тарихшы, географ, этнограф қана емес, публицист, әдебиетші, жазушы ретінде де көрінеді.

**Шоқан – суретші.** Ш.Уәлихановтан қалған мұраның бір бөлігін бейнелеу өнері саласындағы еңбектері құрайды. Ол, негізінен, портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан. Шоқаннан 150-ге тарта сурет қалған. Көбінесе акварель, майлы бояумен, ал кейде тушь, қалам, сиямен жұмыс істеген. Оның қолынан шыққан суреттердің біразы XIX ғасырдың алпысыншы жылдары «Всемирная иллюстрация», «Искра», «Русский художественный лист» секілді басылымдарда жарияланған.

Бүгінде ғылым саласындағы жетістіктері үшін ғалымдарға Уәлиханов атындағы сыйлық белгіленген.

Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуы 1985 жылы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтті.

**Шоқан Уәлиханов өзінің қысқа ғұмырында:**

- Орталық Азия халықтарының тарихына, географиясына, фольклорына қатысты тұңғыш еңбек жазған;
- Қазақстан географиясында Балқаш пен Алакөлдің бұрын біртұтас су айдыны болғандығын алғаш рет айтқан;
- Жонғар қақпасынан соғатын Ебі желі туралы ғылыми деректерді алғаш болып келтірген;
- ортағасырлық деректер мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде «Қазақ шежіресі» атты еңбек жазған;



Ш.Уәлиханов пен  
Ф.Достоевский.  
Семей, 1850 жыл





Шокан Уәліхановтың Алматы облысы, Алтынемел елді мекеніндегі мемориалды мұражайы

- 1856–1858 жылдары ол Жетісуда Алматы, Қойлық, Алмалық қалаларының ескі жұртын зерттеп, көне заманның ақшаларынан коллекция жасаған;
- Іледегі Танбалы тас мекенін, Шолақтау мен Жонғар қақпасындағы жартас жазуларының көшірмесін жасаған;
- Аягөз бен Ыстықкөл жағасындағы тас балбалдардың суретін қағазға түсірген;
- Орыс география қоғамында жұмыс істеп, Петербор университетінде лекция тыңдаған;
- Орталық Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын жасаған;
- Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстықкөл экспедициясының қорытындысына қосымша картасы» дайындалған;
- Орыс география қоғамы мүшелеріне Шығыс Түркістан, Тянь-Шань, Жетісу тақырыбы бойынша лекция оқыған.

### Ыстықкөл сапарының күнделігі

#### Тірек сөздер:

- ✓ бекет
- ✓ жол
- ✓ табиғат
- ✓ өсімдік
- ✓ өзен

Ыстықкөлге барар жолда... Сәуірдің 18-жаңасында Семейден біз Аягөзге аттандық. Жол суыз сортаң далада анда-санда бір кезігетін казак бекеттері арқылы өтеді екен. Алғашқы көкті де біз сол станциялардан ұшыраттық. Жолға шыққан күніміз жайма-шуақ болып, бозторғайлар шырылдап, әдеттегі әніне басып тұрды.



Айдың 20-жаңасында түнделетіп біз Аягөзге келдік. Аягөз дегенің – шағын ғана станция. Кенттің негізі 1824 жылы қаланған. Аягөзді жағалай отырып, біз табиғаттың тылсымына әбден бойладық. Дала теп-тегіс, жап-жасыл кілем жауып тастағандай. Қараған мен тобылғының және шіліктің жапырақтары жайылып, маужырап тұр. Тау арасындағы сай-жылғаның барлығы сәбізжапырақтан көрінбейді. Жиде, итмұрын, сәмбі талмен көмкерілген өзен жағасындағы тоғайдан көктеректер андағайлап, үш күн сортаң даламен жүріп құлазыған көңілге тәтті бір сезім себездегендей.

Енді жолымыздың одан арғы желісіне оралайық. №2 бекеттен біз оң жағалауға өттік. Бұл түн іші еді. №4 бекетке он шақырым жетпей, қазақ ғашықтық дастанындағы бас қаһарман Қозы Көрпештің мазары тұр.

Лепсіге қарай еністе тобылғы мен тұрын, ал одан әрі біртегіс батпакты қырда қаптаған жуа мен сарымсақ, жусан мен көкпек. Қызғалдақ дегенің көз тұндырады. Лепсіге таяу Арғанатыдан Лепсі бекетіне дейін тау сілемдері жатыр. Бұл тау сілемдерінің түстігінде айналасын қамыс басып кеткен көл жатыр. Оған біз күн батар алдында жеттік. Бұл өңірде аса көп құрбақаның айрықша бір түрінің үні құлақты жарады. Сондықтан біз құлағымызға макта тығып алдық. Асылы, Лепсі Алатау жоталарынан бастау алып, Балқашқа құяды. Оның суы терең. Жағасында қалың тоғай өседі. Шынар, көктерек, қызылтал, жиде, шілік сияқты бұталы ағаштар көп. Түнде Басқаннан өтіп, ертеңгілік Ақсуға жеттік.

Мамырдың 15-жаңасы. Шелек өзенінің жағасына түнедік. Шелек өзенінің ағысы әжептәуір шапшаң. Оның суы жыл бойы тартылмайды. Баяғы заманда Қарабұлақтан Үшбайсорыға дейін сарбағыштар алып жатыпты. Қазір ол араны қызылбөрік руы қыстайды. Қатал қыстан малды аман алып шығу жөнінен Жіңішке мен Сарыбұлақтың арасындағы Бақалы аңғарының данқы айрықша. Бақалы деген бақасы көп деген сөз. Қырғыздардың сарбағыш руынан шыққан бір азамат мені өз манабы «Үмбетәлінің қыстаған кезде сол өңірде қыс бойы бақа бақылдап шықты» деп сендірді. Оның айтуынша, бұл жердің бақасы ақ, үлкендігі алақандай.

Шелектен Ыстықкөлге қатынайтын керуен жолы Темірлік арқылы Қарқараға түседі. Екінші жол бұдан қолайлырақ. Ол Шелектің жоғарғы жағынан Сөгеті тауын бойлап, Сөгеті асуынан асып, Торайғыр тауына тартады. Сөйтіп, үш Мерке арқылы Қарқараға түседі. Шарын жазығында Қарқараға баратын Темірлік жолы Меркемен ұштасып, бірден-бір өткел Санташ арқылы өтеді.



**Сөз сыры**

**Бекет** – жолаушылар, қатынас көліктері аялдайтын жер.

**Тылсым** – белгісіз, жасырын, құпия.

**Тобылғы** – раушангүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта.

**Шілік** – сулы жерде өсетін жіңішке солқылдақ бұта.

**Сілем** – ұзыннан-ұзақ созылып жатқан тау жоталарының аласарып, таусылар жері, яғни жоталардың жалғасы.

**Әдеби-теориялық ұғым**

**Очерк** – шынайы адамдар мен шынайы өмір суреттелетін көркем-әдеби әрі деректі шығарма.

**Күнделік** – публицистикалық шығарма түрі. Қаламгердің өз көзімен көрген-білген жайларын есте сақтау үшін жазатын жанр.



1. Шоқан туралы мәліметті ең алғаш қайдан, кімнен естідіңдер?
2. Сызбаны пайдаланып, Шоканның әр қырын ашатын еңбектерін атайық.



3. *Ыстықкөл* қай жерде? Дүниежүзілік картадан көрсетейік.
4. *Күнделік* дегенді қалай түсінесіңдер? Олардың қандай түрлерін білесіңдер?
5. Ш.Уәлиханов «*Ыстықкөл күнделігін*» қашан, не мақсатпен жазғанын түсіндірейік.
6. Оқыған үзіндіде қандай жер-су атаулары кездеседі?
7. Шығармада кездесетін өсімдіктер мен ан-құс атауларына назар аударып, бір-бірінмен пікірлесіңдер.



1. Ш.Уәлихановтың «Манас» жырын талдап, түсіндіруге арнаған пікірлерін оқып, ойымызды ортаға салайық.
2. Үзіндіде кездесетін жер-су, өзен-көл атауларына қатысты аңыздар туралы білетін ақпараттарымызбен бөлісейік.
3. Шоканның «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» дастаны туралы айтқан пікірлерін талдай отырып, аталған жазбада ол туралы қандай ақпарат берілетініне талдау жүргізейік.
4. Шоканның жазбалары мен зерттеулерінен, күнделіктерінен бүгінгі күні де маңызды әрі қызықты деп саналатын үзіндісін сынып ішінде талдайық.





1. Күнделіктің басқа жанрлардан қандай айырмашылығы барын анықтап, күнделік пен очерк жанрын салыстырайық.

**Күнделік**

Қашан жазылады?

Кімге арналады?

**Очерк**

Қалай жазылады?

Кім жазады?

2. Ш.Уәлихановтың «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбегімен танысып, екі жазбадағы қырғыздар туралы ақпараттарды салыстыра отырып, ой түйіндейік.
3. Шоқан туралы киноны көріп, сыныпта талқылаңдар.
4. Ғалымның еңбектері мен олардың зерттелуі жайлы ақпараттар жинастырып, «Шоқанды танып болдық па?» деген тақырыпта сыни мақала жазайық.

### Ыстықкөзде...

...Тобылғыты жазығынан біздің көзімізге арнайы іздеп келе жатқан Ыстықкөл жарқ ете қалды.

Саяхатымызға айдан асқанда, мамырдың 28-жанына алғаш рет сона мен масаны кезіктірілдік. Санташтан көлге қарай құлдылағанда күн ысыны деді. Айтуларына қарағанда, көлдің айналасы ұдайы ыссы. Сондықтан жанбыр сұрауға тура келеді. Олардың арасында зікір салып, жауын-шашын шақыратын бақсылар болады екен. Оларды «жайшы» деп атайды. Бұл наным ежелгі түркілерге тән.

Мамырдың 29-жанысы. Қарабатпак деген өзектің жағасындағы қоналқы. Біз Ыстықкөл жазығынан Санташ тұсында сына болып қағылатын кең алқаппен келеміз. Жол-жөнекей біз Алатау қырғыздарының бейітін алғаш рет ұшыраттық. Талдыбұлақ пен Бірінші Сатының арасында алғашқысына жақын жерде бір бейіт бар екен. Оның төртбұрышты етіп қаланған қабырғалары дін аман тұр. Қазақтар болса бейітті қорғанға ұқсатып салады.

Өткен ғасырдағы қазақтар мен қырғыздар сол мазар тұрғызылған аруақтарға борыштар болған сияқты. Оны есте қалдыру үшін топырақ үйіп, оба жасап, қорған есебінде там салып, сатылы күмбездер тұрғызған. Олар қаржысының ыңғайына қарай күйдірген немесе кам кірпіштен жасаған. Оның көлемі аруақтың атақ-даңқына байланысты. Мұндай мазарлар Ұлы жүзде көп кездеседі. Наймандарда сол дағды әлі қаз-қалпы.

#### Тірек сөздер:

- ✓ қазақ
- ✓ қырғыз
- ✓ мазар
- ✓ манан
- ✓ салт-дәстүр
- ✓ әйел киімдері
- ✓ тау-тас
- ✓ өсімдіктер



Бай адамдар Түркістаннан шеберлер алдырып, ғимаратты салдыруға қаржы аямаған. Ұлы жүздегі Сүйіктің, қарақырғыздардың манабы Жантайдың мазарлары солай салынған. Оны жасаған қашқарлықтарға қырық ірі қара, жүз қой төлеген. Бұл мазарлар шынында да жақсы салынған. Олардың ұсқыны қырдағы құлаған бейіттерге мүлде ұқсамайды. Қырда жеке бір стандарт болмаса, жалпы қалалардың жұрты атымен ұшыраспайды. Атақты Қозы Көрпеш ғимараты, аңызға қарағанда, мазар есебінде салынған.

Алатау қырғыздарының бейіттері қазақтардікіне қарағанда онша жақсы емес. Үйілген обалары аласа, тастары да санаулы. Әншейін жерге шанша салған таяктар. Өрнекті, бейнелі етіп кірпіштен жасамақ болған зираттарында белгілі бір тұрпат жоқ, тез құлап қалатын сияқты. Әйткенмен қарақырғыздарда біршама тамаша мазарлар бар. Солардың бірі – Бұғының сәлмеке руынан шыққан Ноғай мен сарыбағыш Атекенің баласы Жантайдың мазарлары. Жантайдың мазары Түптің сағасында тұр. Оны қашқарлық салған. Сондықтан қашқардың зират архитектурасының үлгісінен аумаған.

Мамырдың 30-жаңасы. Сондағы қоналқы. Біз Түптің сағасына келіп, мүйіске қармақ тастадық. Бірнеше маринка аулап алдық. Қазақтар мұны қарабалық деп атайды екен. Шабактың шағын түрі өзеннің көл жақ мүйісінде сондай көп. Қырғыздар біздің көзімізше қамысты қылышпен шапты. Сөйтіп, қараш қырғыздары бірнеше балық алды. Сол күні қазақтар үлкен ау жасады. Түптің жағасында, көлдің дәл өзінде ұсақ шырғанақ көп екен. Құстардан көлде үйрек, қаз, қараша, балықшы, кішкентай қара тырналар бар екен. Жылан деген қаптап жүр. Менің киіз үйімнен ғана үшеуін өлтірдім.

Маусымның 1-жаңасында Қазыбек пен Боранбай ауылына аттандым. Қазақтардың айтуына қарағанда, оның ауылы біз түнеп жатқан жерден жиырма бес шақырым Жырғалаң деген жерде екен. Күн ыстық еді. Экватордағыдай тас төбеге шығып алып, төңіректі түгел өртеп тұр. Кешкі салқын түскенше демалып, қазақтар айтпақшы, «салқыншық» түскенде ғана жүру керек. Сол мақсатпен таяу ауылдардың біріне ат басын бұрдық. Ауыл несі жас жігіт қол қусырып қарсы алып, Боранбайдың баласы Қылыш екенін айтты. Сол Қылыштың отауына орналастық. Құрметті қонақ ретінде бізге құмыраға құйып тұзды шәй әкелді. Кәдімгі қалмақтың ұн қосып қайнататын шәйі – затуранға ұқсас. Шәйден кейін қымыз берді. Барлық ауылдан балалар мен үлкендер жиналып, біз түстік жасап болғаннан кейін бізге сойылған қойдың сүйек-саяғын жемекші. Олардың үміті далаға кетті. Ас ішіп жайланып отыратын уақыт тығыз болғандықтан, үй несіне қой сойғызбадым.



Айта кететін жайт – әйелдер бізден жалпы шошып, өз үйлерінен бұра басып шыққан жоқ. Тек аттанғалы жатқанда ғана үстінде Бұхардың ала шапаны бар жас келіншек пен ақ көйлекті қыз шықты. Төбесіне үкі ұсталған шошақ бөркі бар. Ұзамай олар да ізім-қайым болды. Келіншек ажарсыз болмағанмен, тарамыс, арық екен. Ал олардың айтуына қарағанда, қыз ауыз толтырып айтарлықтай сұлу сияқты... Ай маңдайлы, дөнгелек жүзді, қызыл шырайлыны ақындар беті қарға тамғандай қызыл деп мадақтайды.

Қазақтар сияқты қырғыздарда да ері өлгеннен кейін әйелі бір жыл бойы дауыс салып жоқтау айтатын дәстүр бар. Жанынан мұсылман баласы өтсе-ақ олар жоқтау айтып, зарлай бастайды. Сұрастырып білсем, жоқтау айтушы жесір Сарбағыш дауында ерінен айырылыпты. Кпіз үйдің маңдайшасына ілінген кара жалау сол оқиғадан хабар беріп, марқұмның жас деңгейін де айқындап тұр. Егер жалауша қызыл болса, марқұмның жас болғаны. Қара болса, орта жаста, ал ақ болса, қарт адам деген сөз. Біз тап болған аяштың (қырғыздардың әйелі) күйеуі орта жастар шамасында сияқты. Жоқтаудың жалпы сипаты – құдайға жалбарыну. Марқұмға сөз арнап, бұдан кейін бұл міскіннің кам-қарекетін кім ойлайды, етігін кім тігіп, жарты құртты кім жарып жеседі деген сияқты болып келеді.

Маусымның 2-жаңасы. Бұғы руының манабы Боранбай Бекмұрадовтың Тұлшартастағы ауылы. Бізге деген кпіз үй биік жерге тігілген екен. Төменде қарақырғыз ауылдары тарыдай шашырап жатыр. Қазақ ауылдарындағыдай әдеттегі у-шу, абалаған ит, ерсілі-қарсылы қозғалыс атымен жоқ. Барлығы құлаққа ұрған танадай. Төмендегі кпіз үй бір-бірінен белгілі бір қашықтықта орналасып, өзінше бір котан жасап тұр. Ауылдың ортасында желіде құлын байланып, бие сауылып жатыр. Спыр, қой да сонда. Кпіз үйдің жанында бірнеше әйел құрт қайнатып жүр. Манаптың өз кпіз үйін көргім келді. Үйін көрсетуден Боранбай алғаш қашқақтап: «Үй дейтін үй емес, жиғантергеннің бәрін сарбағыштар талап әкетті», – деді. Артынан Боранбай келісіп, үйдің ішін жинастырсын деп аз уақыт мұрсат сұрады.

Ішке кіргенде үйде бірнеше кісі отыр екен. «Удақоб!» (Отырғандар тұрындар!) деген қожайынның әмірлі дауысы шыққанда отырғандар атып тұрды. Мен төрге оздым. Күрек тісі ақсқан жасамыс әйел ала шапан жамылып бөстек орнындағы қой терісінде отыр екен. Қолы қап-қара, кір-қожалақ. Оған аз-кем мадақ сөз айтып, алтыннан ардақты, күмістен қымбатты денсаулығын, мал басының амандығын сұрадым. Оның барлығына ол басын изеп, жауап қатты. Мен кпіз үйді шолуға кірістім. Біздің қазақтардай кпіз үйде не кереует, не аб-



дыра-сандық, не кілем жоқ. Тау-тау ғып жиып қойған текеметтерден басқа ештеме көзге түспейді. Есіктің оң жағында шімен қоршалған бірдеңе тұр. Төрде тек төселген киіздер жатыр. Менің астымда ғана бір тәп-тәуір кілем бар. Үйдің ортасында от жанып тұр. Екі ошақта шойын шояқта <sup>1</sup> су қайнап жатыр. Бәйбіше біздің жол қапшығымыз сияқты аяққаптан екі қытай кесесін алып қымыз құйды.

Қонған үйімізге оралысымен, ат ерттеуге әмір еттім. Енді кері қайту керек. Алатау қырғыздарын көрсем деген мақсатым орындалды. Аттанарда Боранбай көп нәрсе ескертті. Одан мен рулар, манаптар жайында сұраған едім. «Оның барлығы ақ патшаның әмірімен болады. Сый-сияпат та – соның ырықында» деді. Сол сөздің әсерімен қадірлі манап маған ат мінгізіп, шапан ретінде жібек мата ұсынып, қонақты құр қол шығарып салу ырымға жат дегенді айтты. Мен сый-сияпатсыз да құрметті көп көргенімді, бұлардың меймандостығын ешқашан ұмытпай, жүрегімнің түбінде сақтап жүретінімді білдірдім. Біз онымен сыйлас достар сияқты ажырастық...

Әр алуан әйел киімдерінің барлық үлгісін көріп шығуыма мүмкіндік туды. Қырғыз әйелдерінің ерге шыққандары да, оң жақта отырғандары да ақ бәтестен жағасыз жейде киеді. Кеуде тұсын ойып, қызыл жібекпен әдіптеп қояды. Сырткімі – ерлер киетін үлгімен тігілген шапан. Олар ала шапанды, көк шапанды көбірек киеді. Күйеуге шыққан әйелдің қыздардан айырмашылығы – баскімі мен шаш өруінде ғана. Әйелдер басына екі ақ орамал орайды. Біреуін маңдайына тартып, біреуін күндік құсатып самайына түсіріп қояды. Қыздар төбесі шошақ, үкілі ақ такия киеді. Келіншектер шашын екі бұрым етіп өріп, ұшын шашбаумен ұстатып, шолпы тағады. Шаштың ұзындығы сұлулықтың бірден-бір өлшемі іспетті. Сондықтан көбі жасанды бұрым қосып өреді. Бетін опалап, көзін сұрмелеу кең жайылған. Бұрынғы кездері қыздар белін қынай буып, көкүзбек <sup>2</sup> тағып жүретін болған. Сондай-ақ омырауына күміс теңгелер мен маржаннан тізілген алқа салған. Оны алатамақ атайды екен. Мұның бәрі бағзыда болыпты. Жас келіншектер салтанатты жағдайда басына сәукеле салады.

Маусымның 3-жаңасында Емен тауының етегіндегі желден руынан тарайтын тау қырғыздарының ауылына қонып шықтық. Үш күні кешкісін ескі танысым Қылыштың үйінен ауқаттандым. Төрт күні кешкісін Күдергі өзенінің жағасында, жаңа жерде жатқан жасакқа бұрынғы Таспа мен Түп арқылы өтетін жолмен келдік.

<sup>1</sup> Шояқ – қазанға ұқсас ыдыс түрі болу керек.

<sup>2</sup> Көкүзбек – белбеудің бір түрі.



Таспа – Жырғалаң жазығын Түп алқабынан бөліп тұратын тау жотасы. Онымен аттас өзен Сырт тауларынан алады. Өзеннің ағысы қатты. Жағасы ұйысқан сәмбі тал, ырғай және басқа бұталар. Таудың өсімдік дүниесі өте бай. Баурайы сыңсып тұрған шыршалы орман. Таспаның бойында шытыр, жусан, үшжапырақ, жалбыз өседі. Таспада ежелгі арықтардың, обалардың, ұралардың орны жатыр. Қазақтар Таспаның өң бойына арықтың ізі тартылған дейді. Аңызға қарағанда, оны қалмақ ханы Бұқа-Манжы қазғызған.

Біздің тұрағымыздан Саты мен Қарабатпак тұсына таман Сарыбұлақ аталатын екі бастау ағады. Сарыбұлақ алқабында Құрметі өзеніне дейін тіркесе тұтасқан алып жартастар жатыр. Осы арадан мен жартылай жерге кірген тасмүсін балбал таптым. Бір ғажабы, балбал табылған тұста Малороссия мен Сібірдегі сияқты қорған көрінбейді. Осы күнге дейін бұл балбалдарды кім қойғанын, олардың не мензейтінін ешкім білмейді. Мен көрген тасмүсін мұрты сапарлы адамның бетін бейнелеген. Оның оң қолында кесе сияқты бірдене бар. Жүзі, көзі монғол тұрпаттас адамды елестетеді.

Маусымның ішінде Ыстықкөлмен қош айтысуға бел будық. Менің көріп-білем деген дүниелерімнің бәрі түгесілген сияқты. Сапарлас болған сыралғы, қайырымды жолдас жігіттермен қош айтысып, кері тарттым.

### Сөз сыры

**Саға** – өзеннің не тау сілемінің түйіскен жері.

**Манап** – қырғыз руларының ақсүйектері.

**Шашбау** – шаштың үш жағына қоса өретін күміс тиын. Шолпы тәрізді түрлі әшекей таққан, таспадай жіңішке жай жіптен немесе жібектен ескен бау.

**Міскін** – бейшара, мүсәпір; мүскін.

**Қотан** – бір бөлек ауыл.

**Шадыр-шәлкес** – қырсық, қыңыр, қиқар мінез.



1. Шоқан Ыстықкөлге келгенде алғаш нені сипаттайды?
2. «Ыстықкөл сапарының күнделігі» қандай стильде жазылған?
3. Аталған күнделікте қырғыздардың қандай түрлері туралы айтылады?
4. *Жайшы* деген не? Ол туралы жазбада не айтылады?
5. Ғалым қазақ-қырғыз мазарлары туралы қандай пікір білдіреді?
6. Мәтінді оқып, ондағы *салқыныш* , *затуран* сөздерінің мағынасын түсіндірейік.
7. *Жоқтау* дегенді қалай түсінесіңдер? Осы жазбада жоқтау туралы не айтылады?
8. Шоқан қырғыз манабының үйін қалай сипаттайды?
9. Шоқан қырғыз әйел-қыздарының киімдері туралы не айтады?
10. Оқыған үзіндіде қандай балық, өсімдік атаулары кездеседі? Дәптерімізге жазып, олар туралы білетінімізбен ой бөлісейік.





1. Шығарманы бөліктерге бөліп оқып, ат қояйық. Ондағы негізгі мәселер мен автор стилін анықтайық.
2. Аталған шығармадан Шоканның қандай мінездері көрінеді? Автор бейнесіне сипаттама берейік.
3. Түсіндірме сөздікті пайдалана отырып, *өзек, саға, мүйіс* сөздерінің мағынасын ашайық. Оларды қаншалықты ажырата алатынымыз туралы пікірлесейік.
4. *Оба, мазар, бейіт, қорған, там, күмбез* сөздерінің мағынасын түсініп, Шоканның қазақ-қырғыз мазарлары туралы айтқан ойларына талдау жасайық.
5. Шығарманы толығымен оқып, үш топқа бөлініп *қырғыздардың мазарлары, үй іші, қырғыз қыздары мен әйелдерінің киімі* деген тақырыпта талдау жүргізейік.
6. Шокан еңбектеріне шолу жасай отырып, оның маңызы мен пайдасы турасында түрлі мамандық пелеріне жарнама жасайық.



1. Шоқан осы күнделігінде қырғыз қыздарына қатысты «Шаштын ұзындығы сұлулықтың бірден-бір өлшемі іспетті» деп жазады. Бізде қалай? «Бүгінгі сұлулықтың өлшемі не?» деген тақырыпта ойымызды ортаға салайық.
2. Қырғыз халқының әдет-ғұрпына қатысты Шоқан айтқан мәліметтермен бүгінгі қырғыз халқының салт-дәстүрлерін салыстыра отырып, олардағы ерекшеліктер туралы пікір алмасайық.
3. Қазақ әдебиетіндегі күнделік жанрының орны мен маңызын тану үшін төмендегі қаламгерлердің күнделіктерін оқып, оларға салыстырмалы баға берейік.

Ғабит  
Мүсіреповтің  
күнделігі



Мұқағали  
Мақатаевтың  
күнделігі



Герольд  
Бельгердің  
күнделігі



1. Шоқан сияқты танымдық-зерттеу күнделік жазған қандай ғалым, қаламгерлерді білесіңдер? Ұстаздарымыздың бағыт беруімен әлем әдебиетіндегі күнделік жанры туралы зерттеу жасайық.
2. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, Шоқан салған суреттерді жинап, өзге суретшілердің туындыларымен салыстырып, көркемдігіне, шеберлігіне баға берейік.
3. Шоқан қысқа ғұмырында *сурет, сәулет, мүсін және қолөнерге* айрықша мән берген. Осы салалар бойынша Шоқан еңбектерін зерттеген тарихшы Өлкей Марғұлан оның суреттерін мынадай жеті топқа бөледі:
  - жас кезінде салған суреттері;
  - Қазақстан мен Қырғызстан мәдени және археологиялық ескерткіштерінің суреттері;
  - қазақ, қырғыз, ұйғырлардың тұрмысы мен салтына қатысты суреттер;
  - Ыстықкөл экспедициясы суреттері;
  - Құлжа сапарынан туған суреттер;
  - Қашкар экспедициясы суреттері;
  - замандастар портреттері.





Қозы Көрпеш – Баян сұлу моласындағы балбал тастар. Ш.Уәлихановтың қауырсынымен салған суреті. 1856 жыл.



4. «Шоканы бар елдің шоктығы бiшiк» деген тақырыпта деректi эссе жазайық.
5. Шоканға арналған «Өмiр жолы» атты бейнебаянды көрiндер. Сонын негiзiнде «Сен бiлесiң бе?» атты айдармен он сұрақ дайындайық.

#### Зерттегiм келедi...

Шокан – қазақ поэзиясының түрлерiн анықтап, оларға анықтама ұсынған алғашқы ғалымдардың бiрi. Ғалымның шығармалар жинағын пайдалана отырып, «Шокан – әдебиетшi-ғалым» атты тақырыпта шағын зерттеу жүргiзейiк.

#### Бiлгенiм бiр тоғыз

«1864 жылы Ш.Уәлиханов генерал Черняевтiң әскери экспедициясына шақырылып, Әулиеата бекiнiсiн алардағы соғыс әрекеттерiне қатысады. Ш.Уәлиханов Қазақстанның оңтүстiк аудандары мен Орта Азияны Россияға қосу үшiн қантөгiс болдырмай, бейбiтшiлiк жолмен бiтедi ғой деп ойлайды және соған өзi мықтап сенедi. Черняевке де жергiлiктi халықтың бейбiт ұсыныстарынан бас тарпай, алдын ала келiссөздер жүргiзiп отыру жөнiнде нұсқау берiлген болатын. Құжаттарға қарағанда, осы келiссөздерге қатысу үшiн «... орыс пен татар тiлдерiн жақсы бiлетiн өте бiлiмдi азиялық адам – штабс-ротмистр Уәлиханов» әдейi жiберiлген болатын. Бiрақ генерал Черняевтiң әдiлетсiз iстерiне Шоқан қатты наразы болады. Тiптi жалғыз Шоқан емес, Россияның бүкiл алдыңғы қатарлы адамдары наразылық бiлдiредi.

1864 жылдың шiлде айында Шоқан Черняевтiң әрекеттерiне наразы болған бiр топ офицерлермен бiрге Верный қаласына тартады. Бұл офицерлердiң көбi кейiн соның жазасын тартып, шенi төмендетiледi.

Содан соң Шоқан Верныйдан кетiп, албан руының ағасұлтаны Тезек төренiң ауылына барады. Сонда тұрып ол Тезек сұлтанның қарындасына үйленедi.

Ауылда тұрған кезiнде Шоқан Ұлы жүз қазақтарының тарихи аңыздарын зерттеп, Батыс Қытайдағы дұңған көтерiлiсiне көңiл аударып, Петербургпен, Батыс Сiбiр әкiмшiлiгiмен байланысып отырады», – дейдi Әлкей Марғұлан.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым. Алматы: Жазушы, 1985.



## II бөлімге арналған тест сұрақтары

1. Бұғыбай, Құрман, Бұқарбай, Ағыбай қай шығарманың кейіпкерлері?
 

а) Махамбет жырларының;	ә) «Кенесары-Наурызбай» жырының;
б) «Ыстықкөл күнделігінің»;	в) «Біржан-Сара» айтысының.
2. Құныкер сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?
 

а) ақшаның құнсыздануы;	ә) кісі өлтірген, жазалы адам;
б) кісі қолынан қаза тапқан адам;	в) жау қолына түскен тұтқын.
3. «Орақ-Мамай», «Кенесары-Наурызбай» жырлары қандай жырға жатады?
 

а) эпостық жыр;	ә) тарихи жыр;
б) лиро-эпостық жыр;	в) батырлар жыры.
4. Нысанбайдың өнерін танып, оны «Басықарадай батыр жоқ, Нысанбайдай акын жоқ» деп бағалаған кім?
 

а) Кенесары;	ә) Наурызбай;
б) Ж.Шаһхисламұлы;	в) Х.Досмұхамедұлы.
5. Үзіндідегі көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңдар.  
 Бұл сапарда ... Қамалын бұзды қырғыздың,  
 Жар етті Жаппар иесін! Соғыстың тауып жүйесін.
 

а) Кенесары;	ә) Ағыбай;
б) Бұғыбай;	в) Наурызбай.
6. Кейіпкерлері шынайы адамдар болатын деректі шығарма қалай аталады?
 

а) очерк;	ә) толғау;
б) такпак;	в) тарихи жыр.
7. «Әдебиет танытқыш» кімнің еңбегі?
 

а) А.Байтұрсынұлы;	ә) В.Радлов;
б) Ә.Диваев;	в) М.Әуезов.
8. Белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты туған кең көлемді шығармалар қалай аталады?
 

а) лиро-эпостық жырлар;	ә) руна жазулары;
б) тарихи жырлар;	в) батырлар жыры.
9. Махамбеттің Исатайға арнаған өлеңін көрсетіңдер.
 

а) «Әй, Махамбет жолдасым»;	ә) «Зынданда»;
б) «Ереулі атқа ер салмай»;	в) «Тарланым».
10. Өлеңнің әр жолының немесе әр ой ағымының бір сөзден басталып отыруы қалай аталады?
 

а) анафора;	ә) эпифора;
б) жай қайталау;	в) еспе қайталау.
11. Төмендегі еңбектердің қайсысы Шөканның еңбегі емес?
 

а) «Даладағы мұсылманшық»;	ә) «Сот реформасы туралы жазбалар»;
б) «Жамият-ат Тауарих»;	в) «Қазақтың көші-қоны».
12. Манан сөзінің мағынасын анықтаңдар.
 

а) қырғыздың кедей ауылы;	ә) қырғыз руларының ақсүйектері;
б) қырғыздар киім тіккен мата түрі;	в) қырғыз халқының батырлары.



### III бөлім

## АДАМ ЖАНЫНЫҢ КҰПИЯСЫ

Достар, тастан қатты, гүлден нәзік адам жанының құпиясы неде? Әрине, әрбір адам өзінше жұмбақ, өзінше қайталанбас дара тұлға. Осынау құпиясы қырық қатпар адам жанын зерттейтін мамандық иелері қаламгерлер қауымы болса керек. Әдебиеттің зерттеу нысаны да адам жаны, сезімі. Аталған тарауда:

- «Қазақ поэзиясының құлагері» атанған суреткер ақын Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасымен танысып, өнер адамының өзгеше өмірінің куәсі боламыз. Ақынмен бірге қуанып, бірге мұңаймыз;

- Бейімбет Майлиннің атақты «Шұғаның белгісі» хикаяты сол замандағы қазақ қыздарының тайғақ тағдырына тағы бір көз жеткізіп, жүрек тебірентері сөзсіз;

- «Ұлпан – менің Джокондам» деген Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы – талай буынға сөз өнерін сүйдірген, оқырманы ең көп шығармалардың бірі. Шығарма соңында «Қалай Ұлпандай болуға болады? Шіркін, қазақ қыздары не деген мықты?» деп ойласандар, автор мақсатының орындалғаны деп біліндер;

- Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі ақын жүрегі сағынышқа толы кездерде жазылғандай. Осы сезімнің не құдіреті барын білгілерің келсе, «Сағынышты» оқындар;

- «Белдемше киген Махамбет» атанған ақын Фариза Онғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем» деп өлеңге де, өзіне де қатал талап қоя білген жан. Өлеңді оқып, жас достар!

### ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ

(1894–1938)

**Ілияс Жансүгіров** – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Ол – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

**Өмір жолы.** 1894 жылы 5 мамырда Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. «Өз үйінде әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Ілияс Қарағаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектептен оқып, әртүрлі пәндерден сабақ алады», – дейді академик Рымғали Нұрғали<sup>1</sup>.



<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 7-том. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2004.





Ілияс Жансүгіров отбасының соңғы суреті

1937 жылдың 3 мамырында Ілияс өз отбасын жинады. Фотосуреттің сол жағында – Фатима Ғабітова және кішкентай Ільфа Жансүгірова. Ортасында – Ілияс Жансүгіров және кішкентай қызы Үміт. Фотосуреттің оң жағында – Азат Сүлеев. Фатима мен Ілиястың арасында – Жәнібек Сүлеев. Оң жағындағы ең шеткі – Ф.Ғабітованың туған апасы. Оның қасында – үй шаруасын істейтін әйел. Осы әйелдің сол жағында Ілиястың жиегі – Болатхан

1920 жылы Алматыда ашылған үш айлық мұғалімдік курсқа келген ол Әбубәкір Диваевтың айтуымен Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтының дайындық факультетіне қабылданады. Оны бітірген соң «Ақ жол», «Жас Алаш» газеттерінде корректор, одан соң өз ауылында біраз уақыт мұғалім болады. 1922 жылы Алматыға келіп, «Тілші» газетінде редактор болып қызмет істейді. Кейін Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітіріп, «Еңбекші қазақ» газетінде 1932 жылға дейін қызмет атқарды.

І.Жансүгіровке ұлттық контрреволюциялық ұйымға қатысы бар деген айып тағылады. 1938 жылдың 26 ақпанында КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы І.Жансүгіровті ату жазасына кеседі.

1938 жылдың ақпан айының 1 күні ақынның жары Фатима тергеушімен келісіп, Ілиясқа кездесуге барады. Бұл жолы ол Болат деген баласын әкесіне көрсетпекші болды. Сол жолы Ілияс: «Бұл ұлымыз етікші болсын, етік тігуге үйрет... Жазушы болып, жазықсыз жапа шеккенше, етікші болып, еркін өмір сүрсін», – дейді.

**І.Жансүгіров – акын.** Алғаш өлең жазуына Абай өлеңдері себепші болыпты. Ілиястың қазақ поэзиясына қосқан ерекше зор үлесі – пейзаж лирикасы. Оның «Жазғы таң», «Мезгіл суреттері», «Жетісу суреттері», «Гималай» т.б. өлеңдері соның дәлелі.



Акын каламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэма қазақ поэзиясының інжу-маржаны болып табылады. 1936 жылдың қараша мен желтоқсан айында «Социалистік Қазақстан» газетінде Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы жарық көреді.



**Жансүгіров – жазушы.** І.Жансүгіровтің прозалық шығармаларының ішіндегі көлемдісі – «Жолдастар» романы. Мұнда қазақ сахарасындағы еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігін, азаттықты көксеген арман аңсарын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің дүмпуін суреткерлікпен ашып көрсетеді.

**Жансүгіров – аудармашы.** Ілияс А.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ М.Лермонтовтың, М.Горькийдің, Н.Некрасовтың, В.Маяковскийдің көптеген шығармасын қазақ тіліне тәржімеледі.

2016 жылы «Құлагер» поэмасы неміс тіліне қазақша түпнұсқасынан тікелей аударылып, Қазақстан-Гёте институтының қолдауымен Германияда басылып шықты. Поэманың неміс тіліндегі нұсқасының авторы – неміс жазушысы Герт Хайденрайх.

Елімізде бірнеше мектепке, көшеге, ауданға, елді мекенге, Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне І.Жансүгіровтің есімі берілді.

Талдықорғанда акынның өмірі мен шығармаларына арналған әдеби-мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.



Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров әдеби-мемориалдық мұражайы



## «Құлагер» поэмасы

(үзінді )

### Ақан

«Құлагер» – акынның рухани мұрасы және бүтін бір халықтың басына төніп келе жатқан сталиндік қутын-сүргін зұлматын алдын ала ескерту болатын. Бұл оның тұтқындалар алдындағы ақтық туындысы еді. «Құлагер» поэмасы Ілиястың жанайқайы болатын.

*Ильфа Илиясқызы Жансүгірова-Жандосова*

#### Тірек сөздер:

- ✓ Ақан
- ✓ тұлпар
- ✓ ас
- ✓ бәйге
- ✓ қастандық
- ✓ жоқтау

...Туғаны Аркадағы Арғын елі,  
Өскені Көкшетаудың шалғын жері.  
Ащы тіл, асау мінез қылығынан,  
Атанып кетпеді ме «азғын», «пері»?!

Лақабы – әлде әулне, әлде пері,  
Арқаның атақтысы Ақан сері.  
Көкшеде сұлу сүйіп, өлең айтқан,  
Бұлаңдап тақымында Құлагері.

Кісі емес Ақан төрде билік айтқан,  
Ұры емес, ауыл торып, ел шулатқан...

Ол емес және өзінің малын бакқан,  
Жалшы емес және байдың отын жаққан...

Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен,  
Өмірді өткізген жан өз ыркымен.  
Өмірдің ащы емес, тұщысында  
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкімен.

Адамнан, айналадан, күйіркеден,  
Бой тартып ел ішінен жпіркенген.  
Безінген біржолата тағы болып,  
Аулақтап әсем тауда жүруменен.

Және де жақынынан жарды сүйген,  
Сол үшін ауыл-аймақ безген үйден.  
«Алам» деп Акмарқаны аласұрып,  
Ала алмай ақырында жаны күйген.

Жатталып Акмарқаның аузында аты,  
Телміріп таста отырып жазған хаты.



Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ –  
Онысы астындағы жалғыз аты.

### Ас

Басталды әңгіменің былай басы,  
Болды оған жетпіс, сексен жыл шамасы.  
Арқада Ерейменді мекен еткен  
Керейде Сағынайдың болыпты асы,

Әр елдер тұрғы-тұрғы, алыс-жақын  
Жаратып келіп жатқан дәмелі атын.  
Бас қосқан неше дуан ақтарылды ас,  
Жалпак жұрт түгел естіп жатты даңқын.

Қараөткел келіп жатыр, Қарқаралы,  
Кереку, Баян, Семей, Торғай – бәрі.  
Жетісу осында кеп құйып жатыр,  
Арқаға аунап шөкті Қаратауы.

Жан-жақтан ағытылды сабаны артып,  
Түсіріп, дүрілдеп жүр табақ тартып.  
Кісіге шыпылдады ақ ордалар,  
Қалың ат ер-тұрманы етіп жалт-жалт.

Тәтті жал, казы-қарта мая-мая,  
Дамылсыз дастарқанды жүрген жая.

Жігіттер тынымы жоқ, табақ тасып,  
Болғансып терлеп-тепшіп, бая-шая...

Бір үйде қобыз даусы шымырлаған,  
Күніреніп кейде, бірде ынылдаған.  
Бір кезде бебеу қағып, күшіктей боп  
Қыңсылап, сынсығандай күй жылаған.

Бір үйде домбыра да ыныранған,  
Қыр күйі құлдыраған, бұлдыраған.  
Қос ішек «Қосбасарды» сылқылдатып,  
Жүректі жұлып жеуге күй жынданған.

Осындай болып жатты ұлы жиын,  
Жиынның мыннан бірін айту қиын.  
Еті тау, қымызы көл деуге болар  
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын.



Көкшетау қаласындағы  
Ақан серіге арналған  
ескерткіш



### Сөз сыры

**Күйірке** – сырластық, мұндастық. Күйіркелесу – сөйлесу, шүйіркелесу, әңгімелесу.

**Ақмарқа** – бұл жерде: қыздың аты.

**Дуан** – бұл жерде: бір округ елді қамтитын көлемді білдіретін халықтық өлшем; аймақ.

**Бебеу** – жаны қатты қиналғанда шығатын үн. Бұл жерде: күңіренген домбыра үні.

**Бақалшы** – уақ-түйек сатумен айналысушы, яғни саудагер.

**Тақым** – тізенің астыңғы, ішкі жағы.

**Қосбасар** – бұл жерде: күй аты, яғни музыкалық шығарма.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Градация (дамыту)** – сөйлегенде алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы оқиғадан соңғы оқиғаны күшейтіп айту. Дамыту жай сөз де, жазушылардың сөздерінде де жиі кездеседі. Өлеңі тартымды, әсерлі болу үшін ақындар дамыту әдісін қолданады. Дамытумен жазылған шығармаларда алдыңғы ойдан соңғы ойды күшті етіп шығару үшін алдыңғы құбылыстан соңғы құбылыс, алдыңғы сөзден соңғы сөз күшті боп үдей береді (Қ.Жұмалиев).<sup>1</sup>



1. Ақан сері туралы не білесіңдер?
2. Оқыған үзіндіде Ақан қалай сипатталады?
3. Ол неліктен елден жырақ, оңаша жүреді?
4. Өлеңде оның сүйген жары мен серігі кім делінген?
5. Қазақ халқындағы *ас беру* салт-дәстүрі туралы не білесіңдер?
6. Сағынайдың асына қай өңірлерден адамдар жиналды?
7. «Ашы тіл, асау мінез қылығынан, Атанып кетпеді ме «азғын», «пері» деген жолдарды қалай түсінесіңдер?



1. Оқыған үзінді мен қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, Ақанға мінездеме берейік.

Ақан кім?

Арканың ардақтысы

.....

.....

Ол нені ұнатқан?

.....

Көкшеде сұлу  
сүйіп, өлең айтқан

.....

Ол не істемеген?

Тәрде билік айтпаған

.....

.....

2. Қазаққа тән ұлттық ерекшеліктер: *саба арту*, *табақ тарту* т.б. сынды салт-дәстүрлер жайлы білетінімізбен бөлісейік.
3. Төмендегі ақын қолданған көркемдегіш құралдардың (теңеу, кейіптеу, градация, эпигет) шығарма мазмұнын арттырудағы қызметін анықтайық.

<sup>1</sup> Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1964.





Қазақ тарихында сақталған *ас беру* дәстүрін өзге түркі тектес халықтармен салыстыра отырып, шағын зерттеу жүргізейік.

### Зерттегім келеді...

Қазақ әдебиетінде Ақан сері Қорамсаұлының өмір жолын, өнер тарихын басты тақырыпқа айналдырған шығармалар бар. Ақанның көркем бейнесі М.Әуезов пен С.Мұқановтың «Ақан-Зайра» пьесасында, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» драмасында, Қ.Бекхожиннің «Сонғы сайран», А.Хангелдиннің «Ақан сері», Ф.Оңғарсынованың «Ақан сері аңыздары» поэмаларында және С.Жүнісовтің «Ақан сері» романында сомдалған. Аталған шығармалардың бірінің негізінде «Қазақ әдебиетіндегі Ақан сері бейнесі» атты тақырыпта жоба дайындайық.



Сағынайдың асында қандай оқиғалар орын аларын білу үшін поэманың жалғасын оқыық.

## Құлагер

Қайырып қыстай баптап Құлагерді,  
Осы астың дақыртына Ақан келді.  
Мінгізіп бәйге бала жайтандатып,  
Аулына ас бергеннің тақау келді.

Араға алты қонып, алыс жерді  
Алып ед жайлап жүріп Ақан сері.  
Хабары Құлагердің осы жаққа  
Келуші ед еміс-еміс көптен бері.

### Тірек сөздер:

- ✓ *сері*
- ✓ *тұлпар*
- ✓ *дұға*
- ✓ *ат келбеті*
- ✓ *сыншы*
- ✓ *қызғаныш*

Көз тігіп, тұрған күтіп Көкшетауға  
Даяшы шапты алдынан қарсы алуға.  
«Қош келдің, сері!» деген сәлемменен  
Түсірді Ақанды әкеп ақ отауға.

Дегендей шешен – дауға, батыр – жауға,  
Жүйрікті бәйгеге деп бағалауда.  
«Дүлдүлі Көкшетаудың келді» десті,  
Топ жарған талай елге салған сауға.

Кермеге қойды байлап Құлагерді,  
«Маңайдан жан жүрмесін» деді сері.  
Көзінен неге таса қылсын Ақан,  
Іргені ат жақтағы түргіздірді.

Дегенге «Көкшетаудан Құла келді»,  
Көруге ынтызар боп ел жүгірді.





Көкшетау қаласындағы Құлагерге қойылған ескерткіш

«Біреудің тіл мен көзі тимесін» деп  
Дұға оқып, Ақан жерге түкірінді.

Салбырап тұр Құлагер байлауында,  
Қарасып Құланың бас-аяғына:  
– Осы ма, Құлагерің? – деседі жұрт,  
Жүйрігі жануардың қай жағында?

Салпы ерін, сала сүйек, салбыр тірсек,  
Қатыбас, қаншыр мойын, ит өндірішек.  
Бітімі ойқы-шойқы, орда-шорқы,  
Пішкендей жануарды олақ өлшеп.

– Сүйегі – сиыр сүйек, қықы-жиқы,  
Сал бөксе, жазық бауыр, ұзын тұрқы...  
Осы ма данқы шыққан Құлагер, – деп,  
Ас тегіс Ақан атын қылды күлкі.

Сыншының келіп көрді отыз-қырқы,  
Күренбай көріп деді: «Жаман сұрқы,  
Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас,  
Артынан жөнелгенде жетпес жылқы!»

Сөзіне Күренбайдың жұрт таңғалды,  
Не сыншы, не сұңғыла ортаға алды.  
Жылқының қырағысы, шежіресі –  
Күренбай көзін сүзіп тұрып қалды.

Күренбай көріп тұрып артын, алдын:  
«Жануар жүйрігі екен жылқы малдың,  
Жері ұзақ, күші алдында, өрен жүйрік,  
Бітімі өзі айтып тұр жануардың.

Келіскен кескін мынау омыраудың  
Өзі айтар: қаратам, – деп – қазақ қауымын.  
Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ,  
Тасындай шұбар ала Көкшетаудың.

Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,  
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ.  
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,  
Құс топшы, қос шынтағы қалқынқырақ.

Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,  
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік.



Шашакты, шақпак етті, аласа ұршық,  
Кұндыздық қалай біткен құйрыққа дүп?

Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,  
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.  
Қақпан бел, қалбағайлы, үнгір сағак,  
Шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ.

Сүйегі жануардың жылқыдан жат,  
Бұл емес текежаумыт не қазанат.  
Күйкіп көзге қораш көрінсе де,  
Шапқанда шалдырмастай бітер канат.

Екпіні үй соккандай пыскырғанда,  
Шалдырмас көктен құсқа, жерден аңға.  
Жықпаса жалғыз қазық жануарды,  
Бұл әзір жеткізбей тұр жылқы малға.

Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,  
Салбырап тұрғанына деме «жабы».  
Мандайы жарқырап тұр жануардың,  
Ашылып тұр осы аста мұның бағы.

Көзімнің көбеймесе бүгін ағы,  
Есімнен жаңылтпаса сайтан тағы.  
Егер де шын жылқыны мен танысам,  
Хақ мұның қырып-жойып бәйге алмағы!»

– Пәлі! Ат таныдың! Таптың, сөз-ақ! –  
Деп оны өзге қазақ етті мазақ.  
– Көмбеде көрісерміз, асықпандар!  
Сол күні Құлагердің сөйлер өзі-ақ!

Соны айтып кете барды сол Күренбай,  
Ақанды ортаға алып би менен бай:  
– Жарқыным, жалғызбысың? Елің қайда?  
Деп жатыр жабырласып жөнін сұрай.

– Еліне сауын айттық біздер ұдай,  
Тоймадык келісіне сенің мұндай.  
Жетелеп жалғыз атты жеке кепсін,  
Ешкімді Қарауылдан жолдас қылмай.

«Елі емес, Көкшетаудың аты келді,  
Не керек одан басқа? – деді Сері. –





Құлагер қосатыным, атым – Акан,  
Таратсын, жаршы қайда, шақыр бері!»

Жар салып шауып жүріп шартарапты,  
Құлагер келгендігін жар таратты.  
Құлағы Құлагерге қанық шіркін –  
Несі Көктұйғынның ішін тартты.

Алтайда ұрпағы бар Бегайдардың,  
Бұлар да бір биігі біткен нардың.  
Баласы Бегайдардың Батыраш бар –  
Өр көңіл, жуан кеуде, бірі аусардың.

Атты айттық жоғарыда бір Көктұйғын,  
Әкелген асқа Батыраш сол жүйрігін.  
Қағатын қанаттыны өрен жүйрік,  
Қоймаған қырдан жылқы бұл бір қырғын.

Несі Батыраш бір кеппе кеуде,  
Ұркөппе, томырық мінез, намыс берме.  
Осы аста сағы сынып, бағы тайса,  
Ол өзін дап-дайын тұр «өлдім» деуге.

Шулатқан арғын елін, Арқа халқын,  
Естіген Батыраш та Құла даңқын.



Сатылап сұрап еді кісі салып,  
Қолына түсіруге Акан атын.

Жүрегі жаралған ер жүйрікпенен,  
Сері Акан сұрауына илікпеген.  
Содан соң кегін сақтап кеткен Батыраш,  
Үкілеп Көктұйғынын «жүйрік» деген.

Көктұйғын күңіrentіп талай шапқан,  
Бәйге алып шапқан сайын алғыстатқан.  
Осы аста бас бәйгені оймен алып,  
Батыраш көптен бері үйде жатқан.

Ниетпен дәл осындай Көк ат келген,  
Қашаннан «қап» деп азу басып жүрген.  
Құлагер Көкшетаудан кеп қалған соң,  
Қызғанып Батыраштың іші өртенген.

#### Сөз сыры

**Сауға** – бұл сөздің мағынасы өте көп. Бұл жерде: дәстүрлі қазақ қоғамындағы асыраушысы жоқтарға, кемтарларға соғыстан, аңшылықтан түскен олжадан берілетін көмек, жәрдем. Бұл арада Құлагердің бәйгеден алған олжасын айтады.

**Ірге** – бұл жерде: киіз үй керегесінің сыртқы жағы, киіз (іргелік) жабылған қоршауы.

**Текежаумыт** – асылтұқымды түрікмен жылқысы.

**Қазанат** – дене бітімі ірі, ұзақ жолға шыдамды, мықты ат.

**Сауын айту** – сауын – алда өтетін үлкен ас, ұлы той, үлкен жиын туралы ел-елге жариялап, хабар беруді білдіретін қазақ салтының бір рәсімі. Ал сауын айту – сол хабарды ел-елге хабарлау, жариялау түріндегі халықтық тұрып.

#### Егес

Ақ отау топырлады Акан түскен,  
Қалың жұрт кетті керіп сырттан, іштен.  
Шығады Акан даусы әнге талып,  
Безелген ғашық жармен, қыран құспен.

Ән тәтті Ақан салған Арқадағы:  
«Үш тоты», «Ақсаусак», «Маркалары».  
Салғанда «Сырымбеттей» сүйікті әнін,  
Қасына жпылған жұрт тарқамады.

Қызықтап Ақан салып әртүрлі әнге,  
Мәжіліс боп отырды, елге әңгіме.  
Ән тоқтап, Ақан сөзге айналғанда,  
Ауысты жұрт анызы Құлагерге.



– Қуанып қалдык сіздің ат келгенге,  
 Құланы данқы шыққан ап келгенге.  
 – Атыңыз бұрын кездеспеген шығар  
 Алтайда алғыр тұйғын Көкпенен де?

Ат шапса ішімізде, сыртымызда,  
 Көктұйғын жеткізбей тұр жылқымызға.  
 «Бас бәйге Батыраштың сыбағасы», –  
 Деп тегіс қойды ұйғарып жұртымыз да...

– Естігем бұрын данқын Көк неменің,  
 «Алтайдың жүйрігі одан жоқ» дегенін.  
 Жолықпай несіне жүрген болса,  
 Осы жол Көкшолақты бөктеремін!

Ақанның осылай деп өктегенін,  
 «Құламнан озар жылқы жоқ» дегенін,  
 Жеткізді Батырашқа бір қу ауыз,  
 «Құлаға бөктерілер Көк» дегенін.

Есітіп Батыраш боп бұлқан-талқан,  
 Көкжалды қысып кетті ашу – сайтан.  
 Тепсініп ақ отауға келді кіріп,  
 Жиған жоқ аяғын да жатқан Акан.

Қылған жоқ қырмауынан қауіп, қайқан,  
 Дауысы Батыраштың шықты қатаң.  
 Қамшысын бүктеп шарт жүгініп шал,  
 Ақанға сөзі мынау сондағы айтқан:

– Қаңғырып Қарауылдан асқа кепсің,  
 «Осы аста абұйырым басқа» депсің.  
 Өзіңе өз аузыңмен бәйге беріп,  
 «Атыңды өзгелерің қоспа» депсің.

Алтайда мен ақиық ұшқан қонбай,  
 Қарамды көре алмайтын сендей торғай.  
 «Бөктерем Батыраштың Көк атын!» деп,  
 Оттапсың ауызыңа не болмай.

Ақанға батып кетіп шалдың сөзі,  
 Аңырап алғашқыда қалды да өзі.  
 У тілмен алды шалды шағып-шағып,  
 Лап берме оның дағы от мінезі.



– Би болсан, би шығарсың Алтайыңа,  
Тілімді, терезем тең, тартайын ба?!  
Көгіңді бөктермесем атым сенікі,  
Шапса да әкең мініп байталына!

Көгеріп Батыраш шал басы қалтақ –  
Қалтақтап жан-жағына етіп жалтақ.  
Біле алмай не кыларын үйден шықты,  
Халық та кетіп жатты үйден тарқап.



1. *Аттың бабы мен сыны, қасиеті* туралы қандай шығармалар білесіңдер?
2. Ілияс Жансүгіровтің жылқы тақырыбына жазылған қандай әндерін, өлеңдерін естіген едіңдер?
3. Оқыған үзіндіде не жайлы айтылады?
4. *Кембе, керме, кереге, ірге* сөздерінің мағынасын түсіндірейік.
5. Құлагерді көрген жұрт не десті?
6. Күренбай сыншының қандай сөзіне жұрт таңғалды?
7. Көктүйгын кімнің тұлпары еді?
8. Ақанның келгенін кім жактырмады?
9. Ақан мен Батыраштың арасындағы әңгіме қандай сипатта өтті? Не себепті олай болды?
10. *Би болсаң, би шығарсың Алтайыңа,  
Тілімді, терезем тең, тартайын ба?!  
Көгіңді бөктермесем атым сенікі,  
Шапса да әкең мініп байталына!* – деген жолдардан Ақанның қандай мінездері көрінеді?



1. Төмендегі сызбаны пайдаланып, Құлагердің портретін жасайық.



2. *Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,  
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыңшақ,  
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,  
Құс тоңшы, қос шынтағы қалқыңқырақ,* – деген жолдардағы түсініксіз сөздердің мағынасын ашып, жылқы малының түр-түсіне, тұрқына қатысты сипаттауларға талдау жасайық.
3. Үзіндіде кездесетін көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайық.





1. Құлагерді алғаш көргендегі халықтың сыны мен Күренбай сыншының бағасын салыстырып, өз қиялымыздағы Құлагерге сипаттама берейік.

Құлагерді алғаш көргендегі халықтың бағасы қандай?
...
...

Күренбай таныған Құлагер қандай?
...
...

Менің ойымдағы Құлагер
...
...

2. Оқыған үзінді негізінде Ақан мен Батыраштың портретін жасап, оларға мінездеме берейік.

Батыраш

Ақан

Сырт келбеті қандай?  
Ол Ақанға неліктен ашуланды?

Қандай өнерлері бар?  
Батырашқа қандай жауап қайтарды?

3. Поэмадағы Құлагердің сипатталатын тұсын түсініп оқып, Абайдың «Аттын сыны» өлеңімен салыстырайық. Екі шығармадағы жылқы жануарының сипатталуына баға берейік.

#### Зерттегім келеді...

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі жылқы малының алатын орны мен жылқыға қатысты түр-түс атауларына байланысты шағын зерттеу жүргізейік.



Ақан мен Құлагерді алда не күтіп тұр деп ойлайсындар? Өз болжамымызды ұсынайық. Болжамымыздың қаншалықты дұрыс екендігіне поэманы әрі қарай оқу арқылы көз жеткізетін боламыз.

### Ат айдау

#### Тірек сөздер:

- ✓ жүйрік
- ✓ қауіп
- ✓ көреалмау-шылық
- ✓ шаң
- ✓ сәйгүлік

Тауысып көл қымызды, таудай етті,  
Неше күн Ерейментау етке бөкті.  
Күтіліп келген мейман тойынған соң,  
Ат шауып, бәйге үлесер мезгіл жетті.

Ат саны барған сайын бірден өсті,  
Атка еріп, тамашалап халық көшті.  
Аттарды жазып-сызып керешілер,  
Санакшы санын бір мың үш жүз десті.

Ақан да алып шықты Құлагерін,  
Салшытып саптаяқтай төменгі ернін.  
Жай тастап төрт аяғын келді тұлпар,  
Оңаша жұрттан аулақ тұрды Серін.



Талтайып жимай тастап тілерсегін,  
Салпштып тұрды Құла үлпершегін.  
Күреңбай Ақанға кеп сөз айтады:  
– Аласың астың алдын, Ақан серім!

Батыраш танушы еді бұл да малды,  
Құлагер Көк атқа ажал сықылданды.  
Алғаш-ақ Құлагерді көрген күні  
Ауырып, ұйқы көрмей ыңкылдады.

Көмбеде Құлагерге тағы барды,  
Шықты да алды-артына көзін салды.  
«Арқаның албастысы бұл шығар» деп,  
Ішінен Құлагерден қауіптенді.

Батыраш бала жастан атқа құмар,  
Айқайшыл, ат әперген баққа құмар.  
Арам ой, ата намыс ұр-шөкпары,  
Кір көңіл, сарайының батпағы бар.

«Осы ма данқы шыққан Құла тұлпар?  
Сүйегі бөлек екен, сұмдық шығар!  
Арқаның алдын алған Көктұйғынның  
Алатын әзірейілі осы шығар.

Жануар, бітісін де ерек екен!  
Сүйегін алқа-салқа бөлек екен!  
Көргем жок, көріп жүріп мұндай атты,  
Жүтірсе шаба ма екен, желе ме екен?!

Бұл кәпір жылқы ма екен, немене екен?  
Осы аста алдымен-ақ келе ме екен?  
Алдында ат салмаған Көктұйғынға  
Бәр пәле Көкшетаудан келген екен!

Отты екен жануардың екі көзі!  
Перінің пырағы ма мұның өзі?!»  
Түтігіп, қап-қара боп тұрды Батыраш,  
Жалғыз-ақ «Қап! Қап!» болып айтқан сөзі.

Қызыл шыт тартып беріп баласына,  
Көп аттын қоя берді арасына:  
«Алдына бір-екі-ақ ат алып отыр,  
Келгенше сонау жердің шамасына.



Бұл айдау – кырғын жорық, байқап отыр,  
Барғанша, бұлаң құйрық, шайқап отыр.  
Жел жақта шаң қаптырма, ұрма, қалқам!  
Тек қана тізгін қағып жайқа да отыр!»

Қалың ат, көп баланың арасында,  
Құшақтап Ақан сүйді баласын да.  
«Қош, аман келгенінше күтемін», – деп,  
Мойнынан құшақтады Құласын да.

### Сөз сыры

**Кереші** – аттарды бәйге жолына шығарып салушы, қарсы алушы.

**Үлпершек** – 1) анатомия ғылымында кеуде қуысында жүректі қаптап тұрған сірлі, фиброзды қапшық; 2) жүрек қабына май, кесек ет т.б. салынып жасалған, шұжық тәрізді тағам. *Бұл жерде: екінші мағынада.*

**Көмбе** – жасырып тыққан қымбат заттардың қоймасы. *Бұл жерде: меже, мәре, ат жарысы басталатын жерге қойылған қарақшы.*

**Пырақ** – қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар.

### Ат қайтқанда

Ат қайтты әлденеше он шақырымнан,  
Көп атты қайырмады жакын бұдан.  
Жөнелді түтіндеп мың үш жүз ат,  
Шаң кетті көкке шапшып сапырылған...

Жер бетін қағып ұшқан құстай шүйгіп,  
Адақтап барған сайын шықты жүйірік.  
Төртеудің мың үш жүзден мойны озып,  
Құлагер келе жатты тістеп құйрық.

Артында төртеуінің мың ат қалды,  
Балалар барған сайын шулап қалды.  
Жер шіркін барған сайын бауырын жазып,  
Шаң шіркін барған сайын будақталды...

Жарысты өңшен тұяқ жолды сойып,  
Төрт кетпен келе жатыр дабылды ойып.  
Төрт тұлпар шанын бөліп, ұзай салды,  
Жолшыбай аттың бәрін кырып-жойып.

Көргенде көз ұшында келе жатқан  
Қараны қоя ма көз күн-түн бакқан?



Жасаурап екі көзі тұра алмады,  
Құласын құлдыраған танып Ақан.

Сорғалап сол өзекке ат та құлап,  
Жоғалды жұрт көзінен келе жатқан ат.  
Өзектен үздік-түйдек үш ат шықты,  
Алдында қылт еткендей болды бір ат.

Елде жоқ осы кезде ұшар қанат,  
Қайтсын-ау қазақ көңіл құмарланат.  
Ақанның не болғанын білгіміз жоқ,  
Алдыңғы ат баранданбай, қыланданат...

Жұрт көрді ат үшеу-ақ, бірі қалды,  
«Баран жоқ бағанағы!» деп шулады.  
Тырмысқан төске таман үш желдіаяқ,  
Дегенше әні-міне келіп қалды...

Алтайдың қосқан аты асып аруақ,  
Көк аты Батыраштың келді заулап.  
Дауысы баласының азар шығып,  
Шырылдап өте шықты, «Бегайдарлап!»...

Ұрандап мың үш жүзден үшеу өтті,  
Қара жоқ өзгесінен, қайда кетті?  
Аспан шу, жердің бетін шаңыт борап,  
Біреуді-біреу тіпті білмей кетті.

Тек Құла астың алдын шайқаған жоқ,  
Бәйге алып, жиын жарып, жайқаған жоқ.  
Айырылып Ақаннан да қалдық, міне,  
Кеткенін қалай қарай байқағам жоқ.

Шапқан ел жетті қаптап Қусак көлге,  
Өлгі өзек ат көрінбей кеткен жерге.  
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болып,  
Айталық не болғанын Құлагерге.



1. Оқыған үзінділердегі негізгі мәселені анықтап, үзіндіге ат қояйық.
2. Бәйгеге канша ат қатысты?
3. Ақан мен сыншы не туралы сөйлесті?
4. Құлагерді көргенде Батыраш не ойлады?
5. Бәйгеден неше ат суырылып шықты?
6. Кімнің аты бәйгеден озып келді?
7. *Кереші, санақшы, баран, шілгір* сөздерінің мағынасын қалай түсінесіңдер? Мысал келтірейік.





1. Бауырын жазу, құйрық тістеп кету, құстай шүйгу, көкке шарту, өрге сату, тізгін қағу сынды атқа қатысты іс-қимылдардың мағынасын түсініп, осыған қатысты өз көзқарасымызды білдірейік.
2. Ақан мен Күренбай сыншы диалогіне талдау жасайық.
3. Құлагерді көрген кезде Батыраштың қандай мінездері ашылды? Батырашқа мінездеме берейік.
4. Бәйге барысындағы Құлагердің шабысын суреттеудегі ақын шеберлігі байқалатын эпизодтарға талдау жасайық.
5. Құлагерді көргендегі Батыраштың психологиясын автор қалай суреттеген? Кейіпкердің қандай сезімдері алдыңғы орынға шығады?



1. Батыраштың көзімен Құлагерге баға берейік.
2. Қосымша ақпараттарды пайдаланып, Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» атты очеркін оқыық. Екі шығармадағы Ақан бейнесін салыстыра отырып талдайық.

### Зерттегім келеді...

Қазақ және әлем әдебиетіндегі жылқы образын ашатын қандай шығармалар барына шағын зерттеу жүргізейік.

### Жалғыз қазық

Сырлесте Сері атына шапқан бала,  
Бәйгені шапқан сайын қакқан бала,  
Құланың құлағында ойнап өскен,  
Серіге сенімді боп жакқан бала...

Құлагер жеткізсін бе жекпе-жекке,  
Келеді басын тартып, қорқып текке.  
Көк атты қағып-соғып омыраумен,  
Ағындап келіп түсті Көкөзекке...

Қусақтың осы қылта мойынында,  
Аттардың шауып өтер жолы мұнда.  
Кек кернеп, жасырынып тұрды біреу,  
Бір жаман осы өзекте ой қылуға.

Мінгені – боз, кигені – қара үстінде,  
Құлагер тізгіндеген бала үстінде.  
Мылтықтың ауызына ұшқан құстай,  
Ағызып жетті жаудың дәл үстіне...

Нән, жуан, менмен кеуде, намыс ері,  
Суыққол Батыраштың жібергені.  
Жалт етті жайдың оты жүрегінен,  
Кек кайнап, мұз құйылып жүре берді.



– А, Құдай-ай! Бере көр! – деп ұмтылды,  
 Ұйтқып кеп соқты өкпеден жел сықылды.  
 Қыспақ жол Жыландының жырасында  
 Қақтығып бір-біріне ат тығылды.

Сап етіп бірден кеп ұрынды,  
 – Бері бер, балам, бері шылбырынды!  
 Жанасып Құлагерге қалғанында,  
 Сақ етіп айбалтасы Құланы ұрды...

Шапшып қан шекесінен шыр айналды,  
 Сылқ етіп Құлагер ат құлап қалды.  
 Білген жоқ не болғанын, ес қалған жоқ,  
 Тек бала жерге доптай домаланды.

Құлагер шапшытқанда көкке қанды,  
 Тек бала шыр-шыр етіп аттан салды.  
 Жок болды ақ боз атты қара киім,  
 Тұйғынкөк шыға шауып кете барды.

### «Бай-бай, Құлагерім!..»

Корқырап Құлагер ат жатыр құлап,  
 Шүмектеп шекесінен қан бұрқырап.  
 Шіреніп төрт аяқты, танау қағып,  
 Ынкылдап өліп барад ат корқырап.

Десендер қайда Ақандай қыран құсты,  
 Ол тастап аста тұрған жиылысты.  
 Болғанын бір сұмдықтың іші сезіп,  
 Қылаң ат кылт еткенде-ақ бермен ұшты.

Көргенде ол мынадай сұмдық істі,  
 Үстіне Құлагердің құлап түсті.  
 Білмеді не болғанын, айырылды естен,  
 Аймалап Құлагердің басын құшты.

Құлагер корқырайды қаныменен,  
 Ақан да шырқырайды жаныменен...  
 Егіліп, төгіледі Ақан сері,  
 Зарлаған Құлагердің әніменен:

«Не болды-ай, бай-бай, саған Құлагерім?!  
 Суалдын, сорлы неңнің бұлағы едің...





Тірегі көңілімнің, бәйтерегім,  
Бұл жерге қалайынша құлап едің?!  
Бай-бай-ай,  
Бай-бай-ай-ай,  
Құлагерім...

Құлагер, қолда өсірген құлыным-ай!  
Ішінде омырткамның жұлыным-ай!  
Жын ба екен, сайтан ба екен қаза болғыр,  
Қандықол қастықпенен ұруын-ай!»

Осылай Ақан зарлап жылап жағты,  
Қайтсін ол, жыламасқа, жанға батты.  
Күйінді ол, күніреніп Құлагерге,  
Айырылды ол, аттан – жақсы, достан – тәтті.

#### Сөз сыры

**Сырдесте** – сыр мінезді, сыралғы, сырға берік адам деген.

**Қусақ** – 1) тұмса, яғни бірінші бұзаулаған сиыр; 2) шөптің бір түрі. *Бұл жерде:* кіші-гірім қуыс жер деген мағынада.

**Қылаң** – *бұл жерде:* сын есім. Бозғылт түсі басым, ағараңдаған, ақшыл деген.

#### Қара күш

Аттары келіп болып астағы елдің,  
У-шуы басылды әбден Ерейменнің.  
Төгілді ас Жыландының жырасына,  
«Ақанның атыпты деп Құлагерін!»



Ақанға ешкім «кой» деп айта алмады,  
Ер көңілін еңіреген қайтармады.  
Жазықты сияктанып жанның бәрі,  
Жанына жақындауға бата алмады.

Дұшпаны тұрды ішінде, ұялмады,  
Досы да бірге жылап, қия алмады.  
Үстіне жұрт жиылып тұрғанында,  
Күңіренген дауысын Ақан тыя алмады.

#### Тірек сөздер:

- ✓ озу
- ✓ мылтық
- ✓ өлім
- ✓ қастандық
- ✓ қоштасу
- ✓ қарғыс

Ақанды қандай адам қойдырады?  
Бала да көзі іскенше көп жылады.  
Сол жерде жиылған жұрт анталасып,  
Тексеріп төрт баладан сөз сұрады.

Тек бала ат, киімін танып қалды,  
Жұрт оны ойға алып анықтады.  
Ақбоз ат, кара киім, Көктүйғын ат...  
Барша жан Батыраштан қауіптенді.

Болды деп Батыраштан жұрт ұйғарды,  
Берместен Көкке бәйге, көпке салды.  
«Ұрынды ұстап тұрған алып кел!» деп,  
Бопсалап, Батыраштар шала танды.

Батыраш селкідетті көк сақалды:  
«Бір жылқы жығылды да, өлді ажалды,  
Осыған ұры бізді қыласың!» – деп,  
Күш айтып, Керейлерге зіркіл салды.

Қарғады мұны халық, азарлады,  
Өркім-ак тұс-тұстан бажандады:  
«Кесілсін ердің құны Құлагерге!»  
«Тартатын тоғыз айып сазан бар-ды!»

Арғынның Алтайынан болса дағы,  
Жауызды ел қорғамады, қоршамады.  
«Құран соқ, Құлагерді соқпағанға!» –  
Деп халық Батырашты қоршалады.

#### Аттың азалы әні

«Қош, енді қалдың кейін, Құлагерім!  
Тұрмадың жығылғаннан, жылап едім.



Жалғанда саяқ жүріп таяқ жедім,  
Көретін күнім шығар бұ да менін...  
Бай-бай, бай-ай,  
Бай-бай, бай-ай...

Көзіңнен айналайын тостағандай,  
Қияр ем сені неғып тастағанға-ай.  
Басыңды итке неге иіскетейін,  
Ерте-кеш құшақтамай жас баламдай!

Құлагер, кош-кош атым, жолдасым-ай!  
Мен білдім түнесем де тұрмасыңды-ай.  
Тигізбей топыраққа, жоғары іліп,  
Сактармын өле-өлгенше ку басыңды-ай!»

Соны айтып Құлагердің басын кесті,  
Көрген жан: «Қайтсін шіркін, асыл!» – десті.  
Достары: «Қайран ер-ай, обал-айлап»,  
Қастары: «Сол сыйымен барсын!» – десті...

Жеделдеп жетім ұлмен жүріп кетті,  
Ұйқысыз ұзақ таңға бүлкілдетті.  
Ұзын жол, жұлдыз жарық, жазғы түнді  
«Құлагер» деген әнмен күнірентті...

Құланы мактады жұрт «мал басы» деп,  
Тыңдады Ақан әнін «зарласын» деп.  
«Қазақтың бір аяулы атын атқан,  
Барша жұрт Батырашты қарғасын» деп.

Ақанды айтпаса да «қолбасы» деп,  
Аяды «Құлагердің жолдасы» деп.  
Лағынет оқыды әнмен өткен күнге,  
«Сол сұмдық қырда енді болмасын!» деп...



1. Бәйгеден озып келе жатқан Құлагерге не болды?
2. Құлагер қандай жағдайда опат болды?
3. Осы кездегі Ақанның халін автор қалай суреттейді?
4. Ақан Құлагерін қалай жоктады?
5. Бұл жоктауда Ақанның басқа да мұн-зары болуы мүмкін бе?
6. Мерт болған Құлагерді Ақан не істеді?
7. Құлагерге қастандық жасағандар жазасын алды ма?



1. Оқыған үзіндідегі негізгі оқиғаларды анықтап, оларға ат қояйық.  
Неліктен олай атағанымызды дәлелдейік.



2. Үзіндіні мұқият оқып, Құлагердің Ақан өміріндегі алатын орны, маңызы, құнын айтып беріңдер.
3. Поэмадағы Құлагер образын жасаудағы акын қолданған көркемдігіш құралдарды жинақтап, олардың қызметін, қолдану ерекшелігін анықтайық.
4. Поэманың толық нұсқасын оқып, сюжеттік-композициялық талдау жасайық.



Оқиғаның шешімі

Оқиғаның шарықтау шегі

Оқиғаның шиеленісуі

Оқиғаның дамуы

Оқиғаның басталуы



1. *Алда бас, арт жағына ұл мінгесті,  
Бәйгені өзге қалған жан үлесті.  
Бір салып атты бұтқа Ақан сері,  
Жамылып жүріп берді қоңыр кешті*, – деген өлең жолдарын ойша дамыта отырып, осы эпизодты кескін өнерімен көрсетейік.
2. Шығарма басындағы Ақан мен шығарма сонындағы Ақанның көңіл күйін салыстыра отырып, акынның кейіпкер психологиясын берудегі шеберлігіне баға берейік.

Ақан шығарма басында  
қандай еді?

Көңіл күйі

Арман-мақсаты

Ақан шығарма сонында  
қандай болды?

Сезімі

Өкініш-өкірігі

3. Құлагерге қастандық жасаған адамның аты түрлі деректерде әртүрлі (Батыраш, Бөрібай, Баракбай т.б.) айтылады. Айтылған пікірлерді салыстыра отырып, өз көзқарасымызды ұсынайық.
4. Поэма мен бүгінгі өмірді салыстыра отырып, төмендегі тақырыптардың біріне әдеби эссе жазайық.
  - *Сүрінбе, Құлагерім!*
  - *Батыраштардың бағы жана ма?*
  - *Құлагер – әкең тұтпар, шешен – сұңқар ...*

### Зерттегім келеді...

«Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын жазуға не себеп болды? Поэмаға ойтұрткі болған қандай мәселелер еді?» деген сұрақтарға жауап іздей отырып, «Құлагер поэмасының жазылу тарихы» атты тақырыпта жоба жұмысын жазайық.



## Білгенім бір тоғыз

Ақан сері Сағынайдың асына о баста қатысқысы келмеген деседі. Оның келуіне себеп болған оқиғаны С.Жүнісов өзінің белгілі романында былай суреттейді: «Кейінгі жылдары қайғыдан қайғыға ұшырап, Ұрқияның қазасынан соң, туыстарының ішінде алабөтен ақынның өзіне тартып жаңа ержете бастаған ең сүйікті інісі, әнші Әйберген аттан құлап өлгелі Сері әбден қажып, жиі-жиі төсек тартып, шерменде боп жатып алатын күйге ұшыраған. Оның үстіне, ел арасындағы «кие соқты, ант атты» деген қожамолдалардың сөзі шынға айналғандай болып, Ақан көпке топырақ шаша алмай, іштен тынатын еді. Ең жақын серігі – әнін ел арасында еркін шырқап айта алмай, дәтке қуат санаған жалғыз Құлагерін ұлы бәйгеге қосып қызығын көре алмай, үйде тобанаяқ боп отырып қалды. Осыны сезген ет жақын дос-жар жандар Сағынай асына алыстан барып, бір серпіліп қайтуын мақұл көрген. Оның үстіне, алыстан Біржаннан, Мәшһүр Жүсіптен арнайы хабар келген. Біржан: «Мен болсам кейінгі кезде ауру-сырқаулы болып, үйден шыға алмайтын халге ұшырадым. Тегі, осы жиынға да бара алмаспын. Ақын – елдің ақыны, оған қарауыл, керей деп екі араны бөлер деңгей жоқ. Халықтың шөлін қандырып, бас қосқан жиынның көркі болу, жаңа ән, жаңа сәнмен күйге қосу – ақын парызы. Ақан барса екен, тым құрыса екі ел арасындағы қараңғы араздыққа аз да болса шырақтай», – деп сәлем айтып жіберіпті. Мәшһүр Жүсіп те хат жолдап, аяғында былай депті: «Ақан, сенің бұлай қан жұтып, қайғы арқалап жатып алуың атыңа лайық емес. Сен қайғырсаң да, ел қайғырмасын. Қалың ел сені де, әніңді де жоқтап отыр. Ендеше, үйде жатып басылу ел еріне жараспайды. Көтер еңсенді. Қосыл жұртыңа. Сал думанды. Сағынай асында амандықпен көрісейік...» Ақан енді ештемеге алаңдап тоқтар емес. Атын әдейі баптап, алыс сапарға жүргелі жатыр»<sup>1</sup>.

## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

(1894–1938)



Бейімбет (Бимұхамбет) Жармағанбетұлы Майлин – казак әдебиетінің негізін салушылардың бірі, жазушы, журналист, қоғам қайраткері.

**Өмір жолы.** Б.Майлин 1894 жылы қараша айында қазіргі Қостанай облысының Таран ауданында, сол кезде 8-ауылы атанған Ақтөбе деген жерде дүниеге келген. Бір жасқа толар-толмаста әкеден жетім қалған Бейімбет шешесі Гүлғизар мен әжесі Бойдастың қолында өседі. Әжесінің есті, сөзге жүйрік, өлең шығаратындай дарынды болғанын Бейімбет кейініректегі бір естелігінде:

«Үлкен шешем де өлеңге өте әуес адам еді, ескі қиссаларды тындап болып, бірер күрсініп алып өзі өлең айтатын еді, кейде маған қарап күлімсіреп: «Қарағым-ау, сен жоқта мен өлең шығарып қойдым» дейтін еді», – деп жазған.

<sup>1</sup> Жүнісов С. Ақан сері. Роман. 1-кітап. Алматы: Жазушы. 2003.



Алғашқыда ауыл молдасынан оқыған Бейімбет 1910 жылы Ә.Арғынбаев деген кісінің медресесінен дәріс алады. Кейіннен Троицкідегі «Узифа» мектебінде сабақ алып, одан соң Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Өз заманындағы озық оқу орындарының бірі саналған бұл медреседе татар халқының Ғ.Ибрагимов, М.Гафури т.б. белгілі жазушыларымен танысып, тағылым алады. Медреседе шығатын «Садақ» деген қолжазба журналын шығарудың ұйытқысы әрі алғашқы редакторы Б.Майлин болады. Осында жазушының алғашқы көлемді туындысы – «Шұғаның белгісі» әңгімесі жарияланды. Бейімбеттің орыс әдебиетімен танысуы да осы кезде басталған. Оқуын аяқтап, елге оралған соң Бейімбет біршама уақыт ауылдарда мұғалім болды. 1922 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Ауыл», «Әйел теңдігі», «Әдебиет майданы» газет-журналдарында жауапты қызметтер атқарды.

**Өлеңдері:** «Кедейге», «Құтты болсын мейрамың», «Мұқтаждық», «Мал», «Байлыққа», «Қарынға», «Шал мен қыз», «Азат әйел» т.б.

**Поэмалары:** «Рәзия қыз», «Маржан», «Кемпірдің ертегісі» т.б.

**Әңгімелері мен повестері:** «Айранбай», «Күлпаш», «Он бес үй», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Қара шелек», «Ұлбосын», «Раушан – коммунист», «Шұғаның белгісі» т.б.

«Шұғаның белгісі» – Бейімбеттің көлемді де көркем тұңғыш туындыларының бірі. Повесте ескі қазақ қоғамындағы ең өткір мәселелер көтерілген.



Қазақстан жазушыларының бірінші съезіне қатысқан делегаттар.  
Екінші қатарда (оңнан солға қарай): Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров,  
Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, 1934 жыл





Уфадағы (Башкұртстан) «Ғалия» медресесі

**Романдары:** «Азамат Азаматыч», «Қоңсылар», «Қызыл жалау» т.б.

**Драмалық шығармалары:** «Жалбыр», «Майдан», «Талтанбайдың тәртібі», «Ауыл мектебі», «Некекняр», «Шаншар молда».

Бейімбет Майлин – тұңғыш киносценарист. Алғашқы көркем-суретті кинофильм «Амангелді» 1937 жылдың аяғынан бастап экранға шығарылды. Оның сценарийін жазғандар: Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, В.Иванов. Кейін фильм титрында есімі алынып тасталды.

Б.Майлин шығармашылық қуаты кемеліне келе бастаған шақта, яғни 1937 жылы сталиндік репрессияға ұшырап, нақақ мерт болады.

**Бейімбет қалай қаза болды?** «...27 ақпан күні Гүлжамал түрмеге тағы келді. Қақпа алдында «А, Құдай, Бейімбетпен кездестіре гөр!» деген тілеу тілеп тұрғанда, түрменің есігі сықырлап ашылып, айдауыл бір құшақ киім-кешек ұстатады.

– Бұл не? – деп сұрайды Гүлжамал.

– Күйеуіңіздің киімдері, – дейді айдауыл.

– Ау, қарағым-ау, сонда ол не киеді?! – деп аң-таң болады Гүлжамал.

– Ол енді мемлекеттің киімін киеді, – деді айдауыл шімірікпестен. Одан кейін басқа сөзге келмей, зып беріп ішке кіріп кетеді. Ол күні Гүлжамал жұбайының атылғанын білген жоқ. Түрмеде Бейімбеттің өзі түгіл, сүйегі жоқ екенін ешкім тіс жарып айтпайды. Сөйтіп, Бейімбет Майлин 1938 жылдың 26 ақпанында атылды».<sup>1</sup>

**Бүркеншік аттары туралы.** Б.Майлиннің азан шақырып қойған аты – Бимұхамбет. Осы атына байланысты «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде «Бимұхамет», «Бимұхамбет

<sup>1</sup> Бейісқұлов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы: Толғанай Т. 2008.



Майлин» есімдері жазылып жүрген. Жазушы шығармашылығын зерттеген ғалым Т.Нұртазин: «Б.Майлиннің әзірге біз анықтаған бүркеншік аты (псевдонимі) отызға жуық», – деп айтқан.

1914–1915 жылдары Уфада оқып жүргенде Б.Майлин мен Ж.Тілепбергенов екеуі «Садақ» журналын шығарған. Журналда жазушының «Шұғаның белгісі» атты әңгімесі «Шанқан» деген бүркеншік атпен жарияланған. Бұдан бөлек «М», «Б-т», «Тілші», «Біз», «Көз», «Малай», «Шолушы», «Кедей», «Жалаңаяқ» т.б. түрлі бүркеншік аттары болған. Бейімбеттанұшы Тоқтар Бейісқұлов осы еңбегінде Б.Майлиннің 74 бүркеншік есімі барын айтады.<sup>1</sup>

### «Шұғаның белгісі» хикаяты

...Біз екеу едік.

Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығындағы жыртығынан жел өтіп мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер

ортасы адам, сиректеу сақал-мұрты бар, кара бұжыр, күлімсіреп дөнгеленіп тұрған кара көзді, пішініне қарағанда біртүрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген кара кер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса кейін қала береді... Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, кара керді бір тебініп, шаужайлап жіберіп маған қатарласып:

– Тым бері бұрыла бермеңіз, күнбатысқа таман жүрейік, – деді.  
– Сіз кейін қалған соң, мен алдыңызды орағыта беремін.  
– Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді, – деп қамшымен салып-салып жіберді.

Менімен қатарласып алған соң кара кердегі ашуы біткен тәрізде-ніп, азырақ жадыранқырап маған қарады:

– Мынау алдымыздағы үлкен көл «Қамысақты» ғой, осының сол жағын ала жүріп, ана шаңырқай көрінген обаның белесінен тура ассак, алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып, Шұғаның белгісінен кара жолды қиып аламыз, – деді.

Әңгіме азырақ ой бөлейін деді. Аттың жортысына шайқалып ауырып келе жатқан іш те ұмытылғандай болды. Жол қысқарту үшін жолдасыммен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім. Бірақ бұрын сырлас адамым болмаған соң әңгімеге қандай жайының

#### Тірек сөздер:

- ✓ Шұға
- ✓ Әбдірахман
- ✓ хат
- ✓ махаббат
- ✓ қоштасу

<sup>1</sup> Бейісқұлов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы: Толғанай Т, 2008.



барын анық біле алмай, сөз ашпап едім. Және менің бір әдетім – жолда келе жатқанда өзім сөйлегеннен де біреуді сөйлетіп, тыңдауды артық көруші едім.

Жолдасым жол әңгімесін бітірсе, «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткен «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп ойлап:

– «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма? – дедім.

– Жок, әншейін бір обашық, – деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп, қатарласып:

– Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау? – деді.

– Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, – дедім.

– Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, – деді. Маған карағанда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.

– Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... Ой, шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау! – деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

– Шұғаның әңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсын, – дедім.

– Айтайын, – деді.

Қара керді тағы тебініп қатарласты. Жалпылдап жайылып келе жатқан етегін жинап тақымына басып... ыңғайланып:

– Бұл қызық әңгіме, тыңдаңыз, – деді.

Сөзді бастап та жіберді.

### Сөз сыры

**Шидем** – жүннен тоқылып істелетін жылы сырткиім.

**Милық** – маңдайдың баскиім жауып және бөріктің милықты жауып тұратын жері.

**Шаужай** – аттың шылбыры мен тізгінінің түйіскен тұсы. Ауыспалы мағынада алқым, омырау деп те қолданылады.

**Обашық** – көлемі кішілеу, кішігірім оба, биіктігі әртүрлі төбешік, төмпешік, қорым.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Лирикалық шегініс** – әдеби шығармада оқиға желісін кенет үзіп, өзі жайлы немесе өзінің көңіліндегі басқа бір нәрсені айтып беру. Мұның негізгі оқиғаға тікелей қатысы болмайды. Дегенмен бұл әдістің де өзінше ұтымды жағы бар... Осы әдісті Абай да қолданған (З.Ахметов).<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі. 1996.





1. Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығына қатысты білетін мәліметтерді есімізге түсірейік.
2. Жазушының қандай шығармаларын оқыдыңдар?
3. «Шұғаның белгісі» әңгімесі қалай басталады?
4. «Бұл қызық әңгіме, тыңданыз», – деді баяндаушы. Әңгіме не туралы деп ойлайсыңдар? Болжап көрейік.



«Қызық» әңгіменің жалғасын бірге оқыық.

### «Адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!»

...Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... Ол да бір дәурен... Нә... Бұл ауылдың күзге қарай конатын жері, жазғытұрғы августқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де «Шұғаның белгісі» атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік...

Біздің Беркімбай дейтін жакын ағаларымыз болды. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы жаппас<sup>1</sup> Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне конушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей. Құдай тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе-ақ Шұға! Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі паң еді-ау, шіркін!.. Бұл күнде ондай қыз қайда?! Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсін... Осы күнгілердің бір тапқаны – қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда, Құдай сана берсін десейші...

Ол кезде менің жпырмаға жана келген кезім. Есімбектің үйіне араласып жүрдім. Менің бір Базарбай дейтін інім сол Есімбектің қойын бақты. Өзі бала күнінде епті-ақ еді, былтыр қайтты. Сол баланың арқасында ерте барам, кеш қайтам. Жаз көбіне сонда болушы едім. Шұғаның сонда он алтыдағы кезі шығар деймін. Елдің

#### Тірек сөздер:

- ✓ ажарлы
- ✓ айттыру
- ✓ алғашқы кездесу
- ✓ өсек-аяң

<sup>1</sup> Жаппас – Кіші жүздің Байұлы тайпасының үлкен бір руы.



бозбалалары ертеңді-кеш қылжақтап сол ауылдан шықпайды. Ептеп сөз салдыратындары да болады. Бозбалалардың хатын таситын – менің інім, Шұға біреуіне жауап қайырмайды. Бозбалалар кейіп: «Байдың қызы болған соң іріленгені ғой, тәкаппар», – десуші еді...

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері – он алтыға келгенше, Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар қызы шырылдап жерге түсісімен біреудің малын алады ғой... Уақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды. «Есімбек қызының бағын байлады. Енді бұған тәуір күйеу кездеспейді» деп жұрт өсек қылып та жүрді. Ол әншейін бір сөз ғой, Құдайдың жазуынан артық не болмақ... Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі – өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек: «Бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық», – деп. Сол сертін күтеді екен ғой... Иә...

...Бір күні кызойнакка барып, таң ата келе жатсам, ұйықтап қалған екенмін, әжем оятады:

– Жаппас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп, қарағымды сүйіп келдім, – дейді... Көзімді ашып-жұма мен де жөнелдім. Мен келсем, менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналып қалған екен. Тоқты сойылып, қазан асылып, қайнап та жатыр.

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп, айдай, қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс араладым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Аккудың көгілдіріндей, осы аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған қызыл пүліш камзол, басында үкі таккан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандандырып, құбылдырып тұрды.

Маған қарап Шұға күлді.

– Мезгілімен келіп көрістіңіз-ау, – деді. Мен не айтарымды білмедім. Бұрын әзілдесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды.

– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген. Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, – дедім.

– Әбдірахманың кім?

– Қазақбайдың баласы.

– Иә, әлгі учитель баласы ма?

– Иә.





– Жап-жас жігіт екен ғой, – деп бірер карады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның бізге сығалап карап тұрғандығы білінді.

– ...Сіз білмейсіз ғой... – деп, жолдасым кара керді шаужайлап қатарласты. Сіз білмейсіз ғой... бізбен ағайын, жасы менімен түйдей құрдас Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай учитель болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң мектепті бітіріп шығыпты. Әбдірахман өзі айтатын: «Күндіз козы мен бұзау бағам, кешке келгенімде, учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек кой» деп түннің бірталайына дейін оқытушы еді. Ақырында, сол учительдің тырысуының арқасында мектепті бітірдім... Менің учительге бітіре алмастық борышым бар».

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шыққан соң да Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. Ақырында, он екі-он үштегі шамасы болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Бір-екі жылға шейін жаз жалданумен болды. Берірек келген соң, жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында, әйтеуір мектепті бітіріп шықты.

Әбдірахман мектепті бітіргенде дыбысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп, песірсіз тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп



жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы июньнің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім. Маған: «Маған көріспейсің бе?» – деп қалжыңдады. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай әңгімені көсілтіп отыр екен, бізді көрген соң жым болды.

Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты. Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді. Бұрынғы сөздерін тастай беріп, «оқығандар анау, оқығандар мынау» болады деп шатпа тілге айналды. Мен ғажапқа қалдым. Артынан Әбдірахманнан себебін сұрасам, өткен жылы бұрынғы қалыбымен, күзгі астыққа бай киізін сатқанда Әбдірахман тілін алар адамдардың біріне де алдырмапты: «Әзір асығып екі бағасына алғанша, астықтарыңды жиып алған соң, шалқайып отырып жарты бағасына аласыңдар» деп. Әбдірахманның тілін алғандар бірталай пайда қылыпты. «Мені олжамнан қақты» деп байдың тырысып отырғаны осы екен. Ретінде Әбдірахманға:

- Елінді қыстан шығардың ба, бала? – деді бай.
- Шүкір, шығардым, – деді Әбдірахман.
- Жарайды, жарайды, ел камқоры болған соң солай болу керек, – деп сөзін доғарды.

Түс ауа берген мезгілде ет жеп болып, жұрт бет-бетіне тарай бастады.

Мен ауылға қайтқанда, Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойып еді. Менің артымнан іле-шала келіп, Беркімбайдың үйіне түсіпті. Қымыз ішкен адам, ұйықтап қалған екем, екінді әдетінде далаға шықсам, ауылдың сыртындағы белесте, ішінде Қажыбай ақсақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен де келдім. Әңгіме Әбдірахман турасында екен, жақындап келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сампылдаған даусы құлағыма сап ете қалды. Өзі сөзшен адам бірінен соң бірін тізбектетіп, бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр. «Оларды мұсылман деуге болмайды. Айтатыны – ылғи Құдайға карсылық сөз. Молдамен, хазіреттермен, ел бастаған басшылармен қас. Құдайдың барлығына шәк қылады. Байға мал жиып беріп отырған Құдай емес, өзіміз дейді. Құдай сақтасын, шын болса, осы әлгі қазақты шоқындыратындардан көп ақша алған дейді ғой. Нәшәндікке тілмәш болмай, болысқа пәсір болмай, бала оқытуы да сол аздыру ретімен болса керек...»

Шалдың сөзін онша ықыласпен тыңдай қойған адам көрінбеді... Мен тұрып, Беркімбайдың үйіне бардым. Әбдірахман шынтақтап домбыра тартып жатыр екен.



– Жоғары шық, – деді.

Әзілдесіп отырдық. Көп ұзамай әңгіме Шұғаға көшті. Әбдірахманның ойын білу үшін мен:

– Шұға қалай екен, көрдің бе? – дедім. Әбдірахман күлімсіреді.

– Көрейін деп барып едім, көре алмадым, – деді.

– Иә, сен атыңды байлап жатқанда отаудың есігінің алдында тұр еді ғой.

– Сыртынан көрген бола ма, ауызба-ауыз сөйлеспеген соң.

– Ендеше, бүгін алтыбақан құрады. Ауызба-ауыз сөйлесем.

– Шын айтасың ба? – деп, Әбдірахман басын көтеріп алды.

– Есімбектің келіндерімен қалжыңдасып сұрағанымда кешке алтыбақан құрамыз десіп еді, – деп анығын айттым.

– Бәтіреке, барайық, – деді.

Замандастың тілін кім алмайды, мен ертіп бармақ болдым...

### Сөз сыры

**Қызойнақ** – қазақ этносында ертеде болған бозбала, бойжеткендердің бас қосып өткізетін ойын-сауық кеші.

**Көгілдір** – 1) көкшіл, көк түсті; 2) аққудың балапаны. *Бұл жерде: екінші мағынада.*

**Екінді** – бесін мен ақшам арасындағы мезгілде оқылатын намаз аты. *Бұл жерде: сол мезгілдегі уақыт.*



1. Оқыған үзіндіде қандай оқиға баяндалады?
2. *Лирикалық шегініс* дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Баяндаушы ол оқиға туралы қайдан біледі?
4. Әңгіме кейіпкерлері кімдер?
5. Шұға кім? Оның әкесі қандай адам?
6. Әбдірахман немен айналысады?
7. Есімбек пен оның айналасындағылардың оған деген көзқарастары қалай? Неліктен?



1. Кестені пайдалана отырып, Шұғаға мінездеме ұсынайық.



2. «Осы күні байлар қызы шырылдап жерге түсісімен біреудің малын алады ғой...» деген сөйлемді негіз ете отырып, сол замандағы қыздардың жағдайы туралы пікірімізді білдірейік. Осы тақырыпта оқыған шығармалармен байланыстыра ой бөлісейік.
3. Үзіндіден Шұғаның портреті берілетін тұстарды мұқият оқып, ондағы көркемдегіш құралдарды анықтайық.
4. Әбдірахман образын төмендегі сызба негізінде жан-жақты ашып көрсетейік.



Әбдірахман  
Шұға көзімен...

Әбдірахман  
Қазыбай  
әңгімесінен...

Әбдірахман  
баяндаушы  
сөзімен...



1. «Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі пан еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда?! Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсің...» деген автор пікіріне өз көзқарасымызды білдірейік. Осы пікірмен қосыласыңдар ма, жоқ па? Ойымызды мысалдармен дәлелдейік.
2. Төмендегі сызбаны пайдаланып, екі дәуірдің қыздарына салыстырмалы баға берейік.

Шұға мен оның замандас қыздары

Бүгінгі қыздар

- Қандай болған деп ойлайсыңдар (сырт келбеті, мінезі т.б.)?
- Олар нені армандады деп ойлайсыңдар?
- Не істей алмады?

- Қандай сипаттама берер едіңдер (сырт келбеті, мінезі т.б.)?
- Басты армандары не деп ойлайсыңдар?
- Қандай мүмкіндіктері бар?



Алтыбақан басында қандай оқиға болады екен? Бірге оқиық!

### Алтыбақан басында...

#### Тірек сөздер:

- ✓ жиын
- ✓ ән айту
- ✓ махаббат
- ✓ хат
- ✓ үміт

Ас-су ішіп, Әбдірахман екеуіміз үйден шыққанда елдің алды жата бастап еді. Түн тастай қаранғы. Аяндап келе жатырмыз. Есімбектің ауылының сырты ызы-шу, қым-қуыт. Әбдірахман жылдамдай басып менің алдымды орай береді. Біртіндеп жақындаған сайын асыр салып ойнаған балалардың, әзілдесіп ойнап күлген қыз-келіншектердің дауыстары айқындала береді. Әлдекімнің арт жағымыздан сыңқылдап күлген дауысы естілгендей болды.

Әбдірахманды нығынан тартып тоқтатып, күтуге айналдық... Жақындап қалды. Дауыс таныс – Айнабайдың қызы.

– Күлзипа келеді, – деп күлдім. Әбдірахманның Күлзипа десен шамы.

Ағайын арасында аз үйлі керей болғанмен, Айнабай деген – бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып тұтандырып жүретін бір қызыл көзді бәле. Ел ішінде Айнабайдың істемеген бұзықтығы жоқ. Анау-мынау адамдар өзінен сескенетін де еді. Қызы Күлзипа сонда 17 шамасында шығар деймін. Орта бойлы, қара сұрлау, тік қабақ,



сұстаныңқырап тұратын адам еді. Айнабай өзі кедей уақытында күйеуге беріп, соңғы кезде шел бітіп, тәуірленген соң айырғысы келетін. Ел ішінде көзге түсетін жігіт – ол кезде Әбдірахман. Айнабай өзі ат арқасына мініп жүрген соң, қызын тәуір жігітке бергісі келіп Әбдірахманнан үміттенген: «...Әбдірахманның жайына қараймын ғой. Азын-аулақ мал берсе де үйлесер едік...» деп айтады-мыс деген сөз қашып жүрді. Жеңіл ауыз әйелдер Әбдірахман ауылына келсе, «күйеу» деп мазасын алады. Жалпы жұрт Күлзипаны Әбдірахман қайтсе де алады деп, өздерінше сөзді біткенге есептейді. Сол жылы қыс Әбдірахманның әкесі шөп іздеп жүріп Айнабайдың үйіне келсе, Айнабайдың әйелі қос қазыны бұзбастан салып, етпен сыйлап, ақысыз-пұлсыз бір шана шөп беріп жібереді. Айнабайдың қызының ержеткендігіне және дәулетіне қызығып, Әбдірахманның әкесі құда болуға өте құмарланады. Бірақ Әбдірахман ұнатпайды: «Тіпті сүймеймін, сүймеген адамды неғып аламын» дейді. Әбдірахманның бұл сырын заман құрбысынан басқа ешкім сезбейтін еді... Әлдеқалай бір жерде кездесе қалса, Күлзипа ұялып, қызарып, тәңірге жазады да алады.

Күлзипа екенін білген соң Әбдірахман жүруге ынғайланса да, мен жібермедім, қалжындасып барғанды жақсы көрдім. Дабырласып сөйлескен күйлерімен бізге төніп келді де, бір келіншек:

– Ибәйі, ... мал десек, адам екен ғой, – деді.

Одағайлап шеттей бастады.

– Маржанбікемісін, бері кел, – дедім.

– Мұнысы кім, мені таниды ғой?..

– Бар, кім екен? – деді Күлзипа.

Әбдірахман жүре берді. Мен олардың жанына бардым.

– Анауың кім? – десті.

– Әбдірахман.

– Күйеу екен ғой, бізден неге қашты? – деп Маржанбіке күле сөйледі. Күлзипа тәлімсіп, женгесінің құлағына сыбырлап, сыңқылдап күлісті. Аяндай басып Әбдірахманның артынан жеттік. Бізбен жұмысы жоқ, есіл-дерті алтыбақанда.

– Амансындар ма? – дегеннен басқа еш нәрсе айтпады. Күлзипа сызылып, женгесінің артына таман жүріп отырды. Алтыбақанға жақындадық. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қарандаған адам – бәрі де анық көріне бастады. Нақ біздің келуімізді күткендей, екі қыз арқанға асылып, ырғалып ән салды.

– Шұға, құдашаларың әнді бастады, – деді Маржанбіке. Нақ сол минутта шыққан ән, шынында, Шұғадан басқаға лайықты емес еді. Сондағы айтқан өлені әлі құлағымда.





...Не мұндық, бұл дүниеде қыздар мұндық.  
Атадан болып мұндық неге тудық?  
Атадан мұндық болып тумас едік,  
Бұрынғы ата-баба жолын қудық...

...Жас кездегінің бәрі қызық қой, әсіресе сол Әбдірахманмен бірге ойында болған түн менің әлі күнге есімнен қалмайды, біртүрлі көз алдымда елестейді де тұрады.

Біз келгенде ойын жана басталған екен. Шұғалар өлендерін тоқтатып, арқаннан түсті. Жай әзілмен көп уақыт оздырдық. Домбыра алдырып, Әбдірахман ән салды. Бейшара, жігіт еді ғой! Ондай ойындарда біртүрлі ұстайтын аркасы бар еді. Өленді түйдектетіп, үзбестен соқты. Жұрттың бәрі Әбдірахманның аузына қарады. Жатып қалған бірен-саран кемпірлер шапандарын жамылып келіп өлең тындасты. Ойын-күлкінің қызығымен таң атқанын да білмей қалдық. Жұрт біртіндеп ыдырай бастады. Маржанбіке маған жақынданқырап сыбырлап:

– Қайтпайсындар ма? – деді.

– Жүр, қалқажан, – деп Күлзипаны ертіп о да жөнелді. Уақ-түйек балалар, Шұғанын женгесінен басқасының бәрі кетіп бітуте айналды.

Шұға жай сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша ежіл-кожыл бола алмады. Мен Зәйкүлмен сөйлесіп, Әбдірахманның Шұғаға ынтықтығын айттым.

– Қайдан білейін, оқыған жігіт қой. Оқығандығына қызықпаса, бұрын мұның әкесіндей жігіттерге де барған жоқ еді... мен қолымнан келгенін аямайын, – деп күлді.



– Жөнеше, қайтамыз ба? – деді Шұға.

– Неге асықтыңыз? – деп Әбдірахман жанына жақындады.

Біз қашығырақ отыр едік, Күбірлесіп сөйлесті. Оқта-санда Әбдірахманның «жас жүрек...» деген дауысы естілді. Әлдене уақытта Әбдірахман:

– Қош болыңыз, – деді.

Жалт қарасам, Шұға үйіне кетіп бара жатыр екен.

– Тентекжан-ау, мені тастап бара жатырсың ба? – деп Зәйкүл де тұра жөнелді.

...Әбдірахман ойыннан көңілсіздеу болып қайтты. Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-күйін айтып мұнайды:

– Осы менің кедейлігім-ау, бай баласы болсам, Шұға сөзсіз қабыл алар еді, – деді. Әзілдесіп тұрып Әбдірахман көңілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұнікі де тентектік қой...

Қалтасынан бір бүктеулі қағазды алды да:

– Мына хатты Шұғаға жазып отырмын. Менің ойым, Шұғамен көңіл қоссам, алып қашып кету еді. Болмаса, мың жылда Есімбек маған қызын бермейді де және оған беретін менде мал да жоқ. Не жауап қайтаратынын қайдан білейін, – деп күрсінді. Ажарында біртүрлі кейістік бар еді. Хатты ашып оқыды. Құдай берген өленді аясын ба, ұзыннан-ұзақ жазған. Сондағы Шұғаға жазған хаты:

...Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,  
Буландырған, уландырған жас жанды.  
Біз бір ғаріп паналаған саянда,  
Жас жүректе мықты жара басталды.

Кірді нұрын, отты жақты ішіме,  
Көтерем деп сене алмаймын күшіме.  
Бірінші зар шықты тілден мұзданып,  
Бұдан бұрын айтылмаған кісіге...

Минут, сағат, күндік, айлық қол емес,  
Тілейтінім, жүдейтінім ол емес.  
Көрсеқызар, антын бұзар қылжақбас,  
Тұрлауы жоқ әсіреқызыл мен емес...

Түсте, қойдан келгенде Базарбайды шақыртып алып хатты бердік. Шұға жауап жазса, тоқтаусыз әкеліп жеткіз дедік.

Әлі есімде. Біздің үйдің сыртында бір кішкене көгал бар-ды... Әбдірахман қайда кеткен деп іздеп жүрсем, қойдың котанының жел жағында шалғынға бауырын төсеп, көгалдың ортасында жатыр. Қасына келіп:

– Батыр-ау, мұның не? – дедім.

– Қайтейін, үйде отырғым келмеген соң жатқаным ғой, – деді.



Біртүрлі қалың ойға шомып, екі көзі елдің сыртында, бірдемені күткен адам секілді. Не күткені белгілі – Базарбайдың келуі. Шұғаның хатты қалай қарсы алары белгісіз. Бұрынғы қалпын істесе, оқымастан жыртып тастайды. Оны Әбдірахманның өзі сезетін. Хат жіберуге екі ойлы болған соң, мен демеп жібердім. Өйткені ойында онаша сөйлескенімде: «Атаққа шыққан жігіт қой, хат жазып көрсін, онша теріске кетпес», – деп Зәйкүлдің айтқаны бар-ды. Жаңа бір сөзінің ретінде «Тентекжан осы жігітті аузынан тастамайды» деп сездіріп еді. Әйел жайын әйел біледі ғой. Әрі сырлас жеңгесі, бір амалын табар деп мен Зәйкүлге сеніп едім.

Әбдірахман көпке шейін үндемей жатты. Күн ыстық. Жұрттың бәрі көленкеде... мен сөз бастадым:

– Шұға қайтер екен?

– Қайдан білейін? – деді. Күрсінді. Үміт аралас уайым көз жарында ойнап тұрды.

Біз орнымыздан тұра бергенде, Есімбектің ауыл жағынан жүгіре басып келе жатқан Базарбай көрінді. Әбдірахман бәйек тауып тұра алмады. Жақындаған сайын Базарбайдың бет-ажарына қараймыз... Арсаландап күліп жетіп, етігінің қонышынан бір жапырақ қағазды шығарып Әбдірахманға берді. Қолы дірілдеп, Әбдірахман ашып оқыды:

«Құрматлу мырза Әбдірахманға сәлем соңында айтарымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырманыз. Жазушы Шұға».

Әбдірахман тұнжырап отыра кетті. Баладан ауызекі сұрай бастады.

– Үлкен үйінде отыр екен, жеңешем шақырады деп далаға шығарып алып хатты ұстата беріп едім: «Қағынғыр, мұның не?» – деді.

«Оқысаң білерсін» деп едім, бетіме қарап жымнып күлді де, ашып оқыды. Сосын қалтасына салып отауға барды. Мен қалмадым. «Қағынғыр, кетсейші, жұрттың хатын тасып осы сен-ақ мазамды алдың ғой», – деп тағы күлімсіреді. Бұрын хат бергенімде ашуланып жыртып, бір-екі күнге дейін маған қымыз бергізбей жүретін. Бұл жолы ондай ашу шақырмаған соң дәмеленіп: «Апеке, жауап жазып берсейші, ешкімге сездірместен апарып берейін», – деп жалындым... «Кішкене отырды да, осы қағазды жазып берді», – деді Базарбай.

Хатында ашық жауап бермесе де, баланың айтуымен Шұғаның ыңғайын байқадым.

– Енді Шұға құтылмайды, – дедім.

Әбдірахманның ажары кіріңкірейін деді...



## Сөз сыры

**Шам (шамы)** – мағынасы өте көп. Бұл жерде: ар, ұят, намыс, яғни намыстанды, жақтырмады, көңіліне алды, шамданды, ренжіді деген мағынада берілген.

**Шел (шел бітті)** – бұл жерде: ауыспалы мағынада асып-тасыды, дандайсыды.



1. Үзіндіде қандай оқиға сөз болады?
2. Айнабай кім? Ол неліктен Әбдірахманға қызын бергісі келді?
3. Әбдірахманның Күлзипаға деген көңілі қандай?
4. Алтыбақан басындағы оқиға арқылы автор Шұғаның қандай қасиеттерін көрсеткісі келген деп ойлайсындар?
5. Неліктен Әбдірахман алтыбақаннан көңілсіз қайтты?
6. Әбдірахман Шұғаға деген сезімін қалай жеткізді?
7. Қазақ әдебиетіндегі хат жазу арқылы сезімін білдіретін басқа қандай шығармаларды білесіңдер?
8. Бүтінде хат жазу дәстүрі бар ма? Хат жазу арқылы қандай қабілеттер дамуы мүмкін?



1. Айнабайға мінездеме берейік. Өзіміз оқыған шығармаларда Айнабай сияқты қандай кейіпкерлер барын есімізге түсіріп, оларға ортақ қасиеттерді анықтайық.
2. Неліктен Зәйкүл Шұғаны *Тентекжан* деп атайды? Шұға мен жетесі арасындағы қарым-қатынасты анықтай отырып, жетге мен қайын сіңліге қатысты қазаққа тән ерекшеліктер жайлы әңгімелесейік.
3. Шұғаға жазған хаттан Әбдірахманның қандай қасиеттері көрінеді?
4. Шұғаның Әбдірахманға деген көңілі қандай эпизодтардан байқалатынын мысалдар келтіре отырып анықтайық.



1. Әр эпизодтағы Әбдірахманның көңіл күй психологиясын анықтап, салыстыра отырып баға берейік.

Алтыбақаннан  
қайтқандағы  
көңіл күйі

Хат жібер-  
геннен кейінгі  
көңіл күйі

Хатына жауап  
алған кездегі  
сезімі

2. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарындағы хат жазу арқылы сезімін білдіретін эпизодтарды Шұға мен Әбдірахман хаттарымен салыстырайық. Әрбір кейіпкерге тән хат жазу ерекшеліктерін анықтап, өз пікірімізді айтайық.



Әбдірахман мен Шұғаның әрі қарайғы тағдыры не болады деп ойлайсындар? Қалай болғанын қатар елңдер? Болжам-пікірімізді білдіріп, повестің жалғасын оқыық.

## ...Әуре боп неге біткен ажар-көрік

...Хат жазысқан соң, көп ұзамай-ақ Әбдірахман Шұғамен жақындасып кетті. Бірін-бірі сүйгендігі сондай, аз уақыт көрмесе, ынтық болып өле жаздаушы еді. Екеуі де менен сырын жасырмайды.



**Тірек сөздер:**

- ✓ сүйіспеншілік
- ✓ сағыныш
- ✓ қоштасу
- ✓ науқас
- ✓ арман

Есімбектікіне қымыз іше қыдырып барсам, Шұға жайрандап қоя береді. Онаша жер болса, сұрай-тыны – Әбдірахман.

– Жолдасың қайда? – дейді.

Өне бойы бір елде жата беру оңай ма? Еліне кетіп Әбдірахман он шақты күн кешіксе, Шұға мазамды алады:

– Неғып келмей жатыр, хабар білдің бе, аман ба екен? – деп. Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспендік бірден-бірге жайылып, бүкіл ел хабарланды. Жалпы жұрт пәлен демегенмен, Айнабай тыныш қалмады. «Шұға мен Әбдірахманның көңіл қосқан қалпын есіткенде Күлзиша жылапты» деп әйелдер өсек қылып жүрді. Үміттеніп жүрген адамы қызын менсінбей, тастап кеткен соң Айнабай не қыларын білмей, Есімбекке хабар тигізіпті: «Қызы бұзылды, Әбдірахманмен бір күні кетейін деп жүр», – деп.

Есімбектің үй іші естіп, бұлан-талан болыпты. Шұға не қыла қойсын, таздың ашуын тырнадан алып, Базарбайды айдап шығарып жібереді. Мені үйінің маңайына жуытпайды. «Көптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірме...» деп шалдар үгіттеп Әбдірахманды жолынан тайдырмақ болды. Әбдірахман бәріне де:

– Шұға айныса, амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қиындық болса да көрем. Алмай тынбаймын, – деумен болды.

– Орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқасты қылды, – деп шалдар Есімбектің жағында болды. Әбдірахманды жақтайтын – кілең жастар, жататыны – біздің үй. Жұртта да дін жоқ қой, «аксақалдарға қарсы болған адамды үйінде сақтады» деп менің басымды іске байлады. Есімбектің жоғалған атын мен ұрлады қылып, бір бұзаулы спырымды төлеуге әперді. Көпке топырақ шашасың ба, Кұдайдың салғанына көндік те отырдық.

Көптің талқысы қиын ғой. Сонғы кездерде қорқытайын деді. Есімбектің балалары бірнеше бозбалалармен түн болса андитын болды. Қолдарына түссек, жоқ қылып жіберуі шексіз еді. Бұрынғыдан гөрі қатынау сирей бастады. Шұғаны сағынғанда Әбдірахман өлең айтатын болды:

...Жаным сүйіп, жарым деп сеніп едім,  
Құрбандыққа басымды беріп едім.  
Айтылған сөз, уәде, сертім үшін –  
Ат сабылтып, Шұғажан, келіп едім.

...Бұрын жақын ауылын алыстады, –  
Аңдып жүрген бір дұшпан қалыспады.  
Екеумізді ынтық қып екі жақта –  
Тағдырдың неге мұнша қарысқаны!..



...Айнабай Есімбекті құтыртқанымен қанағаттанбай, Әбдірахманды басқа жөнмен мүдіртуге де кіріскен, «түріктерге жасырын акша жиып жүр...» деп, Әбдірахманның үстінен арыз беріп жүр деген еміс-еміс хабарды естіп шошынып жүрдік. Әбдірахман ойына еш нәрсе де алмады, біздің үйде жатты да қойды. Ертенді-кеш азабы – Шұғаға қалай жолығу, қалай сөйлесу... Бұрынғыдай хатын таситын Базарбай да жоқ, Зәйкүлді екібастан көре алмаймыз, әй, қиын-ақ болды-ау...

Бір күні кешке жакын ауылдың сыртында белеске шығып отырдық. Бетіміз Есімбектің ауыл жағында, көз ұшында бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін айыра алмаймыз. Есімбектің үйі ауылдың орталығында. Сол маңайда жүрген адам Әбдірахманға Шұға болып көрінеді... Екеумізде үн жоқ, ол Шұғаны, мен Зәйкүлді сағынам... Ұзамай өрістегі сиырлар жыбырлап елге қайта бастады. Жаппастардың маңайы лек-лек болып түйемен толды.

Ауыл іші ың-жың дауыс – маңыраған қой, мөңіреген сиыр, шұрқыраған жылқы. Ағытқан құлындар ойнақтап, шаң аспанға шықты... Бәрін де көрдік. Біріне де көңіл бөлгеніміз жоқ. Ой басқа.

Әбдірахман сөз бастап:

– Шұғадан бүгін хат алдым-ау, – деді.

– Не жазыпты?

– Сағындым депті. Үйдің ішінің бәрі де қас көрінеді. «Басым қатты ғой, құтылудың амалы не?» депті.

– Жаздым. Кетейік дедім. Хатты жіберетін адам табылмайды ғой, егер анық уәдесін алсам, ұзамай кетер едік...

Біздің әңгімеміз аяқтала бергенде, екі ауылдың ортасындағы ағытқан қалың жылқының арасынан жіңішке жолмен шаңдатып бір пар атты шыға келді. Жүрісі қатты, асығыс адам секілді. Арт жағында жалбандап, шоқытып келе жатқан бір салт аттысы бар. Біз сөзді қойып, арбалыға қарадық. Жакындаған сайын адамы айкындалды. Біреуі орыс секілді, менің жүрегім тас төбеме шықты. Қалтырап кеттім. Далада отырғанша үйге барайық деп едім, жоқтан қорқасың-ау деп Әбдірахман күлді.

Арбалы ауылға төніп келіп, біздің үйге бұрылды. Көшірі бір жас жігіт. Қатар отырған екеудің біреуі орыс.

– Құдай ұрған шығар, – дедім.

Әбдірахман да сұрланыңқырап кетті. Аяндап үйге қарай жүрдік. Орысы қарғып түсіп «Осы ма?» деген адамға ұксап, бізге қарсы тұра қалды.

– Әбдірахман кім?

– Мен.



– Әйда, кін, болысқа барамыз, – деді орыс. Стражник екен. Мойнында қылышы, маңдайында жарқырауығы бар.

– Мені қайтесін? – деді.

– Мен білмеймін, пристав шақырады.

Қарсыласар дәрмен жоқ, естен танып қалдық. Жалма-жан атты жектіріп, мен алып жүрмекші болдым. Ауылдың сексендегі шалы, сегіздегі баласына шейін жнылды, бәрі де тамаша көрді... Әй, жұртта да дін жоқ-ау!.. Менің әжем Әбдірахман үшін ботадай боздап жылап жүргенде, айызы қанған адамша табалап, насаттанып тұрғандары болды... Есімді білген соң Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой. Құдай біледі, қазақ баласына инедей киянаты жоқ еді. Қадір білетін жұрт қайда?

...Күн бата ауылдан шықты. Біздің де жеккеніміз – пар ат. Делбені өзім ұстадым. Жол Есімбектің ауылының үстінен баса жүреді. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Шіркін-ай, сүйіспендік те қиын ғой.

Жаңа жеккен ат басымен алысады. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз. Бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей берем. Кім біледі, бұдан кетсе Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас яки көрсе де біраз уақыт сағынуға тура келер деген ой елестейді. Бірімізге-біріміз сөйлеспесек те, біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз... Бұрын түнде барғанда маңынан жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп алдымыздан шықты. Есіктің алдында бірталай адам жағалай отыр, көздері бізде. Әңгімені соғып отыр. Кім біледі, әлде бізді мазақ қылып отыр ма?! Басына кимешек киген Шұғаның үлкен жангесі қараша үйдің белдеуіне ботаны байлап, түйе сауып тұр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше тенселіп жүр. Бәрі де маған қуанышты секілді көрінді. Біздің кетіп бара жатқанымызға таңырқаған ешкім жоқ секілді, ұсталып айдалатынын әлдеқашан бәрі де біліп қойған тәрізді. Бәрі де күліп жүр, бәрі де босып жүр... Бірақ Шұға жоқ...

Әбдірахман кенет:

– Айда! – деді.

Ат тоқтауға айналған екен. Делбені жиыңқырап ұстап айдай бергенімде, ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі – Шұға! Апырым-ау, жаман қуандым! Көзімнен жас шығып кетті. Қатарласып келгенімізде бізді танып, екеуі де сұстнып тұра қалды. Зәйкүлдің нығында шелек, Шұға жанында бос еріп келе жатыр екен. Әбдірахман арбадан қарғып түсіп жүгірді...

– Апырым-ай! Қайда барасыңдар? – деді Шұға.

– Болысқа айдап барады, – деді Әбдірахман.





Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя берді. Арбаның үстіндегі мен де еріксіз жыладым. Зәйкүл шіркін қорқақтау еді, жалтаң-жалтаң қарады да:

– Ойбай, Тентекжан-ау, жүр, ауылдың адамдары жүтіріп келеді, – деп, шелегін жерден көтеріп-ақ алды.

Айырылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды... Арт жағымызда айқай-ұйқай, боктау, жүтірген адамның аяғының дыбысы. Алдымызда біраз жер барып тоқтап, бізді күтіп стражник ойбай салып жатыр.

Әбдірахман:

– Қош! – деді.

Тенселіп келіп арбаға мінді. Көзінің жасы мөлдіреп ағып, бетін жуып кетті. Біз атты айдай бергенде қарлыққан дауыспен:

– Қош, қалкам, қалкам!.. – деді Шұға. Кемсендеп жылап отыра кетті.

...Әбдірахманды пристав дуанға алып кетті. Мен жылап-жылап қайттым. Жанымда Шұғаға тапсыр деген хаты бар. Елге келгеніме бес-алты күн болса да, ретін тауып бере алмадым.

Біз елден кететін күні кешке жақын далада сөйлескенді шам көріп Есімбек Шұғаны жаман сөгіпті. Ағалары да қатандық қылған білем. Содан бері Шұға жылауда, тамақпен жұмысы жоқ десіп жүрді. Бірер күннен соң «Шұға ауру екен, төсек тартып қалыпты» дегенді есіттім. Ауыл арасы жақын болғанмен, бұрынғыдай барып сөйлесетін күн жоқ. Жасырынып жүріп Әбдірахманның хатын Шұғаға зорға тапсырдым...



Шұға шын ауруға айналған соң Есімбек жұмсарайын деді, баксы-балгер алдырып ем қылдырып еді, жазылмады, наукасы күннен-күнге үдеп, есінен танып, сандырақтауға айналған, сандырақтағандағы айтатыны Әбдірахман болды.

Бұлғандап өскен жалғыз қыз былай болған соң бәйбіше үйінің ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақ болысады. Ол емі – Әбдірахманды ел болып ақтап алып, той қылып екі жасты қосу. Балаға деген мейірімшілік Есімбекке мұны да еріксіз істетпек болады. Ағайын-туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп, Әбдірахманды қайтартпақ болды. Мұның теріс деп ешкім Есімбекке айта алмады.

Маған да еркіншілік болуға айналды. Шұға шақырады деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. Төбем көкке тигендей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде, кілемнің іргесін түргізіп Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты.

– Қарағым, – деп шешесі бетінен сүйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сүртіп алды.

– Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін әкеннен есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бәйбіше де қамықты. Үйде басқа адам жоқ еді.

Шұға шешесіне:

– Әже, – деді.

– Әу, қарағым.

– Мені оңаша қалдыршы.

– Қалдырайын, қарағым, – деп бәйбіше шығып кетті.

Мен Шұғаға жақындадым.

– Жайың қалай, тәуірмісің? – дедім.

– Тәуір емеспін, – деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамыққандай болды... – Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем, сәлем айт... – деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығулы орамалмен көзін сүртті.

– Тірі келсе көресің ғой, бірақ мен...

Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады.

– Құдай жазған болса, бәріміз де көреміз. Ажарыңыз тәуір ғой, жазыларсыз, – дедім.

– Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жанымға батқан соң аяп отыр. Ертең сауықсам қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар – түнеугі көргенде Әбдірахман бірауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда «Шұғам!» деп бетіме бетін



тигізсе, бар арманым бітіп, дүннен армансыз өтер ем... әй, жок кой! – деді. Ауыр күрсінді. Кешке шейін отырып, мен елге қайттым.

Мен үйге келсем, Әбдірахманның қаладан келгенін естіп үйдің іші қуанып отыр екен. Шұғаның халін көріп қайғырып қайтсам, Әбдірахманның келгенін есіткен соң тасып кеттім. Менің қуануым ынтық болып жатқан Шұғаға Әбдірахманды әкеліп бір көрсету еді. Атқа міне салып барсам, ол ел де қуанышты екен, сөйлескеннен-ақ Әбдірахман Шұғаны сұрады. Ауруын бұрын да есіткен екен. Мен «тәуір» деп көңілін жұбаттым. Түнімен ұйқы көрмеді. Ертеніне жылқы келе атты ерттеп мініп, біздің елге асықты. Желе шоқытып келе жатырмыз. Күн аптап ыстық-ақ. Ол қуанышты, қайдағы жокты айтып мені күлдірумен болды.

Айдалып бара жатқанда Шұғаға шығарған өлеңім еді деп ән салды:

...Жүзі – құбыла, сөзі – Құран Шұғанын,  
Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.  
Кетерімде арманда боп сүйе алмай,  
Еніреп жылап, «қалқам» деді-ау шырағым...

Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жакындай бергенімде, бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде «Құдай рақмет етсін!..» – деп беттерін сипап бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

– Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым. Жнылған жұрттың бәрі де бастарын шайкасты.

– Ой, Шұға десе, Шұға еді-ау... – десті.

Ауылдың адамдары жнылған қалпымен келіп Әбдірахманға естіртті. Әбдірахман жыламады, сұп-сұр болып қатты да қалды. Бәріміз де көңіл айтқан болдық.

Шұғаның өлген орнын көру Әбдірахманға мақсұт болды. Жұрттың «өлді» дегеніне нанбағандай болды. Бәріміз келдік.



«Шұға» спектаклінен көрініс,  
1971 жыл



Есімбектің үйі ызы-шу, қым-қуыт екен. Келе жатқан көп адамды көрген соң келіндері далаға шықты. Көздері қып-қызыл. Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан алып бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім. Жүрегім елжіреп, жылап жібердім. Әбдірахман да сезіп тұр екен, оңашарақ шығып оқыдық. Әбдірахманның көзінің жасы сорғалап хатқа тамумен болды. Сондағы Шұғаның өлерде жазған хаты:

...Әуре боп неге біткен ажар-көрік,  
Ішіне от түсірдің қалқам көріп.  
Гүлдену жас өмірде мақсұт боп ед,  
Сергтесіп, қол алысып, уәде беріп.

Жолына құрбан қып ем жан мен тәнді,  
Дарига, айтылған серт болмай қалды,  
Көре алмай ақтық минут диларынды,  
Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,  
Есіне ал, дұғана мен ынтызармын.  
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,  
Астында ақ туының пайғамбардың!..

– Шұғаның сүйегін бұрынғы ескі қорымдарына қоймақ болып, Есімбек көшін түйеге тендеп жөнелді. Келер жыл «Өгіз сойғанның» басына келіп қонған соң ел жнып асын берді. Сонда тұрғызған белгі еді... – деп сөзін бітірді.

Әңгіменің қызығына түскен соң, қара кер аты қамшыдан құтылып, жолы болып келе жатыр еді. Бір-екі тебініп, шаужайлап қатарласты. Алдымыздағы белеске шыққанда үлкен көлдің аңғары көрініп, құбыла жағында бір обашық мұнарланды.

– Әне, – деді жолдасым, – әне, Шұғаның белгісі көрінді... Өй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!.. – деп қойды.

### Сөз сыры

**Көшір** – ескі сөз – ат айдаушы, делбе ұстаушы.

**Айызы қану** – көңілі жай тапты, құмардан шықты, рақаттанды, риза болып сүйсінді. *Бұл жерде:* табалап тұрды деген мағынада.

**Саржын (саржан)** – 1) бұрын қолданылған түрі циркуль тәрізді жер өлшеу құралы; 2) осы құралмен өлшенетін, арасы 3 кезге тең ұзындық өлшемі (3 кез 2 м 13 см-ге тең). *Бұл жерде:* мәтінде көрсетілген жердің арақашықтығы айтылған.

**Қорым** – тас, топырақ немесе қиыршықтастан үйіліп жасалған ертедегі ғұрыптық жерлеу орны; қайтыс болған адамдардың сүйегі қойылған бейіт, зират.



1. Үзіндіге арқау болған басты оқиғаларды санамалап айтыңдар.
2. Оқыған үзіндіге ат қояйық. Неліктен олай атағанымызды түсіндірейік.
3. Әбдірахманды пристав дуанға не себепті алып кетті?



4. Әбдірахманды айдап алып кеткен соң, Шұғаның халі не болды?
5. Қызының дертті болғанын көрген Есімбек не істемек болды?
6. Шұғаның соңғы хатында не жазылған? Оның соңғы тілегі не еді?
7. Егер сендер шығарма авторы болсаңдар, әңгімені қалай аяқтар едіңдер? Өз нұсқамызды ұсынайық.



1. Әбдірахман мен Шұғаның сезімдерін естіген кездегі кейіпкерлердің әрекеттерін анықтап, оқиғаның шиеленісуіне талдау жасайық.
2. Шұға мен Әбдірахманның соңғы көріскен тұсын автор қалай суреттеген? Қоштасар сәттегі екі жастың әрекеттері арқылы сол заман жастарына тән қасиеттерді анықтайық.
3. Шұғаның қоштасу хатынан оның қандай мінез ерекшелігі байқалады? Шығарма басындағы Шұға мен өмірмен қоштасқалы жатқан Шұғаның мінезіне талдау жүргізейік.
4. Хрестоматиядан әңгіменің толық нұсқасын оқып, шығармаға композициялық талдау жасайық.



1. Әлем әдебиетінде қыздардың бас бостандығы, әйел теңсіздігіне арналған қандай көркем туынды оқыдыңдар? Салыстыра отырып, ортақ мәселелерге қатысты пікірімізді айтайық.
2. Б.Майлиннің өзге де әңгімелерін оқып. Оқыған әңгімеміз бен «Шұғаның белгісін» салыстыра отырып, жазушының ерекшелігі туралы пікір білдірейік.

### Зерттегім келеді...

«Халық жауы» атанған қазақ зиялыларының әйелдері бүтінде мұражайға айналған «Алжир» лагерінде азапты күй кешті. Алжирде қлын күн кешкен қазақ ақын-жазушыларының жарлары туралы шағын зерттеу жасайық.

### Білгенім бір тоғыз

1937 жылғы қазанның алтысы. Шешем осы уақытта баламен саяжайда еді. Кешке жақын есіктегі қоңырау маза бермеді. Барып есік аштым. Еңгезердей екі орыс тұр.

– Азамат Майлин. Тұрыңыз. Сіз тұтқындалдыңыз, – деді екеуінің бірі.

Мына сөзді естігенде есімнен танып қала жаздадым. Папамның екі қолын көтергізіп қойды. Қалтасынан партбилетін, паспортын алды. Кітаптарды, қолжазбаларды тиеп алып кетті. Содан кейін «черный ворон» шақыртты. Түсі қап-қара, кішкентай машинаны жұрт осылай атайтын. Әкем кетерде бізбен қош айтысты. Әукенге айтқаны: «Сен баланың үлкенісің. Алдымен анаңды күт. Екінші мына бауырларыңа қамқор бол», – деді. Басқамызға қарап: «Сендерден сұрайтыным бір-ақ нәрсе. Оқыңдар, оқыңдар, оқыңдар», – деді үш рет қайталап. Сол жерде ботадай боздап қала бердік. Пәтеріміз екінші қабатта еді. Балконға жүгірдік. Әкем төменге түскеннен кейін төбеге қарап біраз тұрды. Сол кеткеннен әкемді көрген жоқпын.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Рәзия Майлина : Әкем мені «қалқам» деуші еді. «Ана тілі» газеті. 29 мамыр. 2014 жыл.



## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

(1902–1985)

«Ғабит Мүсірепов – ардақты ат!  
...Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ.  
Мүсіреповпен мақтану керек».

*Зейнолла Қабдолов*



Ғ.Мүсірепов – қазақ әдебиетіндегі классик жазушыларымыздың бірі, драматург, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері. Ол 1902 жылы 22 наурыз күні Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жамбыл ауданы, Ғабит Мүсірепов атындағы ауылында дүниеге келген. Алдымен өз ауылында молдадан оқып, арабша хат таныған болашақ жазушы 1916–1918 жылдары Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі класты орыс мектебінде оқиды. Кейіннен училищеде, Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетінде оқиды.


**Әңгімелері.** Жазушы қай шығармасында болмасын ешкімді қайталамауға тырысқан. «Жапон балладасы», «Арқаның әңгімесі», «Көздің әңгімесі» сияқты туындыларымен жазушы бірінші болып халықаралық тақырыпты қозғаған. Ғ.Мүсірепов шығармашылығына орыс жазушысы М.Горькийдің ықпалы мол болған. Оны жазушының ана тақырыбындағы «Ер ана», «Ана жыры», «Ана кесімі айнымайды», «Ақпима», «Айгүл қойшының бір күні» т.б. әңгімелерінен айқын тануға болады.

**Романдары.** Ең алғашқы романы – «Қазақ солдаты». Бұл шығарма 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен повесть ретінде жарияланды да, автор кейін өңдеп, толықтырып, 1950 жылы «Қазақ солдаты» деп жұртшылыққа ұсынды. Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында» романдары, «Кездеспей кеткен бір бейне» атты прозалық поэмасы қазақ әдебиетінің асыл қорына қосылған елеулі көркемдік үлес.

**«Ұлпан» романы** 1975 жылы «Ұлпан» повесть болып шықты. 1980 жылы автор аздаған қосымшалар, өңдеулер енгізіп, «Ұлпан» романы етіп жариялады. «Ұлпанның» кейіпкерлері Ұлпан, Есеней, Мүсіреп – тарихта болған адамдар. Оқиға XIX ғасырда қазақ даласында болған тарихи шындықтарға негізделген.

**Драмалық шығармалары.** Жазушының драматургия саласына сіңірген еңбегі де орасан зор. Оның «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты пьесалары халық жырларының негізінде туған.





Солдан оңға қарай:

Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов

Мүсірепов бірнеше либретто, сценарийдің де авторы. Ол жазған «Қыз Жібек» операсы мен «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» балетінің либреттолары қазақ операсындағы таңдаулы либреттоның қатарынан орын алды. Ғ.Мүсірепов «Амангелді» атты бірінші қазақ киносының сценарийін жазысты. «Махаббат туралы дастан» атты көркемсуретті және екі сериялы «Қыз Жібек» фильмдерінің сценарийін жазған да Ғабит Мүсірепов.

**Ғылыми еңбектері.** Ғ.Мүсіреповтің әдебиет мәселелеріне арналған «Суреткер парызы», «Заман және әдебиет», «Әдебиет – кәсіп емес, өнер» т.б. көптеген ғылыми зерттеулері бар.

Қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1985 жылы 31 желтоқсанда, 83 жасында Алматы қаласында қайтыс болды.

Жазушының есімін мәңгі сақтау мақсатында Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрына жазушының есімі берілген.

Мүсіреповтің 1968–1985 жылдар аралығында тұрған үйі 1991 жылы Орталық мұражайдың бір бөлігі ретінде ашылды.

2016 жылы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романының түрік тілінде шығуына орай таныстырылымы болды.





## «Ұлпан» романы

(романнан үзінді )

### Тірек сөздер:

- ✓ аңшылық
- ✓ саятшылық
- ✓ айып
- ✓ танысу

Есенеидің төрт қос жылқысы «Қаршығалы» шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекті-шілікті өңірге тұяғы тиген соң-ақ ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады.

Қазақ байлығы – жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара отты шұбарға жақын ұстамасаң, «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық» – кейде тақыр-таза жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ?..

Есенеидің қасында төрт адам жолдастары бар еді: ең сенімді серігі – жамағайын түрікмен Мүсіреп, Алдай елінен – аңшы Мүсіреп, руы басқа болса да Есенеидің қоныстасы Бекентай батыр және Есенеидің қосалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікмен Мүсірептің туған інісі – Кенжетай.

Түрікмен Мүсіреп аздап сыбызғы тартады. «Бозінген», «Бозмұнай», «Сүйір батыр», «Алғашқым» деген күйлері бар. Одан соңғы құмары – бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам...

Алдай Мүсіреп – аңшы адам. Балдакка сүйенген оң қолында – «түлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында – жалғыз оқ, аяқты шпі мылтық. Азырақ асыға сөйлейтін, азырақ асыра сөйлейтін адам.

Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар жапалақтай бастады. Есенеи алыстан көз тігіп келіп, тоқтаған жерін мактап-мақұлдауларын күткендей жолдастарына қарады.

Осы кең қорықты Есенеидің есіне салған аңшы Мүсіреп еді. Сонысын тағы бір ескертіп қалғысы келіп, Есенеиге қарай еңсеріле бұрылып:

– Ағасұлтан, пірім-ау! Айтпап па едім? Қысқа қарай жылқы баласына бұдан артық жер болмайды. Несіз жатқан жер! Бір қыс жайладың – болды, ағасұлтанның шұбары атанады да, баланың баласына дейін кете барады! – деді.

Есенеи оның сөзін аяқтатпай, екінші Мүсірепке қарады. Осы бір «ағасұлтан», «баланың баласына» деген сөздер Есенеиге шаншудай қадалатынын ақкөңіл аңшы аңдамай-ақ қойды. Ағасұлтан болғысы келіп бола алмай қалған адамға, екі ұлы бір күнде өліп, содан бері жиырма жыл бойында әйелі бала көтермей қойған адамға жаңағы



сөздер мазақтаумен, қорлаумен тең екенін жарамсақ аңшы түсінбесе керек. Атакқұмар, лақапқұмардың сөзін қайталай береді.

Өткен қыс аңшылықта кездесіп қалып, Есенеіге екі түлкі, үш қара қылшық күзен байлап еді, сонысын арқаланып, кимелеп сөйлейді. Бныл, міне, жер қарадан қасына еріп, Есенеідің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр. Өзі де аңқұмар Есенеі оның бетін біржола қайтарып тастайтын қатты сөз айтпай келеді. Қолын азғана сермеп тоқтатып тастайды, бар болғаны сол-ақ...

– Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр. Бірақ осы күні несіз жер бар ма, бір несі бар шығар, – деп түрікмен Мүсіреп аз кідіріп қалып еді, аңшы Мүсіреп тағы киіп кетті:

– Жоқ, жоқ! Несіз жатқан жер! Бұл өңірде мен білмейтін жер бар ма, тәңірі! Қасқыры мен түлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын, «Қаршығалыда» үш мың қасқыр, бес мың түлкі, он екі мың күзен, жеті мың қоян бар!..

Түрікмен Мүсіреп ағасына қарап қағытып қалды:

– Акқұр, қарақұрларын санамаған екенсіз, Мүсеке!

– Үш мың қасқыры болса, менің жылқымды бір қыста жеп тауыспас па екен? – деп Есенеі де қалжындады.

Кенжетай ағасына қарап, ну орманның орта тұсын көзімен нұсқады. Мүсіреп інісінің нұсқаған жағына қарап:

– Сонау қалынның орта тұсында үш жерден түтін көріне ме деймін, – деді Есенеіге бұрылып. – Өне, бір салт аттылар да көрінді.

Үш салт атты қатты жүгіртіп келеді. Біреуі алдарак, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қуаяқ желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып, ілесіп келеді.

Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрған топтың алдына жакындап келіп, сөйлеп кетті:

– Армысындар, ағалар!.. «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің<sup>1</sup> арызын айта келдік... Бныл қыс осында жан сақтаймыз ба деп, жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескей деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаныздар екен...

Аңшы Мүсіреп Есенеіге жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтатпай киіп кетті:

– Сүйреңдемей тоқта, бала, тоқта деген соң! Аулыңа сәлем айт: Есенеі ағасұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып әуре болмасын! – деді.

Жігіт те іркілген жоқ:

<sup>1</sup> Күрлеуіт – ру аты.



– Есенеіі жок елді де ел екен, жұрт екен десеніздер, кара өрттейі қаптап келе жатқан жылқының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...

– Мына көргенсіз неме кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығынды түріп тастап дүрелеп алсын деп тұрмысың? – деп анайы аншы атын тебініп-тебініп қалды. Есенеіі қолын сермеп тоқтатпағанда, әлденеге ұрынып қалатын жайы бар.

Жас жігіт бұл жолы жауап қайырған жоқ. Басын төмен иіп, арызына жауап күтіп тұр.

Осындай өжет жастарды Есенеіі қатты ұнататын еді. Жпырмаға келмеген бала жігіттің сөзінің нәрі де, зәрі де бар екен. Осылай өсірермін деп үміт еткен екі ұлы қарашешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сибанның ішінде үміт етер жастардың бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып, түрікмен Мүсірепке қарады, жылы жауап бер дегендей еді.

Түрікмен Мүсіреп жас жігіттің сөз саптауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған. «Кірме Күрлеуіт» дегеніне қарағанда арыз айта жіберіп отырған қайбір бай ауыл дейсін. Сөз білер ақсақалы да болмаған ғой.

– Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, – деді ол, – аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. «Түсіңгіден түнілме» дегендей, көргенсіз деуге ішім кимай тұр өзінді. Өттен, ашынғандықтан болса да, азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Аулыңа мұны да айта барарсың.

Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайырды:

– Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шыкса, айып өзімде. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді. – Әйтеуір, ат жетелеп жүр екенсін, мынаны да жетелей жүр...

Содан соң екі жолдасының бірін түсіріп, соның атына мініп алды да жөнеле берді.

– Кешіре көріңіздер, ағалар...

Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті.

Есенеіі ұзай берген бала жігітке әлі қарап тұр. Бір сәтке баласыздығы бойын билеп, бар ойы сол бала жігіттің соңынан кетіп бара жатқандай еді.

– Қап, құйрығың түріп жіберіп дүрелеп алу керек еді өзін! – деді аншы Мүсіреп қайта қызына бастап. «Құйрығың түріп» дегенді тауып айттым деп қайталап тұр.





– Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен? – деп түрікмен Мүсіреп Есенеіге қарады.

– Қыз? – Күні бойы Есенеідің аузынан шыққан екінші сөз осы еді.

– Не, қыз!.. «Міне, айыбым!» дегенде көз күйрығымен өзінді бір шарпып өткенде неғып байқамадың? Шарпып емес-ау, көз қнығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..

– Ай, түрікмен-ай, жерортаға жақындап қалсаң да қыз-келіншек дегенде қырағысың-ау! – деді Есенеі. Неге екені белгісіз, мақтағандай еді.

Аңшы Мүсіреп шошып кетті.

– Қыз болса, мені құдай ұрды төбемнен! – деді. – Мен масқара болдым. Бұл – Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Үйіне қонып кеткеніме ай толған жоқ. Ең болмаса, кара жорғасын танымай қалғанымды қарашы! Бір күн қасыма еріп жүріп, екі қаз байлап еді! Қарағым-ай, енді сенің бетіңе қалай қарармын! Аңғал аңшы күйіп-пісіп шошалақтады да қалды.

– Дүре сокқың келмеп пе еді? Бетіңе карамай-ақ соға бересің де! – деп, өзі саскалақтап қалған аңшыны түрікмен Мүсіреп біржола өлтіре салды.

– Артықбай батырдың қызы деймісің? – деді Есенеі.

– Ойбай, ағасұлтан пірім-ау! Соның қызы – Ұлпан. Сол жақ артқы аяғы ақ бакай, мандайында төбелі бар, су төгілмейтін кара жорға тұр ғой, міне!..



Қыздың бір-ақ рет көз қиығын Есенеіге серпе тастап қарағанын түрікмен Мүсірептен басқа ешкім аңдамай қалған екен. Кешкірген бұлыңғыр күн, қапалақтаған қар... арыз айтуға қыз келер деп кім ойлаған?! Келген бетінде кие сөйлеп, бәрінің көңілін өзіне аударып әкеткен Ұлпан, қыз екендігін аңдатпауға тырысып еді. Солай бола тұрса да, қыздың аты қыз ғой, атакты батыр, атакты әділ би атанған Есенеіге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзі де сезбеген.

Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенеідің жылқысы екенін аулы біліп отырған. Қалың, қара шұға жалбағай бет-аузын жауып кеткенмен, атандай қара кер аттың үстіндегі зор денелі адамның Есенеі екенін Ұлпан да ішінен таныған. Бес жасар кезінде көргені де, қорқатыны да есіне түскен. Бірақ өзін танытпай кетті.

Есенеі тобы аңырып қалды. Не істеу керек? Қара жорғаны қыздың айыбы деп қалай алып қалар? Сұңғыла қыз бұларға бір ұяларлық ұпай салып кетті емес пе! Ие, «малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» дейтін елдің нақылын еске алсаң, лайықты жұмыс болмапты. Есенеі жолдастарына қарады:

– Не істеу керек?

– Артықбай батырға тізе көрсеткендей болып келгеніміздің өзі қандай айып?! Қызының атын айыпқа алып қалғанымыз – екінші айып. Арыз айта келген қыздың атын айыпқа алып қалғанымыз – айып біткеннің ішінде ел естімегені болар, – деп, түрікмен Мүсіреп Есенеідің қарашешектен қара шұбар болып қалған бетіне тура қарады.



Б.Дәлелқан . Атамекен



Есенеі өмірінде айып тартып көрмеген, айып-жазасы болған адамдарға қатал жаза беруді жақтайтын би еді. Болмашыдан айып-ты болғанына әрі күлкісі келеді, әрі шешімін таба алмай тұрғаны анық. Артықбай оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған кәрі жолдасы, батыр адам.

– Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! – деді түрікмен Мүсіреп.

– Айналайын адасым-ай, таптың, таптың! Менің кәрі бозымды бірге қосақтап жібер! – деді аккөңіл аңшы.

Есенеі «жөнел» деген бұйрығын Кенжетайға негімен нұсқады.

– Артекене сәлем айт, ертең сәлем беріп қайтармын!

Өзі жетелеп жүрген Есенеідің «Мүзбел» дейтін торы төбелін қара жорғамен бірге жетелеп, Кенжетай жөнеліп кетті. Есенеі жолдастарына ендігі байламын айтты:

– Осы жоннан әрі бір жылқы тұяқ салмасын! Сәдірдің қосынан басқа қостардың екеуін Құсмұрынға қарай, төртінші қосты өзіміздің Акқұсақ, Қарамен, Еламан көліне қарай аударындар. Сәдірдің қосы осы маңда қала тұрсын. Екі адас, менімен қаларсындар. Бекентай, сен Құсмұрын қосымен кетерсің...

Жолдастары Есенеідің бұйрығын орындауға тарасып кетті. Есенеі өз қосын тіктіруге тапсырған көлге қарай жалғыз бұрылды.

«Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, Артықбай батырға ұрынып қалғаным қартая бастағаным-ау, – деп ойлады Есенеі. – Әлде қадірім түсе бастағаны ма екен? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын ғой, ондайды өзім анықтатып алушы едім!»

Жаңағы аз оқиға Есенеідің көз алдына бұдан он бес жыл бұрын өткен оқиғаларды әкелді. Артықбай батырдың ерекше бір ерліктерін еске түсірді. Бұл оқиғалар өткелі, міне, он бес жыл!..

...Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды. Тәубеге келер, зорлық-зомбылыққа ырық бермес кезі. Амалы қайсы, өзін оққа тосып мұны аман алып қалған бірінші досының паналап отырған жеріне көз аларта келіпті. Не деген ұят, қандай өкініш! Қосалқы атын айыпқа тартқаны батырдың көңіліне дақ қалдырмай жұбатар ма, жоқ па? Ертең өзі барып өкінішін айтып, өтіл сұрар-ау, сонда да әулекі аңшы Мүсірепке сеніп едім деудің өзі қандай ұят!

Есенеі қосы деген екі ақ үй, үш қараша үйлер еді. Бәрі де тал мен шілік арасына, ығынға тігіліпті. Ағаш табанды шаналар, жегін саймандары өз алдына жеке қораланыпты. Есенеідің өзі жататын үлкен ақ үйдің екі босағасында екі үлкен арабы иттердің үйшіктері тұр.



Иттер несіне үрген де жоқ, еркелеген де жоқ. Үйшіктерінен шығып бір-бір керілді де, несінен бұйрық күткендей анырысып қалды.

Інір ауа Кенжетай қайтып оралды.

– Не?

– «Мұзбелді» апарып батырдың белдеуіне байладым. Батыр әбден ырза болып қалды.

– Не деді?

– Кім айыпты екеніне әлі көзім жете қойған жоқ. Ұлпанжан бетіне адам қарсы келмей, ерке өскен бала еді, кім білсін... Есенеидің айыбы болмаса, мырзалығы шығар. Алла разы болсын, – деді.

– Өзі қалай екен? Төсек тартып жататын болар?

– Жок, есікті аштырып тастап, жүз кадам жердегі жуан теректі нысана қылып садақ тартады екен төсек үстінде отырып. Ертең сізді қонаққа шақырды. Несібелі жеңгесінің ыстық бауырсағын сағынатын уақыты да болған шығар... – деді.

Есенеидің ішінен ең қарыздар адамының үйіне ат ізін салмағалы он үш жыл өткенін есіне алды.

Есенеидің қазір діндар адам болғанмен, бір кезде аса өркөкірек, озбыр би болатын. Орыс шегарасын паналай отыратын Нұралы деген момын елдің барлық жерін тартып алып, далаңқы жайлауға қарай айдап тастағаны бар-ды. Момын ел қарғап-сілеп кеткен екен – келер жылы Есенеидің екі ұлы қарашешектен бір күнде, бір сәттің ішінде бірге өліп кетті.

Балаларын жерлеп қайтқан күні қарашешек Есенеидің өз денесіне де қаптап білініп келеді екен. Шілденің қайнап тұрған ыстық кезі еді. Өркөкірек батыр адам басқаларда жоқ ірі мінез көрсетті. Атына міне салып, қозыкөш жердегі «Әулиесор» атанған тұзды көлге тыр жаланап періп кетті. Артынан келген адамдарға осы араға үй тіккізуге, сусын әкелуге бұйрық берді де, суы жылы сор көлге күні-түні шомыла берді, шомыла берді. Қорасан шыққанда дуылдап қыштың денені қасымауға шыдады. Бақсы-құшнаштарды да маңайына жолатқан жоқ.

Сордың суында қорасанға дауа болғандай қандай қасиет бар, оны ешкім білген емес, әйтеуір, Есенеидің денесіне бармақтай-бармақтай қара таңба түссе де, аман қалды. Содан бері әйелі де бала тапқан емес. Қорлық-зорлық көрген Нұралы елінің қарғысына ұшырап, ұрпақсыз қалдым деп біржола сеніп болған. Бірбет, өр кеуде адам содан кейін намазға мойындады. Білмейтін, түсінбейтін істің айнымас құлы болып кетті.

Аңшы Мүсірептің «Несіз жатқан жерді бір қыс жайласаң болды, балаңның баласына дейін сенікі болып кете береді» дегені шаншу-



дай қадалатын себебі де осыдан еді. Баласы жоқ адамға «баланың баласына дейін» дегенді есіту, әрине, ауыр тиеді.

Артықбай батыр шойырылып қалғаннан кейін, Есенеі оның көңілін сұрауға барып еді. Оған, міне, он үш жыл. Есенеі сәлем беріп үйге кіріп келгенде, төрт-бес жасар қыз бала зәресі ұшып, үйден шыға қашқан болатын. Сол бала үш күн бойы өз үйіне кірмей қойған. Босағадан сығалайтын да қаша жөнелетін.

...Есенеідің бүгінгі көрген бойжеткен қызы – сол Ұлпан. Бұдан он үш жыл бұрын көрген бала қыз әлдеқашан есінен шығып кеткен еді. Енді, міне, бүгінгі батылдығымен, бала кезіндегі еркелігімен, мақпал қара менімен көз алдында тұрды да қалды. Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау!.. Зейінді, зерделі боларсын деп ойлап кетіп еді, ойлағаны келген де қойған. Ұтқызбай кетті ғой! Әлдекім әлдеқашан айттырып, құда түсіп қойған болар-ау... Оған сөз жоқ қой. Ит-ай, не деген маңдайы жарылып туған ит еді! Қазақ бесігінде жатқан баланы да айттыра береді. Кедейленіп қалған батыр әлдеқашан қалыңмалын алып жеп те қойған болар. Шешесі Несібелі сұлу да сүйкімді кісі еді, соған тартқан ғой. Мінезі де шешесіне тартса ажарқын, ашық, ақкөңіл болар. Ол бір таптырмайтын мінез ғой. Өзіне сәукеле қандай жарасар еді!

Жеті жылдан бері бөлек тұратын әйелін есіне алды. Ие, Қанікей де сұлу әйел еді. Байғұс жеңілтектеу болды. Есенеі би болған соң ол да өзін би болдымға санап, ел ішін бүлдіре берді. Атақты байдың қызы еді. Есенеімен арпалыса берді. Жыбыр-жыбыры көп, кекесіні көп адам еді. Ондайды ұнатпайтын Есенеімен жиі-жиі араздасып қалып жүрді. Өзінен туған екі ұлы бір күнде қайтыс болғанын Есенеідің құдайдың қарғысына ұшырағаны деп сенді де, Қанікей қосыла қарғайтын болды. Аяғында еншісін бөліп алып, Кіркөйлек деген жерде бөлек тұрады. Қатал мінезді Есенеі содан бері әйел атын ұмытқандай, малымен, билігімен ғана айналысып жүре беретін. Енді, міне, кеудесіне бір сайтан кіргендей, түн бойы өзімен-өзі арпалысып ұйқы көрмей шықты...

### Сөз сыры

**Балдақ** – бұл сөздің мағынасы өте көп. Бұл жерде: аяғы кемтар адамның сүйеніп жүруі үшін арнайы жасалған таяныш құрал.

**Томаға** – бұл жерде: қыран құстың басына көзін бастыра кигізетін былғары қапшық.

**Уытты** – 1) улы, зәрлі қасиеті бар; 2) әсерлі, қуатты, күшті. Бұл жерде: жігерлі, сенімді, жүректі, батыл деген мағынада қолданылып тұр.

**Шылбыр** – атты бір жерге байлау немесе жетектеп жүру үшін нөқтаға, жүгеннің сулығына тағылатын қылдан есілген жіңішке жіп немесе жалпақ қайыс.

**Адас** – бір есіммен аталатын, есімі бірдей адамдар, яғни аттастар.





1. Шығарма қалай басталады?
2. Оқиға кімдердің арасында өтеді? Үзіндіде кездесетін кейіпкерлерді атайық.
3. Тірек сөздерді басшылыққа алып, үзіндіні мазмұндайық.
4. Есенеңлердің алдынан шыққан «жас жігіт» қандай арыз айтты?
5. Мүсіреп арыз несінің қыз бала екенін қайдан білді?
6. *Жас бала* дегені өзінің жақсы таныс батыры Артықбайдың қызы Ұлпан екендігін білген Есенең қандай көңіл күйде болды?
7. Үзіндіде кездесетін мақал-мәтел, нақыл сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндірейік.



1. Үзіндідегі кейіпкерлер әрекетін талдап, оларға мінездеме берейік.

Кім?	Қандай?	Қашан?	Не істеді?
Есенең			
Аңшы Мүсіреп			
Түрікмен Мүсіреп			
Артықбай			
Ұлпан			

2. Аңшы Мүсірептің «Несіз жатқан жер! Бір қыс жайладың – болды, ағасұлтанның шұбары атанады да, баланың баласына дейін кете барады!» деген сөзі Есенеңге неліктен шаншудай қадалды?
3. Оқыған үзіндідегі Есенеңнің ішкі монологіне талдау жасай отырып, оның көңіл күй өзгерістерін анықтайық.



1. Есенеңнің бір кездері өзі қарыздар болған Артықбай батырға ат ізін салмауын қалай түсіндірер едіңдер?
2. Бір кездері өзі көрген кішкентай бүлдіршін Ұлпанның бойжеткенін көрген Есенеңнің оған деген көзқарасын қалай бағалар едіңдер?

## Сыйластық

### Тірек сөздер:

- ✓ кешірім
- ✓ нысана
- ✓ батыр
- ✓ сыйластық
- ✓ сырласу

Ертеңіне жылқыларын жан-жаққа таратып жіберді де, Есенең кешке қарай Артықбай батырдың үйіне келді. Қасында түрікмен Мүсіреп, Сәдір найзагер, қосалқы атын жетелеп жүретін Кенжетай. Аңшы Мүсірепті ертпей кетті.

– Артықбай батырдың қызына не дегенің есінде ме? Сенің айыбыңды мен тарттым. Қар қалындаған соң бүркітіңе бір-екі түлкі алдырып,

Артекеңе байлап, аяғына жығылып, айыбыңды жуып қайтарсың. Бүгін қоста қаласың. Сенің тартқан айыбың осы болады.

Артықбай батыр қонақтарын бар пейіл-ықыласымен қуана қарсы алды.



– Арыстаным-ай, ақ бейілім-ай, шойырылып қалған ағаң қалай есіңе түсті! Келші бері! – деп қуанышын да, өкпе-назын да бірге, бір-ақ айтып тастады. Еснейдің таяқтай-таяқтай кара шұбар саусақтарын ұзақ қысып отырып, сүйіп алып босатты.

– Түрікменімбісің, қысылмасым, саспасымбысың! – деп Мүсірептің қолын да ұзақ қысып отырып, көзіне жас алды.

– Жұрт Еснейдің жанын алып қалған Артықбай десе, мен Артықбайдың жанын алып қалған сен деймін, ақжолтайым.

Қарт батыр Стап дәрігерханасында жатқан алты айдың ішінде Мүсірептен көрген аз-маз қайырымдылықты есіне алып отыр. Ұмыта алмаған екен. Стапка ауылы жақын Мүсіреп Артықбайға жетісінде бір рет ас-су жіберіп тұрып еді. Әскерлік дәрігер «біз қолдан келерді істеп болдық» дегеннен кейін, қақап тұрған суық қыста батырды үйіне жеткізіп салған. Ақкөңіл батыр сонда айтқан алғысын қайталап жатыр.

Артекен Сәдір батырмен ерекше сағынышты амандасты.

– Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау!.. Сен ит, он бес жыл бойы неге ат ізін бір салмай кеттің? Өліп қалдың ба?

Басқа қонақтар мүтедек батырға еңкейіп сәлемдесе, Сәдір жер-төсекте отырған шойнақтың қасына тізерленіп отыра кетіп, екі қолын бірдей созып еді. Мүтедек батыр оны құшақтай алып, айналып, арқасынан жұдырықтай отырып:

– Ит-ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің? – деп қайталай-қайталай айтып, ұзақ босатпай қойды. Екеуі де еңкілдесіп алды.

– Батыр керек, найза керек заман қалды ғой адыра, адыра қалғыр! Сәдір найзасын құрыққа айырбастап, жылқышы болып кеткен, – деп, Сәдір де өзінің Еснейдің қолына қарап қалған ит өмірінің арызын айтып қалды.

Қонақтар Артықбайдың әйеліне де тұра келіп, тұрған бойларында қол алысып амандасты. Шешесінің қасында тұрған Ұлпанды көздерімен ғана жанап өтті. Қыз балаға одан артық көңіл аудару ерсілік болатын. Қыз да бұлардың әрқайсысына көз қиығын серпе тастап, көзімен ғана амандасты. Сол көзқарасында сирек кездесетін сұлулық барын қонақтар түгел сезінді. Қара биесі жоқ үй – қымызы жоқ үй, сары биесіне – самауырға тезірек ұмтылады. Ұлпан сары жез самауырды көтеріп, далаға шығып кетті.

Амандық-саулықтан кейін Есней өз кінәсін тезірек жуып тастағысы келіп сөйлеп кетті:

– Артеке, сіздің бұл араны мекендей бастағаныңызды білмей келіп, ұятты болып қалдық. Бұрынғы мекеніңіз бұл жерден көп жоғары болушы еді ғой?



– Не, дүзге жакын болатын... «Аксуат» еді ғой. Биыл осылай қарай ауыстық. Жата-жастана естірсін, «Құдыққа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар» дегендей бір жайымыз болды.

– Несіз жатқан жер дегеннен кейін қалың шұбарға қызығып келіп қалып едік, сіздің мекендеп отырғаныңызды естіген соң, малдың жарым-жартысын Құсмұрынға қарай, жарым-жартысын ішке қарай аудартып жібердім.

– Бекер-ақ болған екен. Көңіл сыйса, көлдің суы жететін еді ғой.

– Жоқ, жоқ, Артеке! «Есенеі бір кезде жанын алып қалған батырының жерін тартып алыпты» деген атакқа қалғым келмейді.

– «Есенеі бір қыс қонақтап шығуға көңіл етіп келген екен, кәрі шойнақ отбасынан орын бермепті» деген атакқа мен қалып жүрсем қалай болар?

– Сізге сөз келтірмеймін ғой, Артеке...

– Тым болмаса бір қыс дәмдес болып, бой жазып қалсын десең, шойнақ ағанды шанаға салып алып, қасқыр қуғаныңды көрсет. Мен үйкүшік болып қалып, дала көрмегелі он бес жыл... Қосынды әкеліп, біздің үйдің қасына тіктірі.

Осымен екі жағы да бірін-бірі ұғынысып болды. Жер жайына енді орала қалса, екі жағына да ұят болар еді. Бір қос жылқының осы арада қыстап шығарына Есенеідің көзі жетті. Есенеі қосы қасында болса, токшылық боларына Артықбайдың көзі жетті.

– Артеке, садақ-найзаңызды әзірлей беріңіз. Қыс бойы қасқыр қуармыз. Есікті ашып қойып, садақ тартып, нысана атады екен деп естідім. Құдай бұйырса, қарауылыңызға қасқыр да бір ілінер, – деді.

– Есенеі-ау, басқа ермегім қалды ма менің? Найзаларымды қайрап, оқ жонып ермек етем. Манайда жан жоқта нысана атам. Кейде оғым нысанаға дәл тиеді, кейде жосып айдалаға кетеді.

– Биыл қыс баяғыны тағы бір қайталаармыз, ендеше.

– Алла разы болсын!

Қонақтар келіп түскен бетінде аттарын кез келген ағашқа байлай салып еді. Сол есіне түсіп, Кенжетай далаға шықты. Аттарды ықтасынға апарып байлағысы келді. Екінші бір үйден қайнаған самауырды көтеріп әкеле жатқан Ұлпанды көріп:

– Самауырды жерге қоя тұршы, қарағым. Үйге мен көтеріп апарайын, – деді қызға тым тез жақындай беріп.

Ұлпан самауырды жерге қойды да:

– Жігітім, сен маған қарағым деп сөйлеспейтін бол. Менің Ұлпан деген атым бар. Қазір шай ішіп болған соң, анау бір қалыңның ар жағындағы алаңда арқандаулы, кешегі күнге дейін өзің жетелеп жүрген торы ат тұр, соны әкеліп ерттеп қой. Ер әне жатыр. Енді



самауырды үйге алып кір... – деді. Кенжетайды ыктата-ығыстыра айтты. Самауырды үйге Кенжетай алып кірді. Ұлпан соңында келеді екен. Есенеидің іші Ұлпанды Кенжетайдан қызғанып кетті. Кескіні әдемі, байдың мырзасындай жақсы киіндіріп қойған жас жігіт қызбен тіл табысып қала ма деп қызғанды. Бірақ Кенжетайдың жүзінде қыздан ығыскандық белгісі ғана бар еді. Кенжетай қыз бұйрығын орындауға шайға қарамастан шығып кетті.

– Ағтарды бір ықтасынға жайғастырып келейін...

– Есенеі мырза, азғана сауын бие ағытылғаннан кейін мына самауыр деген сары биеге қарап қалғанбыз. Жарықтық ертелі-кеш инді де тұрады... – деді Артықбай. – Сары биенді жебей сауғайсын!

Есенеі «Шыдай тұр, шалым, қыс бойы қымыз ішкізермін» деп қала жаздады да, сөздің бетін шайға бұрып кетті:

– Е, шайға үйреніп болдық қой. Бұл құрғырды қанып ішпесең, тіпті басың ауыратын болды. Бермесеніз, сұрап ішетін едік. Несібелі жангеміздің ыстық бауырсағын сағынғанымыз да рас, – деп Есенеі кеңкілдей күлді. Әрине, басқалар да күлді.

Шайды іше отырып, қанша қарамайын десе де, Есенеі көзін қыздан аударма алмай қойды. Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қапсырмалы бұлғары белдік. Аяғында биік өкшелі шоңқайма етік «қосай калаш» – бәрі де сандық түбінде жататын қыздың «біркнері» екені танылып тұр...

Есенеидің көңіліне үлкен бір ұйытқу кіргенін қыздың шешесі Несібелі байқап қалды, Мүсіреп те сезінді. Тек қыз жүзіне елең кірген жоқ. Шай ішіліп болған соң самауырды орнына қойды да, Ұлпан шығып кетті...

Даладан қатты шапқан ат дүбірі естілді. Үйдегілер елендесіп біріне-бірі қарады... Алдымен үйге Ұлпан жүгіре кірді. Ұялғандай күлімсіреп әкесінің бас жағына барып, керегеге соғылып тоқтады. Оның артынан іле-шала үш еркек кірді. Алдымен кірген тұлкі тымақты мысық мұрт жалынымен шаңырақты жалағысы келгендей, лапылдап жанып тұрған отқа соғылардай болып аптығып тоқтады да, артында келе жатқан екеуіне:

– Сүйреп әкетіндер! Әне, тұр! – деп Ұлпанды нұсқады.

– Әй, сен кебіс ауыз, кімді сүйреп әкетесің? Көзіңе қарашы! – дегенде, Сәдірдің найзасы мысық мұрттын аузына да тақалып қалып еді... Ұлпанға қарай ұмтылған екі жігіт те қызға қол тигізбей тоқтады. Сәдір ол екеуін де найзасының ұшымен нұсқап, алғашқының қасына отырғызды. Даладан тағы екі жігіт келді.



Жалғыз Сәдір найзасын жарқылдата сілтеп, бес жігітті түгел отбасына иіріп тастады. Біреуіне де найзасын тигізген жоқ...

– Бұлардың кім өзі? Танысыз ба? – деді Есенеі Артықбайға қарап.

– Кім болсын, құдаларым болады, – деді Артықбай. – Біздің үйдегі «Сұлушашты» айттырған құдаларым, – деп қызына бір қарап қойды. – Кедейлік не істетпейді. Бағлан аузында отыратын бір сау-дагер Түлен дегенмен құда болып едім. Баласы таз ба... білмеймін, әйтеуір, Ұлпанжан құлан-таза безініп кетті. Шойнақ шаты басынып, алып қашуға келгендерін көрмейсің бе! Артықбай тағы да ауыр күрсініп тоқтады.

– Болды, Артеке, болды. Ар жағын айтпай-ақ қойыңыз. Көріп отырмыз. Сәдір, сен мына құдаларды қосыңа апарып қондырып шығарарсың...

Бұл жанжалдың үстінен шыққанына Есенеі қуанып отыр. Ұлпанның басы бос екен! Ертең айып-қиябын табандата салып, бет бақтырмайтын кесім айтады да, құдаларды айдап тастайды. Көнбей көрсін!..



1. Артықбайдың қонақтарын қарсы алуынан қандай ұлттық ерекшеліктерді байқадыңдар?
2. «Қара биесі жоқ үй – қымызы жоқ үй, сары биесіне – самауырға тезірек ұмтылады» деген сөйлемнен қандай стильдік ерекшелік көрінеді?
3. Үзіндідегі Ұлпан қандай бейнеде суреттелген?
4. Шығармаға арқау болған негізгі үш оқиғаны анықтап, үзіндіге өз атауларымызды ұсынайық.



*Елтірі бөрік, нұшпақ ішік, қаптырмалы бұлғары белдік, шоңқайма етік* сынды ұлттық киімдер туралы білетінімізді ортаға салып, автордың Ұлпан портретін жасаудағы ерекшелігін анықтайық.



Осы үзіндідегі оқиғаға ұқсас қандай шығармалар білесіңдер? Салыстыра отырып талдау жасайық.

### Ұлпанға құда түсу

...Есенеі еліне қайтқалы жатқан Мүсірепті шақырып алды.

– Бір қыс бірге болайық деп едім, көнбедің, сүр бойдақ... Себебің бар шығар, сұрамаймын. Тек менің соңғы бір жұмысымды орындап бер. Бір күн аялда.

– Жарайды, аялдайын.

– Аялдасаң қазір аттан. Артықбайға құда түсіп қайт. Неге шошып кеттің?.. Ұлпанға Есенеінің көңілі ауып жүр де... Керегі болып қалса, қыздың өзіне де сөйлесе кел...

– Жарайды, барып қайтайын.

– Барып қайтпа, біржола бітіріп қайт. Сибан деген бір рулы елдің ордасы бір күні біржола жабылып қалсын демесең, көндіріп қайт!



Есенеидің соңғы сөзі Мүсірепке ауыр тиді. Сибан деген жалғыз Есенеи болмаса, ағаш-ағаштың қойнауын паналап бытырап кеткен әлсіз ел еді. Есенеи көтерілгелі небәрі алты ауыл Сибан ел қатарына қосылды. Сол Есенеи ұрпақсыз. Туған-туыскандарында мұның орнын басар ешкім жоқ. Ондай адам жалпы Сибанда жоқ. Оның өзге жағын былай қойғанда, екі ұлы қайтыс болғаннан кейін біржола ұрпақсыз қалғаны да Мүсірепке қатты бататын еді. О да адам ғой! Ішінен Ұлпанды да аяды. Есенеи қанша ағайыны болғанмен, құрығын Ұлпаннан басқа біреуге салса да болар еді ғой! Онда ше? Ол қызға обал болмас па еді? Шіркін-ай, алты ауыл Сибанның бір әйелі жесір отырмағанын көрдің бе!.. Іштей Есенеиді де аяп, Ұлпанды да аяп, Мүсіреп Артықбайдың үйіне келіп түсті.

Ұлпан үйінде жоқ екен. Соны пайдаланып, Мүсіреп келген жұмысын созбаққа салмай қыздың әке-шешесіне бірден айтып тастады. Есенеидің сәлемін тура жеткізді. Бояған да жоқ, бұрмалаған да жоқ. Артекең үндемей тұнжырап отырып қалды да, қыз шешесі Несібелі жылап үйден шығып кетті.

– Осы, Артеке, келген жұмысым. Не жауап қайырасыз?

– Ойбой, Мүсіреп-ай!.. Есенеи қадалса алмай тынатын ба еді! Ұлпанымды мен бермеймін десем, Есенеи көнеді деп отырмысың? Айтты, алдымнан өтті болды емес пе, алмай тынбайды ол!

– Олай болғанда сізді риза дейін бе?

– Қайдағы риза?

– Енді сіз не айтты деп қайтам?

– Ұлпанның еркі өзінде. Өзімен сөйлесе берсін деп айтты де. Ал, әке, батанды бер деген күні, жетпей жатқаны бата болса, бере салу қиын емес қой...

...Мүсіреп атына мінді де, Артықбай шалдың сілтеген жағына қарай жүріп кетті. Ақырын жүріп келеді. Ие, бұл бір абыройсыз елшілік болғалы тұр. Есенеиге екі нәрсе өтпейді: «Оқ өтпейді, сөз өтпейді»...

Ұлпан бүгін аса көңілді еді. Әкесінің азғана жылқысын Сәдірге қосып жібергелі бір жеті бойында атқа мініп далаға шығар, бой сергітер себеп қалған жоқ-ты. Ұлпан қатты шауып келген бойы:

– Мүсіреп аға, қасқырға тым кеш шығыпсыз ғой? – деді.

– Қасқырға емес, саған амандаса кетейін деп келе жатырмын, қарағым. Ертең елге қайтатын едім.

– Елге? Бізді осылай тастап кетесіз бе?

– Тастап дегенің не, айналайын-ау... Сені кім қып тастап кетер! Ұзамай қайтып келемін...



Осылай баяу жүріп, сөйлесіп келе жатып Мүсіреп бір кезде үндемей қалды. Ұлпанның бірер сөзіне жауап та қайырмады. Өзімен-өзі, әлденені ойланып қалған. Ашық жүз, еркелете сөйлеудің ізі де жоқ.

– Мүсіреп ағай, сіз не ойланып қалдыңыз? – деді Ұлпан.

– Ұлпан! – деді Мүсіреп Ұлпанның көзіне тура қарап. – Ұлпан, сен мен қазір не айтсам да түгел тыңда, ойлана тыңда. Құлағыңа жақсын, жақпасын, түгел тыңдап ал! Бірауыз сөз қоспай тыңда!..

Содан кейін өзінің Есенеі жіберген елшілігін айтты. Дауысында не жанын салғандық, не жаны ашығандық жоқ, бірқалыпты қоныр үнмен сөйлеп келеді. Әлденені қадағалап, әлденені елемей де жоқ. Биыл күз жақсы, малға жайлы болды ғой дегенді айтып келе жатқандай бейжай...

Ұлпанға сол бейжайдың өзі қанжардай қадалды. Есенеінің көз айырмай қарайтынын білетін. Онысы әкесіндей адамның балғын жасқа қуана қарайтыны шығар дейтін. Бірақ іші қымсына беруші еді, сездіріп жүр екен де... Көз алдына көп нәрселер келді. Ұлпанның өзі білетін дүниенің бірінші адамы – атақты Есенеі би... кем болса, қырық жас үлкен адам. Ұрпақсыз қалыпты. Ағашқа асылып өлмесен, құтыла алмайсың. Есенеіден арашалап алып қалар адам жоқ. Айтты – болды. Басың болса не бер, тізең болса бүте бер...

Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады. Токтай алмай күлді. Қуаныш күлкісі, ойын, қалжың күлкісі бұлай болмайды. Бұлай күлгенінен де жылағаны жақсы болар еді. Жынданып кеткендей, атынан ауып ар жағына қарай құлап кетіп барады. Мүсіреп Ұлпанның тізгін ұстаған қолына шап беріп, өзіне қарай жұлқып қалды. Жындана бастаған адамды шошындыру керек.

– Қой енді! Токта! – деді ақырып.

Күлкісі тоқтап, Ұлпан атына оңдалып отырды.

– Мүсіреп аға, күлгеніме өкпелей көрмеңіз, күлкім келіп күлгенім жоқ. Енді Есенеі ағаңа қайтаратын жауабымды айтайын: Есенеінің құрығы мойнына түсе қалса, оны алып кететін күш біздің азғана ауыл кірме Күрлеуіте жоқ. Құдай салды – біз көндік. Бірақ ағанның есінде болсын – Ұлпан арзанға түспейтін қыз.

### Ұлпан–Есенеі

...Осы күні үлкен Есенеі жайына қалып, Ұлпан Есенеі болып барады. Бірақ үлкен адам кішірейген сайын үлкейе береді екен. Бұрын Есенеіге жатсырай қарайтын, ығыса қарайтын жұрт енді бір жана Есенеіге кездескендей, жақындаса беріп келеді.





«Ағашқа мәуе бітсе бәсең-бәсең» дегендей, Ұлпаны да жібектей созымды болып барады. Есенеі болдым деген ойына да кіріп шықпайды. Құдай-ай, ұзағынан, ұзағынан бере көр!..

Есенеі күн бойы даушылардың ортасында. Өз үйінде, іс, қыр басында да солардың қоршауында отырады. Дауды созбай шешеді. Екі жақтан екі-екі адамнан сөйлетеді де кесімін айтады. Көлдененнен қыстырылып, біреудің аузына сөз салған адамды жазалай отырады: кесімнің төрттен бірін соған төлетеді. Куә дегенге сенбейді, қуып тастайды. Ұрының куәсі көп, өтірік даудың куәсі көп, зорлықшының куәсі көп. Бұл – оның бұлжытпай ұстайтын дәстүрі. Дау-шар сонда да бір жетіге созылып кетті.

Бұл күндерде Ұлпанның қолы да босай алмады. Қой қырқылып, жылқы күзеліп жатқан кез екен. Әуелі бір кемпір келді.

– Қарағым-ай, төрт жетімек немерем тырдай жалаңаш... тым болмаса бір-екеуіне күпі тігіп беретін жабағы берші.

– Ала ғой, шеше... Төртеуіне де жететін етіп ал...

Одан соң екі кемпір келді. Одан соң екі кемпір, бір жастау әйел, одан соң екі кемпір, екі жастау әйел, одан соң үш кемпір, үш жастау әйел, одан соң, одан соң... келе берді, көбейе берді, келе берді...

Жабағы сұрайды, қыл сұрайды, сүт сұрайды, ұн сұрайды, киіз сұрайды, шай сұрайды, бөрікке тыстық, көйлекке түйме сұрайды, жайлауға көшетін көлік сұрайды...

Ұлпан ешкімнің қолын бос қайтармай бере берді. Мырза келін атанғысы келіп берген жоқ, әлденеге іштей наразы, әлденеге іштей намыстанып үлестірді. Тойдан да, даушылардан да, сұраншылардан



да Ұлпан әбден қалжырап қалды. Бұл оның бойы үйренбеген, кездесермін деп ойламаған күндері еді. Біресе сұраншақтардың осынша көптігіне ыза болып Есенеидің бар байлығын таратып бергісі келеді, біресе Керей-Уақтың осынша даукестігіне ыза болып қудырып тастағысы келеді. Ақылды болса да, «ақыл азуы» деп аталатын даналық азуы әлі шықпаған жас әйел көзі үйренбегенге көндіге алмай жүр.

Тойдан кейін тоғыз күн өткен соң, кешке қарай Ұлпан үйден шығып, қыр басында даугерлердің ортасында отырған Есенеиге қарай бет алды. Ақырын жүріп келеді. Алтындатқан ақ сәукеле, алтын жіптері көзіне еріксіз шалынып келеді. Даукестер тобы едәуір азайған екен. Сонда да әлі бір жетіге мол жететін.

Ұлпан жақындай бергенде, Есенеі орнынан тұра келді.

– Менің Есенеім әне келе жатыр. Мені дүрелеп алсын демесеңдер, осымен тоқтатайық. Жайлауға көшетін уақытымыз да өтіп барады... Көріскенше күн жақсы... аман болындар! – деді де, Ұлпанға қарай жүре берді. Отырған топ тура келіп, қол қусырып, қош айтысты.

Жас әйел Ұлпан асқан ақылды адам еді. Өз айтарын әуелі Есенеиге айтқызып алып, өз байламын әуелі Есенеиге байлатып алып жүр. Есенеі де «мына әйел былай деп еді» деп Ұлпанның атын шығара сөйлейді. Есенеі Ұлпанына риза, Ұлпан Есенеіне риза, жарықшақсыз жарасым тапқан кездері еді.

...Осы кезде әртүрлі себептермен бай Есенеиді, би Есенеиді паналап келіп, аяғында оның малшысы, сауыншысы болып қарап қалған қараша деген ол бір өткен заман сарқыншағы еді. Ұлпанға ол түсініксіз нәрсе. Құлдық емес, емес те емес. Бай адамның айналасы осынша кедей, көзінен сорасы аққан сорлы бола ма екен? Өзгесін былай қойғанда, Есенеидің ауылы дейтін санатқа қосылатын қырық үйлі қарашаның қайыршыға айналып бара жатқанына ұялу да керек емес пе?! Осыдан екі-үш күн бұрын қойдың жүн-жұрқасын, жылқының қыл-қыбырын қолды-қолға таратып бергенде Ұлпан осыған намыстанып, осыған ызаланып еді. Бүгін соның түп-тамырына көзі жеткеннен қуанды. Әйелдер шуласа сөйлеп, бір кідірген кезінде Ұлпан оларға күлімдей қарап:

– Апайлар-ау, Есенеіде қайсының қашаннан бергі аласыларын барын мен қайдан есептеп шығарайын. Әйтеуір, бәріннің де аласыларын барына көзім жетіп отыр. Есенеі өзі сол аласыларынды түгел бер деді.

– О, мың жасасын!

– Балалы-шағалы болсын!..



– Есенеі үй басына бір құлынды бие, үй басына екі козылы кой берерсің деді. Бұдан былай қойшы жаздығүні жүз қойдан бір қой алып бағады, қыстығүні екі қой алады... Жылқышы екі жүз жылқыдан бір жылқы алады. Тағысын тағы көре жатармыз. Бүгін кешке қойларыңды алыңдар. Ертең жылқыларыңды алыңдар. Жайлауға көшуге бір-бір түйе берілер, – деді де, Ұлпан орнынан тұрып отауына кірді.

– Мырза келін-ай, сен келдің де көзіміз ашылды ғой!

– Ұл тап, қарағым! Қоймен бірге козыла!..

...Осы аз күндердің ішінде Ұлпанның атағы бүкіл кең жайлауға түгел тарап кетті. Жайлауда қоныстары жақындасып, ойын-той, дау-шарлары араласып жататын екі дуанның елдері бірі көріп, бірі созып, Ұлпанның азғана істеген істерін аңызға айналдырып әкетті.

– Ұлпан үйі жоққа үй беріп, аты жоққа ат беріп, Есенеідің жарты малын Сибанның жоқ-жітігіне үлестіріп жіберіпті... Сибанда емге бір үй кедей қалмапты. Бәрі байып алып, енді «орыс үйі» салдырып жатыр дейді...

– Ұлпанның шын аты Ақнар екен. Ақ десе – ақ, нар десе – нар, ақылды да мырза адам көрінеді. Өзі де бір текті жерден шығыпты ғой.

– Артықбай деген бидің қызы болса керек.

– Би емес, Артықбай деген ханның немересі дейді.

– Бәсе, ханның тұқымы болмаса, Есенеіге ұрса алар ма еді! Елің ел емес, өңкей бір қазан басын қарауылдаған аш-арық екен деп қатты ұрсыпты дейді. Сибанның ендігі Есенеіі сол Ақнар болса керек...

Ұлпан – Адаматаның ар жағында болмаса, оның бер жағында хан тұқымына да, би тұқымына да сорпасы араласпаған батыр Артықбайдың қызы. Ұлпанда мырзалық та жоқ, сарандық та жоқ, атаққұмарлық та жоқ, ерекше бір жинақтылық бар. Кедей қызы кедейге жаны ашымаса, кедейлікті жек көрмесе, елінің кедейлігіне намыстанбаса, оның сонысына ғана тандануға болар еді.

Ұлпанның сүйегіне біткен құдайдың өз қолынан берген қасиеттері бар. Керексіз басы артықты жек көреді. Есенеідің қолына қарап бағынышты болып, малына мақтанып, ынта-жігерінен айырылып бара жатқан еркекті жек көреді. Түптеп келгенде, Есенеідің үйін жалғыз қалдырса да мейлі, ел Сибан бір сілкінсе екен дейді. Әркім өзі үшін тіршіліктің бір пұшпағына жармасса екен дейді.



1. Есенеі Мүсірепке қандай қолқа салды?
2. Есенеіге Ұлпанның қандай қасиеттері ұнады деп ойлайсыңдар?
3. Мүсірептің сөзін Артықбай мен әйелі қалай қабылдады?
4. Ұлпан мен Мүсіреп арасындағы диалогтен Ұлпанның қандай қасиеттері көрінеді?



5. Шығармада кездесетін бата-тілектер мен ұлттық ұғымдарды теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер.



1. Үзіндіден Ұлпанға тән қасиеттерді анықтап, оларды ашудағы жазушы шеберлігіне мысалдар келтірейік.
2. Романның толық нұсқасын оқып, Есенеі мен Ұлпан арасындағы диалогтеріндегі негізгі ойға талдау жасайық.
3. Шығармаға композициялық талдау жасайық.



1. Егер Ұлпанның орнында болсаңдар, қандай шешім қабылдаар едіңдер?
2. Шығарма басында суреттелген Ұлпан мен Есенеі жары болған Ұланды салыстырып, оларға тән ерекшелік, айырмашылықтарды анықтайық.

Шығарма  
басында кездес-  
кен Ұлпан

Қандай еді?

Не істейтін?

Есенеі  
шанырағының  
несі Ұлпан

Қандай болды?

Не істей бастады?



1. Топ ішінде қазақ әдебиетіндегі байлар образы туралы пікірлесіп, Есенеінің олардан айырмашылығы мен ұқсастығына баға берейік.
2. Ұлпан сияқты ел анасы атанған кімдерді білесіңдер?



Роман қалай аяқталар екен? Оқып көрейік.

## Біжікен

### Тірек сөздер:

- ✓ тартыс
- ✓ тағдыр
- ✓ жесір
- ✓ өтініш
- ✓ өкініш

Ұлпан байғұстың бұдан кейінгі он жыл өмірі еркек шыдай алмас, әйел ғана шыдар азапта өтіп келе жатыр.

Барлық міндеті кісіде, күні-түні күзетте тоғыз жыл жатып, Есенеі былтыр қайтыс болды. Қол-аяғынан жан кетіп, Есенеі де Артықбай батырға ұсап сал болып қалып еді. Қол-аяғы қалшылдап, селкілдеп бар денесін теңселтті де жатты. Қол ұстаудан, аяқ басудан біржола айырылды. Көп өмірі жорықта өткен, көп жараланған адам еді, әлде қай жерінің жүйке тамыры үзіліп кеткенін кім білсін, өзі де тоғыз жыл азаптанды, Ұлпан да тоғыз жыл азаптанды.

Есенеі қайтыс болған күні Артықбай батыр да қайтыс болыпты. Екі жақтың жіберген хабаршылары қарама-қарсы жолда кездесіп, екеуі де кейін қайтты. Әкесінің өліміне Ұлпан да бара алған жоқ, Есенеідің өліміне шешесі Несібелі де келе алмады.

Ұлпанның осы күнгі көңіл аулары өзінен туған жалғыз қызы – қазір онға толған Біжікен – Бибіжиһан. Барлық мінезі өзіне тартқан акжарқын, аккөңілдігі де өзіне тартыпты – мүсінді, ажарлы, ұмпар-жұбанары да, қайғырар-мұңаяры да сол жалған. Ұл таппай, қыз



тапқанына әуелінде ренжіп еді, осы күні қуаныш етеді. Шешесі мен қыз бірін-бірі тіл қатыспай түсінеді. Жан тамырлары бірге соғады, біріне-бірінің жүрегі естіліп тұрады.

Хұсайын молда көк күмбезді күнірентіп аят оқыды. Молдасынан кейін Біжікен әзірленіп тізерлене бастады. Молда оны көптен әзірлеп жүрген. Іркілген жоқ. Дауысы әуелі азғана дірілдегендей шығып еді, ұзамай ашылып кетті. Қандай үнді, қандай мұнды дауыс еді. Құран емес, жыр оқып отырғандай. Өзі түсінбейтінді жұртқа үнімен түсіндіріп отырғандай. Жас баланың балғын үні кейде жүрегінді елжірете ерке шығады да, кейде өкпе-наздай ойландырып қалады. Әлдекімге, алыстағы біреуге зарын айтып, шағынып тілек еткендей болатыны да бар.

Бір кезде әйелдер жылай бастады. Қыз дауысы өзгеріп, әлденелерді ана тілінде айтып отырғандай естілді.

– Апа, – дегендей еді қыз дауысы. – Апа, менде неге әке жоқ, апа? Маған да әке керек боларын сен білсең керек еді ғой, апа... Апа, сені бала біткен Ақнар апай дейді. Олары шеше дегені де! Сен алтын шешесің, апа!.. Сенен артық шеше болады деймісің! Сонда да менің әкем жоқтығы жаныма батады да жүреді. Әкелі бала қандай, мен қандаймын? Мен неге әкеден ерте айырылдым, апа? Жок, апа, мен жетімсіремеймін. Бірақ әкесі бар баланы көргенде ылғи жылағым келеді. Қызығамын ба, күндеймін бе? Жок, екеуі де емес, апа! Басқа балалар әкесінің мойнына асылып еркелегенін көрсем, маған сол батады. Мен болсам әкемнің мойнына бір асылып еркелеп көрмеген екемін... Соны сағынамын, апа... Әкем мені бір сүйіп көрген жоқ, бір рет басымнан сипаған жоқ, мен соны сағынамын, апа...

Үнемі шымылдық ішінде жататын ауру әкесін Біжікен төрт жасқа толғанша көрген жоқ-ты. Балаға әке керек екенін білген де емес-ті. Бір күні ойнап жүріп балалықтың көз құмарлығына шыдамай, әкесінің шымылдығын ашып қалып еді, орнынан қозғала алмай қатып қалды. Қорқып кетті. Мұндай да үлкен бас болады екен-ау! Қырау басқан бураның басы ма дерсін. Бет-аузы табақтай жалпақ, қатпар-қатпар, қара шұбар... Бар денесі селк-селк етіп жатыр. Екі қолын екі үлкен адам ұстап отыр. Әкесінің селкілдеген қолдарымен бірге екі үлкен адам да селк-селк етеді. Жас бала шынғырып жіберді. Есін шешесінің алдында жатып жинады.

– Қорықпа, айналайын. Ол – сенің әкең. Қатты ауырып жатыр. Жазылады, – деді Ұлпан.

– Анау екі кісі неге әкемнің екі қолын ұстап алып жібермей отыр?

– Екі қолын екі кісі ұстап отырмаса, әкең дірілдеп ұйықтай алмайды. Бір кісінің әлі келмейді. Әкең – батыр адам...



Төрт жастағы Біжікен әкесі барын осылай біліп еді. Әуелі әкесінің түр-сипатынан қорқып кетсе де, көп ұзамай көзі де үйренді, бойы да үйренді. Табиғат сыбырының құлаққа кірмес, ойға ұяламасы жоқ қой, жас баланың көңіліне әкесі барлығы айнымас-бұлжымас сенімді қуаныштай орнығып қалды. Жетіге толған соң, сабаққа кетерінде әкесіне бір тостаған қымыз апаратын болды.

Әкесінің екі қолын екі адам ылғи ұстап отырады. Екі аяғын бір бума жүкпен бастырып қойыпты. Кейде Біжікен сол буманың үстіне отырып алып, әкесімен ойнағысы келеді. Селкілдеп жатқан буманың үстінде ұзақ отыра алмайды, сырғып барып құлап түседі. Соған да мәз болып күліп, тұра келеді де:

– Әке, мен сабаққа кеттім... сен ұйықтай тұр, – дейді.

– Бара ғой, бөбегім, бара ғой, – дейді әкесі. Біжікен үйден шығып кеткен соң ауыр күрсініп:

– О, Құдайым-ай! – деп қалады.

Мүтедек әке жалғыз перзентін тым болмаса бір рет қолына алып, маңдайынан иіскей алған емес, тым болмаса бір рет шашынан сипай алған емес. Мұндай да азап бола береді екен-ау!.. «О, Құдайым-ай!» дегені сондай ауыр зардың, сондай ауыр күйініштің жалынындай шығады. Қай балаға да әке керек. Есенеі сияқты мүтедек әке де керек екен. Біжікен қазір сол әкесін сағынып зарлап отыр. Біжікен дауысы тағы бір сарынға ауысты...

Қонақтары аттануға бет алғанда, Ұлпан үлкен бір өтініші барын айтты:

– Жесір әйел, жетім бала болып қалған үй сіздердің алдарыңызға өтінішін айттып талай келер әлі... Соның бірін қазір айттып қалғым келеді: енді үш жылдан кейін жалғыз қызым «отау несі» дейтін кемеліне келіп қалады. Мен қызымды ешқайда ұзатқым келмейді. Есенеіден қалған жалғыз тұяқ жат елдік болмай-ақ қойса деп едім... Керей-Уақ қызыма тең бір ұлын Есенеідің шаңырағына қия қалса, оң жағыма кіргізіп алар едім. Есенеідің шаңырағына қызым мен күйеу баламды ие қылып, өзім басқа дүниеге мойын бұрмай, немеремді тербетіп отыра берсем-ау деген арманым бар. Спбан өз ішінен қыз алыспайды. Керей-Уақтың ортасына салып отырғаным да сондықтан. Біжікен менің жалғыз қуанышым ғой... Осы өтінішімді еске ала жүрсеңіздер екен, – деп Ұлпан көзіне жас алды...

Ұлпан болыс-билерге осындай ақ тілегін айттып қалды.

– Ұлпан бәйбіше, бұл тілегіңізді құдай алдындағы қарызымыздай көрерміз, – деді Байдалы. – Бірақ мұны да Керейдің өзі шешетін, жатбауырдың суық қолын араластырмайтын жұмысы дегеніміз дұрыс болар. Уақты араластырсақ, Атығай-Қарауылды қалай шет



қалдырамыз? Сіздің үйге баласын беруге кім қызықпайды дейсін? Сол қызығатындарды көбейте бермейік.

Сөз осыған байланды да, болыс-билер аттанып кетті. Қайсысының көңілінде қандай ойлар балалай бастады, оларын білдірген жоқ.

Адам алдындағы қарыздарын қалай атқаратындарын кім білсін, болыс-билер құдай алдындағы қарызымыздай көрерміз деген уәделерін үш жыл бойы орындай алмай келді. Бес болыс Керейде бес мыңға жақын үй бар, бес мыңға жақын Біжікенмен тұстас еркек бала да бар еді, соның бірде-бірінің басы бос болмай шықты. Қалыңмал төлеу керегі жоқ. Барасың да, байлыққа не бола кетесің! Қыз қандай! Шеше қандай! Осындай жағдайда Біжікенге күйеу табылмай қойды...

Әуелі Ұлпанның үйіне бір баласын беруге болыс-билердің бәрі қызықты, бәрі жанталасты. Ол орайы келмейтін әңгіме болып шықты. Ұлпанның байлығын тал түсте тұтасынан біреуіне бере салу, оны екі есе байыту болады екен. Екі есе байыған, екі есе күшейген адам теңбе-теңдік қалыпты бұзбай отыра алар ма? Бүгінгі досыңды ертеңгі жауым деп санау керек. Заманынның құлқы солай. Сонымен, болыс-билер Ұлпанның байлығын біріне-бірі кимай, табан тіресіп отыра берді.

Ертеңіне Ұлпанға сәлемдесе келіп отырып, арнаулы әңгімелерін бастап кетті. Сөзді кәрі би Өтеміс бастады:

– Осыдан төрт жыл бұрын өз аузыңыздан шыққан бір тілек болған екен: Есенеңнің шаңырағына Керей-Уақтан қызыңызға тең бір ұл сұрапсыз. Керауыз Керей әлі келісе алмай жүр. Балаңызға тең ұлды біз әкеліп отырмыз. Өзіңіз әбден білетін жігіт, отыз жыл осы үймен дәмдес болған Тілемістің баласы Торсан...

– Торсан көзіміз үйренген жігіт, – деді Ұлпан, бейім көңіл білдіргендей азғана күлімсіреп.

– Көзіңіз үйренсе, балама тең емес деп айта алмассыз деп ойлаймыз. Айтқан соң түгел айтайық, Торсан Шәйгөз Уақтан Қызылжарға пырговор апарып, өз алдымызға онаша болыс болып отыруға лұқсат алып келді. Сол баланың өзін болыс сайлаймыз деп отырмыз.

Отызға жетпеген жас жігіт Торсан ояз көлемінде өзге болыстардан анағұрлым өтімді, алғыр болыс болып шықты. Ояз бастықтары, пристав, урядниктер топ-тобымен келіп сыйлық алып кетеді. Ұлпанның төрелер түсетін үйі болыс кеңсесіне айналып барады. Қазақ дау-шарын елінің ауылнай, билеріне беріпті де, Торсан өзі ояз, облыстың барлық қатынас жолдарын бақылап отыратын сияқты. Әрі-беріден соң Керейдің болыс-билеріне де ауыз сала бастады. Ішкі



Ресейден көшіп келген кара шаруаларды ояз бастықтары арқылы Керей жеріне аударып жібере алатын беделді болыс болып алды...

Кешке қарай Біжікен шешесіне қатты ауырып қалғанын айтты. Уақтан қайтқан жолда ауыра бастаған екен.

– Ішім жарылып барады, – деді.

– Арба соғып тастайды. Ештеңе етпес. Доктор шақыртайын ба?

– Шақыртшы, апа...

Біжікеннің іші тым көтеріліп, кернеп барады. Қандай тамақ жакпай жүр екен?

Стап пен Кпитаннан үш дәрігер келіп еді, олар да не ауру екенін біле алмай, қысылып тұрған секілді. Біріне-бірі көнбей тұрғандай, кезек-кезек бастарын шайқайды.

– Соқырішек жарылып кетпесе жарар еді.

– Сол болып шықса, біздің қолдан келер не дәрмен бар!

Біжікен таң ата қайтыс болды. Тегі, сол соқырішек жарылып кеткен болу керек. Іші күмп болып көтеріле-көтеріле екі өкпені сығымдап, тыныс жолы күм құйылғандай тарыла-тарыла, аяғында біржола бекіліп қалды. Шеше мен баланың жасқа толы көздері бірі-не-бірі дәрменсіз қадалысып, бірін-бірі бұлдыр көріп бара жатып қош айтысты.

Жасырып келген сырын Біжікен шешесіне жарық дүниеден үміті үзіліп, жаны алқымға келгенде ғана айтып кетті...

Біжікен қайтыс болғалы Ұлпанның күні-түні, әрине, жылаумен өтіп келеді. Бір үйде жалғыз. Жылаумен жатады, жылаумен оянады. Шашы едәуір ағарып кеткен. Кейде күн шықпай Біжікен зиратының басына барып отырады да, күн бата қайтады. Үлкен киіз үйде өзінен басқа жан жоқ, үн жоқ...

Әртүрлі ойлар бунай берді. Бастан кешкен қайғысыз-қайғылы күндер де тізбектеліп өтіп жатыр...

### Сөз соңы

Мен 1928 жылы күзге таман сол кездегі Қазақстан астанасы Қызылордаға бірінші рет қызметке шақырылдым. Үлкен ағам мұғалім Хамит мені Қожабай көлінің басынан Лебяжі теміржол стансасына алып шықты.

Станса жолы осы маңайдағы бес-алты ауыл Сибан зиратының қасынан өтетін. Біз жақындап келгенде Исахмет қари Құран оқи бастады. Құран оқып болған соң қари менен:

– Ғабит, сен бұл кімнің бейіті екенін білетін боларсың? – деп сұрады.

– Білемін. Тастағы жазуын да оқып отырмын. Ұлпан шешеміздің бейіті, – дедім мен.



– Шешеміз дегенің бүкіл Сибанның құлағына жағатын сөз! Ұлпан шешеміз аты жоққа ат берген, асы жоққа ас берген. Кедейге пана болған. Өзі Есенеидің ен байлығынан түк қызық көрмей өткен адам, – деді қарп.

Қариды қасындағы қарт адамдар да қостай сөйледі:

– Ондай адам қайда! – деп Нарғожа қарт күрсініп қойды. – Адалдығына қарасаң, әулие ме дерсің, ерлігіне қарасаң, еркек пе деп қаларсың кейде, – дейді екен бұрынғылар...

– Есенеидей адамды көзі тірісінде билеп алып, осы елді ел қылған – сол шешен, – деп Тайжан ұста Нұрғожаны қолдады.

– Ұлпанның тұсында Сибанның әр үйінде бір жүйрік ат, әр ауылында бір балуан болған екен.

– Ұлпан сөйлегенде Керейдің болыс-билері қай-қайсымызды түйрей кетер екен деп, қысылмай отыратын күні болмапты...

– Ұлпан әулие адам болғаны рас шығар, – дейді Тайжекең. – Мына бейітіне қарашы, топырағы бір олқы түскен емес, опырылған емес.

– Олай емес, Тайжеке! – дейді Нарғожа қарт. – Осы елдің барлық әйелі Ұлпанның бейітін бес жыл күтіпті. Топырағы олқы түсе бастаса-ақ, жаулықтарына түйіп топырақ әкеліп салады екен... содан бұзылмай келеді.

### Сөз сыры

**Жорық** – бұл жерде: шабуыл, аттаныс, қарулы шайқас, соғыс, қақтығыс.

**Шымылдық** – 1) төсек-орынды, жаңа түскен келінді, ауру адамды т.б. көзден көлегелеу, тасалау үшін ұсталатын перде; 2) сахнаны ашып-жауып тұратын сәнді перде. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

**Кемел** – 1) толық жетілген, жеріне жеткен, әбден өсіп-жетілген; 2) дана, данышпан, аузы дуалы. *Бұл жерде:* екінші мағынада, яғни бойжеткен деген сөз.

**Жатбауыр** – бұл жерде: өз ағайын-туысы емес, бөтен, жат адам, яғни жаны ашымайтын басқа ру адамдары деген мағынада қолданылған.

**Құлқы (құлық)** – 1) адамның мінез-құлқын, ойын, пікірін білдіретін психологиялық және рухани қасиеттердің жиынтығы, мінез; 2) қара бастың қамы, өз пайдасы. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада заманның мінезі деп беріліп тұр.

**Сауыт** – бұл сөздің мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* әртүрлі ұсақ заттарды салуға арналған кішігірім сандықша, қобдиша.



1. Үзіндідегі басты мәселені анықтайтын тірек сөздер ұсынып, автор идеясын анықтайық.
2. Осы үзіндідегі автордың «Ұлпан байғұстың бұдан кейінгі он жыл өмірі еркек шыдай алмас, әйел ғана шығар азапта өтіп келе жатыр» дегенінің себебі неде?
3. Оқыған үзіндіден Біжікеннің қандай арман-өкініштері байқалады?
4. Сөз соңында автор қандай оқиғаны сөз етеді? Мұнда Ұлпанның қандай қасиеттері көрініс тапқан?





1. Біжікеннің ойы, ішкі монологі арқылы оған мінездеме берейік.
2. Шығарманың басталуы, шарықтау шегі, шешімі аралығындағы кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктерін анықтайық.
3. Романда кездесетін көркемдегіш құралдарды анықтап, жазушының өзіне тән тілдік ерекшелігіне талдау жасайық.
4. Кейіпкерлердің көңіл күйінің өзгеруі қалай көрініс тапты?

Кейіпкер	Автордың суреттеуі	Менің пікірім
Ұлпан		
Есеней		
Торсан		
Біжікен		



1. Хрестоматиядан шығарманың толық нұсқасымен танысып, Ұлпанның өмірінің соңындағы әрекетіне баға берейік. Жазушының не себепті осындай шешім жасағаны туралы топ ішінде әңгімелесейік.
2. Төмендегі кестені пайдалана отырып, романға қатысты түйінді ойларымызды білдірейік.

Сендерге ой салған эпизод	Сендерді таңғалдырған оқиға	Сендерге тосын көрінген жағт

3. «Ғ.Мүсіреповтің жазу машығы» атты тақырыпта қаламгердің жазу мәнері жайлы қызық мәліметтермен бөлісейік.
4. Романға сыншы ретінде қатысып, рецензия жазайық.
5. «Ұлпан бейнесі бізге үлгі бола ала ма?» деген тақырыпта сын мақала жазайық.

### Зерттегім келеді...

Әлем әдебиетінде дәл Ұлпан секілді еліне пана болған дана әйелдер образы бар ма? Ұстазымыздың бағыт беруімен «Әлем әдебиетіндегі дана әйелдер образы» атты тақырыпта шағын зерттеу жүргізейік.

### Білгенім бір тоғыз

Қазақтың сөз зергері Ғ.Мүсірепов қойындаптеріне «Менің Джокондам – Ұлпан» деп жазған екен. Сондай-ақ қаламгер «Тұтқын қыз» атты кітабында былай деп жазды: «Ұлы суретшімен жарысқа түстім десем, оным барып тұрған астамшылық болар еді. Мен онша ақымақ болмасам керек. Әрбір жазушының ойында әр кезде өзімен бірге жасасып, толыға түскен бейнелері болу керек. Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі т.б. Джоконда да маған мұңайыс пен жымыю сиқыры сияқты елестейді. Мен сиқырға бара алмадым, кәдуілгі тірі әйел бейнесін жасамақ болдым. Горькийдің бағытын ұстадым. Ұлпанда романтизм бар деп те ойлаймын. Орыс сыншылары Ұлпан бейнесінде аңыз бар десті. Мен жоқ деймін. Ұлпаннан бірнеше ғасыр бұрын өткен Қарқабат, Ақкелін, Домалақ ене т.б. да рулы елге ұран болған әйелдеріміз болған ғой».



## ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ (1937–1967)

Төлеген, сөз жоқ, талант. Т.Айбергенов творчествосы – өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры.

*Әбіш Кекілбаев*

**Өмір жолы.** Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда қазіргі Өзбекстан Республикасындағы қарақалпақ жерінде дүниеге келген.

1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы Педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Т.Айбергенов еңбек жолын 1959–1962 жылдары Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы туған ауылында орта мектепте мұғалім болып бастап, 1962–1965 жылдары бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы орта мектеп директоры,



1965–1967 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының әдебиетті насихаттау бюросында ұйымдастыру қызметтерін атқарған.

**Жыр жинақтары.** Акын өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан бастап жарияланды. Туған жерге деген сағыныш пен махаббатқа толы алғашқы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» жинағына енді. Қазақ поэзиясына ерекше екпінмен келіп, өзіндік ырғақ, өткір поэтикалық қуат сыйлаған акынның «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965) атты кітаптары өзі қайтыс болған соң жарық көрді. Сонымен бірге «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970), «Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы (1985) жарыққа шықты. Орыс тілінде «Мир созвездия» деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды (1987).

1968 жылы Төлеген Айбергеновке Қазақстан Комсомол сыйлығы берілді.

Акынның «Таңдамалы өлеңдер» жинағы мен ол туралы жазылған «Біргемін мен сендермен» атты естелік кітабы жарық көрді (1997).

**Әндері.** Т.Айбергеновтің «Ақ ерке, Ақжайық», «Жаңғырған Манғыстау», «Қазақстан», «Сені ойлады», «Мені ойла», «Аққайыңдар», «Бір тойым бар» т.б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал.

«Жалын» журналы тағайындаған жастарға арналған Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлық бар.

Т.Айбергенов 1967 жылы Нөкіс қаласында қайтыс болды.



## Сағыныш

### Тірек сөздер:

- ✓ сағыныш
- ✓ өмір
- ✓ аңсау
- ✓ ғұлама жылдар
- ✓ мәңгілік

Сағындым, жаным, мен сені!

Көркінді жүрген қуаныш қылып мендей ме  
екең бар ағаң,

Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, өсек-  
ғайбатқа бораған.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек  
десек те,

Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен  
есепте.

Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң қосыла алмайсың қатарға,  
Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.  
Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағындай,  
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың бауларға кірсең сағынбай.

Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,  
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.  
Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,  
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға жарамай.

Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,  
Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған.  
Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,  
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар нығын.

Көкірегінде сағыныш барда, мұрат та сенде бар, жаным,  
Алдында тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.  
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,  
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт.  
Мен бұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге,  
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

## II

Сағыныш жайлы қайтадан толғау, болар да, бәлкім, қолайсыз,  
Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбасын арайсыз.  
Өмірде мынау сағынбағандар – бақытсыз, бақсыз, талайсыз,  
Қазақтың жыры Абайсыз.

Өткелі қыруар жолдарда жанға батқан да шығар сан ызғар,  
Бір қасық суды аңсатқан шығар сан тарам сарша тамыздар.  
Бірақ та, жаным, өледі қыран княга самғап баратып,  
Болғасын бейбақ өз жүрегінің сағынышына қарыздар.



О, шіркін, менің сағынышымдай көлемі шексіз болса аудан,  
Ондағы жандар көз ашпас еді-ау сағыну менен шаршаудан.  
Сүйем мен сені, сүйем мен сені көкірегі ыстық дүние –  
Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!

Сағыныш деген – молшылық қазына, бола да берер артық-кем,  
Ал нағыз асқақ сағыныштарда араның балы бар тіптен.  
Мен мынау ыстық жүрегімменен қарастасты да сағынам  
Қаланып қалса тәртіппен!

Сағыныш деген – алдында тұрған ақ ала басты көк заңғар,  
Бақытың сенің – бағытын солай бара жатса алып пәк жандар.  
Заманым менің жанарымда алып сағыныш болып жарқылдап,  
Ағады тынбай күніреніп-сынсып аэропорттар мен вокзалдар...

Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып барамын,  
Бірге қақ канат, қасымнан қалмай сағынып көрген қарағым.  
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем мен егер,  
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын...

Қараңғы түнде қамығып жүрсең, қанатына алып қаусырап,  
Бұл өзі, жаным, әйбат-ақ дүние, күні жоқ тіпті таусылар,  
Сағыныштар да төбеңнен өтер түйдек те түйдек көш болып,  
Көктемдегі барлық тырнаның даусы бар!

Зулайды ол бүгін – тұсымда менің жаңғырып барып ендікпен,  
Сұрша құмдарға, құм шағылдарға тандайы кеуіп сел күткен.  
Егер сен жарық жанарыңды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып,  
Сағынып жүрмегендіктен!

Сағыныш деп үк жүйткісе поезд босағасына әнді іліп,  
Сағыныш деп үк далалар жатса, қалалар жатса жаңғырып.  
О, сәлем саған, шартарап қырға жұлдыз боп ағып баратқан,  
Өз жүрегімнің түкпіріндегі тұңғық, түпсіз мәңгілік!..

### Сөз сыры

**Шұғыла** – күннің нұры, сәулесі, шапағы. Бұл жерде: поэтикалық қолданыста беріліп, адамдық қасиетті айтып тұр.

**Сарша** – шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнататын ыстық, аптап кез, жаздың нағыз қызған шағы, жаз амалы.

**Ендік** – мағынасы көп. Мұнда ауыспалы мағынада жан-жақтан, тұс-тұстан деген.

**Шағыл (дар)** – 1) белес-белес, жота-жота болып үйіліп қалған құм; 2) ұсақталған қиыршықтас; 3) ағаштың кепкен түрі; 4) жел әрекетінен пайда болатын ысырынды құм төбелер; 5) жарқыраған күн; 6) етістік: сыну, қирау; 7) талану, тістелу; 8) сәуле түсу. Бұл жерде: бірінші мағынада.



## Әдеби-теориялық ұғым

**Шумақ** болу үшін өлең жолдарының көбі не азы шарт емес, синтаксистік бір ойдың бітуі шарт. Қазақтың бірауыз өлең дейтіні бір **шумақ** болады. Әр шумақта бірнеше тармақ болады.

**Тармақ** дегеніміз – өлеңнің бір жолы. Екі жолдан бітсе, екі тармақты шумақ, үш жол өлеңмен бітсе, үш тармақты шумақ деп аталады. Тармақ ішінде бір не бірнеше бунақ болады.

**Бунақ** дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде бірнеше буын болады.

**Буын** – сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың санына байланысты болады. Неше дауысты болса, сонша буын болмақ.

Қазақ өлеңдерін бунағына, буын соңына қарап бес түрге бөлуге болады: он бір буынды, сегіз буынды, жеті буынды, алты буынды, аралас буынды.<sup>1</sup>



1. Т.Айбергенов есімімен байланысты мәліметтермен бөлісіндер?
2. *Сағыныш* тақырыбына жазылған қандай шығармаларды білесіндер?
3. Ақынның «Сағыныш» өлеңі кімге арналған деп ойлайсындар?
4. Ақынның осы өлеңді жазуына не түрткі болды деп ойлайсындар?
5. Аталған өлеңде адамның қандай сезімдері сөз болады?
6. Осы өлеңді оқыған кезде қандай сезімде болдыңдар? Өз сезімімізді екі-үш сөйлеммен жеткізіп көрейік.



1. Өлеңді түсініп оқып, сатылай-кешенді талдау жасайық (авторы, жанр, идеясы, тармақ, шумақ, бунақ, буын, ұйқас).
2. Ақын өлеңінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтап, қазақ өлеңінің құрылысы жайлы ой бөлісейік.
3. Өлеңде кездесетін көркемдегіш құралдарды анықтап, ақын танымындағы *сағыныш* ұғымына сипаттама берейік.
4. Төменде берілген кестедегі сұрақтарға жауап бере отырып, автор бейнесіне талдау жасайық.

Ақын:  
*Қажет жерінде қатыгездік пен  
қаталдық керек десек те,  
Адамның заңғар ұлылығын, сен,  
сағынышымен есепте, – дейді.  
Мұнымен келісесіндер ме?*

Ақын:  
*Бабалар бізді сағынған, жаным,  
арманның аңсап биігін,  
Әжелер бізді сағынған, жаным,  
талдырып асқар иығын, – дейді.  
Мұны қалай түсіндірер едіңдер?*

## Ақын және Сен

Ақын:  
*Сағынбай барсаң, таулар да сенің  
алдыңнан шықпас асқақтап, Ойла-  
уың мүлкін, дүниені мынау кеткен  
екен деп тас қаптап, – дейді.  
Сендер қалай ойлайсындар?*

Ақын:  
*Мен мынау ыстық жүрегімменен  
қаратасты да сағынам,  
Қаланып қалса тәртіптен, – дейді.  
Сендер нені/кімді сағынасындар?*

<sup>1</sup> Жұмалиев К. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1964.



5. Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,  
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде, –  
деген жолдарды негіз ете отырып, Т.Айбергеновтің аталған өлеңді қай  
кезде, не себепті жазғанын, кімге арнағандығын анықтайық.
6. Г.Сарпинаның орындауындағы Т.Айбергеновтің сөзіне жазылған  
«Сағыныш» әнін тыңдайық.



1. Пайымдаймын, мойындаймын, сен данасың, мен – бала,  
Ұлтыңа кім жақын, атыс, айқындайтын ел ғана.  
Он том өлең жазғандарды кетті ұмытын кең бала,  
Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты  
Толғандырған, таңғалдырған Махамбет пен Сен ғана, –  
деген Мұхтар Шахановтың Төлеген Айбергеновке арналған «Айбергенов  
шыны» өлеңін оқып, ақынға берілген бағаны анықтайық.
2. Ақын өлеңіндегі сағыныш пен өз түсінігіміздегі сағыныш ұғымын  
салыстыра отырып ой бөлісейік.

Ақын сағынышты  
қалай бағалайды?

Менің өмірімдегі  
сағыныштың орны қандай?

3. Т.Айбергеновтің аталған өлеңі мен өзге ақындардың да сағыныш  
тақырыбындағы өлеңдерін салыстыра оқып, Сағынышты жеткізудегі  
ақын шеберліктері туралы пікірімізді білдірейік.



1. М.Мақатаевтың төмендегі Т.Айбергенов қайтыс болғанда жазған  
өлеңінің толық нұсқасын тауып оқып, ақындардың бірін-бірі бағалауы  
туралы әңгімелесейік.

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,  
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.  
Торғай-өлең шырылдап бара жатты,  
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.  
Торғай-өлең өлмеді, аман қалды,  
Әкетті ажал...  
Жыр емес, адамды алды.  
Бір өмірдің дастаны басталды да,  
Шорт үзілді,  
Шоп-шолақ тамамдалды ...

2. Берілген тақырыптардың біріне әдеби эссе немесе сынн мақала жазайық.
  - Мен сізді сағынып жүрмін...
  - Сағыныш, не деген керемет ең!
  - Сағынып жүрейікші, риясыз күлейікші!
  - Сағыныш сезіміміз азайып бара жатқан жоқ па?..

### Зерттегім келеді...

Төлеген ақынның поэзиясында сағыныш тақырыбының үлкен орын  
алапыны анық. Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, «Төлеген  
Айбергенов поэзиясындағы сағыныш» атты тақырыпта ізденіп, шағын  
жоба жасайық.



## Білгенім бір тоғыз

«Төлеген өз тұстастары Тұманбай, Қадыр, Жүмекен, Әбіштердің кей жырларын жатқа соғар еді. Әрдайым кісіден жақсылық іздеуге бейім тұратын. Тіпті дарынсыз деп есептейтін ақындардың да бүкіл жинағын ерінбей сүзіп шығып, жылт еткен жолы болса да жатқа айтып отыратын. Ақынның еске тұту қабілеті таңғаларлықтың. Өзінің бүкіл өлеңдерін, тіпті анда-санда жазған мақалаларына дейін жатқа білетін. Ал дауыс пен мақамы жайлы әңгіме қозғап керегі жоқ. Өз басым қазақтың қазіргі жас ақындарының ішінен өлеңді Төлегендей шеберлікпен оқи алатын ақынды әлі көре алмай келемін...

Ол тұрмыстың алуан тауқыметін бастан кешірсе де мойымай, өле-өлгенше езуінде күлкі үзбей өтті. Оның ағалық ыстық ықыласы өзінен кейінгі інілеріне бір сәт те суыған емес. «Саналы іні бола алмаған – паналы аға бола алмайды» дейтін еді ол», – дейді Мұхтар Шаханов.<sup>1</sup>

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

(1939–2014)

Қазақта акын көп. Фариза – жалғыз. Жаңа туған айдың жанында жалғыз жұлдыз ерекше жарқырап тұрады. Періште жұлдыз сияқты. Ақындығы да, жаратылысы да ерекше, ешкімге ұқсамайды. Акын – жалғыз...

*Шерхан Мұртаза*



**Фариза Оңғарсынова** – акын, халық жазушысы, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

**Өмір жолы.** Ф.Оңғарсынова 1939 жылдың 25 желтоқсанында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында дүниеге келген.

1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітірген. Еңбек жолын Балықшы ауданының Еркінқала мектебінде, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы қазақ мектебінде мұғалімдіктен бастаған. 1966–

1968 жылдары Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкер болып істеген. 1968–1970 жылдары республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілші қызметін атқарған. 1970–1977 жылдары республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінің, 1978–1996 жылдары республикалық «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналы-

<sup>1</sup> Айбергенов Т. Шығармалары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013.



ның бас редакторы қызметінде болған. Ақын 1996–2004 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің бірінші және екінші шақырылымының депутаты болды.

**Шығармашылығы. Өлеңдері.** 1967 жылы ақынның «Сандуғаш» атты тұңғыш өлең кітабы жарық көрді. Сондай-ақ «Мазасыз шак» (1972), «Асау толқын» (1973), «Мен сенің жүрегіндемін» (1975), «Сенің махаббатың» (1977), «Шілде»



Ақұштап Бақтыгереева мен  
Фариза Онғарсынова

(1978), «Сұхбат» (1982), «Дауа» (1985), «Қыз ғұмыр» (1996), Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы (1987) мен Он томдық шығармалар жинағы (2004) және т.б. еңбектері жарияланған.

Ф.Онғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ. Оның азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды нысанаға алуымен ерекшеленеді. Ақын арсыз жандардың жағымсыз жат қылықтарын ашына жырлайды.

Ақынның шығармашылығына тән басты қасиет – шындыққа бас ию. Оның бұл қасиеті кез келген туындысынан айқын көрініп тұрады. «Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогі» атты поэмасы – ақын шығармашылығының шырқауы, негізгі қағида-сы. Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты адамдық қасиеттер Фариза Онғарсынованың поэзиясында нанымды көрініс тапқан.

**Поэмалары:** «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын», «Тартады бозбаланы магнитім», «Тындандар, тірі адамдар», «Қасірет пен ерлік жыр», «Дала тағдыр», «Мүшәйра», «Қырдағы айқас», «Мен өмірді сен деуші ем», «Алмас кылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім», «Ақбөбек жырлары», «Қарғыс» және т.б.

**Прозалық шығармалары.** Ақынның қаламынан туған «Кәмшат» повесі (1966), «Биіктік» очерктер жинағы (1976), «Шашы ағарған қыз» (1990) сияқты прозалық туындыларының орны ерекше. Ақын А.Блок, Е.Евтушенко, Р.Казакова, П.Неруда және т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Ақын 1984 жылы «Үйім – менің Отаным», «Манғыстау монологтары», «Революция және мен» өлең топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Ақын «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған.

Ф.Онғарсынова 2014 жылы Нұр-Сұлтан қаласында қайтыс болды.



### Өлең, мен сені аялап өтем

Дара күндерімнің,  
нала түндерімнің  
серігі болғанын үшін,  
сенімі болғанын үшін  
мен сені аялаймын.

Біреудің пасықтығынан,  
біреудің жасып мұңынан,  
жүрегім сыздаған кезде,  
жаным мұздаған кезде  
мен сені саялаймын.

Біреудің күлкісін көріп,  
бақыттың түр-түсін көріп,  
шаттанып қалған шағымда,  
жеткендей арман-сағымға,  
қуаныштан дірілдеп денем,  
алдына күлімдеп келем.

Ажалмен айкасқан сәтте  
қыршын жас көз ілгенін көріп,  
өткінші сезімдерді көріп,  
кешегі «доспын» дегеннің

минутта жерінгенін көріп,  
кімнен өшімді аларымды білмей,  
кімдерге кінә тағарымды білмей,  
алдына лапылдап келем,  
жарылуға жакындап келем.

Өмірдің өткелдерінен  
қиындық көп көргеніммен,  
өртегіп от басқаныммен,  
өзіңмен қоштаспадым мен.

Күлкімді, жайлы күнімді,  
азапты, қайғы-мұңымды  
өзіммен бөліскенің үшін,  
қатем мен жеңістерім үшін,  
менің мынау қиындау тағдырым болып,  
о баста көріскенің үшін,  
Өлең, мен сені аялап өтем!

### Әдеби-теориялық ұғым

Сөз соңының бірдей немесе бірдейге жақын естілуін өлең ұйқасы (римфа) деп атайды. Ұйқас өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты. Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп. Олардың ең негізгісі және жиі қолданылатыны мыналар: 1) қара өлең ұйқасы (ааба); 2) шұбыртпалы ұйқас (аааа); 3) ерікті ұйқас (абвгб); 4) кезекті ұйқас (абвб); 5) шалыс ұйқас (абаб); 6) егіз ұйқас (аабб); 7) аралас ұйқас (аабвбббб); 8) осы күнгі ерікті ұйқастар (абабвгд).

Қазақ өлеңдерінде жиі кездесетіндері – қара өлең, кезекті және шалыс ұйқастар. Қара өлең ұйқасы, әсіресе халық әндерінде кеңінен қолданылған<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1964.





1. Фариза Онғарсынова туралы не білесіңдер?
2. Өлең қандай жанр? Өлең болу үшін не болуы керек деп ойлайсыңдар?
3. Ф.Онғарсынованың «өлені» не жайында? Ақын не айтпақ болды?
4. Өлең-жырға, өнерге арналған қандай шығармаларды білесіңдер?
5. Егер ақын болсаңдар, өлеңге, ақындыққа қандай талап қояр едіңдер?



1. Төмендегі сызбаны пайдаланып, поэзиялық шығарманың әр түрінің өзіне тән ерекшелігін анықтайық.



2. Ф.Онғарсынованың өлеңінде көтерілген негізгі идеяны анықтайық.
3. Ақын өлеңінде кездесетін көркемдегіш құралдарына мысалдар келтіріп, олардың қызметін анықтайық.
4. Аталған өлең қандай ұйқаспен жазылған, неше буын, бунақ бар? Өлең құрылымына қарай талдау жасайық.
5. Поэзияда *ер*, *әйел* деген ұғым бола ма, қалай ойлайсыңдар? «Әйелден ақын шықпайды, әнші не күйші болмаса» деген ақын Е.Раушанов пікіріне қатысты өз көзқарасымызды білдіріп, ойымызды дәлелдейік.



1. Ф.Онғарсынованың «өленін» төменде берілген өлең үзінділерімен салыстырып, ортақ ой мен өзіндік қорытындыға баға берейік.

**Мұқағали Мақатаев:**

Өлең – менің бар тынысым,  
 Жаксы сөзім – жаныңгі халқым үшін.  
 Атақ қуып, бақ қуып, данқ қуып,  
 Біреулерден жүргем жоқ арту үшін.  
 Ойлы жас!  
 Өлең менің сырласымдай,  
 Сырлассам да құмарым жүр басылмай.  
 Айтып өткен ақында арман бар ма?  
 Жүрегінің түбіне кір жасырмай...

**Ақұштап Бактыгереева:**

Өлең деген – құдірет қой, шынында,  
 Талант керек кейде оны ұғуға.  
 Ұлағат та, тіршіліктің сыры да –  
 Үнілсеніз жатыр баба жырында.  
 Ең алғашқы әлші де ананың  
 Басталады ұйқасымен өлеңнің.  
 Мейірім де ән сазымен тарайды,  
 Тұрады әннен тірлік таны арайлы...



2. Ф.Оңғарсынова мен орыс әйел ақындары А.Ахматова, М.Цветаеваның өлеңдерін салыстыра оқып, өзіндік қолтаңбаларын анықтайық.
3. Фариза өлеңіне жазылған әндерді тыңдайық. Өлең мен әннің оқырманға әсері жайлы ой бөлісейік.



1. Ф.Оңғарсынованың «Поэзия шын мәніндегі мәдениетті тәрбиелейді» атты поэзияға арналған пікірлер топтамасын оқып, поэзияға қатысты әрқайсымыз өз пікірімізді ортаға салайық.
2. Ақынның бірнеше өлеңдерін оқыық. Ф.Оңғарсынова өлеңдерінің негізінде төмендегі тақырыптардың біріне әдеби эссе жазайық:
  - Мен бір қызық адаммын ...
  - Бір құдірет бар дейді ...
  - Жанымда жүрші ...

### Зерттегім келеді...

Қазақ поэзиясында Фариза ақынға еліктеп жыр жазып, ақындық жолды тандаған жас буын ақын қыздар баршылық. Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, «Фаризаның ақын сіңлілері» деген тақырыпта қазақ ақын қыздарының поэзиясы жайлы шағын жоба жазайық.

### Білгенім бір тоғыз

«...Менің ерекше сүйіп оқитыным «Біржан мен Сара қыздың айтысы» еді. ...Әйел заты ер-азаматқа тура қарап тұрып өзінің ой-пікірін, мүмкіндігін ашық айтуына болады екен-ау деген ой ұшығын кеудеме түсірген де Сара апамыздың осы айтысы. Менің рухани ұстазым – Сара. Бұл шығармаларды анам да ұнататын, мен қанша оқысам да анам жалықпай, сүйсіне тыңдайтын», – деген еді Ф.Оңғарсынова естелігінде. Ақын осы естелігінде: «Бала күнімізден атын жаттап, үлкендердің айтуымен қанымызға сіңген бейне – Махамбет бейнесі мен үшін Мұхаммед пайғамбар секілді әулие тұлға болатын. Көп жылдарға дейін Махамбет туралы ештеңе жаза алмадым, себебі қорқатынмын. Бас салып ол туралы бірдеңе жазу көргенсіздік деп ойлайтынмын», – дейді.<sup>1</sup>

### III бөлімге арналған тест сұрақтары

1. І.Жансүгіров қай жылдар аралығында өмір сүрген?
 

а) 1894–1938;	ә) 1836–1940;
б) 1895–1941;	в) 1894–1939;
2. Ақынның «Жазғы таң», «Мезгіл суреттері», «Гималай» өлеңдері қандай лириканың үлгісі?
 

а) махаббат лирикасы;	ә) табиғат лирикасы;
б) әлеуметтік лирика;	в) философиялық лирика.
3. Ілиястың «Құлагер» поэмасында кімнің асы суреттеледі?
 

а) Абылайдың асы;	ә) Сағынайдың асы;
б) Күреңбайдың асы;	в) Бекайдардың асы.

<sup>1</sup> Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. 7-том. Астана, 2004.



4. Алдыңғы ойдан кейінгі ойдың, алдыңғы сөзден кейінгі сөздің күшейіп, өсіп отыруы қалай аталады?  
 а) градация; ә) гипербола;  
 б) пафос; в) эпитофа.
5. Төмендегі көп нүктенің орнына қажет сөзді қойындар.  
 Несі ... бір кеппе кеуде,  
 Ұрқөппе, томырық мінез, намыс берме.  
 Осы аста сағы сынып, бағы тайса,  
 Ол өзін дап-дайын тұр «өлдім» деуге.  
 а) Қотыраш; ә) Батыраш;  
 б) Ақан; в) Күреңбай.
6. Ұзақ жолға шыдамды, мықты ат қалай аталады?  
 а) сәйгүлік; ә) қазанат;  
 б) тұлпар; в) бесті ат.
7. Төмендегі шығармалардың қайсысы Б.Майлиндікі емес?  
 а) «Он бес үй»; ә) «Ақпима»;  
 б) «Азағ әйел»; в) «Қара шелек».
8. Бейімбет Майлиннің драмалық шығармасын көрсетіндер.  
 а) «Азамат Азаматыч»; ә) «Шаншар молда»;  
 б) «Раушан – коммунист»; в) «Шұғаның белгісі».
9. «Басында күрен барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрен барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрен барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы бұлғары белдік. Аяғында биік өкшелі шонқайма етік...»  
 Бұл кімнің портреті?  
 а) Шұғаның; ә) Ақан серінің;  
 б) Есенейдің; в) Ұлпанның.
10. «Құмдағы мұнаралар», «Аманат», «Біргемін мен сендермен» жинақтарының авторы кім?  
 а) І.Жансүгіров; ә) Ғ.Мүсірепов;  
 б) Ф.Оңғарсынова; в) Т.Айбергенов.
11. Өлеңді айтқан кезде сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасын қалай атаймыз?  
 а) тармақ; ә) бунақ;  
 б) буын; в) шумақ.
12. Ф.Оңғарсынованың прозалық шығармасын көрсетіндер.  
 а) «Ақбөбек жырлары»; ә) «Тартады бозбаланы магнитім»;  
 б) «Қырдағы айқас»; в) «Біздің Кәмшат».
13. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қойындар.  
 Қатем мен жеңістерім үшін,  
 Менің мынау қиындау тағдырым болып,  
 О баста көріскенің үшін,  
 ... , мен сені аялап өтем!  
 а) өмір; ә) өлең;  
 б) жеңіс; в) тағдыр.



## IV бөлім

### МӘНГІЛІК ЕЛ – МӘНГІЛІК МҰРАТ

«Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат» атты төртінші бөлімде:

- Мәңгілік Елдің символына айналған «Бәйтерек» монументі мен көркем Астананың бейнесін ашуға арналған, Елбасының іздерін үлгі ете жырлаған Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасын талдап, таразылайтын боламыз;

- Тарихқа көз жіберсек, қазақ халқының «аттың жалы, түйенің қомында» қнын-қыстау, қилы күн кешіп, зар заманды да, кер заманды да бастан өткергеніне куә боламыз.

«Малын жанының, жанын арының садағасы» еткен текті халқымыз тар кезенге тап келіп, тығырыққа тірелген кезде де бірлік-берекесінен ажыраған жоқ. Жер тағдыры, ел тағдыры сынға түскенде «Алаш» үшін туған ерлер қайта атқа қонды. Сайын даланы тұлпарының тұяғымен қорғаған қазақтай рухты халықтың ұрпағы екендеріне тағы да бір көз жеткізгілерің келсе, Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романын оқындар.

### НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ

(1950 жылы туған)



Н.Айтұлы 1950 жылы 22 қыркүйекте Қытай Халық Республикасында, Тарбағатай аймағындағы Теректі ауылында дүниеге келген.

Болашақ ақын 1962 жылы атамекенге оралған. 1974 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Республикалық «Балдырған», «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарған.

**Жыр жинақтары.** Н.Айтұлының тұңғыш жыр жинағы 1974 жылы «Қозыкөш» деген атпен жарық көрген. Содан бастап бүгінге дейін «Жүректегі жаңғырықтар», «Әке туралы сыр», «Жанбыр әні», балаларға арналған «Балабақшаға барар жолда», «Күміс күйме», «Қартаймайды күн неге?» т.б. көптеген жыр жинақтары жарияланды.

**Өлеңдері.** Ақынның «Бесік жыры», «Табалдырық», «Ошақ» сынды өлеңдерінде қазаққа кпелі ұғымдар сөз болса, «Үміт көбелегінде», «Бақанас – біздің балалық», «Бозторғай – жүрек» т.б. жырлары балалық, жастық шақтан сыр шертеді.



**Поэмалары:** «Бас сүйектер», «Жасынның сынығы», «Найзағай», «Сардар», «Мұқағали – Желтоқсан», «Бәйтерек» т.б.

**Аудармалары.** Несіпбек Айтұлы түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Емре, қытайдың көне дәуір ақыны Бо Цзюдін, француз ақыны Д.Родаридің және М.Исаковский, А.Барто т.б. өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Акынның бірсыпыра өлеңдеріне ән жазылды. Солардың бірі:

Көңілі көлдей шалқыған  
Қазақтай ел қайда?  
Даласы жусан аңқыған  
Өзіндей жер қайда? –

деп басталатын «Қазақ елі» атты әні бүгінде халықтың үлкен ықыласына бөленуде.

Акын Н.Айтұлы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ол Халықаралық «Алаш», Жамбыл атындағы сыйлықтарының және М.Мақатаев сыйлығының лауреаты.

Н.Айтұлы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері.

### «Бәйтерек» поэмасы

(поэмадан үзінді )

Түбіне тіршіліктің тағдыр не,  
Тәңірдің ғұзырында бар дүние.  
Қызыл тіл қарасты балқытады,  
Келгенде қылқобыздай зар күйіне.  
Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,  
Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!  
Шақырып аруағыңды, атыңды атап,  
Өзіңе сиынбаған күнім бар ма!?

Өлеңнің актангері арғы бабам,  
Басынан ешкім асып қарғымаған.  
Түсімде Тәуелсіздік Падшасы,  
Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

Сенемін асыл сөздің тозбасына,  
Жетеді өз бақытым өз басыма.  
Күбірлеп құлағыма жеті түнде,  
Қоймады осы жырды жазбасыма!...

Қолыңда жүйрік қалам жаркылдаса,  
Сөзіңді арманың не ел тындаса!

#### Тірек сөздер:

- ✓ түс
- ✓ тәуелсіздік
- ✓ Астана
- ✓ көш
- ✓ көсем



Кеудемде көз бар шығар қайнап жатқан,  
Тамшысы таңдайымның саркылмаса!..

Жаныма жақындасан мұндасынмын,  
Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.  
Не пайда дүниенің кеңдігінен,  
Болмаса бостандығы бір басыңның.

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,  
Маңдайы жарқырады кең даланың.  
Тәуелсіз атқан таң мен шыққан күннің  
Керемет күдіретіне таңғаламын.

Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,  
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.  
Азаттық аясында кандай бақыт,  
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан.

Жарлыққа қолын қойды нық сеніммен,  
Астана ауыссын деп Ақмолаға!

Сарыарқа сайын дала – жер кіндігі,  
Баянды Байтағымен елдің күні.  
Қазағым, көш көлікті болсын енді,  
Көтерген жолда қалмас нардың жүті!..

Аршында , шығар қазақ, үнінді асқақ,  
Кім сені тоқтатады бүгін жасқап?!



Күндізгі Нұр-Сұлтан қаласы



Астана Ақмолаға келе жатыр,  
Айбынды Нұрсұлтандай ұлың бастап!..

Тағдырдың талқандалып тас қамалы,  
Талайдың төнкерілді тостағаны.  
Құлағы қияпаттың көрінгені –  
Қарбалас ауыстырса астананы.

Көсемге көштің түсер салмағы бар,  
Көк толқын кеме жүзсе қақ жарылар.  
Көреген, қол бастаған дара батыр,  
Көкжалдай мұз төсеніп, қар жамылар.

Отырсақ өзге жұрттан аса қарап,  
Қонғаны бақ пен дәулет қоса қабат.  
Ерлігі Елбасының жарқырап тұр,  
Бұлт қалай күннің көзін тасаламақ?!

Көрейін көштің көркін көлденендеп,  
Төгейін сүйіншіге сөзден өрнек.  
Бір күннің біте қалар жұмысы емес,  
Мың күнгі меһнатпен келген еңбек.

Саңлақтың салған жолы жатыр дара,  
Ақ таяқ ұстатқандай соқырға да.  
Бұл көштің абыройы халыққа ортақ,  
Шығармас бір адамның атын ғана.

Жанарып Қаратаудың ескі өлеңі,  
Бауырынан Алатаудың көш келеді.  
Сыртынан қарап тұрған дос сүйініп,  
Дұшпанның сұқты көзі сескенеді.

Көрмедім ұлы көшті басқа мұндай,  
Бүгінгі батырлықтың дастанындай.  
Келеді тәуекелдің тауын асып,  
Асқардан бабалардың асканындай!..

### Сөз сыры

**Ғұзыр** – араб сөзі: мағынасы көп. *Бұл жерде:* жаратушының, тәңірдің, Құдайдың, яғни Алланың қолында, соның билігінде бар дүние деген мағынада.

**Қияпат** – *бұл жерде:* ауыртпалық, қиыншылық, азап.

**Саңлақ** – 1) ұшқыр, жүйрік; 2) ауыспалы мағынада елден ерен, ерекше, майталман, марқасқа, біртуар адам, асқан өнер, талант иесі.

**Тәуекел** – араб сөзі: бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем бұғандық.



## Әдеби-теориялық ұғым

**Символ** – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің не ұғымның жай баламасы ретінде ашу арқылы жасалады. Мысалы, гүл – жастықтың, көгершін – бейбітшіліктің және т.б. символы ретінде алынады (З.Ахметов).



1. Нұр-Сұлтан қаласы қай жылы ресми астана мәртебесіне ие болды?
2. «Бәйтерек» монументінің символдық мәні туралы не білесіңдер?
3. Н.Айтұлының «Бәйтерек» шығармасының жанры қандай?
4. Ақын Н.Айтұлы осы шығармасын жазуға не түрткі болды дейді? Мысал келтірейік.
5. Оқыған үзіндіден автордың қандай көңіл күйі байқалады?
6. Осы үзіндіге қандай атау ұсынар едіңдер?
7. Поэмадағы автор идеясын түсіндірейік.
8. Бәйтерекке арналған басқа қандай шығармаларды білесіңдер?



1. Осы үзіндіде кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып жазып, авторлық қолданыстарды анықтайық.
2. *Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,  
Жазылды ескі жара жан ауыртқан*, – деген жолдардағы ақын айтқан ескі жараның не екендігін анықтайық.
3. Ақындық пафоспен жырланған эпизодтарға талдау жасайық.



1. *Не пайда дүниенің кеңдігінен,  
Болмаса бостандығы бір басыңның*, – деген өлең жолдарын халық аузындағы «Аяқта аяқкімің тар болса егер, не пайда дүниенің кеңдігінен» деген жыр жолдарымен салыстырайық.
2. Екі өлеңдегі ортақ ойды анықтап, бүгінгі күн тұрғысынан баға берейік.



## Поэманың жалғасын оқыық.

Сарыарқа – сан ғасырдан қалған мұра,  
Риза бақытына жанған мына.  
Күтіп тұр салтанатты көштің алдын,  
Қолында Ақмоланың ақ домбыра.

## Тірек сөздер:

- ✓ мұра
- ✓ бақыт
- ✓ ерікті ел
- ✓ татулық

Арда едің, асау едің Арқа неткен,  
Төсінде небір бағлан дарқан өткен.  
Ақмола осы еді ғой Кенесары,  
Бөрінің бекінісін талқан еткен!

Айналдым аруағыңнан, ер Кенекем,  
Тәңірі тілегінді берген екен.



Тентіреп жердің түбін жеті айналып,  
Қазақтың құты қайтып келген екен!

Жетерлік көріп келген көрешегі,  
Болса екен мәңгі жарқын келешегі.  
Ту ұстап, тұлпарына қайта қонған,  
Халқының айдарынан жел еседі.

Қалың ел қазағына бесік болған,  
Бұл жұртта ошақ қанша өшіп қалған.  
Есілім осы еді ғой ер Қабанбай,  
Ен жайлап, жағасында көшіп-қонған.

Дұшпанның аян бізді шақырмасы,  
Қасықтай қарасуын татырмасы.  
Не іздеп жүрсін деме бұл арадан,  
Бабамның арыстандай жатыр басы!..

Ақмола кеше ғана басқа қала,  
Айналды Бәйтеректі Астанаға!  
Еміреніп өз анасы емізбесе,  
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?

Бақытым басымда тұр талай күткен,  
Сеземін келмегенін оңайлықпен.  
Үзіле жаздап еді өндірішегім,  
Өзекке тепкілеген өгейліктен.

Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,  
Астана – ел тірегі, ел айбыны!..

Жаһанның жанарында жаңа қала,  
Жұлдыздай туа қалған өліарада.  
Бес жылда бой көтерген ғимараттар,  
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!

Жырламас ғажайыпты кім мұндағы,  
Жеткенше сөздің дәмі, тілдің нәрі.  
Алғысын жаудырады Елбасыға,  
Бақытты бұл шаһардың тұрғындары.

Қарашы, шанырағы жас қаланың,  
Аспанның бұлтын серпіп тастағанын!  
Бүгіннен басталатын шежіресі,  
Авторы Назарбаев астананың!..



Жаһаннан жоғалмаса адам аты,  
Естілер арттағыға ғаламаты.  
Қаһары кара жерді қалтыратқан,  
Қайда сол Көктүріктер қағанаты?

Шайқасып үдей сокқан дауылменен,  
Құлаған Дешті Қыпшақ дәуірлеген.  
Ұлдарын ұлы дала ұмытқан жоқ,  
Қырқысқан бірге туған бауырменен.

Актарсам ішімдегі шер-шеменді,  
Түспесін есенгіреп еңсең енді.  
Үш жакка бұра тартса үш туысқан,  
Ұшпаққа кім шығарар ертең елді?

Мен емес бас-аяғы зарлағанның,  
Алды-артын дүниенің барлағанның.  
Туады әр халықтың өз көсемі,  
Бітетін мандайына әр заманның!..

Сүйреткен көне тарих көн шарығын,  
Түбінде сықсияды қолшамының.  
Тасыған мейманасы бұл ғасырда,  
Тағдыры қыл үстінде Жер шарының.

Беті аулақ соғыс деген пәтшағардың,  
Тажалдың асау басын ноқаталар кім?



Түнгі Нұр-Сұлтан қаласы



Тайғанак тақтасында саясаттын,  
 Ойлары шайқасуда патшалардың.  
 Құдайым бәрін бермес сұрағанның,  
 Бакытын мыңға балар бір адамның.  
 Ішінде сайыпқыран көсемдердің,  
 Шоқтығы шоқжұлдыздай Нұр-ағамның!..

Бәйтерек – Астананың төріндегі,  
 Өресі биіктіктің өмірдегі.  
 Аялы алақаны Елбасының,  
 Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған кара орманым – байтақ елім,  
 Сынға сап сан жақсыны байқап едің.  
 Еңсесін елдігіңнің биіктеткен,  
 Ортанда бойлап өскен Бәйтерегің!

Өтінде арпалысқан өмір-майдан,  
 Жайқалсын болашағың тамыр жайған.  
 Бәйтерек – Елбасының өр тұлғасы,  
 Әкеліп өз қолымен Тәңір қойған!

Туындай канат керген желді күнгі,  
 Танытты кең әлемге тендігінді.  
 Тұрғанда Бәйтерегің көкке шырқап,  
 Ұстай біл асқақтатып Елдігінді!..

### Сөз сыры

**Арда** – 1) сын есім: қысыр емген, бұла төл; 2) бұла, ерке адам; 3) ауыспалы мағынада тағы, асау; 4) анасынан айырылған бала; 5) асып-тасқан күш, тежеуге келмейтін қуат; 6) кейбір жергілікті тілде түк білмейтін надан адам; 7) ерте туған төл немесе бала. Бұл сөздің мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* бесінші мағынада.

**Өндірішек** – жұтқыншақтан басталатын өңештің бойы, иектің асты; алқым. *Бұл жерде:* бодандықтан мойыным, желкем үзіле жаздады деген сөздің орнына поэтикалық қолданыста айтылып тұр.

**Өліара** – ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, уақыт, түн қараңғылығы.

**Самала** – 1) жан-жаққа түгел нұр шашқан сәуле, жайылған нұр; 2) ауыспалы мағынада сансыз көп, қаптаған, самсаған деген; 3) көне сөз: полкке пара-пар жасақ. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

**Шарық** – 1) көк, аспан; 2) дөңгелшек тас қайрақ; 3) теріден, тал қабығынан жасалған жеңіл аяқкиім (шәрке); 4) жіп орайтын, екі басында қалпақша дөңгелегі бар, іші қуыс ағаш (катушка); 5) шама-шарық, әл, шама, күш. *Бұл жерде:* поэтикалық қолданыста ғаламды, аспанды бейнелеген.

**Сайыпқыран** – асқан батыр, мықты, ер.





1. *Көсем*, *тұлға* сөздерінің мағынасын түсіндіріңдер.
2. Поэмада қандай тарихи тұлғалардың есімі аталады?
3. *Күлтегін*, *көктас*, *Дешті Қытай* ұғымдарының тарихи мәнін біліп, ақынның неліктен бұларды жырға қосқаны туралы ойларыңды білдіріңдер.
4. Ақын астанамызды қай елдің қалаларымен салыстырады? Осы ойды білдірген поэма жолдарын хрестоматиядан тауып оқыңдар.
5. *Үш жаққа бұра тартса үш туысқан,*  
*Үшпаққа кім шығарар ертең елді?* – деген жолдарды қалай түсінесіңдер? *Үш жақ* деп ақын нені астарлап отыр?



1. *Айдарынан жет есу, жыртығын жамау, мейманасы тасу* тіркестерінің мағынасын түсіндіріп беріңдер.
2. *Ақмола осы еді ғой Кенесары,*  
*Бөрінің бекінісін талқан еткен!* – деген жолдардағы ақынның айтпақ болған ойын тарихпен байланыстыра отырып талдайық.
3. Поэмадағы Елбасының образын ашудағы ақын ізденістерін саралап, ақынның образ жасау шеберлігіне талдау жасайық.
4. Әлемдегі көне астаналар мен жаңа астаналарды салыстыра отырып, «Жаңа астана – жаңа қоғам» атты тақырыпта Нұр-Сұлтан қаласының ерекшелігі туралы әңгімелесейік.



1. *Ішінде сайыпқыран көсемдердің,*  
*Шоқтығы шоқжұлдыздай Нұр-ағамның!* – деген ақынның Елбасы образын ашудағы шеберлігін қалай бағалар едіңдер? Ақын сөзін өмірмен байланыстыра отырып, ойымызды ортаға салайық.
2. Қазақ әдебиетінде Бәйтерекке арналған шығармаларды салыстыра отырып, авторлық идеяны бағалайық.
3. «Туады әр халықтың өз көсемі» атты тақырыпта әдеби эссе жазайық.

### Зерттегім келеді...

«Қазақ поэзиясындағы Бәйтерек образы» атты тақырыпта жоба қорғайық.

### Білгенім бір тоғыз

Біріншіден, Бәйтерек ғаламның орталығы болып табылатын киелі жерде, киелі бұлақ қасында орналасады. Ол үш дүниені жалғастырушы, төбесі – аспанда, тамыры – жерасты дүниесінде орналасқан. Екіншіден, бәйтеректің екі полюсінде алып Қарақұс пен жылан – айдаһар бар. Үшіншіден, бәйтеректің түбінде белгілі бір мифтік киелі процесс өтеді, бұл шамандыққа байланысты.

Бәйтеректің (фольклорда сақталған) тұрақты пенделері екеу. Оның төбесінде – Алып Қарақұс (самұрық) пен оның балапандары мекен етсе, түбінде – жылан немесе айдаһар мекен етеді. Айдаһар үнемі Алып Қарақұстың балапандарын жеп кетуге әрекеттенеді немесе жеп кетіп отырады. Олардың арасында адам (ертегілерде – батыр жігіт, мифтерде – бақсы батыр) килігеді.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Арыс, 2008.



## ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

(1942 жылы туған)

**Қажығали Мұханбетқалиұлы** 1942 жылы 8 желтоқсанда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген.

Жазушы 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірген. Еңбек жолын Ақтөбе облыстық телерадио басқармасында редактор қызметінен бастаған ол облыстық «Коммунизм жолы» газетінде әдеби қызметкер, «Қазақстан» баспасында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналында бас редактор қызметтерін атқарған. Кейін Президент аппаратында жауапты қызметтерде істеген.



**Прозалық шығармалары:** «Жұлдызды түндер» (1972), «Торғай сыбдыры» (1974), «Жаңғырық» (1978), «Старые друзья» (1981), «Қайдасың сен, махаббат?» (1984), «Дороги жизни» атты кітаптары жарық көрген. Сонымен қатар Қ.Мұханбетқалиұлының «Сырым Датұлы» (2004) және «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...» (2010) атты мақалалар жинағы бар.

Қ.Мұханбетқалиұлының шығармалары орыс, украин, өзбек, түрікмен, татар, қытай тілдеріне аударылған.

Жазушының қаламынан туған «Тар кезең» шығармасы – бүгінгі қазақ прозасының құнды қазынасы. Туындыны дүниеге әкелу үшін қаламгер ұзақ жылдар бойы ізденіп, өмірінің төрттен бір бөлігін арнаған. «Бұл шығармаға 20 жылдан астам уақыт кетті. Романды жазу барысында архив материалдарын кеңінен пайдалану керек болды. Мен аяқ жетер жердегі біраз архивтердегі материалдарды карадым. Оның үстіне, өзім де жеке зерттеу мақалалар жаздым. Кемінде он-он бес материал жарық көрді», – дейді қаламгер.

Романның құндылығы туралы профессор Темірхан Тебегенов: «Тар кезең» романының идеясы – Ресейдің отарлау саясатындағы озбырлықтардың (атаконыстардан, жайылымдардан еріксіз айыру, жазықсыз ауылдарды шауып, адамдарды өлтіру, тонау, барымталау, өзішілік басқару жүйесіне тыйым салу т.б.) етек алуына халықтық қарсыласу қуатын таныту. Жазушының «Тар кезең» тарихи романына арқау болған сюжеттік-композициялық желілердегі қақтығыстар, қазіргі «Қазақстан тарихының» жаңаша жазылған тарихнамалық-



дерекнамалық деректі тұжырымдары негізінде жазылғандығымен ерекшеленеді», – дейді.<sup>1</sup>

**Аудармалары.** Қ.Мұханбетқалиұлы аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол жапон жазушысы Р.Акутагава, француз жазушысы П.Мериме, ағылшын жазушысы С.Моэм және т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Жазушыға 2002 жылы Байғанин ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. 2003 жылы жазушы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

## «Тар кезең» романы

### II тарау

#### Мал ашуы – жан ашуы

#### Тірек сөздер:

- ✓ Жайық маңы
- ✓ атақоныс
- ✓ ел намысы
- ✓ хандық билік
- ✓ Халық кеңесі
- ✓ империя
- мүддесі
- ✓ қырғыз-қайсақ
- даласы
- ✓ казак-орыс
- шапқыны

Көлденең жатқан Жайықтың күншығыс бетіндегі маң даланы малына өріс, жанына қоныс етіп, қиыр жайлап, шет қонып жүрген көшпенді елге бір ұзынкұлак хабардың тарағанына көп болған-ды.

– Орынбордағы үлкен ұлық орнынан түсіп, Петерборға біржолата кетіпті. Енді жаңа жандарал келгенше казак-орыстар казакты тағы бір шауып қалу керек деп қапылып жатқан көрінеді, – деп жұрт гу-гу етісіп жүрген.

Сыртқы дүниенің сыбысын осы ұзынкұлак арқылы ғана естіп-біліп отыратын казакта жаманшылық хабардың жалған боп шыққан кезі, әй, сірә, жоқтың қасы шығар... Бұл жолы да әлгі әңгіме расқа шығып, ақпанның ортасы ауа бергенде: «А-ал, ағайын, абай болсын! Орынбор мен Текенің<sup>2</sup> казак-орыстары қосылып, казакты шабуға аттанғалы жатыр!» – деген суық хабар бұрқ ете түсті.

Сол – сол-ақ екен, Жайықты жағалай қоныстанған қалың ел қақаған қыс ішінде ал кеп дүрлікті!..

Дүрліксе, дүрлігетіндей реті бар. Біріншіден, бұл өзі көптен айтылып жүрген күтулі әңгіме. Екіншіден, ылғи қысқы қонысқа кеп орныққан кезде шабылып қалып жүрген ел бұл казак-орыстардың шапқыны әсте Жайық әбден зар еңіреп қатқан кезде басталатынын

<sup>1</sup> Тебегенов Т.С. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (XX ғ. 90-жылдары және XXI ғ. бас кезі): Монография. Семей: Үш биік, 2013.

<sup>2</sup> Теке – қазіргі Орал қаласы.



естерінде сақтайтындай-ақ болған. Сынайы солай сияқты биыл да. Мұның үстіне, Жайық бойынша ашішектей шұбатылып жатқан шегара шептері өткен жаз бойы казакпен кактығыстан бір де көз ашқан жоқ-ты және бұл жолы көз аштырмаған казактардың өздері еді. Пәлен жыл атты казактың әскерінен теперішті көре-көре көзі шыққан казак, бұған тыйым жасар деген ақ патшаның Орынбордағы үлкен ұлықтарынан да, бұл жактағы хандары Нұралыдан да қайыр көрмей, әбден түнілген сон:

– Әй, бүйткен тірліктің атасына нәлет! Өлсек – шәһид болармыз, қалсақ – қазы! – деп өткен жазда орыстың шебіне өздері барып бірінші рет ашықтан-ашық тііскентұғын.

Сөйтсе... «жалмауызға да жан керек» деген рас екен; ашынған казактардан қатты сасқан казак-орыстар дүркірей қашып барып, таяу маңдағы тас камалдарға тығылысты. Көктемде егіндері салынбай қалды. Жаз бойы пішендері шабылған жоқ. Содан бері казакка тістерін қайрап-ақ отыр. Жағдай әбден ушығулы.

Әрине, құрғырдың ушығуына бұдан басқа да бұрыннан келе жатқан сарысүйек себептер көп-ақ. Оның түбін қазсаң, тамыры тіптен тереңде жатқандары бар... Соның бір парасы әншейінде: «Әрі жүріндер, әрі!!! Шегараға жақындасандар, шүү деп Жайықтан өтіп алып, нә башқұртты, нә калмақты шабасындар!» – деп шепке жолатпайтын орыс бұрнағы жылғы қоянның қысында қатты жұтаған казакты башқұрт келіп шапқанда, «бұлар шепті бұзып кетті-ау» деп былқ еткен жоқ. Келер жылы жұттан аман қалған азғана жылқыны қиқулап келіп калмақ қуып әкеткенде, оларға да үндемеді.

– Ау, бұл қалай сонда?! Қалмақ пен башқұрт бодандарын болғанда, біз бодан емеспіз бе?! Нә, малымызды қайтарғызындар, нә барымтаға өзіміз қарымта жасауға жоқ беріндер! – деп Орынбордағы үлкен ұлықтар мен Текедегі Уәйіске кеңсесінің<sup>1</sup> атамандарына арыз еткен казактың сөзі аяқсыз қалды. Айтқандары:

– Біз ештеңе естімедік. Біз ештеңе көргеніміз жоқ!

– Еһе! Естімесе – керек, көрмесе – соқыр болып қалмаған шығар. Одан дағы «Бұл орыстың аузы басқаға қарай қисайып кеткен!» демейсіндер ме?! Жарайды, башқұрт пен калмақ бүгін көріп отырған құқайымыз емес қой; кеше олар алса, енді біз олардың көкесін көздеріне көрсетейік! – деп, жайын жатқан жалпақ ел жағалай жау жарағын асынып, жарау ат мініп, өзі барымтаға басқан.

Башқұрт пен қалмақ қаптағайлап шапқанда «көрмеген», «білмеген» казак-орыс казакка келгенде қырағы боп шықты... Ашішектей шұбатылып жатқан шегара шебіндегілер:

<sup>1</sup> Уәйіске кеңсесі – Жайық казактарының әскери кеңсесі.



– Қанішер қазақ, қайда барасың?! Қайт кейін! Қайт! Қайтпасаң, атамыз, ұры қазақ! – деп шу ете түсті.

Мал ашуы – жан ашуы; оның үстіне, пәлен жыл көкірегінде кордаланған ызасы бар қазақ қайта қоя ма!? Қайтпады! Қазақ қайтпаған соң, шеп бойында шаңқылдаған мылтық дауысы күннен-күнге жиілей түсті...

Сөйтіп жүргенде, жекелеген жортуылшылармен қақтығыс аз болғандай, Қаратон<sup>1</sup> дейтін атаман әдейі келіп, қарулы қалың қол жайына отырған жазықсыз ауылдарды қан қақсатқан. Көп ұзамай Күлініп<sup>2</sup> дейтін атаманы тағы келіп, көшпелі елдің күлін көкке ұшырып ол кетті. «Жығылғанға – жұдырық» дегендері шығар, бұлардан кейін Шағанак (атаман Чаганов) дейтін атаманы тағы шығып, шегараға таяу отырған талай ауылды бұл ойрандасын... Кәззаптың көзіне қан толды ма, қыза-қыза келгенде, тіпті Хан көшіне тиісіп, төменгі Топайлының түбіне кеп қонып жатқан Нұралының бір аулын шапқаны...

Баскасы – басқа болсын, ал енді ақ патшаның өзі ит терісіне мөр басып, Хан тағайындаған адамды қайдағы бір қаймана орыс келіп, Тәңірінің тал түсінде талапайға ұшыратты деген не сұмдық?! Демек, кәуірдің бұл жұртты ел деп есептемегендері ғой, шамасы... Бұдан артық басыну, бұдан өткен қорлық бола ма?!

Ары аяққа басылған Нұралы хан не ойлағанын өзі біледі... Ал намысқа буынып өле жаздаған елдің ер-азаматтары шұғыл жиылып, басы – Байбақты Сырым, мың қаралы адам, ал кеп қусын жауды! Жайық қалашығына жеткізбей, жарты жолда тоқтатып, жаумен жан аямай шайқасқан жігіттер қолға түсіп кеткен мал-жанды ғана құтқарып қоймай, сәтін салғанда, әлгі атаманның өзін де ат артына өңгеріп алып қайтқан. Өзі ызалы Сырым, өзі сол күні арқаланып отырған Сырым: «Бұл ит, кісі қорлағанның қандай болатынын көрсін, бәлем...» – деп, оны сол кеште-ақ осы жакқа сауда-саттықпен келіп жүрген Хиуаның бір сартына әдейі құлдыққа сатты да жіберді.

Арада аз уақыт өткен соң... Атаман Чагановтың алыс жерге құлдыққа сатылып кеткенін естіген Жайықтың казак-орыстары енді күні-түні Сырымды аңдып, соның соңына түссін. Аңдыған алмай қоя ма?.. Ақыры, бұлар да батырды қолға түсіріп тынды.

Сол ұсталғаннан Байбақты Сырым Текенің тас түрмесінде, терезесі темірмен шілтерленген қараңғы үйде табандатқан төрт ай жатқан. Бұдан да әрі жата берер ме еді... «Ханның намысы – халықтың

<sup>1</sup> Қаратон – атаман Харитонов (1783 жылы жазалау отрядын басқарған).

<sup>2</sup> Күлініп – атаман Кульнев (1784 жылы жазалау отрядын басқарған).



намысы» деп шауып, акыры мынадай міскін халге душар болған азаматтың арты сұраусыз кетіп бара жатқанына қызына бастаған қалың Байбақтының ызғарынан қаймығып, әрі жакын мен жатқа жақсы атты көрінгісі келген хан Текеге өз аяғымен барып, атаман Акутин мен оның орынбасары, әскери атаман Даниил Донсковқа жетпіс жылқы, үш жүз елу сом ақша беріп, тарығып жатқан ерді тар қапастан шығарып алған-ды.

Көкек туа елге оралған Сырым екі-үш апта ешкіммен тілдеспей, үйінде тым-тырыс жатып алып-ақ еді... Ертелі-кеш еңіреп келіп арыз айтқан ағайын-туғанның, ел-жұрттың көз жасына шыдай алмады. Ең алдымен істегені – өзі Текенің түрмесінде жатқан кезде, бұнын бетін енді қайтып көрмейтіндей-ақ, ағайын-туыстарына жөн-жосықсыз тізе батырып, әркімдерге зәбірі әбден өтіп кеткен Есім сұлтанды – кәдімгі біраз жылдан бері бес Сұлтансыққа ұлыс басы болып жүрген хан баласы Есім төрені ел ішінен айдап тастаған. Көктем әбден шығып, жер аяғы кеңісімен қысастығы кеңірдектен келген Жайықтың казак-орыстарына карсы қайтадан атқа мінді.

...Казак-орыстар пәлен ауылды шауып кеткен екен десе, Сырым барып олардың күтірлерін шапты...

Мұны көріп орыста өші кеткен талай кекті казак Жайықтың арғы бетіндегі жар басында жарбынып-жарбынып тұрған күтірлерге күнде тиісетін болды. Бұрын түн ішінде Жайыктан әрлі-бері өткендердің жортуыл ізі білініп қалса ғана, шепте шаңқ-шаңқ мылтық атылып, ол да бірақ көпке ұзамай, сақ каншықтың секем алып үргеніндей ғана болып сап тныла қалушы еді. Енді Тәңірінің тал түсінде табан тіреп тұрып күрс-күрс атысып, артынан түк болмағандай атына мініп, алдына олжасын салып, жайбарақат жортып жүре беретіндер шықты. Шыққан жоқ-ау, көбейді... Алла акырын қайырлы еткей, соның өзінде көптен бері жүні жығылыңқы елдің еңсесі соңғы кезде едәуір көтеріліп қалған сияқты. Қазір қай ауылға барсаныз да іргесінде жайылып жүрген не матаулы тұрған түсі бөлек топ-топ мал... «Бұл қайдан келген?» «Е, шабындыдан түскен олжа ғой!» – деп шалқайысады. Ал енді төріне шығып тыным алайын десең, босағасында жүрген жалтанкөз жат адамның мойнындағы ажырғысынан, жалынышты көзқарасынан жүрегің сыздап: «Мынауын кім?» – дейсің тағы еріксіз. «Е, жәсіріміз <sup>1</sup> ғой!» «Бұ байғұсты кашан қолға түсіріп жүрсіндер?» «Кеше жортуылға шығып... орыс олжалап қайтып ек!» – дегенде, мұрттары көкке шаншылады.

<sup>1</sup> Жәсір – шабындыда қолға түскен адам, яғни тұтқын.



Әншейінде де тып-тыныш қазақты жайына отырғызбайтын Жайықтың казак-орыстары енді осындай себеп табылып тұрғанда ондай мүмкіндікті өлсе құр жіберер ме?! Тіпті тап бүгін шаба қалса да, ертең «Сендерге тиіскен себебіміз – мынау-мынау...» деп тілге тиек етер «дәлел-деректері» жетіп-артылады. Сондықтан еш күмәні жоқ әлгі әңгіме құлаққа тиісімен, жұрт қамсыз қалмаудың қарекетіне кірісіп, ерте бастан дүрлігіскені еді бұл...

### Сөз сыры

**Шаһид** – бұл жерде: халық, ел, жер үшін құрбан болу, яғни шейіт болу.

**Қазы** – 1) жылқының қабырғасынан, яғни қабырға етінен ішекке тығып жасаған ұлттық тағам; 2) мұсылмандық сот; 3) бір нәрсеге билік айтушы, төреші; 4) ескі сөз: соғыста ерлік көрсеткендерге берілетін құрметті атақ; 5) ауыспалы мағынада әділетті соғыс қаһарманы, жауынгер. Бұл жерде: бесінші мағынада.

**Сарысүйек** – баяғыдан келе жатқан, ескі, бұрынғы деген.

**Қаймана** – еш қатысы жоқ, көлденең, бөтен, бөгде.

**Күтір(лер)** – аумағы алты-жеті үйден тұратын шаруалар мекені, қыстақ.

**Жалтаңкөз** – жалтақ, тайсақ, тәуелді, біреудің қолына қарау деген.

**Ажырғы (сынан)** – 1) жауыр болған жылқының мойнына кигізіп қоятын ағаш әбзел; 2) ауыспалы мағынада масқаралау үшін жазалы адам мойнына салатын ағаш бұғау. Бұл жерде: екінші мағынада.

### Әдеби-теориялық ұғым

**Роман** – күрделі сюжетті, көбіне қарасөзбен, кейде өлеңмен жазылған кең көлемді эпикалық түр. Романда өмір құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар молынан қамтылған, композициялық күрделі құрылымнан тұрады.

Қазақ әдебиеттанушысы А.Байтұрсынов романды ұлы әңгіме деп атап, оған «тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды» жатқызады.

Романның мынадай түрлері бар: тұрмыстық роман, психологиялық роман, ғажайып оқиғалы роман, педагогикалық роман, авантюрлік роман, сатиралық роман, детективті роман, философиялық роман, тарихи роман т.б.



1. Уақыт, кезең, заман, дәуір сөздерінің мағынасын түсініп, олардың мағыналық ерекшеліктерін ажыратайық.
2. Шығармаға қай жылдар аралығындағы оқиға арқау болған? Оқиға еліміздің қай жерлерінде өткен?
3. «Тар кезеңді» қандай роман түріне жатқызар едіңдер? Неліктен?
4. «Мал ашуы – жан ашуы», «Ханның намысы – халықтың намысы» дегенді талдап, түсіндірейік.
5. Төмендегі кестенің негізінде сұрақ құрастырайық.

Не?



Кім?



Қайда



Қашан?



Қалай?





1. Шығармада баяндалып жатқан оқиғаның қазақ тарихында алар орны қаншалықты? Қазақстан тарихы пәнінен алған білімімізді пайдаланып, өз дәлелімізді ұсынайық.
2. Үзіндідегі аты аталған Құлышев, Чаганов, Акутин сынды атамандар туралы тарихи деректер іздеп, қазақ еліне жасаған жорықтарына талдау жасаңдар.
3. Нұралы ханның Сырымды Текенің тас түрмесінен шығарып алуына не себеп? Астарында қандай саясат жатыр? Автор Нұралы хан саясатын қалай жеткізеді? Өзіндік талдау жүргізіңдер.
4. Шығармадан көркемдегіш құралдарды тауып талдаңдар.



1. Үзіндіден қазақ-орыс, башқұрт, қалмақ ұлттары мен қазақтар арасындағы байланыстарға дәлелдер келтірейік. Тарихи деректер арқылы салыстыра отырып талдау жүргізейік.
2. Оқыған үзіндіде көтерілген мәселелерді арқау еткен басқа қандай шығармалар білесіңдер? Аталған романның олардан өзгешелігі неде? Осы сұрақ төңірегінде жұбымызбен салыстырмалы талдау жүргізейік.



1. «Ары аяққа басылған Нұралы хан не ойлағанын өзі біледі...» деген сөйлемнен автордың Нұралы ханға деген бағасын анықтайық. Сол сәттегі ханның ойы қандай болуы мүмкін? Болжамымызды ұсынайық.
2. Сырымның атаманды құлдыққа сатып жіберуіне қатысты өзіндік пікір-көзқарастарыңды білдіріңдер.
3. Роман үзіндісін басшылыққа алып, төмендегі кестені толтырыңдар.

Бізге не белгілі? Біз не білеміз?	Бізге нені білу қажет?	Біз мұны қалай анықтай аламыз?
Жалпы романға қатысты		
«Тар кезең» – халық тағдыры таразыға тұсын қып кезеннің оқиғасын сипаттайтын шығарма.	Автор ұстанымын, шығарма идеясын бүтінгі дәуір, көзқарас тұрғысынан бағалау.	Тарихи деректерге, шығарма мәтініне сүйене отырып анықтай аламыз.

### Сырым би – Сырым батыр

Сонымен... кәрі тарихтың тағы бір жылы көкденең жатқан Жайықтың Бұхар бетін<sup>1</sup> жайлаған көшпенді ел үшін тағы да үркіншілікпен басталды.

Осындайдың боларын ағайынға ашып айта алмағанмен, Орынбордағы астыртын хабарласып отырған адамдары – Мінәнайдың ақ базарындағы делдал Шүкіралы бай мен сондағы мешіттің мәзіні Шәпи молданың соңғы кездері қайта-қайта қауіп айтып, сақтандыруынан бір бәленің ұшығын анық сезген Байбақты Сырым би, биыл

<sup>1</sup> Жайықтың Бұхар беті – Жайықтың шығыс беті.



**Тірек сөздер:**

- ✓ көшпенді
- ✓ алмағайып
- кез
- ✓ суық хабар
- ✓ аттандыру
- ✓ құлазу
- ✓ тілек тілеу
- ✓ қаңыраған
- ✓ ұшпақ
- ✓ сәлем жолдау
- ✓ ескерту
- ✓ басқа адам
- ✓ жамағат
- ✓ қатты болу
- ✓ соғыс
- ✓ Қырым
- ✓ қол қусыру
- ✓ шайқас

казан туысымен карауындағы елді Қырмызы мен Қособадан, Мақарша мен Қарағұстан, Қосағаш, Көкайыл, Бөлекқұмақтан түгел көшіріп, тіпті шаруа баққан кісінің көзі қымайтын Жетікөл мен Тұздықөлге де көп кідірпей, қарашаның алғашқы қары төпеп жауып тұрғанда, түү Қалдығайтының сыртындағы Қарақамыстың қойнына әкеп қондырған. Және осы жолы Байұлының бір жуан бұтағына айналған өзінің Байбақтыларын ғана емес, мынадай алмағайып кезде ағайынмен бірге боламыз деген Сұлтансиықтың<sup>1</sup> басқа аталарынан да ешкімді тастамай, Алаша мен Маскардың бұларға бүйрегі бұрған біраз ауылын, Жанбай батырға тәбия Қызылқұрттарды, сондай-ақ әрідегі Жосалы мен Қонырда, Талдыбұлақ пен Тасқұдықта отырған Таналарды ала келген...

Соншама суыт жүріспен үдере көшіп келсе де, Қарақамыстың қалың қамысы мен ну қопасына жеткен соң, жұрт апа-сапа болып, мал да, жан да тынышталып, арада тағы біраз уақыт өткенде ел баяғы бейғам тірлігіне қайта бейімделе берген. Өлгі бір суық хабар бұларды осы кезде қуып жетті: «Орынбор мен Текенің казак-орысы қосылып қазақты шаппақ!»

...Соңғы жылдары казак-орыстардың шапқыны тым жиілеп, соның қарымтасына қазақтардың да шепке тиісуі күшеюіне байланысты жалпы ел, оның ішінде мұның Байбақтылары да бұрынғыша атақоныстарына алшып-алшып қона алмай, көшсе топтанып бірге көшіп, қонса осылай... аядай жерге тығылысып, тығыз отыруды дағдыға айналдырған-ды. Соның салдарынан қоныстан тарлық көргенмен, бір жаманшылықтың бір жақсылығы да болады демекші, тас түйін отырған ел жаудан көп аса теперіш көрмей, әсіресе кейінгі өскен балалар кәрі арланның тісі тимеген көк жұлын бөлтіріктердей болып бұла өсіп келе жатыр еді.

Өлгі хабарды естігенде алдымен солар уда-шу болып:

– Ау, енді неғып отырмыз? Атаңа нәлет кәуірдің албастыдай басып қалғанын тосып отырмыз ба? – деп даурығысып, әсіресе осы жұрттың төбелесін тайлы биеге сатып алып жүретін, бидің туған інісі Жандыбай сақау бастаған тентектер тап қазір барып орыстың күтірлеріне ойран салып қайтатындай-ақ одырандай бастаған еді.

<sup>1</sup> Сұлтансиық – Асқар, Маскар, Алаша, Өлке, Тана аталатын бес атадан құралған Байұлының бір тармағы.



Сегіз канат караша үйдің киіз есігін қатты серппи ашып, сыртқа шыға келген Сырым би:

– Бұ не шу? Токтатындар, кане!!! Не істеп, не қоятындарыңды бүгін кеште осында бас қосатын елдің игі жақсылары шешеді! – деп бәрін бірауыз сөзбен, шүкір, басып тастады.

Ал бүкіл ғұмыры аттың жалы, түйенің қомында, ылғи жаутершілікпен өтіп келе жатқан былайғы жұрт бұл жолы да жаманшылық хабар құлаққа тиісімен, ешкімнің ескертуінсіз-ақ ежелгі дағдысы бойынша етек-женін тез жиып алған. Кешкілік төрт түлік малды түгендеп, түйелерді комдап, артық-ауыс дүниелерді тас түйін буып-түйіп тастап еді. Міне... бүгін таң бозынан үйлерді жығып, атан түйелерге ауыр-ауыр жүк артып, енді қора-қора мал мен лек-лек түйелі көштерді жау қолы жетпейтін шалғай түкпірге – тәу Жем, Сағыздың жоғары жағына қарай аттандырып жатыр.

Етпісірім шамасында көш соңы қыр асуы мұң екен, кеше ғана үпір-шүпір болып, ызғындай ел әрең снып отырған Қаракамыстың қалың қопасы әп-сәтте мың сан құсы дүрк көтеріліп ұшып кеткен айдың көлге ұқсап, несіз қаңырады да қалды...

Топтың алдында, есік пен төрдей томай құлақ ұзын торы аттың үстінде, бағанадан үн-түнсіз, тіп-тік шаншылып отырған Сырым би осы сәтте:

– Апырым-ай! – деп қалды біртүрлі толқып. – «Құсы ауған көл жетім, елі ауған жер жетім» дегенді айтқан қай жағың түскір еді! Жарықтың Қаракамыстың да қас пен көздің арасында құлазып қалғанын қарашы...

Қалай оқыс бастаса, сөзін солай шалт тыйған. Әйтсе де, ел ағасының бірауыз лебізін ескерусіз қалдырмайтын жора бойынша төбе басына жиылған жұрт:

– Қайта оралар күн жақын болсын деп тілейік енді, би!

– Тек қайырлы сапарымыз болғай!

– Ау, амандық болса, әлі талай оралатын шығармыз, батыреке! – десіп жамырай жөнелді.

Сырым би үн қатқан жоқ...

Дәл қазір бидің көзі де, көңілі де мына қаңырап қалған Қаракамыстатұғын. Соның қойын-қолтығын ойша шарлап тұрған. Иә, иә!.. Кеше ғана мынау үкісі бұлғақтаған шок-шок қамыс, анау қорыс-копа оған бұла табиғаттың ешқашан сыны бұзылмас бір берекелі пұшпағындай боп көрінуші еді. Сөйтсе, ой, Алла-ай! Оның бәрі осынау құтты мекеннің қойны мыңғырған мал мен қыбырлаған жанға толы кезде ғана солай екен ғой. Ал қазір... қай жағына көз жіберсе де ойраны шығып жапырылған қоға... жайпалған шөп... жығылған, қираған нар қамыстар... басқа ештеңе көре алмай тұр...





Бидің жүрегі шымыр-шымыр, шымыр-шымыр, шымырлап қоя берді...

«Қайда безіп барамыз осы біз?! Ата-бабадан қалған құйқалы қоныс, қара жұртты тастай кашқанда, қайда барып ұшпаққа шықпақпыз?! Басымызға зауал төнген екен деп, бір қатты қайырымға да келмей кете береміз бе, осылай?! Өйтсек, шыр етіп дүниеге келген, кіндігің кесіліп, кірін жуылған мына жердің киесі кешер ме? Енді қайттік? Қайтеміз енді, япыр-ау?!»

Сырым бидің қабағы қарс жабылып, екі қасының арасындағы терең қос сызық айқаса түскен күйі ауыр ойдан арыла алмай түйіліп тұрып қалды.

\* \* \*

...Бағана төбе басынан тарқарда төңірегіндегі ағайынның ақсақал-қарасақалдары мен игі жақсыларына «рақметі» мен «Алла разы болсынын» қоса айтып болған соң, Сырым би жұртқа тағы бір қайырылып, енді өздерінің шапқыншы орыстарға қарсы ұрысқа дайындалатынын, ал соларды ел үстіне жібермей, түзден тосып алатын жасақтарға қол қосам деген ел ағалары болса, адамдарын мына көштің соңынан аттандырған бойда, дереу азаматтарын жиып ат-азығымен, қару-жарағымен соларды тезірек қатарға қосуын қадап тапсырды да, дәл бүгін әртүрлі себеппен осы жерде бас қоса алмаған жақын-жуықтарға аздаған өкпе-қақпасын желеу етіп хабарсыз, үн-түнсіз жатып қалған ағайынның беткеұстарларына да дұғай-дұғай сәлем жолдады:

– Айтыңыздар бәріне... біз енді аттанысқа қам жасаймыз! – деді қатқылдау үнмен шырға сөйлеп. – Ағайын «у ішсең, руыңмен» дегенді ұмытпасын. Жасы үлкен ардақты ағаларға, жасы кіші



есті інілерге, ат жетер жердегі байлар мен бағландарға да тегіс сәлем айтыңдар! Жауға шабар жігіттерден сырты түкті, іші боқты біржар малын аямай, тегіс атқа қондырсын! Ал қалған жұртқа өздері камкор болсын! Осы бастан айтып қояйын, кімде-кім ананы кедей-кепшік деп, мынаны бейшара-байғұс деп, жоқ-жітікке көлік бермей, жаяу-жалпы жау жолына тастап кетсе, ертең ағайынның бетін көрем демесін! Көрмейді! Мен көрсетпеймін де! Осыны мықтап ескерткейсіндер! – деп, түйіліп барып тоқтады. Әсіресе, соңғы сөзі аса ызғарлы да нық шықты...

Бұл енді... осы сәттен бастап тынымсыз жортуыл күн кешуге біржола бел бұған кісінің сынайы еді. Жұрт соны ұқты. Пә, пә, бұл енді... бұрын да талай-талай жорықтарға қатынасқан, сан мәрте қалмақпен қидаласып, сан рет башқұртпен барымталасқан, олар түгілі, оғы қардай бораған от қарулы орыспен де жан алысып, жан берген небір шайқасқа кіріп, қакырғанда қан түкірген, бірақ ешқашан рухы жасып, жігері мұқалмаған мүлде басқа адамтұғын. Бұл – би Сырым емес, батыр Сырым-ды...

...Кісі қатты болайын деп қатты бола ма?.. Кісіні қатты қылатын артындағы қалың елдің қамы, жамағаттың жағдайы ғой.

Байұлының бір жуан бұтағы – Байбақтының тізгінін қолға алғалы Сырым би де мұндай үркіншіліктің талайын бастан өткеріп, соның бәрінде де тек тізгінді тастай қатты етіп ұстағаннан ғана елін аман алып шығып келе жатқан-ды. Сондықтан мұндай сәттерде қатты болмасқа амалының жоқтығын басына түспеген жұрт қайдан білсін! Оның үстіне, бұрын да жан алысып, жан берген небір шайқастарға қатынасып, талай-талай қан көрген және... әр жолы «Бұдан былай Құдай көрсетпесе екен» деп тілеген сол сұмдықты қайта-қайта еріксіз көруге мәжбүр болған адам... ол қанына қараймағанда, ол қатты болмағанда қайтпек?!.

\* \* \*

Әрине, бұл соғыс – қазақтың бұрынғы башқұртпен барымтала-суы яки қалмақпен қидаласуы секілді сыралғы соғыс емес. Жекпе-жекке шақырып, айғай салып ат ойнатып, ортаға шығу дегеніңіз де бұған мүлде жат. Ондай одағайлықты, өйтіп одырандағаныңды орыс көтермейді, оқабында отырып алып, жалғыз оқпен-ақ «тырс» еткізіп жайрата салады да, тым-тырыс жата береді бұлар. Сондықтан мұндай соғысқа аңдыспак керек, анысын андай отырып, алдын ала ойластырылған нақты амал-әрекет керек. Әйтпесе әлек болудың түк мәні жоқ! Бұл орыспен қалай соғысқым келсе, солай соғысамын деп асқақтаған талай жұрттың жүрегі шайлыққан. Талай-талай менменсінгендердің таудай көкірегі жер болған. Бір кезде



қаһарынан дұшпанының дізесі дірілдеп тұра алмайды екен десетін. Қырымның қондыкері әні... қандай күйге ұшырап отыр?! Қырық таңбалы қайран Қырымның сорлы болған ең соңғы ханы Шағын-герей атадан қалған алтын тақтан айырылғаны өз алдына, кәуірдің қолына қарап, кіріптарлық қамытын мойнына ілді емес пе? <sup>1</sup> Ал ар жағындағы Анадолының түріктерін сұрасаңыз... Айдаладағы Бөлек <sup>2</sup> деген жұрттың жерінен әскерінді әкетпей отырсың деп тиісіп, осы орыспен алты-жеті жыл арпалысқан <sup>3</sup> ол да ақыры түк бітіре алмаған соң, «ойбай, жаздық, жаңылдық» деп Күшік-Қайнарлы деген жерде бітім сұрап, әрең жөнін тапты. Содан кейін ғой Қозылы деген жердегі ұрыста түріктердің талқанын шығаратын әлгі... Суорып <sup>4</sup> деген батыр жандаралын қатын патша енді Жайық бойына жіберетіні...

...Басқа-басқа, бұл Сырым соның бәрін өз көзімен көрген... орыстармен бірге соғыса жүріп бұл елдің нендей жұрт екенін де білген; өз халқын аямаған мұндай елдің басшылары қарсы шыққан өзге жұртқа тіпті де аяушылық жасамасын да сонда сезген.

Соның бәрін көре тұра, соның бәрін біле тұра енді қазақты шабуға қарулы қалың әскер шыққалы жатқанынан күнілгері құлағдар болғанында, қалайша бұл қол қусырып қарап отырмақ? Қалайша қалың елдің – артындағы қарындас қауымның көз жасына қалмақ? Құдай бетін аулақ қылсын, әрине, бірақ ертең ел бір жаманшылыққа ұрынып қалар болса, олардың обалы ел ағасының, қам-қарекетсіз қол қусырып отырып қалған мұның мойнында өмір бойы кетпей ме?!

«Иә, дайындалу керек! Даярланбай болмайды!» – деп батыр іштей тас түйін қатайып алды. – Көп болса, «еркек тоқты құрбандық» біз болармыз. Бірақ... өлсек те, жастығымызды ала жығылып, бұлармен тек шайқасып өлу керек, тек шай-қа-сы-ып!»

### Сөз сыры

**Үркіншілік** – қуғын-сүргінге, үркінге, сергелдеңге ұшырау, яғни ауыр жағдай.

**Ұшық (ұшығы)** – бұл сөздің мағынасы көп. Бұл жерде: қауіп-қатердің белгісі деген мағынада.

**Қорыс** – бірнеше жыл бойы мал, адам аяғы баспаған қалың қопалы, қамысты жер; ну жыныс.

**Ұшпақ (ұшпаққа шығу)** – 1) діни сөз: бейіш, жұмақ; 2) бақытты өмір, шат тұрмыс. Бұл жерде: қайда барып бақытқа кенелеміз, мақсатқа жетеміз деген.

**Қидаласу** – ұрсысу, шабысу, арпалысу, жұлысу. Бұл жерде: тікелей соғыс.

**Сыралғы** – бұл жерде: бұрыннан белгілі, үйреншікті деген мағынада.

<sup>1</sup> 1783 жылы Қырым хандығының құлауын айтып отыр.

<sup>2</sup> Бөлек – поляк жұртын айтып отыр.

<sup>3</sup> 1768–1774 жж. орыс-түрік соғысы.

<sup>4</sup> Суорып – осы орыс-түрік соғысында көзге түскен генерал.





1. Шығармада қай кезеңдер сөз етіледі?
2. Үзіндіде қазақ халқының болмысы қалай көрініс тапқан?
3. Сырым би қандай шешім қабылдады?
4. Үзіндіні оқи отырып, төмендегі кестені толтырайық. Өз ойымызды білдірейік.

Шығармадан үзінді	Туындаған сұрақ	Менің ойым
– Ау, енді неғып отырмыз? ... .. кәуірдің албастыдай басып қалғанын тосып отырмыз ба?! – деп даурығысты.	Жастар неліктен ашулы? Нені тосып отыр?	
– Айтыңыздар бәріне... біз енді аттанбаққа қам жасаймыз! – деді қызылду үнмен шпырға сөйлеп. – Ағайын «у ішсен, руыңмен» дегенді ұмытпасын. Жасы үлкен адамды ағаларға, жасы кіші есті інілерге, ат жетер жердегі байлар мен бағландарға да тегіс сәлем айтыңдар!	Қайда аттанбақшы? Қандай сәлем жеткізбейші?	

5. Жастығын ала жығылу, көкірегі жер болу, бүйрегі бұру, қаны қараю, қол қусырып қарап отыру сынды тұрақты тіркестердің мағынасын мәтіндегі оқиғалармен байланыстыра отырып түсіндірейік.
6. Оқыған екі үзіндіге атау беріп, неліктен олай атағандарынды дәлелдендер. Шығармада қандай жер-су атаулары кездеседі?
7. Құтты мекен ұғымын қалай түсінесіңдер? Сызбаны пайдаланып, осы ұғымға жан-жақты сипаттама берейік.



1. Берілген роман үзіндісінде бас кейіпкер психологиясы қалай көрініс табады? Автор Сырымның қандай сезімдерін алдыңғы орынға шығарған?
2. Сырым – тәуекелшіл әрі мінезі қатты кейіпкер дегенге келісесіңдер ме? Өз ұстанымдарына шығармадан дәлел келтіріңдер.
3. Автор көтерген мәселенің астарында қандай түсінік жатыр? Жұп болып талқылаңдар.
4. Жазушы үзіндіде қандай көркемдегіш құралдарды қолданған? Топпен талқылайық.
5. Көшпелі халықтың тағдыры сендерді қандай ойға жетеледі? Өз пікірімізді білдірейік.
6. «Ал бүкіл ғұмыры аттын жалы, түйенің қомында, ылғи жауершілікпен өтіп келе жатқан...» деу арқылы автор нені мензеді? Тарихпен байланыстырып, дәлелдер ұсынайық.
7. «Ал қазір... қай жағына көз жіберсе де ойраны шығып жапырылған қоға... жайпалған шөп... жығылған, қираған нар камыстар...» деген автор стиліне сүйене отырып, Сырым би кезенін сипаттап жазайық.





1. Төмендегі кестені қолданып, Сырым биің портретін жасайық.



2. Сендер қай Сырымды жандарына жақын көресіңдер? Сырым би ме, әлде Сырым батыр ма? Неліктен? Ойымызды мысалдар келтіре отырып дәлелдейік.



1. «Ата-бабадан қалған күйкалы қоныс, кара жұртты тастай қашқанда, қайда барып ұшпаққа шықпақпыз?!» деген жолдардағы кейіпкердің ішкі жан күйзелісіне ортақтасып, кейіпкерге жұбату хатын жазыңдар.
2. Қазақ әдебиетіндегі құтты қоныс, киелі ел, қасиетті мекен ұғымдарын салыстыра талдап, мысалдар келтірейік.
3. «Елімізден құт-береке қашпасын десек...» деген тақырыпта шағын сыны мақала жазайық.

## Генерал-поручик барон Игельстром

### Тірек сөздер:

- ✓ Уфа қаласы
- ✓ мәселелер
- ✓ шатақ
- ✓ барымта-қарымта
- ✓ әскер
- ✓ жазалау
- ✓ әдіс
- ✓ шұғыл тапсырма

Уфа және Сіңбір (Симбирск) әкімшілік аймағына жаңадан тағайындалған наместник – генерал-поручик барон Игельстром сонау Санкт-Петербургтен қыстың аяғы, көктемнің басында аттанғаннан, Мәскеу, Қазан шаһарлары арқылы екі айдан астам мехнатты жол шегіп, шаршап-шалдығып, жер дегди бастаған кезде ғана өзі басқарғалы отырған аймақтың басты қаласы Уфаға әрең жеткен-ді...

...Барон өзінен бұрынғы талай генерал-губернаторлар отырып кеткен үш қабатты сары тас үйдің екінші қабатындағы, терезелері көше жақ бетке қараған абажадай кең кабинетке келіп жайғасқаннан-ақ, ең алдымен, дәл осы

танда Уфаның правительі қызметін атқарып отырған генерал-майор Александр Александрович Пеутлингті шақыртып, ол келісімен қысқа ғана ресми таныстықтан соң, бірден әлгі мәселелердің жай-жапсарына көшті:



– Александр Александрович, Сыртқы істер Коллегиясындағы чиновниктердің айтуына карағанда, бізге қарасты шегара шептерінде қазір шапқыншылық күшейіп тұрған сияқты, – деді шытыңқы қабағын ашпастан. «Бізге қарасты» деген сөзге әдейі салмақ сала сөйлегені: «Бүкіл іске жауап беретін мен, яғни наместник болғанмен, нақты бұл шегара шептері құрамына Орынбор облысы да кіретін Уфа наместничествосының әкіміне, мына Сізге тікелей бағынысты жерлер екені есіңізде болсын!» – дегенді арнайы аңдатқаны еді.

– Әсіресе... – деді сонсоң сәл кідіріп барып, – қырғыз-қайсақтар мен Урал казак әскерлерінің арасы өте жаман деседі. Бұл қалай? Дәл осындай хат-хабарлар Мемлекеттік Әскери Коллегияға да көптеп түскен екен. Мен осылай қарай аттанарда Его светлость Григорий Александрович Потемкин шақырып алып, өзінің осындай жағдайларға байланысты қырғыз-қайсақтарға қарсы репрессалия<sup>1</sup> жасауға рұқсат еткенін де ескертті. Айтыңызшы, генерал, мұндай шатақтың шығуына не түрткі болып отыр? Бұл пәле неден туындады деп ойлайсыз, Сіз? Және шегаралардағы қазіргі ахуалды да коса баяндағаныңыз мақұл болар еді.

– Мархабат, Ваше высокопревосходительство! – деп, генерал Пеутлинг сымдай тартылып тұра қалды. Әдетте, ұзын-тұра кісілер созаландаған, сылбыр келуші еді, генерал-майор Пеутлинг серейген бойына карамастан, кәдімгі әскери адамдарға тән сыптай формасын жоғалтпаған, әбжіл қимылды адам екен. Шапшаң қозғалып, қабырғада ілулі тұрған Уфа және Сінбір әкімшілік аймағының картасы қасына барды да, әскери тәртіп бойынша өз ойын нақпа-нақ баяндай бастады:

– Шалғайда жатқан шегара шептеріндегі жағдай туралы айтар болсақ, Ваше высокопревосходительство, шептің екі бетінде бірдей көшіп-қонып жүрген бұратана жұрттар – мына бергі беттегі башқұрттар мен қалмақтар да; анау беттегі қырғыз-қайсақтар да қашаннан бір-бірімен қысқа күнде қырық рет қырқысып, өмір бойы атысып-шабысып келе жатқан елдер екенін, ең алдымен, есіңізге салып қойғаным жөн. Бізге бодан болғаннан кейін бұлардың барымта-қарымтасы бұрынғыға карағанда біршама саябыр тапты дегенмен, шындығына келгенде күні бүгінге дейін оның пәлендей толастаған ештеңесі жоқ және жуық маңда толастар түрі де көрінбейді. Тек, Құдайға шүкір, екі Жайық секілді... Ғафу өтінем, Ваше высокопревосходительство! – Урал секілді үлкен де арналы өзен ағып жатқан

<sup>1</sup> Репрессалия (халықаралық құқық термині) – басқа мемлекеттердің заңсыз әрекеттеріне жауап ретінде шара қолдану және шығынды өндіруге мәжбүрлеу (ред.).



соң ғана амалсыз іркілетіндері бар. Әйтпесе әлдеқашан бірін-бірі түтіп жеп қояр ма еді бұлар, әлде қайтер еді.

Міне, өмір бойы өзара өштесіп келе жатқан осы бодандарымыздың бір-біріне толассыз шапқыншылық жасауына жол бермеу үшін, сондай-ақ өзіміздің шеп бойындағы бекіністеріміз бен форпосттарымыздың <sup>1</sup> қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қамалдар мен қорғандарда орналасқан тұрақты әскерге қосымша, мына Рассыпнойдан <sup>2</sup> бастап, Уралдың Каспий теңізіне құяр тамағына дейін, бүкіл шептің күзетінде мыңдаған иррегуляр <sup>3</sup> әскер тұр. Оның дені башқұрттар мен мешерлер. Аздаған қалмақ та бар. Ал негізгі ұйытқысы – Урал бойының байырғы казак-орыстары. Жалпы атпен әлгінде өзіңіз айттып отырған «Урал казак әскерлері» дегеніңіз осылар...

– Генерал мырза... маған Урал казак әскерлері дегеннің не екенін ұзақ-сонар түсіндіргеннен гөрі, шептің екі бетінде бірдей көшіп-қонып жүрген осы бодандарымыздың тыныш, бейбіт өмір сүруіне ықпал етуге тиіс, яғни өзіңіз айтқандай, «өмір бойы өзара өштесіп келе жатқан екі жактың бір-біріне шапқыншылық жасауына жол бермеуге тиісті» – сол Урал казак әскерлері оларды тыныштандырудың орнына, арғы бетте жайымен жүрген қырғыз-қайсақтармен өздері неге қырықпышақ болып отыр, неліктен олардың арасы қазір өте шиеленісіп кеткен? Міне, осы сауалдардың жауабы керек. Сол туралы нақтырақ айтсаңыз, – деді генерал-поручик қатқыл үнмен.

Жаңа келген бастығы өзін барынша әдепті де байсалды ұстағанмен, шытыныңқы қабағы мен үніндегі ызғардан ар жағында ауыр зіл жатқанын аңдаған Уфа наместничествосының правителі генерал-майор Пеутлинг мүдіріп қалып:

– Ғафу етіңіз! Өзім де соны айтқалы жатырмын... – деді пәс үнмен...

Мынау бергі беттегі башқұрттар немесе қалмақтар, анау арғы беттегі қырғыз-қайсақтарға яки, керісінше, арғы беттегі қырғыз-қайсақтарға бергі беттегі башқұрттар мен қалмақтардың біріне барымта жасай қалса, зәбір көрген жак дереу, ізі суымай тұрып қарымта қайтаруға ұмтылады да, екі ара мүлде ушығып кетпес үшін екі жактың бір-біріне кезекпе-кезек қырғын жасауына жол бермей, араға тұрып алған Урал казак әскерлері екі ортада жама-натты болып шығады... Содан келеді де бұларға наразы жак: «Әне... бұлар қанды қол қаракшыларды қанатының астына алып әдейі қорғап отыр» – деп, енді кеп орыстарға өшігеді. Хуторларды, ста-

<sup>1</sup> *Форпост* – әскери қорғаныс (ред.).

<sup>2</sup> *Рассыпной* – Жайықтың жоғары жағындағы бекініс.

<sup>3</sup> *Иррегуляр* – тұрақты ұйымдастырылмаған, жүйелі құрылмаған әскер (ред.).





ницаларды тонайды. Форпосттар мен бекіністерге шабуыл жасайды. Бұған ыза болған Урал казак-орыстары қашанғы шыдасын... олар да көтеріледі бір күні... Бұлардың көтерілгені, әрине, тіпті жаман! Өйткені, біріншіден, бұлар тұрақты әскерге арқа сүйейді; екіншіден, ылғи да қырға жеңіл зеңбіректер ала шығып, көшпенді елдің күлін көкке ұшырып, іргесін біржола қопарып кетеді. Рас болса, соңғы жылдары тіпті Үкімет рұқсат еткен репрессалия шараларын сылтау етіп, кінәлілерді ғана жазалау үшін жіберілген ондай отрядтардың кейбіреулері түк кінәсі жоқ қырғыз-қайсақтарды тып-типыл ғып тонап, мал-мүліктерін сыпырып әкеткен деседі....

Әрине, қырғыз-қайсақ секілді тарпан мінезді, тағы ел мұндай қорлыққа өлсе көне ме? Көнбейді! Кек қайыруға қайта шығады. Атыс-шабыс, алашапқын, өштесу, есе қайтару, шауып кету, қысқасы – үздіксіз жаулық жолы... Міне, осылай жалғасын табады...

– «Айдап әкетсін, байлап әкетсін!!!» Сонда сіздер не бағып отырсыздар, генерал?! Неге, ең болмаса қырғыз-қайсақтардың ханына немесе ұлысбасы сұлтандарына хат жазып, қолды болып кеткен отандастарымызды қайтаруды талап етпейсіздер?..

– Ваше высокопревосходительство! Бұл бұратаналардың ханына да, сұлтандарына да хат жазудан кенде емеспіз. Бірақ одан ештеңе өнген емес, өне қояр түрі де көрінбейді. Сондықтан болар, өзіңізге дейін өлкені билеген генерал-губернаторлардың қай-қайсысы да «заң-зәкүн» дегенді білмейтін бұл басурмандарды <sup>1</sup> басқарудың бірден-бір жолы – оларды қарудың күшімен қалтыратып ұстап отыру ғана; ал көнбегендерінің басын қағып тастау керек» деген... Күні бүгінге дейін біз де сол әдісті айнытпастан қолданып отырғанымызды айтсам, оны айып етпессіз, Ваше высокопревосходительство!..

<sup>1</sup> Басурман – бұл жерде: мұсылмандарды, яғни қырғыз-қайсақтарды (қазақтар) айтып отыр (ред.).



– Кызык! Га-жа-а-ап!!! – Бағанадан бері байсалды калпынан танбаған Осип Андреевич Игельстромның жүзі кенет сұп-суық ызғар шашып, түнеріп кетті де, қатты шамырқанғандағы әдетімен маңдайы кып-қызыл болып күреңітіп шыға келді. – Ғаж-жа-ап! – деді сонсоң тағы да басын шайқап. – ...Өзіңіз айтқан әлгі әдістеріңіз осы уақытқа дейін өлке бастықтарының баршасының – «күллі генерал-губернаторлардың» сынынан өткені анық болса, неғып өзін-өзі ақтамай отыр? Неге атыс-шабыс тоқтамайды? Неге тыныштық орнамайды? – ???

– Жарайды, кыргыз-кайсақтардың башқұрттар мен калмақтарға не себепті өшігетінін біршама дұрыс түсіндірдіңіз делік. «Барымтаға қарымта жасайды екен... Есе қайырмай, еш уәжге көнбейді екен...» Хош!!! Ал сол башқұрттар мен сол калмақтар әуелде арғы бетке қалай өтіп кетіп жүр, генерал? Өтіп кеткендерімен қоймай, қалайша емін-еркін барымта жасап жүр? Қалай??? Өзіңіз айтқандай, Урал казак әскерлерінің ең басты міндеттерінің бірі – екі жақтағыларды да бір-біріне барымта жасауға, қактығысқа жібермеу болса, неғып олар барымтаға бара жатқан башқұрттар мен калмақтарды «көрмей қалады, білмей қалады?!»

– Әлбетте, Ваше высокопревосходительство! Честь имею... Егер әңгіменің ашығын айтар болсам, біздің бұрыннан келе жатқан бодандарымыз – башқұрттар мен калмақтар үнемі болмағанмен, кыргыз-кайсақтарға ауық-ауық жасырын жортуыл жасап тұратыны, оны Урал казак әскерлері де шеп бойындағы бекіністер мен форпосттардың бастықтары да алдын ала біліп отыратыны және бұл істің жеңуінен баяғыдан бері астыртын жалғасып келе жатқаны осы өлкедегі қызметіне енді ғана кіріскелі отырған Сізден басқа жұрттың бәріне де аян. Бұл бұратаналарды осылайша бір-біріне айдап салу, бір-біріне барымталау – оларды өзді-өзі өшіктіріп қоюдың амалы ғана емес, сонымен бірге олардың зәбір көрген әлсіздеріне арқасүйер пана іздеттіріп, амалсыз алдымызға келтірудің, сөйтіп олардың қай-қайсысын да бірте-бірте жуасыта бастаудың бір әдісі ретінде бұрыннан қарастырылып келген және күні бүгінге дейін солай етіп отырғаны да шындық. Ал тек барымтаның өзі туралы, неге оны біржола тыйып тастауға болмайтындығы жөнінде айтар болсақ, біріншіден, ол – Урал казак әскерлерінің де, шеп бойындағы күллі бастықтардың да екі арада олжа тауып отырған ең басты табыс көзі; екіншіден, «бұл бұратаналардың тіл табысып, тату-тәтті тұрып кеткенінен гөрі, араларында қандай да бір кикілжіңнің ұшығы қалай да сақталғаны – Империя мүддесі үшін теріс іс емес» деген Сыртқы істер Коллегиясының елемеуге болмайтын ескертпесі бар... Бұл – біз ойлап тапқан жаңалық емес, Орынборды он алты жыл



билген баяғы Иван Иванович Неплюев заманынан бергі күллі генерал-губернаторлардың қолданып келген әдісі, Ваше высокопревосходительство!..

– Міне, міне... мәселе қайда жатыр? Дәл осындай кілттипанның барын өзім де сезіп, бағанадан бері шұқшып отырғанымның себебі де осы еді...

...Келесі күндері ол басты назарын әкімшілік-аймақтың губерниялар аралық ішкі мәселелеріне, ресми қарым-қатынастарына аударып еді... Бакса, бұл өлкелердің біраз шаруасы Ұлы мәртебелі Императришадан кейінгі осы аймақтың ендігі Бас пәсі – өзіне, яғни жанадан тағайындалған наместниктің келуіне қарап, қантарылып тұрып қалған екен. Бір жақсысы, шешімін күтіп жатқан ондай істердің қай-қайсысы да өлке бастығының керекті құжаттарға қол қоюымен немесе наместниктің бұйрық-жарлықтарымен, соған сәйкес әртүрлі мекемелердің бір-біріне жолдайтын хаттары мен қатынас қағаздары арқылы реттелетін шаруалар болып шықты. Осип Андреевич ондайға әу бастан-ақ аса көп таршылық жасамайтын алды кен адам-ды. Әлдекімдерге ұқсап қол қойғанына да бәлденіп, бәлсініп жатпаушы еді; бұ жолы да істің ілгері жылжып кетуі үшін тоқырап тұрған кез келген мәселені барынша тез шешіп жіберуге тырысып-ақ бақты. Соның аркасында күллі аймақтың жұмысы аз күнде арнасына түсіп, енді өзі де қалыпты тірлік кешерліктей сәт енді-енді туып келе жатқандай болатын. Ойда жоқта... бір суық хабардың бұрқ ете түскені!

...«Қырғыз-қайсақтар Қызыл бекінісінің шолғында жүрген шикетін (шағын шолғыншы топ) ұстап алып, он адамның екеуін өлтірген де, бір казак пен жеті башқұртты жәсір (тұтқын) еткен. Мұны алыстан көріп, ізінен тұра қуған Таналықтың коменданты майор Рештейнердің отрядын жан-жағынан қоршап алып, оның өзін және бір капралды; қамалдан ертіп шыққан тұрақты әскердің он алты солдатын; жәрдемге келген көршілес казак станицасының атаманы Овчинниковты; оның қасындағы 21 казак пен 40 башқұртты қоса тұтқындаған. Аман құтылғандардың айтуына қарағанда, біздің адамдар аянбай-ақ шайқасқан екен, бірақ амал не, жеңіс бақыты бұл жолы қырғыз-қайсақтарға бұйырып, шайқас болған жерде шашылып қалған жетпіс шақты жаралыларға қоса, 28 адамымыздың өлігін жинап алып қайтудан басқа ләж болмады. Таналық қамалы қаңырап тұр! Әрі қарай не істейтінімізді нұсқауларыңызды күтеміз.

Генерал-майор Я.М.Зенбулатов », – деп Орынбор Шегара істері жөніндегі экспедициясының бастығы шолақ хат жолдапты.

Бұрқ еткен ашудан барон жарылып кете жаздады:



– Маскара! Қас маскараның нағыз өзі ғой, мынау!!! Генерал Пеутлинг, қалайда таңертең жолға шығып кетуіміз керек! Соған байланысты тиісті адамдарға осы бойда шұғыл тапсырма беріңіз! – деді. Уфаның правителін түн ішінде шақыртып алған Игельстром, оған мойын бұрғызбастай қатқыл үнмен...

### Сөз сыры

**Дегду** – құрғау, кебу, сорғу.


**Әбжіл** – іске епті, қимылы ширақ, икемді адам деген.

**Ізі суымау** – көп кешікпеу, ұзаққа созылмау, ұзақ уақыт өтпеу.

**Жаманатты болу** – ұятқа қалу, абыройсыздыққа ұшырау, жеккөрінішті болу.



1. Үзіндідегі негізгі ойды анықтайтын тірек ұғымдарды табайық.
2. Оқыған үзіндіге сендер басқа қандай атау берер едіңдер?
3. Барон Игельстромның көңіл күйін төмендегі графикаға түсіріп, мінез ерекшеліктерін түсіндірейік.



1. Генерал- майор Пеутлингтің: ... «заң-зәкүн» дегенді білмейтін бұл басурмандарды басқарудың бірден-бір жолы – оларды қарудың күшімен қалтыратып ұстап отыру ғана» деген көзқарасына не себеп болды деп ойлайсыңдар? Осы пікірге қатысты ойларыңды жеткізуде төмендегі алгоритмді қолданыңдар.

Менің ойымша, ...

Себебі...

Мынадай ... мысалдар арқылы дәлелдеймін.

Мысалдарға сүйене отырып, мынадай ... қорытынды шығарамын.

2. «Әрине, қырғыз-қайсақ секілді тарпаң мінезді, тағы ел мұндай қорлыққа өлсе көне ме? Көнбейді!» деген кейіпкер сөзі арқылы автор нені мензейді? Өзіндік талдау жасайық.



3. Сол замандағы қазақ халқының бейнесін танытатын үзінділерден дәлелдер келтіру арқылы автор көзқарасын талдайық.



Төмендегі кесте арқылы үзіндіде кездескен кейіпкерлерге салыстырмалы мінездеме берейік.

Кейіпкерлер	Мақсаты мен іс-әрекеті	Қырғыз-қайсаққа көзқарасы	Үзіндіден мысал
Игельстром			
Пеутлинг			



- «Бұл бұратаналарды осылайша бір-біріне айдап салу, бір-біріне барымталау – оларды өзді-өзі өшіктіріп қоюдың амалы ғана емес, сонымен бірге олардың зәбір көрген әлсіздеріне арқасүйер пана іздеттіріп, амалсыз алдымызға келтірудің, сөйтіп олардың қай-қайсысын да бірте-бірте жуасыта бастаудың бір әдісі ретінде бұрыннан қарастырылып келген...» деген үзіндіге қатысты өз ойымызды білдірейік. Тарих пәнінен алған білімімізді пайдалана отырып, осы саясаттың қаншалықты жүзеге асқан-аспағандығын нақты фактілер арқылы дәлелдейік.
- Аталған романды өзіміз оқыған өзге де тарихи шығармалармен салыстыра отырып, тарихи-танымдық тұрғыдан баға берейік. *Үлгі :*

Қ.Мұханбетқалиұлы «Тар кезең» романы	І.Есенберлин «Қаһар» романы
Негізгі идеясы	
Кейіпкерлері	
Оқиға орын алған кезең	
Түйін ойы	

### Айқас

...Байбақты Сырым бастап, көптеген жана-шыр ағайын риясыз қостап, Жайық бойының әр жерінде-ақ атты казактардың талауына түскен елдің өртенген намысы мен қайнаған кегі үшін әбден ашынып, атқа қонған Алаш баласы осы жолы орыс шебіне ойранды мықтап салғаны растағын. Түу өрдегі Таналықтың төңірегін бір тарының қауызына сыйғызғандай қылып, тас камалға қуып тыққан олар, қарақұрым мал мен қаптаған жәсірді шұбыртып айдап, бұл кезде ел шетіне де жақындап қалған-ды...

Ал осыдан он шақты күн бұрын... осы қарақұрым қалың қол сол Жемнің жоғары жағын-

#### Тірек сөздер:

- ✓ сарбаздар
- ✓ елсіз, иен дала
- ✓ шешуші сәт
- ✓ ту көтеру
- ✓ қылыштасу
- ✓ қою түтін
- ✓ жанталас
- ✓ айғай
- ✓ намыс
- ✓ тұтқынға түсу
- ✓ жап-жас өскін



дағы біраздан бері коныстанып жатқан жерлері – Жанабұлақ пен Шұбаршиден кенет дүрк көтеріліп, өзенді өрлей тіп-тіке терістікке қарай тартқанда, қатардағы сарбаздар қайда бет алғандарын ұқпай да қалған-ды...

Жүрістері тым суыт. Бес мыңға тарта ауыр қолдың алдында Байбақты Сырым, Табын Барак пен Тіленші, Шекті Көтібар... Оларға ілесе іркіс-тіркіс келе жатқандар: Елек бойындағы Тамалардың ел ағалары – ағайынды Қадыр мен Садыр, бес Сұлтансұңқтың белгілі батырлары: Маскар Дөнен; Алаша Өтеулі; Қызылқұрт Жанбай мен Жабан; Тана Сұлтанәлі; Табын Құламан, Таламан, Жарас, Көней және Сырымның өз ағасы Атантай батыр мен бөрідей-бөрідей інілері: Жандыбай, Барлыбай, Қалдыбайлар... Жорықшылар алға шолғыншы салып қойып, ылғи елсіз, пен даламен тынбастан жорытқан-ды...

\* \* \*

...Кіл Сұлтансұңқтың басты-басты адамдары, басы Сырымның өзі болып, қас қарайып бара жатқан кезде салт атпен сай бойын біраз аралаған. Әр жерде кідіріп, жүзбасы жігіттермен сөйлесті. Пікірлерін тыңдады.

Сөйтсе... Жандыбай тентек Дөнен батыр айтқандай, әншейін «қиқайып»... жатып алмапты. Бес жүзге тарта мергенді бес топқа бөлген. Әрқайсысының арасына екі-үш арқан бойы жер қалдырып, жағалай сай жиегіне жатқызған. Әр топтың ат-көлігі әні... – өз тұсында, сай табанында матастырулы тұр. Жігіттер жатқан күйінде атысса да, атқа міне салып қаптама шабуылға шыға тура келсе де ұрымтал тұсқа жайғасыпты. Көңілдері көтеріңкі... көздері жайнап, осы қазір аттанса да жауды жапырып жіберердей, әрқайсысы-ақ жаландап, ерлікке сұранып тұр...

...Құдай қаласа, шешуші сәт те тақап қалған сияқты.

Екі ара жакындаған сайын бағана көз ұшында бұлдырап келе жатқан казак-орыстардың сұлбасы да айкындала түсіп, қолдарындағы бұлғалақтаған жалаң қылыштарының сұп-суық жаркылына дейін анық көріне бастапты.

Батыр міз бағар емес. Қарсы алдына қасқая қарап, басындағы болат дулығасын қарс жабылған қабағына түсіре киген күйі, жауар бұлттай түнеріп тұр. Бетінің түгі сыртына теуіп кеткен. Әншейінде де ересен ірі кісі, буырканып-бұрсанып алған қазіргі сәтте жүзіне тіке қарауға жан шыдамастай түтігіп, томай құлақ түйедей торы аттың үстінде ертегінің алыштарынша алшынып отыр.

Казак-орыстар кикү салып, жалаң қылыштары жарк-жүрк, ағызып келіп қалыпты. Бағана көз ұшында құлдырап келе жатқанда-ақ батырдың бір байқағаны: көсіле сілтеген мына шабыс – салт



аттыларға ғана тән шабыс секілді еді. Расында, солай екен. Сонда-рында сүйретпесі жоқ болып шықты.

«Бердің Құдай тілекті!!! Тәуба, тәуба, тәуба...» – деді ол осымен әлденеше мәрте іштей мінажат етіп.

Сонсоң:

– Қамданыңдар! – деді қасындағыларға, сұп-суық үнін өзгертпестен. – Сұлтансың балалары, ұрысқа өзіміз бірінші кіреміз!

– Сөзіңіздің садағасы, батыр... «Аттан!» десеніз, артыңыздағы аламан атылуға дайын тұр, – деді Маскар Дөнен.

Қолбасы сәл кідірген.

Атты казактармен арада бір шақырымдай ғана қалғанда:

– Ал көтеріңдер туды! – деді батыр ерекше бір жігерлі үнмен. – Көтеріңдер! Көрсін жұрт туды!

Күллі Сұлтансыңқа ортақ күрең қызыл ту тік көтеріліп, жалындай желбіреуі мұң екен, іле арт жактан:

– Ат-та-а-ан! Аттан!!! – деген айғай жерді жарып жібере жаздады. Сол-ақ екен, дүн-дүние кенет дүрілдеді де кетті.

Дүсірлеген мың сан ат тұяғының дүбірінен кара жердің өзі қалтыранып, біразға дейін безгек жандай дірдек қағып еді. Бірақ оны елер ешкім болған жоқ. Ер үстіне еңкейе түсіп, карағай сапты найзаны еміне ұмсынған жігіттер алдындағы дұшпаннан өзгені мүлде ұмытқан. Ештеңе көрмейді, ештеңе естімейді. Екі құлақ таскерен.

Сол күйі карама-қарсы ағызып келіп айқаса кеткен екі жақтың алдымен кару жұмсағаны казактар еді. Ұзын сапты найза мен қылыш сілтемек болған казак-орыстарды ә дегенде-ақ как айырып, жарып өте шыққан. Алайда өлген-тірілгендеріне карамай, қайта топтасып, қайыра ұмтылған казак-орыстар әрі-беріден соң мидай араласып кетті де, екі жақ та амалсыз қылышка жүтіністі. Алпамсадай денесін бадана көзді ақ сауыт қылыштан берік қорғайтынына бек сенімді Сырым. енді тіпті еркін кимылдап, үзенгілес серіктерімен жаудың қалың ортасына қайта-қайта қаймықпай кіріп, талайын жер жастандырған. Ет қызуымен жүргенде едәуір уақыт өтіп кетіпті. Бір кезде:

– Батыр, атты казактардың артқы легі де толық келіп болды! Шегінбейміз бе?! – деген Маскар Дөненнің даусынан өз бұйрығы есіне түсіп, бойын жиып алды. Сол-ақ екен:

– Шегініңдер! Шегін, шегін... Арттағы сайға қарай!!! – деді бар даусымен айғай салып. Өзі де шетке қарай ығыса берген. Мұны көрген жұрт та зың-зың-ң қылыш сілтесе жүріп, әлгі айтылған сайға қарай зымырай жөнелісті.

– Қаш-ты-ы-ы! Қашты, әне, казактар! – деп ду ете қалған казак-орыстар боктық пен ызалы кекесіндерін араластыра айқайлаған



күйі сондарынан кикүлай салған. Әсіресе артқы жеткен лек: «Біз кашырдық! Бізден қорқып кашты!!!» – деген оймен екпіндей түсіп, түйдек-түйдегімен құйылып келе жатқан болатын. Кенет...

...Гүрс те гүрс!!!

Тарс та тарс!

Бүрк-бүрк еткен коп-қою кара түтін... Қабырғадан қақырата соккан кара бұршақ естерінен тандырды да жіберді.

Патыр-патыр мылтық атылған сайын мұрттай ұшқан адам. Біреулер ат-матымен омақаса құлап жатыр. Аяғы үзенгіден шықпай қалып, шұркырай кісінеген ат қапталында сүйретіліп жүрген де каншама... «Құдай-ау, не боп қалды?!» – деп, естерін жинай алмай жатқан жұрттың бір-біріне карауға мұршасы жоқ. Қардай бораған октан кара бастарын қалай сақтарға білмей жанталасуда. Сөйтіп жүріп тұрақты әскерде қызмет еткен кейбіреулерінің басына: «Апыр-ау, бұ қазақта қаптаған мылтық қайдан жүр және оны «караколе-мен» атуды қай опасыз үйретті екен бұларға?!» – деген жаман ой жылт етіп келеді де, лезде жоқ болады. Жок болмай қайтсін, түтеген мылтық оғы толассыз борап, ес жиғызар емес.

Ол – ол ма, бір кезде жер-көкті тітіреткен ұлы сүрен айғай шығып:

– А-ла-а-аш! Алаш!!! – деген үн аспан астын жанғырықтырған.

«Бұл не айғай тағы?» деп казак-орыстар жан-жакқа көз салса, Құдай сактасын, ана сайдан да аңыздап келе жатқан казактар; мына жырадан да шыға кеп ұмтылған казактар... құйындай ұйтқып, құйышып келеді. Құйттай кідірсе, бұларды түгелімен тұтқынға түсірмек.

Есін жиып алған егде казактар: «Қамалға-а-а!!! Қамалға қарай кашындар!» – деп, қасындағыларға жан ұшыра айғай салып, іле өздері де аттарын борбайлай жөнелген. Қамал коменданты майор Рештейнер майдан аланынын как ортасында жалғыз өзі әрі-сәрі бір күйде тұрды да қалды. Мыналармен бірге кашайын десе, намысы құрғыр жіберер емес...

Не істеу керек?! Не істеу керек?!

Дағдарып тұрғанында, екпіні тау жығардай бір қалың топ әлденеге:

– Стақан! Ста-қа-а-ан!!! – деп айқайға басып келіп қалған. Кенет сарт етіп кеудесіне орала кеткен нәрсенің не пәле екенін аңдағанша, ат үстінен төңкеріліп түскенін бір-ак білді.

Ар жағы бұлынғыр!

Басы мең-зен...

Есін шала жиса, түбіт нек бір жап-жас жігіт мұның екі қолын кеудесіне қоса арқанмен сірестіре буып, шандып байлап жатыр.



Мәңгіріп отырғанда ойына келгені: «Е-е, күркетауық көп ойланамын деп, көжеге катық боп кетіпті» деуші еді. Сол рас екен ғой!» ғана болды.

...Шынында да, майор Рештейнер кейінірек, өзіне-өзі әбден келесін барып бір-ақ білді ғой... жүз қаралы адаммен бірге бұл да тұтқынға түсіпті. Тұтқындаған – Табындар, әлгі «Стақан! Стақан!!!» боп естілген солардың «Тостаған!» дейтін ұраны екен. Ал өзін байлап алған түбіт иек бозбала – сол Табынның атакты батыры Сатыпалдыұлы Барактың Асау атты әлі жиырмаға да толмаған жап-жас өскіні болып шықты...

### Сөз сыры

**Риясыз** – шын ықыласпен, адал жүрекпен, яғни қалтқысыз, бүкпесіз, шынайы.

**Ұрымтал** – 1) жақын, жуық, таяу; 2) қолайлы, ыңғайлы. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

**Томай** – түймедей, кішкентай.

**Мінажат** – *дини* сөз: Құдайға сиынып, жалбарыну, құлшылық ету, ғибадат ету.

**Сүрен** – 1) айқай, шу; 2) ұзақ. *Бұл жерде:* өте созылыққы айғай деген.

**Өскін** – жасөспірім, жеткіншек, жас жігіт.



1. Осы үзіндінің өзге мәтіндерден ерекшелігі неде деп ойлайсындар?
2. «... әлгі «Стақан! Стақан!!!» боп естілген солардың «Тостаған!» дейтін ұраны екен», – дейді автор. Ұран не үшін керек? Қазақ тарихынан белгілі қандай ұрандарды білесіндер?
3. «Недіктен?» деп басталатын сұрақтарға жауап бере отырып, үзіндідегі кейіпкерлерге мінездеме берейік.

Алаш баласы атқа қонды.	Рештейнер: «Е-е, күркетауық көп ойланамын деп, көжеге катық болып кетіпті» дегенді есіне түсірді.
<b>Недіктен?</b>	
«Бердің Құдай тілекті!!! Тәуба, тәуба, тәуба...» – деді ол осымен әлденеше мәрте іштей мінажат етіп.	Қамал коменданты майор Рештейнер майдан аланының қас ортасында жалғыз өзі әрі-сәрі бір күйде тұрды да қалды.



1. Романға композициялық талдау жасап, тобымызбен ақылдаса отырып әр бөлімге атау тауып жазайық.



2. «Қарсы алдына қасқая қарап, басындағы болат дулығасын қарс жабылған қабағына түсіре кшген күйі, жауар бұлттай түнеріп тұр.



Бетінің түгі сыртына теуіп кеткен. Әншейінде де ересен ірі кісі, буырканып-бұрсанып алған қазіргі сәтте жүзіне тіке қарауға жан шыдамастай түтігіп, томай құлақ түйедей торы аттың үстінде ертегінің алыптарында отыр», – деген батыр портретін жасаудағы авторлық шеберлікке талдау жасайық.



1. Оқыған үзінділердегі кейіпкерлер болмысына үніле отырып, оларға салыстырмалы сипаттама берейік.

	Қандай?	Не істеді?	Шығармадан дәлел келтіру
Сырым батыр			
Игельстром			
Казак-орыстар			
Сұлтаншық батырлары			

2. «Тар кезең» романын өзімізге белгілі зар заман ақындарының өлеңдерімен салыстыруға бола ма? Осы шығармалар арасында қандай да бір идеялық ортақтастық бар ма? Ойымызды мысалдармен дәлелдейік.



1. Оқыған үзінділерді салыстыра отырып, аталған үзіндідегі Сырым мен оның жанындағы батырлардың әрекетіне баға берейік.
2. Роман кейіпкерлерінің образына ене отырып, таңдаған эпизод бойынша сценарий дайындап, сахналық көрініс қояйық.

## Талқы

### Тірек сөздер:

- ✓ жиын
- ✓ қабылхана
- ✓ бетіне басу
- ✓ басыбұзық ел
- ✓ қыра беру
- ✓ бодан жұрт
- ✓ мейірбан

Уфа және Сіңбір әкімшілік аймағының құрамына кіретін Орынбор уәлаятының оқыс оқиғаға байланысты істің мән-жайын анықтауға арналған үлкен жиынға Ұлы мәртебелі патшайымның наместнигі, генерал-поручик Игельстром жан-жақтан барынша көп адам шақыртқан болатын. Бас-аяғы бір аптаның ішінде жнылып болған жұрт дәл айтылған күні, белгіленген сағатта осы өлкені он алты жыл билеген баяғы құпия

кенесші Иван Иванович Неплюев марқұм салдырған сарайда, сондағы губернатордың қабылханасында бас қосты.

Талқыланатын негізгі мәселе күнібұрын хабарланған: Таналық секілді мықты камалдың оқыстан шабуылы турасындағы шатақ әңгіме еді...

...Генерал-губернатор өзін барынша байсалды ұстағанмен, сырты ғана сыпайы, ал іші ызғарлы екені енді ғана байқалды жұртқа. Әскери адамдар еріксіз бойларын жиып алған. Басқосуға қатысып отырған былайғы жұрт: «Не, әскерде осындай тәртіп талап етілмесе, бола ма?! Жай тірлікте де «бақпасаң – бала кетеді... Оның қасында



бұл – әскер ғой!» – десіп, генерал-губернатордың мұнысын да мақұл көріп, ұнатып отыр.

Әлгінде генерал-губернатор: «Обер-комендант мырза!» – деп өзіне мойын бұрып тіл қатқаннан-ақ, сөзді тікесінен-тік тұрып тыңдаған генерал-майор Зенбулатов бұл жаққа әбден сүйексінді болып кеткен дағдылы істің осыншама түсініксіздік туғызғанына, бір жағынан, таңырқаса; екінші жағынан, жаңадан келген наместниктің мынадай аңғал сауалынан кейін оның ит арқасы княндағы қырғыз-қайсақтармен шегаралас өлке – Орынбордағы жағдайды онша біле бермейтінін байқап, соны мына отырған жұрттың бәрінің көзінше бастығының бетіне басқысы келгендей, біртүрлі қыржия сөйледі:

– Ваше высокопревосходительство! Сіз... бұл жақтағы жағдаймен енді-енді ғана танысып жатқан адамсыз ғой! – деді мүдіріңкіреп. Әдеп бастағанда: «Сіз бұл өлкедегі жағдайды білмейсіз ғой!» – деп қойып қала жаздап, құдай сақтағанда, өзін әрен тежеп қалды. «Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп» деген... сондықтан біздің жердегі кейбір ерекшеліктер туралы ескерте кеткенімнің артығы бола қоймас деп ойлаймын. Иә, көшерін жел, қонарын сай ғана білетін бұл қырғыз-қайсақ дегендеріңіз ешқандай заң-зәкүнді түсінбейтін, шетінен ұры-қары, басыбұзық ел. Шегараға жақындап кетсе болды, шеп бойындағы жүргіншілерге, форпосттардың тұрғындарына, казак станицаларына тұтқиылдан шабуыл жасайды. Ондайда дайындалып жатуға немесе зенбірек сүйретіп жүруге уақыт қайда; бекіністегілер бекіністен, қамалдағылар қамалдан шыға шабады. Міне, шеп бойындағы біздің әскерлеріміздің бәріне әдет болып кеткен нәрсе – осы. Жаман әдет, әрине! Мұрағат қарасаныз... иә... мұрағат ақтарып қарасаныз, бұдан қырық жылдай бұрын марқұм Иван Иванович Неплюев Өкілетті Сенатқа апарып бекіттіріп әкелген «Қосалқы жоспардан» да, өзіңізге дейін бүкіл генерал-губернаторлардың іс-әрекетінен де соған көзіңіз жетері анық. Сондықтан да бұл бас асау қырғыз-қайсақтарды бағындырудың бір-ақ жолы бар екенін, ол – мүмкіндігінше жиі-жиі әрі жойқын барымта жасап, бұларды шеттерінен қыра беру екендігін бәрі де айтқан...

– Обер-комендант мырза! – Сөзді бөліп жіберген генерал-губернатордың дауысы кенет тым ызғарлы шықты. Өні сұп-сұр болып, есесіне маңдайы нарттай қызарып кетіпті. – Обер-комендант мырза! – деді қайтадан даусын қатайта түсіп. – Қарамағымыздағы елді қыра беру ғана мақсат болса, оны басқарудың қажеті қанша?!... «Мұрағат ақтарып қарасаныз...» деп маған да қайдағы жоқ ақыл үйреткіңіз келеді; сол мұрағатта Ұлы мәртебелі алдияр анамыздың осы өлкені пәлен жыл билеген бұрынғы наместниктерге жолдаған талай-талай нұсқаулары бар екенін; оларда: «...бодан жұрттарымызға



ылғи зәбір-жапа көрсете бермей, ара-тұра аркадан қағып кою» саясатын ұстауға кеңес бергенін; керек десеніз, тіпті... «генерал-губернаторлық қызметтің өзін ақылмен атқару дегеніміз – тек қана әскер мен қарудың күшін қайта-қайта көрсетіп, қокандай беру емес; сонымен бірге заң-зәкүнді де бұлжытпай орындай отырып, бастық адам сол арқылы өзін де, біздің империямызды да ең тағы, ең жабайы деген елдердің өзінің қадір-құрметі мен сеніміне бөлеуі» екендігін өзінің алдиярлық мүбәрак жүрегінен шыққан мейірбанды лебіздерімен ескерткенін білемісіз?!

– Үндемейсіз, ә?!

– Жарайды!

...Шынына келгенде, кешегі Таналық камалының шабуылы да қырғыз-қайсақтардың басынғанынан болған барымта секілді емес, өздеріңнің шектен шыққан озбырлықтарыңа ашынғаннан туған қарымта секілді көрінді бізге.

– ...Естеріңізде болсын!!! – деді сонсоң басын шалқақтау ұстап, шакпақ негін көтеріп алған барон Игельстром енді жиынға қатысып отырған жұрттың бәрін жалғыз-ақ негінің астына сиғызып. – Ұлы мәртебелі алдияр анамыздың алтын скипетрінің <sup>1</sup> астында өмір сүріп жатқан қырғыз-қайсақтардан да басқа толып жатқан жұрт бар, мырзалар! Олардың қай-қайсысын да бұратана деп қаншама кеміткендеріңізбен, басканың емес, өзіміздің бодандарымыз! Сондықтан олар тек Ұлы мәртебелі алдияр анамыз қатуланса ғана, сол кісінің қаһарына ұшырауға тиіс. Ал мейірбандылық танытса, мүбәрак жүрегінің қайыр-шапағатын көруге әбден қылы! Содан да бұл мәселені шешетін сіздер емессіздер, тек Ұлы мәртебелі Императрицаның өзі... Өзі!!! Және... Алдияр анамыздың рұқсатымен, осы өлкелерге тағайындалған наместник қана!!! ... ..

### Сөз сыры

**Сүйексіңді** – негізі қанына сіңген, әдет болып кеткен деген. Бұл жерде: үйреншікті.

**Ит арқасы қиянда** – өте алыс, ит өлген жер, бір қиыр шет дегенді білдіреді.

**Мүбәрак** – мейірбан, қайырымды, құтты, қайырлы.



1. *Қабылхана* дегенді қалай түсінесіңдер? Бұл сөздің баламасы бар ма?
2. «...біздің әскерлеріміздің бәріне әдет болып кеткен нәрсе – осы» деген сөйлемге жауапты мәтін ішінен тауып, ауызша айтып беріңдер.
3. Берілген мәтін ішінде «...ара-тұра аркадан қағып кою» саясатын ұстау...» деген ой айтылған. Оны қалай түсінесіңдер? Мысал келтіре отырып дәлелдендер.

<sup>1</sup> *Скипетр* – монархиялық өкіметтің белгілерінің бірі. Бағалы тастармен оюлап безендірілген жезл (жоғары лауазымды екенін білдіретін өкіметтің символы), яғни безендірілген қысқа таяқ (ред.).



## Ұлы жиын

Өткенде, өзі үйіндегі қонақтықта ел ағаларына айтқан ескертпесі бойынша Орынбордан келген мына меймандарды ортаға алып, кең отырып кеңесу үшін «Ертең Ұлы жиын» деген күні Сырым би анадағы хатқа қол қойған осы елдің ең беделді де ықпалды деген кісілерінің бірін қалдырмастан бүгін өз үйіне қайта жинаған...

Қақ төрге, қонақтардың қасына Шеркеш Тұрманбет би, Беріш Алдар би, Адай Атағозы батыр қатарлы үлкендерді отырғызып, олардың оң жағына: Төртқара Қаракөбек, Өтебас, Шекті Құдаш, Бәйіш, Сегізбай, Кете Көккөз секілді билер бастаған Әлім ата балаларын; сол жағына: Табын Тіленші би мен Барақ батыр, Тама Қадыр мен Садыр, Жағалбайлы Сағыр, Тотай батырлар мен Кердері Қоныс би бастаған Жетірудың игі жақсыларын жайғастырып; өз төңірегіне: Ысқақ Қаратау би, Беріш Қара батыр, Масқар Дөнен қатарлы ығай-сығайларды жнып алған Сырым би жұрт жайғасып болды-ау деген бір кезде:

– Ал, игі жақсылар! Ұлы жиын ертең! Анау боз төбенің басында! Күллі халық сол жерге бас қосады... Салиқалы жиынды салғыласуға айналдырмай, халық алдында айтылар сөзді әуелі өзіміз кең отырып талқыға салып, әбден пісіріп алу үшін бүгін осы жерде алдын ала бір келелі кеңес құрғанды мақұл көрдік.

Бұл – көпшіліктен жасырын өткізіп отырған басқосу емес! Біздің халықтан жасырар да, құпия қыларлық та ештеңеміз жоқ. Тек, әр елдің ағалары, мына сіздерден! Уа, аузы уәлі билер, сіздерден! Арқалы да аруакты батырлар, сіздерден! Барша жақсы-жайсандар, өздеріңізден!.. Иә, осы отырған бәріңізден артылар не сөз бар?! – деп қана осылай етіп отырмыз...

Сондықтан ел ағалары деген аттарыңызға сәйкес көңілдеріңізде не бар? Не айтқыларыңыз келеді? Қай-қайсының да жолың ашық!.. – деп, жаңа ғана түйіліп тұрған екі қасының арасындағы терең қос сызық енді жазыла түсіп, жазық та кең мандайы жарқырап, беташар сөзді өзі бастап кетті.

– Иә, бірден ашығын айтайық... – деді, сонсоң алпамсадай кеудесін көтеріңкіреп, бойын тіктеп алған зор денелі би...

– ...Сіздердің талқыңызға салынғалы отырған жайттар – әлдебір жеке адамның яки белгілі бір атаның, немесе тіпті тұтас бір ру-тайпаның да мүддесі емес, тар кезенге тап келген жұртымыздың – қазақ дейтін халқының тағдырына тікелей қатысты жайлар болып отыр.

### Тірек сөздер:

- ✓ Ұлы жиын
- ✓ қонақтар
- ✓ беташар сөз
- ✓ қиянат жасау
- ✓ жасы үлкен
- ✓ уәжге тоқтау
- ✓ кешірмеу
- ✓ ханталапай
- ✓ үш ұрпақ
- ✓ төбе би
- ✓ қолдау



«Бұл неден туындады?...» «Кеден – кеден болды, кедергі неден болды?!» десеніздер, тағы да бірден ашығын айталық... Бұрын да елге талай-талай князат жасаған хандарыңыздың енді халыққа ашықтан-ашық опасыздық жасағандығынан туындады, жарандар! Опасыздығы емей немене, «Бұл ел айтқаныма көніп, айдағаныма жүрмейді!» деп хан жасырын түрде орыстан әскер шақыртып, халықты талатпақ болса?!.

Ісі әшкере болған Хан қазір шеп бойына қаша көшіп кетті, кара басын сағаттап! Ел қалды басшысыз, басқарушысыз!

Осыдан келіп көп-көп сауалдар туындап отыр.

Ең бірінші кезекте ханы кара басын сағаттап қашып кеткен мына елдің елдігін енді қалай сақтап қаламыз? Тар кезеңге тап келген жұртымызды бұл тығырықтан қайтіп шығарамыз? Ендігі жерде ел басқару ісі қалай жүргізілмек?

Екіншіден, көп жылдардан бері онбай тұрған іргелес жұрттармен қарым-қатынасты қалай түзетуге болады? Әсіресе қысқа күнде қырық рет атысып-шабысып отырған мына қазақ-орыстардың лаңын қайтіп тыйғызамыз?

...Анау Жайық бойындағы тас камалдардың қараңғы үйлерінде, тар қапаста тарығып жатқан туыс-бауырларды қалай шығарып аламыз?

Ақырында, ертеден шешілмей келе жатқан ескі дау – Жайық бойындағы, әсіресе оның оң бетіндегі өріс-қоныстарға қалай қол жеткіземіз? Күз – нек астында. Артынан қылышын сүйретіп қыс келеді. Өріс пен қоныстан тарлық көріп келе жатқан қазақ баласының осы көрген құқайы көрген күйінде қала бере ме?

Қысқасы, Алаш ұлына қайтсек теңдік тиеді?! Қайтсек еліміз тыныш та берекелі, бақуатты тірлік кеше алады?! Соның амалын табуға ақыл қосыңыздар?!.

– Уа, ағайын! Қарап отырсам, осы жұрттын ішіндегі жасы үлкені мен екем... Ендеше, ағалық жолымен бір-екі ауыз ғана сөз айтайын! – деп сақал-мұрты қудай аппақ Беріш Алдар би отырған орнында бірер ырғалып алып, кенет көтеріңкі үнмен қаттырақ дауыстап сөйлеп кетті. – Иә, жарандар! Жаңа сіздер «кеңес», «Хан кеңесі» ... дегенді көп айтып жатырсыздар...

Обалы не керек, осы елді отыз жеті жыл емін-еркін билеген мына опасыз ханның өзі де, әкесі Әбілқайырдан қалған алтын тақытқа отырған соң, сегіз жылдай ата жолын бұзбай, ақсақалды ағалармен ақылдаса, кеңесе отырып ел басқарып, жұрт көңілінен шыққандай кезі болған...

– Ей, еңсегей бойлы ер Есім! Есім-ай, сені есірткен, есіл де менің кеңесім! – деп жарықтық Жиембет жырау айтпақшы, өзіне ақыл



айтып, кеңес берген күні кешегі күллі игі жақсыларды сыртқа теуіп, кенет... «Қалың қазақты сендерсіз-ақ бір өзім билей алам!» деген дертке шалдықты бұл. Сондықтан «Хан кеңесін» таратып жіберді де, ойына не келсе соны істеуге көшті...

«Хан ғой... Елдің басы ғой!» деп жұрт оның талай-талай зорлық-зомбылығын да, озбырлығын да кешірген. Бірақ енді карамағындағы кара орман халыққа ашықтан-ашық жасаған опасыздығын көріп отырып ешкім де, ешқашан да кешіре алмайды оны. Кешіруге болмайды да!

«Хан орнынан алынсын!» дегенді біздің Беріш балалары түгел қолдайды деп есепте, Сырым би! Ертең күллі халықтың алдында да айтар сөзіміз – тек осы! – деп зілдене тоқтады Алдар би.

Беріш биінің мына кесімді сөзіне жұрт қалай дер екен деп Сырым би де, қасындағы серіктері де, төрде отырғандардан бастап төмендегілерге шейін жағалай көзбен сүзіп шыққан... Ел ағаларының ешқайсысы да мұны теріс көрген пиғыл танытқан жоқ...

...Құран оқылып болған бойда:

– Ал, ағайын! Алла атымен басталған сөзімізді енді жақсы ниетімізбен жалғастырайық... – деп, көш басындағы қоныраулы нардай тұлғалы Сырым би халыққа қарап, сөзді қайта сабақтады:

– Игі жақсылар! «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер. Ер басына күн туса, етігімен су кешер» деген. Талай-талай тар кезеңге тап келгендерінде атамыз қазақ бұрын да осылайша бас қосып, кеңес құрып, небір қиын асулардан асқан екен. Бабалар салған сол жолмен біз де бүгін осы жерде бас қосуға мәжбүр болып отырмыз!

Уа, неге «мәжбүр болып отырмыз»?!





Өйткені қырық жылдай билеген ханымыз... өз халқынан гөрі өзге жұртқа арқа сүйеуді артық көріп жүріп, ақыры алжасып, опасыздық жасап тынды.

Осы уақытқа дейін де ол сонау Петербордан мына Орынборға дейінгі ұлкен ұлықтар не айтса, соны орындаумен келген...

Мұның үстіне, іргенде күнде лаң салып отырғаны мынау казак-орыстың!..

Көп болып, бас құрап, кең отырып бір кеңесейік десек, «Хан кеңесі» баяғыда таратылған. Нұралы хан:

– «Бұл елді бір өзім ғана билеймін!» деп, күллі игі жақсыларды кеудеден итергені қаш-ша-а-ан!..

Ал енді бұған не рауа, халайық!?

– Не айтатыны бар... Тек қана «Ханталапай!»

– «Ханталапай» жасау керек мұны! – деп жұрт ду ете түскен.

Сол-ақ екен, «Хан-та-ла-па-ай! Ханталапай!!!» деп күркіреп келіп, жағалаудағы қаңқиған қара жартасқа ұратын алып толқынның шуылындай бір ұлы сарын төңіректі кернеді де кетті...

– Уа, қадірлі халайық! Ардақты ағайын! – деп Сырым би оң қолын көтеріп, жұртты сабырға шақырған. Теңіздей толқыған ел әрең басылып, тыныштық біраздан соң барып орнады.

– Ал, игі жақсылар! – деді сонда ғана Сырым би қайтадан сөзін сабақтап. – Айтқандарыңыз болсын! Хан орнынан кетеді... Хош!!! Енді содан кейін бұл елді қайтіп басқарғыларың келеді? Кімге басқартқыларың келеді? Соны айтыңыздар! Мына ел естісін!

Сол-ақ екен, қарақұрым халық қайта дуылдап, абыр-дабыр көпке дейін басылмай қойды.

Осылайша...

Неше ықылым замандардан бері халқы үшін отқа түсіп, кеудесін оққа төсеген, «асылы нұрдан жаралған» ұлы әулеттің бір ұрпағы өз халқына опасыздық жасап, ел билігінен аласталды да, Алаш жұртының Кіші жүз аталатын бір бөлігінде ел ағалары үш атадан тарайтын ұрпақтың тізгінін өздерінен шыққан үш жақсының қолына ұстатып, Әлімұлын Шекті Сегізбай биге, Байұлын Шеркеш Тұрманбет биге, Жетіруды Табын Тіленші биге тапсырды...

– Уа, халайық! Ардақты ағайын! Дәл осы жерде ендігі ел билеу ісі жөнінде мен бірауыз қосқым келіп отыр... – деп, Тұрманбет би әуелі төңірегіндегілерге түгел көз салып шықты.

Ең алдымен, бізді, Кіші жүздегі бір-бір атаның басына Бас би сайлағандарыңа, ықыластарыңа мың да бір рақмет!..

Екіншіден, Кіші жүздегі үш ата баласының басына осы үшеуімізді қойғандарыңызбен, Алаштың Әлімұлы, Байұлы, Жетіру дейтін бұл үш тайпасының басын қосып, ішкі ортақ мүдделерін үйлестіріп



отыратын һәм соны әділдікпен шешетін, бұған қоса іргелес елдермен сыртқы қарым-қатынастарымызды да реттеп отыратын, құзыреті біздің билігімізден әлдеқайда жоғары бір орын болу керек, жарандар! Ол орын – бүгін ғана емес, бұдан былай да ел тағдырын екшеп отыратын, ең болмаса жылына бір рет шақырылуы тиіс осы Халық кеңесі болса, бұл Халық кеңесінің өзінің де «төбе биі» дейміз бе, «төрағасы» дейміз бе – әйтеуір, бір басшысы және болғаны жөн!..

...Ол орындарға лайық адамдар тар кезенге тап келіп, тығырыққа тірелген жұртымызды қияметтей бұл қиындықтан қайтсек шығарамыз деп, жаз бойы жарғақ құлақтары жастыққа тимей, бүкіл елге сауын айтып, бәріміздің басымызды құраған. Сөйтіп, бүгін осынау Халық кеңесін шақырып, тыңнан жол салып отырған азаматтар! Ерлердің еңбектері неге елеусіз қалуы керек?!

Жоқ, ағайын!

Желдің өтіне, жаудың бетіне шығу – талтандап төрге шығу емес! Оған жүрек керек! Бәлкім, басынды бәйгеге тігуге де тура келер! Содан қаймықпай, осынау іске тәуекел еткен – мына Байбақты Сырым батыр... Сырым билерің!.. Сондықтан да Байбақты Сырым биді Халық кеңесінің Төбе биі етіп сайлауды ұсынамын! Ал төбе биге кеңесші болуға, Сырым бидің бірі – оң қолы, бірі – сол қолындай болып жүрген әрі ағалары, әрі серіктері: Ысық Қаратау би мен Кете Көккөз би әбден лайық деп білем!

– Бұған қалай қарайсыздар, игі жақсылар, – деп Шеркеш Тұрманбет би тағы да сөзінің соңын шеге қаққандай сіңіріп жіберіп еді...

– Қолдаймыз! Қолдаймыз да қуаттаймыз! – деп у-ду, қостау-қолпаштау сөздердің тиегі ағытылды да кетті...

\* \* \*

Әлқисса...

Халық кеңесі осымен аяқталып, арқаларындағы ауыр да үлкен жүк түскендей көрінгенмен, барша істің басы-қасында жүрген Сырым бастаған ел ағалары мойындарындағы жұмыстардың әлі де тиянақ таппағандары көп екендігін естерінен шығарған жоқ...

### Сөз сыры

**Уәлі** – айтқаны келетін қасиетті, аузы дуалы деген мағынада.

**Құқай** – бұл жерде: азап, бейнет, қиындық.

**Бақуатты** – әл-қуатты, ауқатты, күйлі, жақсы деген мағынада тұрмыс-тіршілікке байланысты айтылады.


**Рауа** – араб сөзі: орынды, лайықты, жөн. Бұл жерде: осы іске не лайық, қайсысы жөн, енді не істейміз деген мағынада қолданылған.

**Ханталапай** – асықпен ойнайтын ұлттық ойын. Бұл жерде: талауға, талапайға түсіру, яғни тарату, бөліп тастау.





1. «Талқы» бөлімінде талқыға түскен басты мәселені анықтайық.
2. Ұлы жиын қайда өтті, кімдер қатысты, қандай шешімге келді?
3. Роман неліктен «Тар кезең» деп аталған деп ойлайсыңдар? *Ат басына күн тұса, ауыздықпен су ішер. Ер басына күн тұса, етігімен су кешер* дегенді қалай түсіндірер едіңдер? Ойларыңды шығармадағы оқиғалар арқылы дәлелдендер.
4. Алған әсерімізбен бөлісе отырып, *авторлық идея* туралы тұжырым жасайық.



1. Мәтіндерден мысалдар келтіре отырып, кестені толтырайық. Бүгінгі күні мұрағат ақтарып қарасақ, қандай мәліметтер білуіміз мүмкін?

Мұрағат ақтарып қарасаңдар...		
Майор Зенбулатовтың ойынша	Генерал-губернатор Іггельстромның ойынша	Сендердің ойларыңша

2. Шығармадағы автор шеберлігін көрсететін көркемдік құралдар мен ерекше тілдік қолданыстарды тауып, олардың қызметін анықтайық.



3. Төмендегі сызба негізінде автор бейнесі мен оның идеяны жеткізудегі ерекшелігін анықтайық.



4. Топқа бөлініп, шығарма кейіпкерлеріне талдау жүргізейік.
  - Романдағы кейіпкерлердің типін анықтайық.
  - Тобымызға берілген кейіпкерлер мінезінің, іс-әрекетінің анық көрінетін тұстарын тауып жазайық.
  - Мәтінге сүйене отырып, кейіпкердің портретін жазайық.



1. Хрестоматиядан романның қалған бөліктерін оқып, Сырымға кешенді мінездеме ұсынайық.



Сырым би	Сырым батыр	Сырым басшы
Не айтты? Қалай айтты? Кімге айтты?	Қай жерде? Кіммен соғысты? Мақсаты не еді?	Қалай басқарды? Қандай қасиеттері бар? Нәтижесі не болды?

2. «Бір ғажабы, ол заманның адамы мәрт еді... Орынды сөзге, орайлы уәжге тоқтай калушы еді!...» – дейді автор. *Сөзге тоқтау* дегенді қалай түсінесіңдер? Бүгінгі күнде сөзге тоқтау бар ма?



1. Сендер өз заманына, яғни өз кезеңіне қандай атау ұсынар едіңдер? Нұсқаларымызды ұсынып, ойымызды дәлелдейік.
2. Автор стиліне сүйене отырып, кез келген үзінді желісін өз көзқарасымыз тұрғысынан дамытып жазып көрейік. Романға қандай өзгерістер енгізер едіңдер?
3. «...Қайтсек еліміз тыныш та берекелі, бақуатты тірлік кеше алады?! Соның амалын табуға ақыл қосыңыздар?!» деген кейіпкерге жауап ретінде «Алаш ұлына айтарым...» атты тақырыпта әдеби эссе жазайық.

**Зерттегім келеді...**

«Тар кезен» романының үзінділерін хрестоматиядан оқып, ондағы мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері мен ұлттық ерекшелігімізді танытатын ұғым-түсініктер туралы шағын зерттеу жұмысын жүргізейік.

#### IV бөлімге арналған тест сұрақтары

1. Түрік ақыны Жүніс Емренің, қытайдың көне ақыны Бо Цзыюдін шығармаларын қазақ тіліне аударған ақындар:  
а) Т.Айбергенов; ә) Н.Айтұлы;  
б) Ф.Оңғарсынова; в) нақты аудармашысы белгісіз.
2. Әдебиеттегі символ деген не?  
а) айтпақ ойды соған ұқсас басқа бір құбылысқа күйге тәліп, тұспалмен түсіндіру;  
ә) мүлде қарама-қарсы ұғымдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып суреттеу;  
б) табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрсені адам кейпінде көрсету;  
в) құбылыстардың ортақ белгілері арқылы астарлы мағынада қолданылуы.
3. Төмендегі поэзияның қайсысы Н.Айтұлының қаламынан туған?  
а) «Алмас қылыш»; ә) «Жасынның сынығы»;  
б) «Найзағай»; в) «Бас сүйектер».
4. *Өліара* деген сөздің мағынасын табындар.  
а) пейіш, жұмақ; ә) ескі ай мен жана айдың арасы;  
б) көптен бері жүрілмеген жол; в) тан атып келе жатқан мезгіл.



- \*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях  
заказано Министерством образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2010 года № 217



## Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Адамбаев Б.* Қазақ шешендері. Алматы: Білім, 2014.
2. *Айбергенов Т.* Өлеңдер. Алматы: Ан Арыс, 2010.
3. *Айтұлы Н.* Көз жасым. Астана, 2006.
4. *Аманишин Б.* Махамбеттің тағдыры. Алматы: Жазушы, 1991.
5. *Әдебиеттану терминдер сөздігі.* Құрас.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. Алматы: Ана тілі, 1996.
6. *Әдеби жәдігерлер.* Жиырма томдық. 5-т. Ж.Баласағұн. Құтты білік. Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. Алматы: Таймас, 2007.
7. *Өнет баба: тарихи-танымдық зерттеулер.* Құраст. Б.Сапаралы. Алматы: Қанағат, 1997.
8. *Өнет баба: тарихи-танымдық толғамдар, ғибратты әңгімелер мен арнаулар жинағы.* Құраст. М.Жанболатұлы. Алматы, 2011.
9. *Бейісқұлов Т.* Жанталас өмір. Алматы: Арыс, 2008.
10. *Бейісқұлов Т.* Дарын даралығы. Алматы: Қазақстан, 1994.
11. *Бейісқұлов Т.* Құлагер акынның қазасы. Алматы: Тоғанай Т, 2014.
12. *Бейісқұлов Т.* Бейімбет Майлиннің тағдыры мен азаматтығы. 6-т. Алматы: Тоғанай Т, 2013.
13. *Мұханбетқалиұлы Қ.* Тар кезең. Тарихи роман. Алматы: Мерекенін баспалар үйі, 2012.
14. *Шекті Мөңке би Тілеуұлы.* Құраст. К.Төлеубайұлы. Ақтөбе, 2008.
15. *Шекті Мөңке би Тілеуұлы.* Құраст. Ж.Асанов. Астана: Елорда, 2001.
16. *Майқы би.* Құраст. С.Дәуітов. Алматы: ҚазАқпарат, 2011.
17. *Қайыржан қажы Макин.* Өруақты аталар. Алматы: Тамыр, 2008.
18. *Қазақ даласының ойшылдары.* Алматы: Философия және саясаттану инст., 2004.
19. *Майлин Б.* Шығармалар жинағы. Алматы: Өлке, 2012.
20. *Жансүгіров І.* Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер. Құраст. Б.Сахариев. Алматы: Жазушы, 1974.
21. *Мүсірепов Ф.* Тұтқын қыз. Алматы: Балауса, 1993.
22. *Мүсірепов Ф.* Ұлпан. Роман. Алматы: Атамұра, 2003.
23. *Тілепов Ж.* XIV–XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. Алматы, 2015.
24. *Нысанбай жырау.* Зерттеулер мен ғылыми мақалалар. Құраст.: С.Қосан, Ғ.Тұяқбаев, П.Бисенбаев. Алматы: Арыс, 2013.
25. *Махамбет Өтемісұлы.* Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 3-том. Алматы: Ғылым, 2003.
26. *Сарай Ә.* Исатай-Махамбет тарихы (зерттеу). Алматы: Мереке, 2012.
27. *Уәлиханов Ш.* Шығармалары. Алматы: Ана тілі, 2010.



## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	3
<b>I бөлім. АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ</b>	
<b>Ислам дәуірі әдебиеті</b> .....	5
<b>Жүсіп Баласағұн</b> .....	6
«Құтты білік» дастаны .....	—
Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады .....	8
Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады .....	10
Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады .....	12
<b>Шешендік өнер</b> .....	15
Қазақ шешендік өнері .....	16
Шешен деген кім? Оған қандай қасиеттер тән? .....	17
<b>Майқы би</b> .....	19
Майқы биің шешендік сөздері .....	20
Майқы биің нақыл сөздері .....	22
Тұлпардан тұлпар туады... ..	—
<b>Мөңке би</b> .....	24
Мөңке биің болашақты болжауы .....	26
<b>Әнет баба</b> .....	29
Не арсыз, не ғайып, не даусыз?.. ..	31
<b>Қазақ билері</b> .....	33
<b>Төле би</b> .....	—
Ердің бақыты – әйел .....	34
<b>Әйтеке би</b> .....	39
Қасқакөл дауы .....	40
<b>Қазыбек би</b> .....	44
Кім жақын, не қымбат, не қиын? .....	—
Не қымбат? .....	45
Не қиын? .....	—
<b>Сырым Датұлы</b> .....	47
Бала би мен Сырым .....	49
<b>Бұқар жырау Қалқаманұлы</b> .....	51
Тілек .....	52
Ай, Абылай, Абылай! .....	54
Асқар таудың өлгені .....	56
<b>Айтыс өнері</b> .....	57
«Біржан–Сара» айтысы туралы .....	58
Біржан сал Қожағұлұлы .....	59
Біз Сараны білеміз бе? .....	—
«Біржан–Сара» айтысы .....	62
<b>I бөлімге арналған тест сұрақтары</b> .....	73
<b>II бөлім. ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ</b>	
<b>Нысанбай жырау</b> .....	75
«Кенесары–Наурызбай» жыры туралы .....	76
«Кенесары–Наурызбай» жыры .....	77
<b>Махамбет Өтемісұлы</b> .....	94
«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» толғауы .....	97



Мен, мен едім, мен едім .....	102
Бағаналы терек жарылса .....	105
<b>Шокан Уәлиханов</b> .....	107
Ыстықкөл сапарының күнделігі .....	112
Ыстықкөзде... ..	115
<b>II бөлімге арналған тест сұрақтары</b> .....	122

### III бөлім. АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

<b>Ілияс Жансүгіров</b> .....	123
«Құлагер» поэмасы . Ақан .....	126
Ас .....	127
Құлагер .....	129
Егес .....	133
Ат айдау .....	136
Ат қайтқанда .....	138
Жалғыз қазық .....	140
«Бай-бай, Құлагерім!..» .....	141
Қара күш .....	142
Аттың азалы әні .....	143
<b>Бейімбет Майлин</b> .....	146
«Шұғаның белгісі» хикаяты .....	149
«Адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!» .....	151
Алтыбақан басында... ..	156
...Әуре боп неге біткен ажар-көрік .....	161
<b>Ғабит Мүсірепов</b> .....	170
«Ұлпан» романы .....	172
Сыйластық .....	180
Ұлпанға құла түсу .....	184
Ұлпан-Есеней .....	186
Біжікен .....	190
<b>Төлеген Айбергенов</b> .....	197
Сағыныш .....	198
<b>Фариза Онғарсынова</b> .....	202
Өлең, мен сені аялап өтем .....	204
<b>III бөлімге арналған тест сұрақтары</b> .....	206

### IV бөлім. МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК МҰРАТ

<b>Несінбек Айтұлы</b> .....	208
«Бәйтерек» поэмасы .....	209
<b>Қажығали Мұханбетқалиұлы</b> .....	217
«Тар кезең» романы . Мал ашуы – жан ашуы .....	218
Сырым би – Сырым батыр .....	223
Генерал-поручик барон Игельстром .....	230
Айқас .....	237
Талқы .....	242
Ұлы жын .....	245
<b>IV бөлімге арналған тест сұрақтары</b> .....	251
<b>Пайдаланылған әдебиеттер</b> .....	253





*Учебное издание*

**Керимбекова Баян Даулеткановна  
Муқанова Жанерке Жандаровна**

**КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА**

**Учебник для 9 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)**

Оқулыққа суретшілер *Е.Сидоркин, С.Алибетов, Ә.Бұхарбаев, Н.Жошыбай, М.Васценко,  
Н.Қарымсақов, Р.Тұрсынұлы, Т.Таласбек, К.Омархан, С.Алиев, М.Қайдаров,  
Б.Дәлелжан, К.Үмбетов* ағардың еңбектері пайдаланылды.

**Редакторы Ж.Досбай  
Көркемдеуші редакторы А.Ақыл  
Техникалық редакторы Л.Садықова  
Корректор Г.Тұрмағанбетова  
Компьютерде беттеген Д.Шарипова**

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5806

Басуға 31.05.19 қол қойылды. Пішімі 70·100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,64.  
Шартты бояулы беттаңбасы 83,21. Есептік баспа табағы 12,88.  
Таралымы 55000 дана. Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34  
E-mail: mektep@mail.ru  
Web-site: www.mektep.kz**



